



А 2009
18513 к

ОТАРЛЫҚ СИСТЕМАНЫҢ ДАҒДАРЫСЫ

ШЫҒЫС АЗИЯ
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ
КҮРЕСІ







ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

—
ТЫНЫҚ МҰХИТ ИНСТИТУТЫ

О Т А Р Л Ы Қ
С И С Т Е М А Н Ы Ң
Д А Ғ Д А Р Ы С Ы


ШЫҒЫС АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
УЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы

—

1951



ССРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті
Е. М. ЖУКОВ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕКІНШІ СОҒЫСТАН KEЙІН ОТАРЛЫҚ СИСТЕМА ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

Гитлершіл Германияны, фашистік Италияны және милитаристік Жапонияны жеңу капиталистік системаның жалпы дағдарысының ұлғаюына, империализм майданының едәуір нашарлауына, бүкіл дүние жүзінде демократия және социализм күштерінің күшеюіне әкеп соқты. Империалистік лагерьдің нашарлауы ең алдымен Совет Одағының күші мен қуатының нығаюынан, халықтық демократия орнатылған бірсыпыра елдердің капитализм системасынан шығып қалуынан көрінді. Сол сыяқты империалистік лагерьдің нашарлауы отар елдер мен тәуелді елдер халықтарының өзін империализм езушілігінен азат ету жолындағы күресінің күшеюінен, Қытайда халықтық демократияның жеңуінен көрінді.

Орталық және Шығыс Еуропаның бірсыпыра елдерінде халықтық демократияның жеңуінің нақтылы жағдайында және шарттарында едәуір зор айырмашылықтар болуына қарамастан, дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін отар елдерде ұлт-азаттығы күресінің күшеюіне, бұл күрестің табыстарға жетуіне Европадағыдай факторлар себеп болды.

Олардың бәріне ортақ, шешуші факторлар мыналар болды: агрессорлар одағының соғыста күйреуі, фашизмнің және оның сыбайластарының моральдық-саяси жағынан талқандалуы, соғыстың барысында советтік социалистік системаның капиталистік системадан артықшылығын көрсеткен Совет Одағының ұлы жеңісі.

Қуатты социалистік мемлекет бастаған демократиялық күштердің герман, жапон және италиян империализмін талқандаған ұлы жеңісі отар елдердің халықтарын империалистік езушілікке және қанаушылыққа қарсы күресті күшейтуге ұмтылдырды, әділетті істің түбінде жеңіп шығатындығына олардың сенімін нығайтты.

Дүниежүзілік екінші соғыстың қортындысында отарлық системаның дағдарысы қатты шиеленісті. Отар елдердегі жағдай империалистік лагерьді үнемі қатты үрейлендіріп отыратын болды.

Империалистердің отар елдер мен жартылай отар елдердегі үстемдігі ондаған миллион адамдарды қайыршылыққа, аштыққа, ауру-науқасқа және бірте-бірте құрып біту халіне ұшыратуда. Еңбекті, әсіресе балалар мен әйелдердің еңбегін рақымсыз қанау отар елдердегі империалистік езушіліктің айнымас серігі болып табылады.

Бүкіл дүние жүзінде тәуелді елдер мен отар елдердің қанаудағы қалың бұқарасы езушілерге қарсы күреске аттанып, өздерінің қыймылдарымен отар елдердің халықтары бұрынғыша өмір сүруді енді тілемейтінін көрсетті. Орталық системаның дағдарысы империалистерге аса қатерлі түрде шиеленісе бастады.

Отар елдер мен жартылай отар елдерде барған сайын көптеген халық бұқарасы ұлт-азаттық күреске қосылуда. Отар елдердің ең қыйыр түкпірлерінде де, мәдениетті деген отарлық «мырзалар» — империалистер халықты ашықтан-ашық талап, барып тұрған жауыздық істер істеген, «бұратаналарды» рақымсыз қанқақсатқан және өздерін мұның үшін жазаға тартылмайды, деп есептеген жерлерде де, кәзір бүкіл халықтың ызасы күшейіп, отаршылдарға ұйымшылдықпен тойтарыс беруге жағдай жасалуда. Мадагаскарда мальгаш халқының француз империалистеріне қарсы қарулы көтеріліс жасауы бұған дәлел. «Қара континент» деп аталатын Африканың ең артта қалған аудандарында да жаппай ереуіл өткізілді. Алтын жағалау отарында, Нигерияда, Угандада, Оңтүстік Родезияда жергілікті халық ағылшын империализміне қарсы жаппай күреске шығуда.

Бирмада, Вьетнамда, Малайяда, Индонезияда, Филиппинда отар және тәуелді елдер халықтарының империализмге, оның жергілікті агенттеріне қарсы күресі мейлінше кең өріс алды. Көп ұлтты Индияның әр түрлі түкпірлерінде еңбекші бұқара өздерінің заңды праволарын империалистерден, феодалдық князьдардан, помещиктерден, өсімқорлардан, жергілікті капиталист қанаушылардан және олардың қол шоқпары — полицейлер мен чиновниктерден қорғау үшін ұйымдасуда.

Қытайдағы ұлт-азаттық күрес недәуір зор табыстарға жетті. Американың империализмі және оның гоминдандық агенттері Қытайда 1948 — 1949 жылдары бұрын-соңды болып көрмеген зор жеңіліске ұшырады; қытай халқы ұлы тарихи жеңіске жетіп Қытайдың Халық Республикасын құрды.

Отар және жартылай отар елдердегі еңбекшілердің қалың бұқарасы империалистік езушілікке қарсы күреске кезіргідей көпшілік болып қатнасуы тарихта әлі ешуақытта болып көрген емес. Империалистер отар елдер халықтарының өшпенді наразылығын енді бұрынғы әдістерімен баса алмайды. Сондықтан олар, өздерінің отарлардағы нашарлаған позициясын сақтау үшін, амалсыздан жаңа амалдар іздестіреді.

«Метрополияның үстем таптары енді отарларды бұрынғыша басқара алмайды. Ұлт-азаттық қозғалысын қарулы күшпен басу әрекеті қазір отар елдер халықтарының барған сайын ұлғайған қарулы қарсылығына кездесіп, ұзаққа созылатын отарлық соғыстарға әкеп соғуда (Голландия — Индонезия, Франция — Вьетнам)».¹

* * *

Отарлық система дағдарысының шиеленісуі әсіресе Тынық мұхит бассейніндегі елдерде ерекше айқын көрініп отыр. Оның себебі—Манчжурия мен Кореяда жапон агрессорын талқандаған Совет Одағының азат етушілік ролі нақ осы өңірде айқын көрінді. Ондаған жылдардың бойында империалистік үстемдіктің тірегі және Шығыс Азияға жандарм болып келген милитаристік Жапонияның талқандалуы тынық океан елдерінде демократиялық ұлт-азаттық қозғалысының бұқаралық өрлеуін туғызуға керемет зор әсер етті. Дүниежүзілік екінші соғыстың барысында отар елдер мен жартылай отар елдерде империалистік мемлекеттердің беделі кенет төмендеп кетті. Империалистік мемлекет — Англия, Голландия, Франция, АҚШ-тың отар елдердегі өкімет билігі уәкілдерінің соғыс жүргізуге қабілетсіз екенін, олардың әлсіздігін және қорқақтығын отар елдер мен тәуелді елдердің халықтары көздерімен көрді. Соғыс кезінде ұтылған отаршылардың фашизм жеңілгеннен кейін өздерінің иеліктеріне қайта келіп, фашистік басқыншыларға қарсы жалпы күреске қатнасып отырған халықтың желкесіне қайта мініп алуды көздеген ниеттері халықтың наразылығын және тойтарыс беру әрекетін туғызбай қоя алмайды.

Мұнымен қатар дүниежүзілік екінші соғыстан кейін отар елдер мен жартылай отар елдерде ұлт-азаттық қозғалысының жалпы өрлеуінде елеулі жаңа кезеңдер байқалды, бұлар империализмге қарсы күрестің сапалы өзгерістерінің сыпатын бейнеледі.

¹ А. Жданов. Халықаралық жағдай туралы. «Правда», 22/Х 1947 ж.

Палым Датт² жолдас отар елдер мен жартылай отар елдердегі ұлт-азаттық қозғалысының бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі байқалмаған жаңа өзгешеліктерін былай деп суреттеді.

«Біріншіден, бұрынғы отар елдердің жерлерінде — Вьетнам мен Индонезияда, бірнеше жылдар бойы империализмнің шабуылдарына қарсы қарулы күрес жүргізуші тәуелсіз ұлт республикаларының құрылуы; екіншіден, бірсыпыра отар елдердің саяси жағынан өсуі және азаттық күресінің неғұрлым жоғары дәрежеге жетуі, атап айтқанда, Малайя мен Бирмада қарулы ұлт-азаттық күреске көшуі, Индияның князьдіктерінде шаруалардың жергілікті көтерілістері және халықтың қарсылық білдіру қыймылдары, Таленганда (Хайдарабад) жерді тартып алу және қару күшімен өздерін қорғау дәрежесіне жетуі; үшіншіден, тропиктік Африканың және басқа отар елдердің езілген халықтарының ұлт-азаттық күреске қосылуы; төртіншіден, отар елдерде жұмысшы табының үлес салмағының және басшылық ролінің күшеюі, кәсіподақтар қозғалысының және жұмысшы табының шаруалармен одағының өсіп, нығаюы, ең алдымен, қалың бұқараға ықпалын жүргізетін және оларға саяси басшылық ететін, ал, күрес неғұрлым жоғары дәрежеге жеткен Вьетнам, Индонезия, Малайя және Бирма сыяқты кейбір елдерде ұлт-азаттық қозғалысқа тікелей басшылық етіп отырған коммунистік партиялардың болуы».³

Империализмге қарсы күреске халықтың неғұрлым қалың бұқарасының қосылуы және, шаруаларды, халықтың басқа да топтарын соңынан ерткен жұмысшы табының бұл күреске басшылық етуі бұл елдердегі ең маңызды өзгерістер болып табылады.

Қытайда, Индонезияда және басқа бірсыпыра елдерде коммунист партиялары өз елдерінің ұлттық тәуелсіздігі және еріктілігі үшін анағұрлым дәйекті және жанкыярлық күрес жүргізуші саяси партиялар ретінде, сан миллион еңбекшілердің сеніміне ие болып, олардың жалпы жұрт таныған көсемдері болып отыр. Көптеген отар елдер мен тәуелді елдерде, түбірлі, дәйекті демократиялық өзгерістер жасау программасы негізінде біріккен еңбекшілердің кең майданына коммунист партиялары басшылық етіп келеді. Отар және тәуелді елдердің басым көпшілігіндегі ұлт-азаттық қозғалысында коммунистердің жетекшілік міндет атқаруы жұмысшы табының соғыстан кейінгі дәуір-

² Англия компартиясы саяси бюросының мүшесі, отарлар мәселесі жөніндегі бір қатар зерттеулердің авторы.

³ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» газеті 15 октябрь 1948 ж.

дегі империализмге қарсы, азаттық күрестегі басшылық ролін көрсетеді.

Отар және жартылай отар елдердегі күрестің сыпатындағы бұл маңызды өзгеріс отарлық система дағдарысының күшейгендігін дәлелдейді. Көпшілік халық бұқарасы қозғалды, ал оларға басшылық ету ісі капиталистік қанаушылықты, халық бұқарасының қайыршылығын және езілушілігін барынша тез және түгелдей жоюды көздейтін, анағұрлым сенімді таптық күштердің қолына көшті.

Отар және жартылай отар елдердің көпшілігінде ұлт азаттық күресіне басшылық ету жұмысшы табының және оның авангардының қолына көшуі кездейсоқ емес екені түсінікті. Жұмысшы табының ұйымшылдығы мен саналылығының өсуіне байланысты отар елдерде пролетариаттың ролінің күшеюі және капитализмнің жалпы дағдарысының бүкіл кезеңі бойында пролетар емес еңбекші бұқараның саяси тәжірибе алуы, сол сыяқты дүниежүзілік екінші соғыс кезінде экономикалық өзгерістердің болуы, өздерінің таптық үстемдігін сақтап қалу мақсатымен метрополияның империалистерімен келісім жасаған отар елдердің жартылай феодал элементтері мен ірі буржуазиясының өз ұлттарына қарсы опасыздық ролінің әшкереленуі ұлт-азаттық күреске басшылықтың жұмысшы табына және оның авангардына көшуіне тарихи жағдай туғызды.

Отар және тәуелді елдерді экономикалық құлдыққа түсіру — отарлық қанаушылықтың негізгі мазмұны. Метрополиялардың отарлық саясаты отар елдер мен тәуелді елдерде өндіргіш күштердің дамуын кідірту бағытын көздейді. Отарлардың артта қалуының өзі империалистерге пайдалы, өйткені олардың артта қалуы империалистерге қарсы ұлт-азаттық жолындағы күрестің өсуін бәсеңдетіп, ол елдерді қанау мүмкіншілігін жеңілдетеді және метрополияның империалистік буржуазиясына отар елдер халқының арзан не тіпті тегін жұмысшы күшін пайдалануға мүмкіншілік береді. Империализм отарларды, олардың экономикалық тәуелсіздігіне жағдай туғызатындай және метрополияның өнімімен бәсекеге түсетін товарларды рынокка шығара алатындай өнеркәсіптен құралақан қалдыруды тілейді. Әрине, империалистердің отарларды билеп-төстеуі бұл елдерде өнеркәсіп өндірісінің кейбір түрлерін қолдауға итермелейді, бірақ империалистер мұны қолдағанда метрополияның мүдделеріне үйлесетін бағытта және тек соған сәйкес дәрежеде қолдайды.

Отар және жартылай отар елдерге қарай шығарылатын капитал негізінде кең шығару өнеркәсібіне жұмсалады және

шикі зат қорларын басып алуға, пайдалануға немесе оны алып ала өндеуге жұмсалады. Лондонның «Экономист» журналының жақын арада мойындағанындай, «Бирма халқы елінде табиғат байлықтары мол бола тұрса да, кедей халық болып қала берген», сол Бирмада ағылшын капиталистері өздерінің капиталын түгелінен дерлік мұнай, қорғасын, мырыш, вольфрам, қалайы шығаруға сол сыяқты каучук плантацияларына жұмсап келді және жұмсауда. Сөйтіп, империализм отар және жартылай отар елдерде өндірістің төк бір жақты, бағынышты түрде дамуына көмектеседі. Империализмнің үстемдігі отарларды индустрияландыру дегенмен сыйыспайды. Латын Америкасы елдерінде де, Азия елдерінде де, әсіресе Африкада империалистік мемлекеттер ауыр өнеркәсіптің өркендеуіне, экономикалық жағынан тәуелсіздік алуға негіз боларлықтай өндіріс салаларының өрістеуіне жол бермейді. Тәуелді және жартылай отар елдердің кей біреуінде өнеркәсіп өндірісінің өсуі жөніндегі байқалған жеке фактілер тәуелді ел мен империалистік елдің жалпы ара қатынасына ешқандай өзгеріс енгізбейді, отар және жартылай отар елдер құлдык, езілгендік халде қала береді. Машина жасау өндірісінен, өндіріс құралдарын жасаудан басталатын шын мәнісіндегі индустрияландыруға империалистік метрополия жол бермейді.

Тәуелді елдермен отар елдерге өнеркәсіп жабдықтарын шығарудан империалистік елдер бастартады. Англияның сыртқы сауда департаментінің басшысы Боттомли, Англияның болат құю өнеркәсібінің өнімі ұлғайғанның өзінде де, Англия, Индия мен Пәкістанға күрделі жабдық шығарудың қазіргі шағын көлемін арттыра алмайтынын 1948 жылғы июньде әдейі «түсіндірді». Бір кезде АҚШ-тың Индияны «индустрияландыруға» көмектесуінен зор дәмелі болған Индия буржуазиясы қатты қателесті. Индия мен АҚШ арасында сауданың жалпы өсуіне қарамастан, американдар Индияға станоктар, күрделі машиналар шығарғысы келмейді. Американдар Индияға азық-түлік, сол сыяқты автомат қаламдар, электр аспаптар, тіс щеткаларын және басқа тұтыну товарларын шығарады. Американдар Индиядан көбінесе джут, тері, шай, мақта және басқа сондай шікі заттар әкетеді. Сөйтіп, ағылшын-индия саудасының қандай отарлық сыпаты болса американдар-индия саудасының да дәл сондай отарлық сыпаты бар. Американдардың Индияға күрделі жабдық, техникалық материалдар шығарудан бастартатындығы Индияның буржуазиялық баспа сөзінде талай рет жазылды. «АҚШ-тың бүкіл сыртқы экономикалық саясаты Индия сыяқты Азия елдеріне тиімсіз» — деп жазды

«Индиан Ньюс кроникл» газеті. АҚШ-тың сыртқы сауда саясаты, отар және жартылай отар елдерде өнеркәсіптің өркендеуіне бөгет жасауды көздейтін империалистік мемлекеттердің жалпы бағытын көрсететіндігі түсінікті.

Аграрлық отар елдерде, шабан қарқынмен болса да, өсіп келе жатқан капитализм шаруаларды кіріптарлықтың және езушіліктің капитализмге дейінгі түрлерінен құтқармайды. Ол, әдетте, қанаушылықтың капитализмге дейінгі бұл түрлеріне тек ақша сыпатын береді. Жұмыс істеп өтеу (барщина) және жерді жалға алу ақысы, заттай төлеу орнына, ақшадай төленеді, заттай салық орнына ақшалай салық алынады. Мұның өзі шаруалар бұқарасының жағдайын жақсартпайды, қайта онан әрі күйзелте түседі. Шаруалардың күйзелуі мұнымен бірге, өнеркәсіп өнімін өткізетін ішкі базардың өсуін аса қиындағып, капитализмнің дамуына үлкен бөгет жасайды.

Бұл жағдай ұлт буржуазиясының қанаушылықты ұлғайтуына және өзінің ықпалын күшейтуіне кедергі болады. Отар елдердегі ұлт буржуазиясы феодалдық қалдықтарды тежеуге немесе нашарлатуға күштар екені түсінікті, өйткені бұл қалдықтар оның қолын байлайды. Бірақ екінші жағынан,— мұның шешуші маңызы бар,— ұлт буржуазиясы елеулі жер реформасын жасаудан қорқады. Өйткені Азия елдерінде буржуазия әдетте ірі жер иелерімен, кулактармен, өсімқорлармен тығыз байланысты.

Отар елдердің өз ішіндегі капиталистік қатнастың өсуі отарларда өнеркәсіптің өсуі мен метрополиялардың мүдделері арасындағы күшті қайшылықты ашып береді, өйткені метрополиялар отарлардың экономикалық дамуын өзгермейтін төмен дәрежеде сақтағысы келеді.

Отарларда өнеркәсіп өндірісінің өсуі саяси майданға жаңа тапты — пролетариатты шығарады. Міне осыдан отар елдердің дамуында жаңа кезең басталады. Егер ұлт буржуазиясы өз елінің өркендеуіне бөгет жасайтын империалистерден және феодалдық қалдықтардан отарларды шын мәнісінде азат ету жолында табандылықпен күресе алмайтын болса, отарлардың пролетариаты, империализмге ғана емес, оның ел ішіндегі агенттеріне, еналдымен феодалдарға және буржуазияның реакцияшыл жоғары тобына да ұйымдасқан қарсылық көрсету үшін сан миллион шаруалар бұқарасын өзінің басшылығымен топтастыра алатын, шын мәнісінде революцияшыл күш болып табылады.

1920 жылдың өзінде Коминтерннің II Конгресінде В. И. Ленин отар елдер қозғалысындағы буржуазиялық элементтер-

дің ролі туралы бірсыпыра аса маңызды нұсқаулар берді. Ленин онда былай деді: «Қандай да болса ұлтшылдық қозғалыс (отар және тәуелді елдердегі.—Е. Ж.) тек буржуазиялық-демократиялық қозғалыс болуы мүмкін, өйткені артта қалған елдерде халықтың көпшілігі, буржуазиялық-капиталистік қатнастың уәкілі болып табылатын шаруалардан құралады. Егер пролетарлық партиялар мұндай елдерде тегі құрыла алатын болса, бұл партиялар шаруалар қозғалысына белгілі көзқараста болмайынша, оны іс жүзінде қолдамайынша, бұл артта қалған елдерде коммунистік тактиканы және коммунистік саясатты жүргізе алады деп ойлау қыял болар еді»⁴. Мұнымен бірге В. И. Ленин мынаны атап көрсетті: «Қанаушы және отар елдердің буржуазиясы белгілі дәрежеде өзара жақындас-ты, сондықтан, көп уақытта — мүмкін тіпті көбінесе — езілген елдердің буржуазиясы ұлттық қозғалыстарды қолдай тұрса да, мұнымен бірге империалистік буржуазиямен келісіп, яғни онымен бірге, барлық революциялық қозғалыстарға және революцияшыл таптарға қарсы күреседі»⁵.

Ленин коммунистерге отар елдердегі пролетарлық революцияшыл кадрларды, олардың өздеріне тән мақсаттары, буржуазиялық-демократиялық сыпатты қозғалыстың мақсаттарынан өзгеше мақсаттары бар екенін түсінетін етіп тәрбиелеуді ұйретті.

Ленин, егер революцияшыл пролетариаттың жалпы ағыммен бірікпей, оның ішінде тұздай еріп кетпей, өзінің программасын, өзінің саясатын қорғауға мүмкіншілігі болса, сонда ғана отарлық қозғалыстың буржуазиялық-демократиялық элементтерімен бірігіп қыймыл жасауы керек екенін атап көрсетті.

Отар елдердің ұлт буржуазиясы басшылық рольден бастартқысы келмейтіндіктен және бұл рольді біржолата өзінде баянды етіп қалдыруға дәмеленетіндіктен де, Лениннің бұл нұсқауының ерекше маңызы бар. Отар елдердің ұлт буржуазиясы қалың букараны өзінің ықпалынан шығармауға тырысады, кейде өзінің шетелдік империалистермен «ымыраласпайтындығы» туралы жалған сенім таратады.

Алайда буржуазия екі бірдей дүмпуге кездесіп отырады — бір жағынан, халықтың дүмпугіне кездеседі, оның белсенділігінен қорқады, екінші жағынан, империалистердің дүмпугіне

⁴ В. И. Ленин, Шығармалар, XXV том, 1920 жылғы 26 июльде Коминтерннің II Конгресінде жасалған «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамасынан», 352-бет.

⁵ Сонда.

кездеседі, олардың алдында жағымпазданады, сондықтан буржуазия амалсыздан империализммен келісу саясатына көшеді.

Ұлт буржуазиясының реакцияшылдығы қалай күшейгенін және отар елдерде жұмысшылар мен шаруалардың белсенділігі қалай өскенін дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі оқыйғалар айқын көрсетті. Еңбекші бұқараның империалистерге қарсы белсенділігі неғұрлым күшейген сайын, ірі буржуазияның қорқақтығы, сұрқыялығы арта түседі, ол феодалдық реакцияның күштерімен соғұрлым ашықтан-ашық одақ жасайды. Тынық мұхиттағы ең үлкен ел — Қытай бұған айқын мысал.

Қытайда жапондардың империалистік агрессиясы кезінде помещиктік-капиталистік билеп-төстеуші топ, Жапонияға қарсы ұлт майданының болуына қарамастан, коммунистік партия бастаған демократияшылдармен ынтымақ жасауға барынша бөгет жасап келді. Жартылай феодал помещиктердің, сол сыяқты шетелдік капиталмен біте қайнасқан «4 семьяның» таптық мүдделерін көрсетуші Гоминданның реакцияшыл басшылары жапон басқыншыларына жалпы ұлттық тыңғылықты тойтарыс беруді ұйымдастырмады және ұйымдастырғысы келмеді, өйткені мұның өзі қытай халқының қалың бұқарасының белсенділігін өрістетуді, елдің өндіргіш күштерін күшейтуді, демек элементарлық демократиялық реформалар жүргізуді (жер реформасы, гоминдандық диктатураны жою, коалициялық үкімет құру және басқалары) керек қылды. Қытайдың билеп-төстеуші топтары көп реттерде жапон империалистерімен тікелей байланыс жасап, ұлтқа тура опасыздық ету жолына түсті. Сөз жүзінде Жапонияға қарсы қарулы күресті қуаттаған Гоминданның басшы топтары да бұл күрестің қазған кезінде, көбінесе, Халық-азаттық армиясының бақылауындағы аудандарды, яғни демократиялық өзгерістер жасалған аудандарды қоршап қалдыруға көңіл бөлді.

Мұның өзі Гоминданның соғыс күштерін жапон басқыншыларына қарсы күрестен басқа жаққа аударуының үстіне, жапон империалистерін Қытайдың демократияшыл күштерін қырып-жоюға шақырғандық сыяқты болды. Гоминданның реакцияшыл генералдары үкімет әскерлері мен Халық-азаттық армиясы арасында үнемі қарулы соқтығыстар туғызып отырды. Чан Кай-ши үкіметі, жапондар уақытша басып алған аудандардағы партизандар қозғалысына көріне дұшпандық көз қараста болды. Партизандарға көмек көрсетілгені былай тұрсын, қайта партизандар қозғалысын басу шаралары қолданыл-

ды, өйткені бұл қозғалысқа жұмысшылардың, шаруалардың, қалалардағы ұсақ буржуазияның өскен саяси белсенділігі дем беріп отырды, яғни бұл қозғалыс тереңнен басталған демократиялық қозғалыс болды.

Империалистік Жапонияның жеңілуі Гоминдан саясатының ұлтқа дұшпандық, реакцияшылдық сыпатын күшейтті. Жапонияның тізе бұгуінен кейін Чан Кай-ши үкіметі дереу, коммунист партиясымен келіссөздер жүргізуге екіжүзділікпен әзірлік білдіргенсіп, осыны бетке ұстап, Ерекше шекаралық аудандағы және жапондарға қарсы азаттық күрестің басқа базаларына опасыздықпен қарулы шабуыл жасауға асығыс әзірлене бастады. Гоминданның басшылары соғыс дәуірінде жалпы жұрт алдында берген уәделерінің бәрін—диктатурадан бас тарту және қажетті демократиялық реформалар жасау туралы уәделерін бұзды.

Қытайдағы жартылай феодалдық және ірі капиталистік монополиялық топтардың билеп-төстеуші одағы соғыс кезінде реформалар жасауға: соғыс жағдайы қандай да болса әлеуметтік-экономикалық және конституциялық елеулі шаралар жүргізуге «мүмкіншілік бермейді» деген жалған сылтаумен көнбесе, Жапонияның тізе бұгуінен кейін Чан Кай-ши енді демократияландыруға мынадай «шарт» қойды: демократиялық күштерді алдын ала қарусыздандыруды—Халық-азаттық армияны таратуды талап етті. Гоминдан реакциясының көптеген көрнекті уәкілдері онанбұрын да жапондарға жарымпазданып келген болатын, ал Жапонияның тізе бұгуінен кейін Гоминдан реакциясы енді түгелінен және толығынан американ империализміне бағыт алды. Сөйтіп ол өзінің саясатының опасыздық дұшпандық сыпатын біржолата әшкереледі.

Дүниежүзілік екінші соғыс аяқталысымен американ империализмі Қытай реакциясына қамқоршы бола қалып, Қытайда интервенция жасау жолына түсті. Қытайда азамат соғысын қоздыруға белсенді түрде көмектесе отырып, АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары Қытай демократиясының ұйымдасқан күштерін талқандамақ болды, сөйтіп Қытайды Американың отарына айналдырмақ болды.

Алайда олардың бұл есептері іске аспады.

1946 жылы американ империализмінің басшылығымен Қытай реакцияшылдары бастаған азамат соғысы кезінде Қытайдың демократияшыл күштері коммунист партиясының төңірегіне онан сайын тығыз топталды, өйткені жұмысшы табының авангарды болып отырған бұл партия мұнымен бірге,

Қытайды шетелдік империализмнің езушілігінен құтқарып, ұлттық азаттыққа жеткізудің туын жоғары ұстаған бірден-бір бұқаралық партия болды. Қытай халқының қалың бұқарасы компартияны — жұмысшы табының авангарды, өзінің жан-қиярлығын және патриоттылығын, халқын азат ету ісін аяқтап шыға алатынын көрсеткен авангарды деп танып, бұл партияға ерді.

Мұның нәтижесінде қытай демократиясының күштері әлде қайда өсті және өсуде, ал онын жаулары мықтап жеңілді және барған сайын жеңілуде. 1949 жылдың орта шенінде-ақ қытай халқының жартысы гоминданшылдардың және американимпериалистерінің езушілігінен азат етілген жерде болды.

1949 жылғы 1 октябрьде жарияланған Қытай Халық Республикасының құрылуы қытай халқының тарихи жеңісінің қортындысы болды.

Қытайдағы оқыйғаларға халықаралық тұрғыдан баға беретін болсақ, бұл оқыйғалардың зор принциптік маңызы бар. Бұл оқыйғалар ең үлкен жартылай отарлық елде жеңімпаз халық азаттық революцияны нақ жұмысшы табы және оның авангарды — коммунист партиясы бастағанын көрсетті. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде жапондарға қарсы ұлт майданы қатарында өте ерекше түрде «күрескен», шынында бұл майданға іріткі салып, оны бүлдірген Қытайдың ірі буржуазиясы мен помещиктерін алатын болсақ, соғыстан кейінгі дәуірде олар ашықтан-ашық империализмге масқаралық қызмет ету жолына түсті, Қытайдың ұлттық мүдделерін қорғаудан толығынан бастартып, Қытайға опасыздық етті.

Қытайдағы революциялық оқыйғалардың ұлғаюының қалықаралық маңызы бір жағынан мынада: демократияшыл күштердің гоминдандық реакцияны жеңуі мұнымен бірге, онан күштірек американимпериализмінің жеңілуі болды, сөйтіп, дүниежүзілік үстемдіктен дәмеленуші американдардың авантюристігін ашып берді. Американимпериалистері дүниежүзілік екінші соғыс жылдарының өзінде қытайды өзінің экспанциясының аса маңызды орны деп таныды, сондықтан Гоминданның реакцияшыл тобын барынша қолдады.

АҚШ-тың Қытайдағы саясатының толық күйрегендігі сол себепті де өте айқын көрінді. Мұның өзі американимпериализм стратегиясының түкке аспағанын, экономикалық, дипломатиялық және соғыс интервенциясы әдістерімен Қытайдағы реакцияшыл күштерді қолдауға түгелінен бағытталған оның саясатының авантюристтік сыпатын көрсетті. АҚШ-тың Қытайдағы азамат соғысын қоздыруға белсеніп көмектесуі,

гоминданға белсеніп көмектесуі демократияшыл күштердің жеңілуіне емес, жеңуіне әкеп соқты.

Уолл-стриттің адамдары Қытайды американ монополияларының келешектегі шектен тыс пайда алатын көзі деп, американың милитаристеріне керекті зеңбірек жемін беретін соғыстық жаңа отаршысы деп, Совет Одағының шекарасындағы «қолайлы» тұрған үлкен қамал деп танылса, міне сол Қытай империалистердің барлық жоспарларын, барлық есептерін күйретті.

Америка империалистерінің Қытайдағы жоспарларының күйреуі, Гоминданның үстем тобының күйреуі бүкіл отарлық системаның дағдарысын онан сайын шиеленістіре түскен аса зор күш болғаны күмәнсіз.

Тарихи тәжірибе бұқараны мынаны түсінуге үйретеді: халықтың өзі мейлінше белсеніп қатыспаған жерде ұлт азаттығына жету мүмкін емес, қанаушы таптардың партиялары еңбекшілерді құлдықтап азат студі көздемейді, қайта жаныштай түсуді көздейді, сондықтан олар ерөкше қажетті болып отырған демократиялық реформалар жүргізуге бөгет жасайды, бұл реформаларды аяқсыз қалдыруға тырысады.

Сталин жолдас 1927 жылдың өзінде Қытайды мысалға келтіріп, буржуазияның ұлт-азаттық қозғалысқа, отарлық революцияға қатысуының шамалы екенін, оның шарттылығын көрсетті. Қытай революциясы туралы еңбектерінде Сталин жолдас тек қытайда ғана емес, басқа елдерде де ұлт-отарлық революция мәселелеріндегі стратегияның және тактиканың негіздерін түсіндіретін бірсыпыра аса бағалы нұсқаулар берді.

Қытай революциясының кезеңдері туралы Сталин жолдасының ілімінің мәнісі мынада: Қытай революциясының бірінші кезеңі — «біріккен жалпы ұлттық майданның революциясы», бұл кезеңде «жұмысшылар мен шаруалардың күшті қозғалысы әлі қулаш жайып үлгірмеген, ұлт буржуазиясы (компрадорлар емес) революциямен бірге болды». Революция бірінші кезеңінде өзінің соққыларын көбінесе шетелдік империализмге қарсы жұмсады. «Бұл,— деп үйретеді Сталин жолдас,— революция мен ұлт буржуазиясының арасында қайшылық жоқ деген сөз емес. Бұл тек ұлт буржуазиясы, революцияны қолдай отырып, оны өзінің мақсаттарына пайдалануға тырысты, сөйтіп, оны көбінесе жер жаулап алу жолына бағыттай отырып, оның құлаш жаюын тежеп отырды деген сөз». Чан Кай-шидің 1927 жылғы контрреволюциялық төңкерісі мынаны көрсетті: «революция өз дамуының екінші кезеңіне кірді,

біріккен жалпы ұлттық майданның революциясынан империализмге қарсы, джентері мен феодалдық помещиктерге қарсы, милитаристерге және Чан Кай-шидің контрреволюциялық тобына қарсы күресті күшейтіп, кеңейтетін революцияға — **жұмысшылар мен шаруалардың** сан миллион бұкарасының революциясына қарай, **аграрлық** революцияға қарай бетбұрыс басталды». ⁶

Сонымен отарлық революцияның бірінші кезені, көбінесе шетелдік империализмге қарсы бағытталған; екінші кезені, еналдымен ішкі жауларға қарсы, феодалдық тәртіпке қарсы бағытталған. Алайда бірінші және екінші кезеңдерде империалистердің өкіметін құлату міндеті орындалмаған болса да, бұл міндет келесі, үшінші кезеңге, советтік кезеңге мұраға қалады.

Қытай революциясының кезеңдері туралы Сталин жолдас-тың ілімі отар және жартылай отар елдердің азаттық жолындағы күресіндегі, бір жағынан ұлт бұржуазиясының, екінші жағынан жұмысшы табының ролін теория жағынан ашып береді.

Отар және жартылай отар халықтарының өздерін азат ету күресіндегі басты міндеті мынадай екі талаптан көрінеді: 1) империализм өкіметін құлату және 2) аграрлық революция жасау. Империализмнің езушілігіндегі барлық отар елдерді қамтыйтын ұлт азаттық қозғалыстарды біріктіруші, бәріне ортақ талаптар міне осы.

Аграрлық революция жасауға ұмтылатын және жұмысшы табының басшылығымен топталатын еңбекшілер қалың бұкарасы күреске қатысысымен ұлт-азаттық қозғалыстан бойын аулақ салып, империалистермен келісуге тырысатын ұлт буржуазиясының опасыздығын және қорқақтығын көп елдердің тарихи тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Мәселен, Индия мен Индонезиядағы жағдай бұған айқын дәлел. Жартылай феодал помещиктермен одақтасып әрекет ететін Индияның ірі буржуазиясы, өз елінің негізгі ұлттық мүдделері есебінен империализммен келісім жасап, қарабет болды. Формалдық автономияға қолы жеткеннен кейін Индияның ірі буржуазиясы жұмысшы және шаруалар қозғалысын, империализмге және реакцияға қарсы күресуші барлық прогресшіл күштерді рақымсыз қанқаксату жолына түсті.

1948 жылдың күзінде Хайдарабатта болған оқыйғалар

⁶ И. В. Сталин, Шығармалар, 9 том, қазақшасы, 246, 249, 250-беттер.

Индияның ұлт буржуазиясының барып тұрған реакцияшыл феодалдармен келісім жасауының айқын белгісі болды. Индия одағының үкімет әскерлері феодалдық деспотизм тәртібін — низамның өкіметін жою және князь сақшыларының — «разакарлардың» бандиттік шайкаларының террорына ұшыраған жергілікті халыққа көмектесу сыйлауымен Хайдарабад князьдігінің жеріне кірді. Алайда Индияның буржуазиялық үкіметі, шынында, Хайдарабадтың кейбір аудандарындағы халықтың жалпы бұқаралық прогрестік қозғалысының кең өріс алуынан қорыққан низамға және жергілікті помещиктерге көмектесуге тырысты. Индияның ірі буржуазиясы халықтың демократиялық қозғалысын низамның өз күшімен баса алмауынан қауыптанды, сондықтан оған көмектесуге асықты, әйтпесе шаруалардың революциялық қыймылдары Хайдарабад князьдігі жерінен Индияның басқа бөліктеріне тарауы мүмкін еді. Индияның буржуазияшыл баспасөзі Индия әскерін Хайдарабадқа жетіп, онда полициялық қызмет атқаруға — Таленганы округтерінде низамның өкіметіне ғана емес, жергілікті помещиктердің ардақтылығына да тап беруге «батылдық еткен» демократияшыл күштерді «ауыздықтауға» — асықтырды.

Индия әскерлерінің князьдік жерлерді оккупациялауы низамның феодалдық өкіметінің жойылуына әкеп соққан жоқ. Хайдарабадтың низамы өзінің бұрынғы ардақтылық праволарының едәуір бөлегін сақтайтынын Индия үкіметі ресми түрде мәлімдеді.

Жұмысшы қозғалысын полиция күшімен қанқасатуға келгенде, Индияның Неру бастаған үкіметі Британия империясының басқа барлық доминиондарынан асып түсуге аз-ақ қалды.

Ел ішінде реакцияның ойран салуымен қанағаттанбай, өзінің саясатында Лондонға ғана емес, Вашингтонға да бағыт ұстайтын Нерудің үкіметі Тынық мұхит немесе Шығыс Азия одағын құруға белсеніп қатысуда; бұл одақ, дүниежүзілік жаңа соғысты әзірлеу мақсаттарына қызмет ететін Солтүстік Атлантика агрессиялық одағының жалғасы болмақ. Американдық империализмінің жоғарғы басшылығымен Азиядағы барлық реакцияшыл күштерді біріктіретін Тынық мұхит одағы, өзінің совет еліне қарсы мақсаттарынан тыс, отар және жартылай отар елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарына қарсы күресуге арналған.

Сөйтіп, Индияның ірі буржуазиясы ағылшын-американ империалистік қожайындарының қызметіндегі ерекше сенімді

полицейге айналды. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Индонезияда тарихи оқыйғалардың дамуы Индонезия буржуазиясының да сондай жолға түскенін көрсетіп отыр.

Индонезия республикасына уақытша бас болған Сукарно және Хатта сыяқты буржуазиялық қайраткерлер империализммен «сыпайы» ымыраға келуді әуелі бастан-ақ көздеді.

Сол себепті Индонезия республикасының империалистермен «келісімі» үнемі ұлт-азаттық қозғалысының жеңіп алған аса маңызды табыстарынан барған сайын бастарту есебінен жасалып келді.

Индонезиядағы еңбекші бұқараның, әсіресе коммунист партиясы бастаған жұмысшы табының белсенділігі неғұрлым өскен сайын, буржуазиялық жоғарғы топ соғұрлым демократиялық күштерді жалпы жеккөру негізінде империалистермен жақындаса берді. Индонезия республикасының халықтық-демократиялық республикаға айналуына жол бермеуге тырысып, буржуазияшыл ұлтшылдар демократиялық күштерге соққы беруге әзірленді, сөйтіп, бұл ісімен АҚШ-тың тілектестігін және көмегін сатып алмақ болды.

Индонезия халқының ұлт-азаттық күресіне бөгет жасай отырып, уәде етілген демократиялық реформалардың жүргізілуіне қарсылық көрсете отырып, американ отаршыларына жағымпаздана отырып, Сукарно және Хатта сыяқты буржуазияшыл ұлтшылдар Индонезияны дәрменсіз буржуазиялық республикаға, «тәуелсіз» Филиппин сыяқты саясат, экономика және соғыс жөнінде АҚШ-тың торына шырмалған республикаға айналдыруға әзірлік жасады.

Индонезия республикасын Бирма мен Филиппиннің жолына, яғни жалған «тәуелсіздік» жолына түсіруге тырысқан буржуазияшыл ұлтшылдардың әрекеті Индонезия еңбекшілері арасында күшті наразылық туғызды. Компартия бастаған халықтық-демократиялық майдан Хатта үкіметінің опасыздық саясатына қарсы шықты. Индонезияның халық бұқарасы империалистердің еріксіз таңған Ренвиль келісімін бұзуды, елде ұлттың барлық күштері мен ресурстарын империалистерге тойтарыс беру жолына пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қажетті демократиялық реформалар жасауды талап етті. Өнеркәсіпті халық пайдасына алу, жерді оны өндеп, егін егетіндердің қолына беру, халықты қаруландыру — коммунистер басшылық еткен Индонезияның халық-демократиялық майданының басты-басты талаптары осындай болды.

Хатта үкіметінің империалистерге сатылған буржуазияшыл министрлері Индонезия еңбекшілерінің бұл талаптарына

қанішерлік арандату, жүгенсіз кеткен полициялық террор жауау жолымен жауап берді. Елде азамат соғысы басталды.

Америка империализміне бағыт ұстау Индонезияның буржуазияшыл-ұлтшыл жоғарғы тобын Голландияның интервенциясынан құтқара алмады. Хатта — Сукарноның тізе бүгушілік опасыздық бағыты Индонезия республикасының өмір сүруінің өзіне қатерлі қауып туғызды.

Алайда Индонезия халқының империализмге және оның ел ішіндегі буржуазиялық-феодалдық ұлтшыл агенттеріне қарсы қажырлы күресі империалистердің Индонезияда өздерінің үстемділігін енді бұрынғы түрінде қалпына келтіре ала алмайтындығына кепіл болады.

Мұнымен бірге Индонезия республикасының өмір сүруінің үш жылдан артық уақыт ішіндегі тәжірибесі, бұл қозғалысқа басшылық жұмысшы табының қолына көшкенге дейін, елде шын мәнісінде демократиялық өзгерістер жасалғанға дейін ұлт-азаттық қозғалысының іс жүзінде жеңуін — тәуелсіздікке жетуді — қамтамасыз ету мүмкін емес екенін көрсетті. Империализмге қарсы азаттық күрес майданында ұлтшыл буржуазиялық және феодалдық-помещиктік жоғарғы топтың таптық мүдделері оны опасыздық ету, империализммен келісу жолына айдап салады.

Халық бұқарасы белсенділігінің күшеюін қамтамасыз ететін, олардың мұхтаждық және мешеулік қыспағынан құтылуына мүмкіншілік туғызатын демократиялық реформалар жалпы ұлт-азаттық күрестің табысқа жетуінің бірден-бір елеулі кепілдігі болып табылады.

Пролетариаттың гегемониясы, коммунист партияларының басшылығы отар және тәуелді елдердегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының жеңімпаздықпен дамуының шешуші шарты болып табылады.

* * *

Империализмге қарсы бұқаралық қозғалыс, жұмысшы табы және оның авангарды — компартиялар бастаған қозғалыс, ұлғайып бара жатқанын көрген империалистер, ұлт-азаттық қозғалысқа іріткі салу және бұл қозғалыста буржуазияның үстемдігін қалпына келтіру мақсатымен буржуазиялық ұлтшылдықты барынша пайдалануда.

Империалистер буржуазиялық ұлтшылдықты қалай пайдаланатынын Индонезияның мысалы көрсетіп отыр. Буржуазиялық ұлтшылдықты пайдалану барлық тәуелді және отар елдердегі халықтық-демократия қозғалысына қарсы империализмнің күресінің қазіргі идеологиялық түрлерінің бірі болып отыр.

Индонезияда, Индоқытайда, Индияда, Пакпстапта және басқа елдерде империалистер, империализмге қарсы күресгі нашарлату, халықтардың біртұтас азаттық майданын бұзу мақсатымен, әртүрлі ұлттарды бір-біріне қарсы айдап салуға барынша тырысуда.

Империализмнің ұлтшыл буржуазиялық агенттері қоғамдық дамудың жалпы заңдарының күшін мойындамайды, әр елдің ерекшеліктерін негізге алып, әрбір ел үшін «өзгеше жолдар мен заңдылықтар» белгілеуді талап етеді.

Елдердің дамуындағы бұл «өзгеше жолдары мен заңдылықтарды» олар әрбір жеке елдегі ұлт қозғалысын халықтардың империализмге қарсы жалпы күресіне қарсы қою және халықтарды шовинизммен уландыру мақсатына пайдаланады.

Жеке елдердің дамуының ерекшеліктерін асыра көрсету отар және тәуелді елдерді Совет Одағы бастаған демократиялық күштерден және империализмге қарсы күштерден бөлектеуге тікелей бағытталған.

Кейде бет бояу мақсатымен буржуазияшыл ұлтшылдар «битараптық» идеясын немесе империализм мен коммунизм арасындағы орталық жол дейтінді алға тартады. Алайда практика бұл жалған теорияны күйретіп келеді. Буржуазиялық ұлтшылдықты жақтаушылар өздерінің бұл әрекетімен ССРО-ға, коммунизмге үнемі жала жабумен шұғылданады, сөйтіп өздерінің империализм агенттері екенін әшкерелейді.

Ленин мен Сталин: әрбір елдің өзіне тән ұлттық өзгешелігін, оның дамуының ерекшеліктерін ескеру өте қажет, бірақ мұнан — бұл өзгешелікті бұлжымайтын қалыпқа айналдыру керек деген мағна тумайды деп үйретеді.

Мәселен, Сталин жолдас былай дейді: «Американ капитализмінің өзіне тән ерекшеліктерін ескермеу дұрыс болмас еді. Компартия өзінің жұмысында мұны ескеруге тиіс. Бірақ компартияның жұмысын бұл ерекшелік сыпаттар негізінде жүргізу онан да бетер дұрыс болмас еді, өйткені қандай да болса компартияның, оның ішінде американ компартиясының сүйенуге тиісті негізі капитализмнің белгілі бір елдегі өзіне тән сыпаттары емес, барлық елдерге негізінде бірдей ортақ сыпаттары болып табылады. Компартиялардың интернационализмі міне осыған негізделеді. Өзіне тән ерекше сыпаттар тек ортақ сыпаттарды толықтырады».⁷

Отар және тәуелді елдердің коммунист партиялары жү-

⁷ И. В. Сталин, Американ компартиясындағы оңшыл фракцияшылдар туралы. «Большевик», 1930 жыл, 8-бет.

мысшы табына дұшпан идеологияның әртүрлі белгілеріне қарсы күрес жүргізгенде буржуазиялық ұлтшылдықты (гандизм, панисламизм, сионизм және басқалары) әшкерелеуге ерекше көңіл бөледі, бұған көңіл бөлгенде империалистердің буржуазиялық ұлтшылдықты отар елдердегі аса маңызды идеологиялық құрал ретінде пайдаланатынын ескереді.

Империализм халықтардың арасына жік салуды еңбекшілердің интернационалдық бірлігіне қарсы қоюға тырысады. Алайда азаттық қозғалысқа басшылық ету баянды түрде жұмысшы табының қолына көшкен кезде, ұлтшылдық кедергілер империализмге қарсы күрестің дамуына бөгет жасайтын күш болудан қалатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Малайдағы күрес бұған дәлел. Соғысқа дейін ағылшын империализмі Малайяда бірыңғай үш ұлттық топтың: малайя, қытай және индиялық топтардың болуын өзі үшін неғұрлым тиімді пайдаланып келді. Бұл топтар Британия империализмінің айдап салуымен өзара үнемі жауласып келді. Дүниежүзілік екінші соғыс дәуірінде, жапон империализміне қарсы күрестің Сарысында, Малайяда бұл күреске басшылық жұмысшы табының астыртын ұйымдарының қолына көшкен кезде, үш ұлттық топ — малайялықтар, индустар және қытайлар арасында тығыз ынтымақ орнатылды. Соғыстан кейін Малайядағы коммунистер бастаған үш кәсіподақтық орталық Малайя еңбекшілерін империалистерге қарсы топтастырушы біртұтас күш ретінде қыймыл жасай бастады. Малайядағы ұлт-азаттық қозғалысқа басшылық ету жұмысшы табының қолына көшуі нәтижесінде империалистердің бұрынғы, малайялықтардың, қытайлардың және индустардың ұлт араздығынан пайдалану әдісі іске аспай қалды.

* * *

Ұлт-азаттық күреске жұмысшы табы басшылық етіп отырған тәуелді және отар елдерде бұл күрес халықтық демократия жолындағы күреске сөзсіз ұласуда.

Солтүстік Кореяда және Қытай Халық Республикасының азат етілген жерлерінің едәуірінде бұл күрес зор табыстарға жетті. Нақтылы өкімет билігінің халық қолына көшуін қамтамасыз ететін шаралар жүргізілді, помещиктердің мал-мүлкі халық пайдасына алынды, «жергілікті» капиталистік қапаушылық мықтап тежелді, империалистік езушілік жойылды. Кореяның солтүстік бөлегінде жаңа халық-демократиялық өкімет «халық бұқарасының қолдауына сүйене отырып, мейлінше қысқа мерзімде, буржуазиялық демократияның қо-

лынан келмейтін прогрестік демократиялық өзгерістер жа-сады». ⁸

Империализмге қарсы күрестің, империализмге қарсы ақырғы шекке дейін күресуге әзір тұрған таптардың мүдделеріне сай келетін жана, халықтық демократия жолындағы күреске ұласатын жалпы бейімділігі бар екенін Вьетнамның, Индияның, Бирманың, Филиппиннің, Индонезияның тәжрибесі көрсетіп отыр. Тәуелді және отар елдердің көпшілігі империализм системасынан тек халықтық демократия принциптерінің мерейі үстем болуы негізінде ғана толық құтыла алады. Мұның өзінен: бұрынғы отар және тәуелді елдердің шын мәнісіндегі ұлттық тәуелсіздігін тек өкімет билігін халық қолына беру жолымен қамтамасыз етуге болады деген қортынды туады.

Ұлт-азаттық қозғалысты формальдық, буржуазиялық демократияның тар шеңберінен шығармай тежеу әрекеті империалистік үстемдіктің сақталуына және нығаюына әкеліп соқпай қоймайтынын фактілер көрсетіп отыр. Мұның себебі — бұл ретте үстем болуға дәмеленетін ұлттық буржуазия халық бұқарасының революциялық белсенділігін матап, әдейі бөгет жасап қана қоймай, оның үстіне империализммен «іскерлік ынтымақ» жасауға ұмтылады. Қыйыр Шығыстағы, сол сыяқты Таяу Шығыстағы көптеген отар және тәуелді елдерде соғыстан кейінгі дамудың барысы мұны дәлелдеп отыр.

Отарлық қанаушылықтың сыртқы формалары әртүрлі болуы мүмкін. Отарлық жағдай, яғни империализмнің отар елді ең алдымен экономика жағынан құлдыққа салуы формальдық тең қарсылықпен немесе тіпті «тәуелсіздікпен» әбден сыйысады. Көп уақытта формальды мемлекеттік еріктілік тек іс жүзінде отарлық құлдықты бүркейді, өйткені, бұл құлдықтың мазмұны — империализмнің бұл елдің экономикалық дамуын әдейі кідіртуі оны метрополияның аграрлық-шикі заттық шылауы қалпында сақтауы өзгермейінше қалып қояды.

Англияның Бирмаға формальдық «тәуелсіздік» беруі бұған айқын дәлел. 1948 жылғы Англия-Бирма шарты Бирмаға «тәуелсіздік» берілетінін айтады, бірақ мұнымен бірге Бирма армиясын ағылшын офицерлерінің үйретуін, Бирмаға қараған жерде Англияның соғыс миссияларының болуын, Бирма жеріндегі аэродромдардың қызметін Англиямен «бірігіп» атқаруды, оларды Англиямен бірігіп пайдалануды және басқа

⁸ А. А. Жданов. Халықаралық жағдай туралы. «Правда», 22/Х 1947 ж.

сондайларды көздейді. Англия өзінің Бирмадағы аса маңызды экономикалық позицияларын сақтайды.

Бирмада ұлт-азаттық қозғалысына басшылықтың табысыз, тұрлаусыз ұсақ буржуазиялық элементтердің қолына уақытша көшуі Бирмаға формальдық, дерексіз «тәуелсіздік» берілуіне алдын ала елеулі жағдай туғызғанын атап көрсету қажет. Реформашылдық жолға түсу, ағылшын империализміне қарсы күрестің дәйекті, шешуші түрлерінен бастарту нақ осыдан туды. Мұның өзі халық бұқарасының революциялық белсенділігін бөгеуге және күшпен басуға әкеп соқты. Мұның өзі, империализммен ымыраласу түрінде, оның алдында тізе бүгуге әкеп соқты. Бирмада империалистік мүдделерді қорғауға тиісті буржуазиялық — «демократиялық» тәртіптің орнатылуы бұл тізе бүгудің бүркеншігі болды.

Бирманың отардан әуелі доминионға, онан кейін ағылшын империализміне тиімді шарттармен «тәуелсіз» республикаға айналдыру жөніндегі бұл әрекеттің бәрі ұсақ буржуазиялық реформашыл ұлтшылдық ұйымдардың ұлт-азаттық ісін қорғай алмайтынын көрсетеді. Бұлар отар және тәуелді елдер халықтарының империалистік құлдыққа қарсы күресіне ойдағыдай басшылық етілуін қамтамасыз ете алмайды. Олардың жолы сөзсіз тізе бүгушілікке әкеп соғады.

Бирманың «тәуелсіз» ел деп жарияланғанына жарты жыл толмай тұрып-ақ, ондағы өзгерістердің болымсыздығына бұл елдің халық бұқарасының көзі жетті.

Ағылшындардың меншігіндегі кәсіп орындарында, рудниктерде, плантацияларда айуандық қанаушылықтың онан әрі үрей беруі, «ссылшыл» үкіметтің шетелдік империалистерге жаппыздануы, Англияның соғыс базаларының сақталуы, срууіге қатынасқаны үшін жұмысшыларды қудалау, коммунистерді жазаға кесу — осының бәрі халықтың шыдамын тауықты.

1948 жылы басталған және елдің едәуір бөлегіне таралған үлкеп көтеріліс, ағылшын империализмінің қол жаулығы — «социалист» министрлердің, отар елдегі буржуазиялық «демократизм» итаршыларының әрекетіне халық бұқарасының қайтарған жауабы болды. Қарендердің ұлттық қозғалысы демократиялық күштерге қарсы пайдаланбақ болған империалистердің әрекеті түкке аспай қалды. Бирмадағы империализмге қарсы майдан кеңейе түсті. Бирмада ұлт-азаттық күресінің көзір ұлғайғандығы сонша — мұның өзі бүкіл империалистік майданды қатты састырып отыр.

Бір кезде, Бирманың «тәжірибесіне» сүйеніп, ағылшын им-

периалистері: Британия империясындағы отарларда демократизмнің бастамалары үнемі және «бөгетсіз жетіліп келеді» деп көрсетуге тырысты. Империализмнің лейборист итаршылары біржолата «жетілген» отарларға Англия толық бостандық береді дегенді дәріптеді. Шынында америка империалистері сыяқты, ағылшын империалистері де, империализмге қарсы бұқаралық ұлт-азаттық қозғалыстың берекесін кетіру мақсатымен, тәуелді елдерде формальдық, буржуазиялық демократизмнің кеселдерін таратады. Тәуелді елдер мен отар елдердегі буржуазиялық жалған демократияның томаға тұйықтылығын және боямашылдығын империалистер және олардың агенттері ұлт-азаттық қозғалысты қарусыздандырудың жолы ретінде, бұл қозғалысты империалистерге қауыпсыз реформашылдық жолға көшірудің құралы ретінде пайдалануға тырысады.

Бірақ Бирманың «тәжрибесі» бұл жол империалистерге қауыпсыз емес екенін көрсетіп отыр. Халық бұқарасы империалистік әдіс-айланың өтірігін әшкерелейді, олар буржуазиялық республика жалауын бетке ұстайтын жалған «тәуелсіздікті» талап етпейді, шын мәнісіндегі азаттық үшін күреседі.

Ұлт-азаттық жолындағы күрес демократиялық өзгерістер үшін күрес жүргізумен ұштасқан күнде ғана, тек формальдық «тәуелсіздік» пен формальдық-заңдылық «бостандықтар» үшін ғана емес, шын мәнісіндегі демократия үшін, халыққа керекті демократия үшін күрес жүргізілгенде ғана ойдағыдай табысты болады. Мұның өзі ұлт-азаттық қозғалыстағы авангардтық, басшылық рольдің жұмысшы табы қолына, оның коммунист партиялары қолына көшуіне тығыз байланысты, өйткені халықтың негізгі бұқарасын — еңбекшілерді — шетелдік империалистердің, помещиктердің езушілігінен азат ету күресін буржуазия емес, тек жұмысшы табы ғана дәйектілікпен жүргізе алады.

Әрине, Шығыста, отар және жартылай отар елдерде империалистік күштерге қарсы ұлттық майдан Батыстағыдан анағұрлым кең болуы мүмкін. Бұл майдан, базарға метрополиа товарларының толып кетуі нәтижесінде жергілікті өнеркәсіптің күйзелуінен зыян көретін буржуазияның топтарын сөзсіз қамтый алады. Алайда бұл майданның негізі европалық елдердегідей. Бұл негіз — жұмысшы табы басшылық ететін еңбекшілер таптарының — жұмысшы табының, шаруалардың, қалалық ұсақ буржуазияның одағы.

Шығыстағы жаңа, халықтық демократия жолындағы күрестің де отар елдердің өзіне тән сыпатын көрсететін айырық-

шылық белгілері бар. Әңгіме отар және жартылай отар елдер туралы болып отырғандықтан, олардағы халық-демократия өкіметі алдына, еңалдымен шешуді керек қылатын буржуазиялық-демократиялық міндеттер анағұрлым зор көлемде қойылады. Демек, отар және тәуелді елдерде халықтық демократияның жеңісі социалистік міндеттерді, Европадағы халықтық демократия елдеріндегідей көлемде тез шеше алмайды, өйткені, бұл елдердің экономикалық мешеулігі олардың отарлық халінің тікелей нәтижесі болып табылады.

Шығыстағы халықтық демократияның Орталық және Шығыс Европа елдеріндегі халықтық демократиядан ең үлкен өзгешелігі осында.

Отар және тәуелді елдердегі халықтық демократия үшін күрес, өзіне тән неше алуан сыпаты бар отарлық революцияның ерекше формасы болып табылады. Алайда жаңа, сапасы жағынан неғұрлым жоғары түрде отарлық революция жасауға мүмкіндік болуы капитализмнің жалпы дағдарысының ерекше шиеленіскендігін дәлелдейді. Империализмге және феодализмге қарсы ұлт-азаттық күрестен туатын шығыстағы халықтық демократиялық құрылыс, империализм алға бастырмай әдейі бөгет жасап келген елдердің мәдени-экономикалық мешеулігін тек жойып қана қоймайды. Бұл құрылыс мұнымен бірге ол елдердің социализм жолымен онан әрі ілгерілеп өркендеуіне алдын ала жағдай туғызады.

Совет Одағына сүйену, демократизм мен социализмнің қуатты лагерінің қолдауы, дүниежүзілік көлемде демократия және империализм күштерінің жалпы ара салмағы, Европадағыдай ол елдердің де осылайша өркендеуіне мүмкіншілік туғызады.

* * *

Отар және жартылай отар елдерде ұлт-азаттық қозғалысының бас жауы — агрессиялық американ империализмі.

Дүниежүзілік екінші соғыстың аяқталуы демократия күштерінің нығаюына ғана емес, онымен бірге реакция күштерінің, демократияға қарсы лагерьді бастаушы американ империализмінің төңірегіне жыйналуына әкеліп соқты. Соғыста байыған Американың капиталистік монополиялары, қандай да болса қылмыстар істеуден тартынбай, өздерінің шектен тыс пайдасын сақтауға және онан әрі көбейтуге жол іздеуде. «Дүниежүзілік үстемдік» орнатудың гитлерлік жоспарларын Американың финанстық шоңжарлары толығынан өздеріне мұра етіп алды. Милитаризм американ саясатының неғұрлым белсенді.

күшіне айналуда. Американ империализмі халықтық демократиялық күштердің қандай да болса белсенділігін жаныштауға тікелей бағыт ұстап, халықаралық жандарм ретінде ашықтан-ашық майданға шығуда.

Американың империалистері отар және жартылай отар елдердегі халық бұқарасының өскен саяси белсенділігін — дүниежүзілік үстемдік орнатуды көздейтін өздерінің авантюристік жоспарларын жүзеге асыруға зор кедергі деп таныйды. Сондықтан АҚШ империализмі отарлы мемлекеттердің жетекшісі болуға, сөйтіп барлық тәуелді және отар елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы жорықты бастауға дәмеленеді.

АҚШ-тың Оңтүстік Кореядағы отаршылдық саясаты американдар империализмінің халықтардың ұлт-азаттық күресіне көзқарасын айқын көрсетеді. Американ империализмі Солтүстік және Оңтүстік Кореяның біртұтас тәуелсіз халықтық-демократиялық мемлекет болып бірігуіне бөгет жасап, корей халқының өзінің ұлттық арманын жүзеге асыруын бөгеуге тырысып қана қоймай, оның үстіне американдар әскерлерінің қорғауындағы Ли Сын Манның жартылай отарлық қолжаулық тәртібін арсыздықпен корейлерге ықтырсыз таңуға тырысады.

Филиппинге жалған «тәуелсіздік» бергенде американдар мұнымен бірге жергілікті үкіметтің құрамына қаныпезер реакцияшылдар мен коллаборационистерді ұсынды. Американың Филиппиндегі әскери өкімет орындары өздерінің қойған итаршыларының шаруалар қозғалысын және жапон басқыншыларына қарсы күреске қаһармандықпен қатысқан партизан отрядтарын қанқаксатуына көмектесуге барлық күшін аянбай жұмсауда.

Американ империализмінің соғыстан кейін Қытайда жүргізген барлық әрекеті АҚШ-тың онда интервенция саясатын жүргізгенін, қытай халқының демократиялық қозғалысын тұншықтыруға, американдардың бұйрықтарын екі етпей орындайтын Гоминданның реакцияшыл тобын Қытайда өкімет басында сақтауға барынша тырысқанын дәлелдейді.

Америка монополияларының агрессиялық жоспарлары оларды, АҚШ-қа тікелей бағынышты, сол сыяқты маршалдандырылған елдердің (Англияның, Францияның, Голландияның, Бельгияның) қарамағындағы отарлардың адам және материал қорларын үдемелі түрде, жыртқыштықпен пайдалануға айдап салады. Агрессия жоспарларына, яғни дүниежүзілік үстемдік орнату, бүкіл адам затты езу жоспарларына бағынышты АҚШ-тың отаршылдық саясаты соғысқа керекті шикі өнімді шығару-

ды монополиялау, әртүрлі соғыс құрылысы орындарында арзан немесе тегін жұмысшы күшін қанауға мүмкіншілік алу мақсатымен бөтен елдердің жерлерінің көбінде американдардың бақылауын орнатуды көздейді.

Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде американдардың насихаты америка саясатының қайдағы жоқ прогресшілдік мақсаттарын дәріптеуге көп көңіл бөлді,— американдардың саясаты барлық жерде демократиялық принциптерді қолдауға тырысады, деп, оның ішінде тәуелді және отар елдердің азаттық алуына көмектесуге тырысады, деп көрсетпек болды. АҚШ-тың әрекеті бұл насихаттың жалғандығын көрсетті; бұл насихат Гитлерге қарсы одаққа қатысқан империалистік мемлекеттер тобында дүние жүзін қайта бөлу үшін іс жүзінде жүргізілген күресті бүркеуге қызмет етті және америка монополияларының отар елдер мен тәуелді елдердегі агенттеріне бүркеншік болды. Алайда Американың империалистері отар елдердің халықтарына демоогтік «уәделер» беруден кезірде де бастартпайды.

Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін Американың империалистік саясатшыларының, отарларды бөлгіштеуді бүркеу мақсатымен «мандат» деген атауды ойлап шығарғаны сыяқты, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін де АҚШ Біріккен Ұлттар Ұйымының уставында белгіленген «қамқорлық» тәртібін екіжүзділікпен пайдаланады. Мұны пайдаланғанда олар уставтың принциптерін бұрмалап, империалистік мемлекеттердің отар және жартылай отар елдердегі өрескел отаршылдық практикасын бүркеу және ақтау мақсатын көздейді. Президент Трумэн ұсынған «артта қалған елдердің экономикасын өркендету» ісіне американдық «көмек» дейтін екіжүзділік жоспарлар да АҚШ-тың отарлардағы жыртқыштық әрекеттерін бүркеуге арналған.

Алайда практика Американың демоогтік уәделерінің жалғандығын әшкерелеп отыр. АҚШ-тың соғыстан кейінгі саясаты қандай түрде жүргізілсе де,— жаңа соғысты әзірлеу, отар елдердің жерін басып алу, өрескел милитаризм, реакцияшыл күштерді қолдау, ерікті халықтарды жаныштау, оларды империалистердің қанаушылығына түсіру саясаты болып отыр. АҚШ-тың соғыстан кейінгі отаршылық саясаты, қазірдің өзінде Солтүстік Америка монополияларының қорығына айналдырған Батыс жарты шарында ғана емес, Азияда да отар және тәуелді елдер халықтары арасында Американың империализміне қарсы өшпенділіктің ұрығын шашты.

* * *

Соңғы жылдардың тарихи тәжірибесі отар елдердегі ұлт-азаттық күрестің метрополиядағы жұмысшы табының күресімен және демократия, социализм жолындағы жалпы күреспен тығыз байланыстылығын дәлелдеді. Ленинизм империалистік езушілікке қарсы бағытталған, барлық елдер және барлық халықтар еңбекшілерінің ортақ жауы — империализмді құлатуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалыстардағы революциялық мүмкіншіліктерді ашып көрсетті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы және Совет мемлекетінің құрылуы ұлт-азаттық күрестің жалпы ұлғаюына көмектескен аса маңызды күш болды.

Сталин жолдас, езілген елдерге пролетариатпен одақтасып жүргізілетін отарлық революциялардың жаңа дәуірін бастаған Октябрь революциясы отар және жартылай отар елдердегі пролетариаттың басшылығымен жүргізілетін азаттық революциялардың заманын бастағанын айтты.⁹

ССРО-да лениндік-сталиндік ұлт саясатын жүзеге асырудың 30 жылдан астам уақыт бойындағы тарихи тәжірибесі отар елдерде болып жатқан өзгерістерге әсер ету жағынан тарихи аса зор маңыз алады.

Сталин жолдас өзінің ұлт мәселесі туралы классиктік еңбегінде (1913 жылы) «Россия Европа мен Азияның аралығында орын алатындығын», сондықтан оның Азияны ұйқысынан оятатын күш ретіндегі ролі орасан зор екенін көрсетті. Мұның өзі революциядан бұрынғы Россия жайында айтылған еді.

Кәзір, Россия бүкіл дүние жүзінің халықтарына социализм жолын көрсетіп отырғанда, коммунизм негізін қалаушылардың теориялық қағидалары жүзеге асырылып, іс жүзінде ыспағталып отырғанда, оның маңызы қандай десеңізші!

Жуықта өткен уақыттың өзінде саяси және экономикалық мешеуліктің үлгісі болған ел — Монғол Халық Республикасында бесжылдық жоспар негізінде жұмысшы табының және интеллигенцияның құрылуы, елдің мәдениетін және экономикасын бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өркендету программасын жүзеге асыруға кірісу, мұның өзі — ССРО-дағы жеңімпаз коммунизм құрылысының Шығыс елдеріне ұлы әсерін дәлелдейтін көп фактілердің бірі ғана.

Сол сыяқты мұның өзі капитализмнің жалпы дағдарысын

° И. В. Сталин. Шығармалар, 10 том, 243-бет.

күшейте түседі, отарлық системаның дағдарысын шиеленістіре түседі және бүкіл отарлық дүниеде империалистік езушіліктің жойылуын жақындата түседі.

* * *

ССРО-ның бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістері, ұлттық немесе нәсілдік езушілікті және таптық қанаушылықты білмейтін социалистік қоғам орнатқан ұлы мемлекеттің үлгісі отар және жартылай отар елдердегі империализмге қарсы ұлт-азаттық күрестің ойдағыдай жүргізілуіне дем беріп отырады.

Тәуелді және отар елдердегі ұлт-азаттық қозғалыс Совет Одағы бастаған демократиялық, антиимпериалистік лагерге қосылуда. Отар және жартылай отар ел халықтарының күресіндегі табыстарын ССРО-ның қуатының өсуінен, демократияның және социализмнің империализмге қарсы лагерінің нығаюынан айырып қарауға болмайды. «Өздерін империалистік құлдық қамытынан құтқаратын ұлт азаттығы үшін күресуші отар және тәуелді елдер жөнінде ССРО және жаңа демократия елдері оларды үнемі қолдау саясатын жүргізіп келеді».¹⁰

ССРО-ның идеялық-саяси қолдауы арқасында, демократияның және социализмнің қуатты лагерінің қолдауы арқасында отар елдердегі күрес табысты болады. Мұның өзі дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі ұлт-отарлық күрестің бүкіл дамуын белгілейді, капитализмнің жалпы дағдарысының онан әрі күшеюіне себеп болады.

Қытайда халықтық демократияның жеңуі, Корей Халық Демократиялық республикасының табыстары, Вьетнамда, Малайяда, Индонезияда, Бирмада және Шығыстың басқа елдерінде күрестің шиеленісуі отарлық системаның күйрейтін кезі жақындап келе жатқанын дәлелдейді. Күні кеше ғана империализмнің құлы болған отар елдердегі миллиардтаған бұқараның азаттық күресінің жеңіспен аяқталуы империалистік езушіліктің бүкіл системасына аса ауыр соққы болып тиді, мұның өзі тарихи маңызына баға жетпейтін соққы болды.

¹⁰ Г. М. Маленков. Кейбір компартиялар уәкілдерінің Польшадағы информациялық кеңесінде сөйлеген сөзі. 1947 жыл, 153-бет.

Экономикалық ғылымдардың кандидаты
Г. В. АСТАФЬЕВ

ЖАРТЫЛАЙ ОТАРДАН ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯҒА

Бүкіл Қытай халықтарының ерікті тілегін алғаш рет көрсеткен Халықтық саяси консультациялық конференцияда 1949 жылғы 1 октябрьде жарияланған Қытай Халық Республикасының құрылуы үздік шыққан тарихи оқыйға болды. Мұның өзі қытай халқының ұлт-азаттық және демократия жолындағы, ұзаққа созылған қаһармандық күресінің жеңіспен аяқталуы болды, шетелдік капитал жыртқыштарының Қытайды жүз жылдан астам уақыт бойына билеп-төстеуін біржолата жойды.

475 миллиондай халқы және 10 миллион шаршыкилометр жері бар жер жүзіндегі ең үлкен елдердің бірі Қытай дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында жартылай отар ел еді. Формальдық жағынан тәуелсіз мемлекет бола тұрса да, Қытай экономика жағынан үш үлкен империалистік мемлекетке — Англияға, АҚШ-қа және Жапонияға тәуелді болып келді; ол мемлекеттер бұл орасан бай елдің адам және табиғат қорларын емін-еркін пайдалану «правосы» үшін, оны өзінің отарына айналдыру үшін өзара және басқа империалистік елдермен арпалысқан қатты күрес жүргізіп келді.

1927 жылы, Қытайдағы жағдайды белгілейтін негізгі факторлардың бірі ретінде, «Қытайдың жартылай отарлық жағдайын және империализмнің финанстық-экономикалық үстемдігін»¹ көрсеткен Сталин жолдастың сөздері 1937 жылы да, Жапония Солтүстік және Орталық Қытайға басып кірген кезде, өзінің маңызын толық сақтады.

Пролетариат бастаған қытай халқының алдыңғы қатарлы топтары коммунист партиясының басшылығымен бұл 10 жыл бойына империализмнің және ішкі реакцияның біріккен күштеріне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ бұл күрес Қытайда империализм үстемдігін құлата алмады.

¹ И. В. Сталин. Шығармалар, 9 том, казакшасы, 244-бет.

1937 жылы «...Қытайдағы өнеркәсіптің негізгі желілері— темір жолдар, фабрикалар мен заводтар, көндер, банктер т. б.»² шетелдік империалистердің қолында қалып келді. 1842 жылдан бастап Қытайға қарсы сан рет жүргізілген басқыншылық соғыстардың және «экспедициялардың» көмегімен Қытайдан күшпен тартып алынған және толып жатқан теңсіздік шарттар бойынша баянды етілген «договорлық праволар» дейтінді шетелдік империалистер бұрынғысынша өздерінің үстемдігін нығайтуға және ұлғайтуға кеңінен пайдаланып келді. Бұл «договорлық праволар» жалға алу сылтауымен Қытай жерінің бір бөлегін тікелей басып алудан тыс, шетелдік өкімет орындарының бақылауындағы толып жатқан сеттельменттер мен концессияларды, шетел адамдарының Қытай заңдарына бағынбау правосын, Қытайдың ішкі сулары мен өзендерінде жүзу правосын, Қытайдың көптеген порттарын шетелдік сауданың еркін жүргізілуіне және шетелдік кемелердің кіруіне ашық ұстау правосын, Қытайда шетелдік әскерлер және соғыс кемелері болуы правосын, Қытайдың мемлекеттік кірістерін бақылау правосын қамтыды.

Бірақ империализм дәуірінде Қытайда шетелдіктердің үстемдігін қамтамасыз етуге келгенде, енді «договорлық праволардан» гөрі, Қытайдың экономикасында империалистер басып алған нақтылы позициялары негізгі роль атқарды.

Кейіннен, осы позицияларға сүйене отырып, империалистік мемлекеттер, ұлт-азаттық қозғалыстың дүмпуімен және Қытайдағы реакцияшыл Гоминдан диктатурасын қолдау мақсатымен, оқтың-оқтың белгілі бір договорлық праволардан бас тартуға «ризалық беріп» те келді, бірақ мұнда өздерінің Қытайдағы үстемдігіне көп зыян келтірген жоқ.

Империалистердің экономикалық позициялары еңалдымен Қытай экономикасының негізгі түйінді салаларындағы — сыртқы саудадағы, финанстағы, транспорттағы және фабрика-заводтық өнеркәсіптегі өздерінің бұрынғы монополиялық жағдайға негізделді.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СЫПАТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ОҚТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

¹ Империализм өзінің Қытайдағы үстемдігін, шетелдік капитал мен Қытай базары арасындағы делдалдық етуші компрадорлық буржуазияға сүйену арқылы және Қытайдағы эконо-

² И. В. Сталин. Шығармалар, 8 том, қазақшасы 397-бет.

микалық және саяси өкіметті билеп-төстеп, феодалдық-орта ғасырлық әдістердің көмегімен еңбекшілерді қанайтын жартылай феодалдық таптар мен жіктерге—помещиктерге, сауда өсімқорлық буржуазияға, әскери және әскери емес бюрократияға сүйену арқылы жүзеге асырды.)

Сталин жолдас сауда капиталының өмір сүруімен ерекше ұштасқан бұл помещиктер мен бюрократияның өкіметін — феодалдық қалдықтар деп сыпаттай келіп, бұлар Қытайдағы езушіліктің басым күші екенін; Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның негізі және мазмұны болып отырған аграрлық революция нақ осыларға қарсы бағытталғанын көрсетті.)

«Егерде бірсыпыра аудандарда шаруалардың табысының 70 проценті жентриге, помещикке кететін болса, егерде помещик экономика саласында да, әкімшілік және сот саласында да іс жүзіндегі өкіметпен пайдаланып отырса, егерде бірсыпыра провинцияларда әлі осы уақытқа дейін әйелдер мен балаларды сатып алу, сатушылық орын алып отырса, — онда осы ортағасырлық жағдайдағы үстем күш сауда капиталының күшімен өзгеше түрде ұштасып отырған феодалдық қалдықтардың күші, помещиктердің күші, әскери және әскери емес помещиктік бюрократияның күші болып табылады»³.

«Феодалдық қалдықтар өзінің барлық милитаристік-бюрократтық қондырмасымен бірге Қытайдағы езушіліктің негізгі формасы болып табылатындықтан, — нақ солай болғандықтан Қытай кәзір өзінің күші мен құлаш сермеуі жағынан аса ұлы аграрлық революцияны бастан кешіріп жатыр»⁴.

Қытайдағы феодалдық қалдықтардың күші, бұл қалдықтардың тұрақтылығы едәуір дәрежеде мынада: «Империализм Қытайдағы өзінің барлық финанс және соғыс қуатымен феодалдық қалдықтарды, оның барлық бюрократтық-милитаристік қондырмасын қолдап, дем беріп, өсіріп, сүрлеп сақтап»⁵ отырғандығында.

Еңбекшілерді бірігіп қанау негізінде жартылай отарлық және жартылай феодалдық езушіліктің бұл ұштасып келуі, империализм мен помещиктік-буржуазиялық милитаристік жоғарғы топ мүдделерінің арқауласуы—Қытайдың өзіне тән ерекшеліктерінің бірі. Бұл ерекшелік қытай халқының ұлт-азаттық күресінің сыпатын, бағытын және кезендерін едәуір дәре-

³ И. В. Сталин. Шығармалар, 9 том, қазақшасы, 266-бет.

⁴ Сонда, қазақшасы, 316-бет.

⁵ Сонда, қазақшасы, 316-бет.

жеде алдын ала белгіледі; сөйтіп, бұл күрес бірден-ақ езушіліктің екі бірдей түріне—империалистік және феодалдық езушілікке қарсы бағытталды. Сталин жолдас мұның өзі Қытай революциясының аса маңызды ерекшелігі екенін атап көрсетті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы және бұл революция орнатқан жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті — Совет Одағы, бүкіл-дүние жүзіндегідей, Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының дамуына орасан зор, шешуші әсер етті.

Октябрь революциясы империализмнің Қытайды айнала кұрсап алған шынжырын үзді, қытай еңбекшілерін рухтандырып, империализмге қарсы күреске жұмылдырды және, ССРО-ның оларға көмектесуін, моральдық жағынан мейлінше қолдауын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қабат орыс пролетариатының және оның партиясының мейлінше мол революциялық тәжірибесімен таныстырды. Сталин жолдас бұл жағдайлардың бәрін, Қытайдағы революцияның дамуына жеңілдік келтірген негізгі фактілердің бірі ретінде талай рет атап көрсетті.⁶

Мао Цзе-дун Қытай коммунист партиясының өмір сүруінің 28 жылдығына арналған мақаласында тек Октябрь революциясы арқасында ғана «қытайлар марксизм-ленинизмнің жалпы жұртқа бірдей ақиқатын тапқанын...» жазды.

«Октябрь революциясына дейін,— деп жазды ол,— қытайлар Ленин мен Сталинді білмегені былай тұрсын, олар Маркс пен Энгельсті де білмейтін. Октябрь революциясының зенбірек дауысы біздерге марксизм-ленинизмді жеткізді. Октябрь революциясы дүние жүзінің және Қытайдың прогресшілдеріне, елдің тағдырын белгілеу және өздерінің проблемаларын қайта қарау үшін, пролетарлық дүние тану көзқарасын қолдануға көмектесті. Орыстардың жолымен алға басу — қотынды осы болды».⁷

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТЕ ТАП КҮШТЕРІНІҢ БӨЛІНУІ

Қытайдың өнеркәсібінің дамуы, біржақтылық сыпат алып, елдің империализмге тәуелділігін тұрақтандырғанына қарамастан, мынаған әкеліп соқты: дүниежүзілік бірінші соғыстан

⁶ И. В. Сталин. Шығармалар, 8 том, 336-бет. 9-том, 221-бет.

⁷ Мао Цзе-дун. Халықтық демократия диктатурасы туралы «Правда», 6/VII 1949 ж.

кейін, феодалдық Қытайдан қалған негізгі екі таппен, — шаруалармен және помещиктермен қатар, пролетариат және ұлт буржуазиясы зор экономикалық және саяси роль атқара бастады.

Өнеркәсіп пролетариаты, санының аздығына қарамастан, Ұлы Октябрь социалистік революциясының және шетелдік капиталға қарсы таппық ұрыстардың революцияшылдандырушы әсерімен, тез арада ұйымдасты. Пролетариаттың алдыңғы қатарлы бөлегі Қытай коммунист партиясын құрды; бұл партия қытай еңбекшілерінің шетелдік империализмге және ішкі реакцияға қарсы ұлт-азаттық күресіне басшылық етті. Берік кәсіподақ ұйымдары — тап күресі позициясындағы Бүкілқытайлық еңбек федерациясы және өндірістік кәсіподақтар құрылды.

Қытай пролетариаты өзінің революцияшылдығы, саналылығы және ұйымшылдығы арқасында, қала кедейлерімен шаруалар арасында орасан зор бедел алды, сонымен 1919 жылдан бастап империализмге қарсы қозғалыстың алдыңғы қатарында майданға шықты, ал 1925—1927 жылдардағы революция дәуірінде оның басшы күші болды.

«Қытай жұмысшыларының Шанхайда және Гонконгте болған саяси ереуілдері (1925 жылғы июнь—сентябрь) қытай халқының шетел империалистеріне қарсы азаттық күресінде өзгеріс кезеңін туғызды... Пролетариаттың саяси бас көтеруі елдің барлық революциялық-демократиялық ұйымдарының... бұрынғыдан әрі дамып, нығаюына күшті түрткі болды.»⁸ Мұның өзі Сталин жолдастың 1927 жылы «пролетариаттың өсіп отырған революциялық белсенділігі, еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының арасында оның беделінің артуы»⁹ Қытайдағы жағдайды белгілейтін негізгі фактілердің бірі деп тануына дәлел болды.

Қытай буржуазиясы бірнеше жіктерден құралды; бұл жіктер ұлт-азаттық күрестің алғашқы дәуірінде шетелдік империализм мен феодалдық реакция жөнінде әртүрлі көзқараста болды.

Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін буржуазияның ұлттық өнеркәсіп өндірісімен байланысты жігінің маңызы күшейді.

Империализммен тығыз байланысты компрадор буржуазиядан өзгеше және помещиктермен тығыз байланысты жартылай феодалдық сауда-өсімкорлық буржуазиядан өзгеше өнеркәсіп-

⁸ И. В. Сталин. Шығармалар, 10 том, қазақшасы 24-бет.

⁹ Сонда, 9 том, қазақшасы, 244-бет.

тік буржуазияның мүдделеріне империалистік езушілік белгілі дәрежеде зыянын тигізіп отырады, өйткені империалистік езушілік ұлт өнеркәсібінің дамуын бөгейді, буржуазияның ұлттық рынокты өзіне қаратып алуына кедергі жасайды.

Бұл жағдай ұлт-азаттық қозғалысының белгілі бір кезеңінде ұлт буржуазиясының бұл қозғалысқа қатысуына себеп болды. Мұның өзі, Лениннің және Сталиннің ұлт-отарлық революция туралы ілімінің көрсетіп отырғанындай, буржуазиясы әрдайым контрреволюцияшы болатын империалистік елдерден өзгеше, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысының ерекшелігі болып табылады.

«Отар елдер мен тәуелді елдердегі революция — басқа бір нәрсе, онда басқа мемлекеттердің империализмінің езушілігі революция факторларының бірі болып табылады, онда бұл езушілік ұлт буржуазиясын да шарпымай қоймайды, онда ұлт буржуазиясы белгілі сатыда және белгілі мерзімге өз елінің империализмге қарсы революциялық қозғалысын қолдай алады, онда ұлттық момент азаттық жолындағы күрестің моменті ретінде революцияның факторы болып табылады».¹⁰

Бірақ, ұлт-азаттық қозғалысы еңбекшілердің барған сайын көпшілік бұқарасын қамтып, буржуазияның белгілі шарттарға көнуін талап еткен сайын, оның таптық мүдделері ұлттық мүдделерге қайшы келіп, ірі буржуазия, бұқараның мүдделері есебінен империализммен және феодалдық-помещиктік реакциямен келісуге ұмтылады. Империализм дәуірінде қандай елдің болса да ұлттық мүдделерінің шын қорғаушысы тек пролетариат болып табылады.

Бұл «ұлт буржуазиясының саяси әлсіздігі, оның империализммен тәуелділігі, революциялық қозғалыстың құлаш жаюынан оның қорқуы»¹¹ да, Сталин жолдастың айтуынша, Қытай революциясының сыпатын белгілеген және «пролетариаттың гегемония ісін, пролетарлық партияның Қытай шаруаларына басшылық ету ісін»¹² жеңілдететін негізгі фактілердің бірі болып табылады.

Қытай халқының 80 процентінен артығы болып отырған және негізгі көпшілігінің жері жоқ шаруалары екі бірдей езушілікке ұшырады — жерді жалға алудың капитализмге дейінгі кіріптарлық тәртібі арқылы, өсімқорлық және алым-салық арқылы шаруаларды помещиктер, сауда-өсімқорлық капита-

¹⁰ И. В. Сталин, Шығармалар, 10 том, қазақшасы 12-бет.

¹¹ Сонда, 9 том, қазақшасы, 244-бет.

¹² Сонда, 8 том, қазақшасы, 406-бет.

лы милитаристер рахымсыз қанап езушілікке салса, сонымен қабат шаруалардың үйде істейтін өнеркәсіп өндірісін тоздыру, шикізат пен өнеркәсіп товарларына монополиялық баға қою арқылы шаруаларды талаушы және шикізаттар бағасын кеміту жолымен экономикалық дағдарыстардың ауыртпалығын шаруаларға аударушы империализм шаруаларды отарлық езушілікке салып келді.

Сондықтан Қытайда империалистік езушілікке және феодалдық қанаушылыққа қарсы ұлт-азаттық күрестегі шаруалар негізгі бұқаралық күш болды, ал аграрлық революция бұл ұлт-азаттық күрестің 1925—1927 жылдар дәуіріндегі негізгі мазмұны болды.

Бірақ империализмге және феодализмнің қалдықтарына қарсы өзінің күресінде шаруалар біртұтас кесек күш болып майданға шықпайды. Деревияға товар-ақша қатнастарының енгізілуі нәтижесінде шаруалардың жіктелуі олардың кулактарға, орташаларға, жерсіз кедейлерге және жалшыларға бөлінуіне әкеліп соқты. Жалшылар мен кедейлерді, белгілі дәрежеде орташаларды да тек помещиктер ғана емес, кулактар да қанайды; помещиктер шаруаларды қанаудың қандай феодалдық әдістерін қолданса, кулактар да сондай феодалдық әдістерді пайдаланады. Мұның нәтижесінде шаруалар арасында күштердің жігі ашылады, кулактар тобы, орта шаруаларды және ең кедей шаруалар мен батырақтарды бірігіп қанау негізінде, помещиктермен және сауда-өсімқорлық капиталмен бірігеді.

Шаруалардан тыс Қытайда көптеген қалалық ұсақ буржуазия бар; ұсақ буржуазия әртүрлі жіктерден-қол өнершілерден, ұсақ сәудегерлерден, жұмыссыз интеллигенттерден, күйзелген шаруалардан және қала кедейлерінен құралады. Бұлардың бір бөлегі тікелей пролетариатқа қосылады, ал енді бір бөлегі буржуазияға бейімделеді.

Ұсақ буржуазиялық интеллигенция тобы да Қытайда осындай аралық орын алады. Мұның бір бөлегі пролетариатты жақтайды, ал енді бір бөлегі помещиктермен, буржуазиямен және әртүрлі империалистік топтармен тығыз байланысты келеді.

Империализмнің және феодализм қалдықтарының екі бірдей езушілігі ең алдымен Қытайдың пролетариаты мен шаруаларына ауыр тиді. Мұның зардабын белгілі дәрежеде қаланың ұсақ буржуазиясы және буржуазияның бір бөлегі де (өнеркәсіптік буржуазия) көріп келді.

Жоғарыда көрсетілген фактілердің бәрі ұлт-азаттық қоз-

ғалыстың бас кезінде, саяси жағынан Гоминданға және Кантон үкіметіне біріккен «жұмысшылардың, шаруалардың, буржуазиялық интеллигенцияның және ұлт буржуазиясының одағы»¹³ шетелдік империализмге және милитаристердің соғыс феодалдық диктатурасына қарсы кеңінен күрес бастаған елде, Қытайда таптық күштердің негізінде қалай бөлінуін алдын ала белгіледі.

Бірақ сол кездің өзінде «ұлт буржуазиясы, революцияны қолдай отырып, оны өздерінің мақсаттарына пайдалануға тырысты, сөйтіп, оны көбінесе жер жаулап алу жолына бағыттай отырып, оның құлаш жаюын тежеп отырды».¹⁴

1927 жылғы апрельде ұлт буржуазиясы ұлт азаттығы ісіне опасыздық етіп, империалистермен және помещиктермен келісті. Онан кейін көп ұзамай, ұсақ буржуазиялық интеллигенция да реакция лагеріне қосылды. Гоминдан революцияшыл таптардың империализмге және феодализмге қарсы одағының партиясынан, империалистердің көмегімен елде өзінің диктатурасын орнатқан және жұмысшылар мен шаруаларға қарсы азамат соғысын бастаған реакцияшыл помещиктік-буржуазиялық одақтың партиясына айналды.

Буржуазияның және ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның опасыздық етіп, реакцияның лагеріне көшуіне ұлт-азаттық күрестің ұлғаяуымен және оған еңбекшілердің қалың буқарасының қатнасуымен бұл қозғалыстың мазмұнында және бағытында туған өзгерістер себеп болды. Бұл өзгерістердің мәнісі Сталин жолдастың еңбектерінде мейлінше толық баяндалды.

СТАЛИН ЖОЛДАС ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

Қандай да болса әрбір революция сыяқты, Қытай революциясы өзінің дамуында бірнеше кезенді өтуге тиіс екенін көрсете келіп, Сталин жолдас оның бірінші кезеңін көбінесе сыртқы империалистік езушілікке қарсы бағытталған жалпы ұлттық біріккен майданның революциясы деп сыпаттады.

«Революцияның бірінші кезеңі дәуірінде, революция жалпы ұлттық **біріккен** майданның революциясы болған кезде (кантон дәуірі), пролетариаттың одақтастары шаруалар, қаланың кедейлері, ұсақ буржуазиялық интеллигенция, ұлт буржуазиясы болды».

¹³ И. В. Сталин, Шығармалар, 10 том, қазақшасы, 17-бет.

¹⁴ Сонда, 9 том, қазақшасы, 246-бет.

«Бұл одақтастардың бәрі бірдей сенімді болған жоқ және бола да алмады. Бұлардың біреулері азды-көпті сенімді одақтастар болды (шаруалар, қала кедейлері), екінші біреулері онша сенімді емес, солқылдақ болды (ұсақ буржуазиялық интеллигенция), үшінші біреулері тіпті де сенімсіз болды (ұлт буржуазиясы)».¹⁵

Ұлт буржуазиясын оқшау қалдырып және ұсақ буржуазиялық интеллигенцияны пайдалана отырып, пролетариат ұлт-азаттық қозғалысының бірінші кезеңінде шаруалар мен қаланың кедейлерін өзінің төңірегіне топтастырды және бұқаралық қозғалыстың өрісін барған сайын кеңейте берді, мұнан қорыққан ұлт буржуазиясы империализм мен феодалдық-помещиктік элементтер алдында тізе бүкті.

Ұлт-азаттық күрес «өз дамуының жоғарғы кезеңіне, аграрлық революция кезеңіне»,¹⁶ екінші кезеңіне кірді. Бұл кезеңде қытай шаруаларының сан миллион қалың бұқарасы күреске қосылды. Екінші кезеңнің ерекшелігі — «...мына факты болып табылады: революция өзінің күшті салмағын ең алдымен ішкі жауларға қарсы және бәрінен бұрын феодалдарға қарсы, феодалдық тәртіпке қарсы бағыттап»,¹⁷ мұнымен бірге өзінің империализмге қарсы бағытталған салмақ күшін сақтады. Революцияның бірінші кезеңінде аяқтауға мүмкіндік болмаған, империалистік езушілікке қарсы күресу міндеті «қытай революциясының екінші кезеңіне мұра етіп қалдырылды»¹⁸ және «феодалдық қалдықтармен қабат империализмге қарсы революциялық күрес жүргізбейінше, феодалдық қалдықтарды жоюға болмайтын»¹⁹ жартылай отар ел ретіндегі Қытайдағы аграрлық революцияның ерекшелігі болды.

Аграрлық революция «буржуазиялық-демократиялық революцияның нақ негізі мен мазмұны»²⁰ екенін көрсете келіп, Сталин жолдас Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның мәнісін — «феодалдық қалдықтарға қарсы күрестің империализмге қарсы күреспен бірігуі»²¹ екенін анықтап берді.

Революцияның екінші кезеңінде «пролетариаттың одақтас-

¹⁵ И. В. Сталин. Шығармалар, 9 том, қазақшасы, 377-бет.

¹⁶ Сонда, 9 том, қазақшасы, 378-бет.

¹⁷ Сонда, 10 том, қазақшасы, 28-бет.

¹⁸ Сонда, қазақшасы 28-бет.

¹⁹ Сонда, 9 том, қазақшасы, 316—317-бет.

²⁰ Сонда, қазақшасы, 316-бет.

²¹ Сонда, қазақшасы, 317-бет.

тары шаруалар, қала кедейлері, ұсақ буржуазиялық интеллигенция болды».²²

Шаруалар қозғалысының күшейіп ұлғаюы нәтижесінде «Хунань, Хубей, Хэнань тағы басқа провинцияларда шаруалар өз өкіметін, өз сотын, өзінің қорғанысын орнатып, помещиктерді түріп шығып, «плебейлерше» олардың сазайын беріп отырған провинцияларда миллиондаған, он миллиондаған шаруалар ұлы аграрлық революцияға тартылды».²³ Бұл қозғалыс ұсақ буржуазиялық интеллигенцияны қорқытты, сондықтан ол феодалдардың және империализмнің дүмпуімен ұлт буржуазиясына еріп, контрреволюция лагеріне ауысты.

Сталин жолдас ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның опасыздық ету себебін «біріншіден, ұсақ буржуазиялық интеллигенция қаулап өсіп келе жатқан аграрлық революциядан зәресі ұшқандығымен және феодалдар Ухан басшылығына қысым көрсетуімен... екіншіден, империалистер, солтүстікке өткізгені үшін ақы ретінде Гоминданның коммунистерден қол ұзуін талап етіп отырған Тяньцзин ауданындағы империалистердің қысым көрсетуімен түсіндіруге болады»²⁴ деді.

Ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның ажырасып кетуінен кейін шаруалар мен қаланың кедейлері пролетариаттың одақтасы болып қалды; олар пролетариат төңірегіне тығыз топталып, «сонымен пролетариат гегемониясына негіз жасады».²⁵

Сөйтіп, ұлт буржуазиясының және ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның ажырасып кетуі ұлт-азаттық қозғалысты нашарлатқан жоқ, қайта солқылдақ элементтерді шеттетіп бұл қозғалысты нығайтты.

Революцияның алғашқы екі кезеңі бойына қытай сңбекшілері қытай коммунистерінің басшылығымен зор табыстарға жетті:

1) бұл дәуірде ұлт-азаттық қозғалыстың, феодализмге және империализмге қарсы, бір жолы ішкі реакцияға қарсы және сыртқы империалистік езушілікке қарсы оқталған қозғалыс ретіндегі бағыты біржолата белгіленді;

2) оның аграрлық революция, яғни қоғамдық тұрмыстың барлық салаларындағы — экономикалық, саяси, идеологиялық салаларындағы феодализмнің қалдықтарына қарсы бағытталған, қоғамдық тұрмысты демократияландыруды көздеген буржуазиялық-демократиялық революция ретіндегі сыпаты айқындалды;

²² И. В. Сталин, Шығармалар, 9 том, қазақшасы, 378-бет.

²³ Сонда, қазақшасы, 320-бет.

²⁴ Сонда, қазақшасы, 380—381-беттер.

²⁵ Сонда, қазақшасы, 381-бет.

3) аграрлық қозғалысқа ондаған миллион шаруаларды, ал жұмысшы қозғалысына миллиондаған жұмысшылар мен қаланың кедейлерін қатыстыру жолымен оның бұқаралық негізі орасан кеңейді;

4) солқылдақ элементтердің (буржуазияның және ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның) қозғалыстан шығып қалуы және миллиондаған шаруалар бұқарасы мен қала кедейлерінің пролетариат төңірегіне топталуы есебінен қозғалыстың таптық құрамы нығайды;

5) басшылық пролетариаттың қолына көшті; пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқтап шыға алатын, елдің демократиялануын қамтамасыз ете алатын және Қытайды социализм жолымен онан әрі алға бастай алатын революцияның басшысы болып алды;

6) революцияның жалыны ішінде Қытай сибекшілерінің сенімді көсемі және басшысы, ұлт-азаттық күреске марксистік-лениндік дұрыс басшылықты қамтамасыз еткен қуатты коммунист партиясы шыңдалып шықты.

Буржуазияның және ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның опасыздық етуі себепті 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясы уақытша жеңіліске ұшырай тұрса да, қытай халқының ұлт азаттығы жолындағы және феодалдық езушілікті жою жолындағы күресі тоқталған жоқ, ол көп ұзамай жаңа күшпен өріс алды.

Интервенциялық сыпат алған империалистердің тікелей көмегінен пайдаланып, реакцияшыл буржуазиялық-помещиктік одақ қытай халқына қарсы бастаған сұрапыл азамат соғысы жағдайында жұмысшылар мен шаруалар Қытай коммунист партиясының басшылығымен 1933—1934 жылдардың қарсаңында Қытайдың 60 миллион халқы бар 600 мың шаршы-километр жерін реакцияның өктемдігінен азат етті, бұл жерде тұрақты алты демократиялық аудан құрды, бұл аудандарда советтер түрінде пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын орнатты; бұл диктатураны Қытайдағы өкіметтің келешектегі саяси формасы деп Сталин жолдас 1926 жылдың өзінде-ақ сыпаттады.

Сталин жолдас 1926 жылғы 30 ноябрьде «Қытайдағы революцияның келешегі туралы» сөзінде Қытайдағы болашақ өкіметтің сыпаты туралы айта келіп, былай деді: бұл өкімет «пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы тәрізді өкімет болады, алайда оның айырмасы сол — ол көбіне империализмге қарсы өкімет болады.

Бұл өкімет Қытайдың капиталистік емес дамуға немесе, дәлірек айтқанда, социалистік дамуға көшетін өкіметі болады.»²⁶

Советтердің туы астында қытай жұмысшылары мен шаруалары, қытайдың демократиялық қозғалысын қарулы күшпен басуға тырысқан реакцияның толып жатқан әрекеттерін тойтарды.

Қытай коммунист партиясы бастаған Қытайдың жұмысшы-шаруа қызыл армиясы, барлық империалистік мемлекеттердің қатысуымен ұйымдастырылған, қаруландырылған Чан Кай-шидің алты дүркін жасаған жазалау жорығын ойдағыдай тойтарды.

Контрреволюцияның соғыс жорықтарына қарсы қыймылдарға басшылық ете отырып, Қытай компартиясы мұнымен бірге, партия қатарына бұқпантайлап өтіп алған жария және астыртын опасыздарға қарсы Қытайдағы демократия жолындағы күреске орасан зор зыян келтірген троцкишілдерге және оңшыл уклоншылдарға, сол сыяқты «солшылдарға» қарсы ымырасыз күрес жүргізді.

Ұлт-отар мәселесінің теориясына баға жетпес зор үлес болып қосылған және нақтылы тарихи жағдайда маркстік-лениндік теорияны меңгеріп, дұрыс қолдану ісінде қытай коммунистеріне ерекше көмек көрсеткен Сталин жолдастың Қытай революциясы туралы еңбектері, сол сыяқты БК(б)П-ның оңшыл және «солшыл» уклоншылдарға қарсы күрестегі орасан зор тәжірибесі Қытай коммунист партиясына өзінің қатарындағы уклондарды талқандауға, демократиялық қозғалыстың дұрыс жолмен дамуын қамтамасыз етуге мүмкіншілік берді.

Екі майданда бірдей—ішкі реакция мен шетелдік империализмнің біріккен лагеріне қарсы және олардың ел ішіндегі агенттеріне, опасыздарға, уклоншылдарға қарсы күресе отырып, Қытайдың совет аудандарының жұмысшылары мен шаруалары Қытай коммунист партиясының және оның көсемі Мао Цзе-дунның басшылығымен және бүкіл Қытай еңбекшілерінің қолдауымен 1928 жылдан 1936 жылға дейінгі дәуірде, феодалдық қалдықтарға қарсы, сонымен қатар империализмнің үстемдігіне қарсы бағытталған аграрлық революцияны онан әрі күшейте берді.

Қытайдың совет аудандарының жерінде жер реформасы толық жүзеге асырылды: помещиктердің, ішінара кулактардың меншігіндегі жер және өндіріс құралдары конфискация-

²⁶ И. В. Сталин, Шығармалар, 8 том, қазақшасы, 406-бет.

ланып, шаруалардың пайдалануына берілді. Совет аудандарына қараған жерде отарлық қанаушылық пен империалистік езушілік те толық жойылды.

**КОМПАРТИЯНЫҢ ЖАПОН АГРЕССИЯСЫНА ҚАРУЛЫ
ҚАРСЫЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ.
ЖАПОНИЯҒА ҚАРСЫ БІРТҮТАС ҰЛТТЫҚ
МАЙДАНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

1931 жылы Манчжурияны басып алып, Солтүстік Қытай мен ішкі Монголияға шабуыл бастаған Жапонияның Қытайдағы агрессиясының күшеюі қытай халқының ұлттық тәуелсіздігіне және ұлт болып өмір сүруінің өзіне қатер туғызды, ұлт-азаттық қозғалыстың империализмге қарсы бағытталуын күшейтті және жалпы ұлттық біртұтас майданды қайта құруға жағдай туғызды. Жапон агрессиясына қарсы бағытталған біртұтас майданның жетекшісі және ұйымдастырушысы Қытай коммунист партиясы болды.

Жапония Маньчжурияны басып ала бастасымен-ақ компартия жапон басқыншыларды Қытайдан қарулы халықтың күшімен қуып шығуды талап етті.

Жапонияның агрессиясы Жэхэ жеріне таралғаннан кейін Қытай коммунист партиясының Орталық Комитеті және Қытай Қызыл армиясының Революциялық-Соғыс Советі 1932 жылдың аяғымен 1933 жылдың басында жапон империализміне қарсы күш біріктіріп күресу үшін, Гоминдан әскерлеріне Қызыл армиямен бітім жасауды ұсынды.

Жаудың Солтүстік Қытайды басып алу қаупы күшейгеннен кейін Қытай коммунист партиясының Орталық Комитеті және Қытай совет республикасының Орталық Атқару Комитеті 1935 жылғы августта қытай халқына, барлық саяси партиялар мен топтарға үндеу жариялап, жапон агрессиясына күш біріктіріп қарсылық көрсету үшін, бүкіл қытайлық ұлттық қорғау үкіметін және бүкіл Қытайдың Жапонияға қарсы біртұтас армиясын (компартия мен Гоминданның ынтымақ жасауы негізінде) құруға шақырды.

Сол жылғы ноябрьде Қытай коммунист партиясының Орталық Комитеті барлық саяси партияларға, топтарға және әскер бөлімдеріне тағы да үндеу жариялап, Жапонияға қарсы біртұтас ұлттық майдан құру мақсатымен, «ұлттық кұтқарудың» бүкілқытайлық конференциясын шақыруды ұсынды.

1936 жылы, Солтүстік Қытайда жапон агрессиясының оған

әрі күшеюіне байланысты, компартия реакцияның шабуылдарын тойтару мен қатар, Жапонияға қарсы біртұтас майдан құру үшін онан әрі қажырлы күрес жүргізіп, Нанкин үкіметі мен Гоминданның орталық атқару комитетіне талай рет азамат соғысын тоқтатуды және жапон басқыншыларына қарсы күресу үшін күш біріктіруді ұсынды.

Жапон агрессиясына қарулы қарсылық көрсетуге өзінің берік бел байлағандығын дәлелдеу үшін, компартия 1936 жылдың басында Қытай қызыл армиясының негізгі күштерін, Қытайдың солтүстік-батыс жағына, Қытайдың түпкіріне қарай өтпек болған жапондардың жолындағы Шэньси-Ганьсу-Нинся провинцияларының шекаралық ауданына жіберді. Мұнда Шэньси-Ганьсу-Нинся шекаралық ауданы құрылды; бұл аудан онан кейінгі 10 жыл бойына Қытайдағы халық-азаттық қозғалысының негізгі базасы және орталығы болды.

Компартияның Гоминданмен тікелей келіссөздер жүргізбек болған ниеті сыяқты, Нанкин үкіметіне жасаған бұл ұсыныстары да келісімге жеткізбеді, бірақ Гоминданның реакцияшылдық бағытын әшкерелеуге көмектесіп, компартияның ықпалын күшейтті. Біртұтас ұлттық майдан құру жолындағы қозғалысты қытай халқының барлық прогресшіл ұйымдары мен қалың бұқарасы кеңінен қуаттады.

1936 жылдың аяғында Сиань қаласында «Сиань оқыйғалары» деп аталған оқыйғалар болды. Мұнда генерал Чжан Сюэтян, өзінің армиясын Қытай қызыл армиясына және шекаралық ауданға қарсы соғысқа күшпен жібермек болған Чан Кайшиді қамауға алды. Бұл оқыйғалар жаңа, бұрынғысынан да зор азамат соғысының шығуына әкеп соғуы мүмкін еді, ал бұл тек Жапонияға пайдалы болатын еді, өйткені, біртұтас ұлттық майданның құрылуын аяқсыз қалдыруы мүмкін еді. Мұны ескеріп, компартияның өкілдері жанжалға араласып, оны жайшылықпен шешуге себеп болды. Бұл ісімен компартия, Гоминданның дұшпандығына қарамастан, өзінің шын мәнісінде ұлттық біртұтас майдан құруға шын ниетімен ұмтылатынын тағы да дәлелдеді.

1937 жылғы 10 февральда Қытай коммунист партиясының Орталық Комитеті Гоминдан Орталық Атқару Комитетінің жаңа ғана жыйналған III пленумына телеграф арқылы біртұтас майдан құру туралы нақтылы ұсыныстар жасады. Алайда Гоминданның пленумы бұл ұсыныстарды жауапсыз қалдырды. Тек Жапонияның 1937 жылғы 7 июльде Қытайға опасыздықпен шабуыл жасауы және халықтың орасан қатты наразылық білдіріп, өзінің жапон агрессиясына қарсылық көр-

сетуге бел байлағандығын дәлелдеуі себепті ғана гомнидан амалсыздан өзінің саботаждық саясатынан бастартып, үлкен кертартпалықпен және едәуір кешіктіріп, біртұтас майданды тануға ризалық білдірді. Бұл ризалық 1937 жылғы 24 сеп-тябрьде Чан Кай-шидің ресми мәлімдемесін жариялау жолы-мен білдірілді. Оның бұл мәлімдемесі Қытай коммунист партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы 14 шольдегі және 1937 жылғы 23 сентябрьдегі Жапонияға қарсы соғыста компартия мен Гоминданның ынтымақ жасауы туралы декларациясына қайтарған жауап болды.

Біртұтас майдан құру туралы ресми келісім жасалмаса да, екі жақтың өзара ікемге келуі негізінде біртұтас майдан құрылды. Қытай коммунист партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы 23 сентябрьдегі декларациясында көрсетілгеніндей, Қытай коммунист партиясы өз тарапынан мынадай міндеттемелер алды:

1) Сунь Ят-сеннің үш принципін шын мәнісінде жүзеге асыру үшін күресуге міндеттенді; ол кездегі жағдайда компартия бұл принциптерді—ұлт тәуелсіздігі, демократиялық бостандықтар және халықтың күйін жақсарту жолындағы күрестің программасы ретінде қабылдауға болады деп есептеді;

2) Гоминданның өкіметін құлатуды көздеген күресті тоқтатуға, Қытайды «советтендіру» ұранынан бастартуға және помещиктердің жерін конфискациялауды тоқтатуға міндеттенді;

3) Шэньси-Ганьсу-Нинся шекаралық совет ауданын ерекше шекаралық аудан деп атауға және совет өкіметі орындарын орталық үкіметке бағынған жергілікті өкімет орындарына, бірақ гоминдандық аудандардағыдан өзгеше, бүкіл халықтың қатысуымен нағыз демократиялық жолмен сайланған өкімет орындарына айналдыруға міндеттенді;

4) Қызыл армия деген атақты өзгертіп, оны Біріккен соғыс советіне бағынатын біртұтас халықтық-революциялық армияға қосуға міндеттенді.

Компартия өзінің алған міндеттемелерінің бәрін кідіртпей, дәлме-дәл орындады.

Ұлт бірлігін орнату үшін және бүкіл Қытай көлемінде демократияны жақтап күрес жүргізу үшін, компартия өзіне қараған жерде өкіметтің советтік формасы орнына, кең демократиялық негізде жалпы ұлттық өкімет орындарын құруға ризалығын білдірді.

Мао Цзе-дун советтік өкімет формасынан бастартудың себебін түсіндіре келіп, былай деді:

«Коммунистердің советтерді ұйымдастыра беруден бастар-

туының себебі не? Мұның себебі — олардың бұл құрылысты жарамсыз деп танығандығы емес, мұның себебі — жапон империализмінің қарулы күшпен басып кіруі ел ішінде таптардың ара салмағын өзгерткендігі, жапон империализміне қарсы күресу үшін бүкіл ұлттың бірігуінің қажетті және мүмкін болып отырғандығы. Қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзінде фашизмге қарсы күресу үшін біртұтас демократиялық майдан құрылып жатыр. Ұлттық және демократиялық біртұтас майдан құру қазіргі Қытай үшін қажет болып отыр, сондықтап коммунистер советтер ұраны орнына демократиялық республика ұранын алға қойды».²⁷

Ұлт-азаттық қозғалыстың күшеюі және оның өзінің дамуында өткен кезеңдері біріккен майданның сыпатына әсер етпей қалмады.

Бұл майданның негізгі белгілері мынадай болды:

1. Буржуазия ұлтты азат ету ісіне опасыздық етіп, империализммен және помещиктермен келісімге келуі арқылы белсенді ұлт-азаттық күрес жүргізуді тілемейтінін көрсетті және қытай халқының қалың бұқарасының сенімінен айырылды.

Билеп-төстеуші буржуазиялық-помещиктік одақтың бір мүшесі ретінде буржуазия біртұтас майдан құруға белсенді қарсылық көрсету бағытында болды, біртұтас майданның Гоминдан қатарындағы жақтастарын қудалады, 1937 жылға дейін жапон империализмі алдында тізе бұғу және «Әуелі тыныштандыру, сонан кейін қарсылық көрсету» деген реакцияшылық ұранды бетке ұстан. Ұлт-азаттық қозғалысына қарсы азамат соғысын ұлғайту саясатын жүргізіп келді. Жапон милитаристері 1937 жылы Қытайда үлкен соғыс бастағаннан кейін вана ұлттық буржуазия, артта қалған, бірақ патриоттық ниеттегі топтар арасында да өзінің ықпалының қалдықтарынан мүлде айрылып қалудан қауыптанып, зор селқостықпен біртұтас майдан құруға амалсыздан ризалығын білдірді; бұл майданды бір жылдан кейін (1938 жылдың аяғында) помещиктер мен ірі буржуазия іс жүзінде тағы да бұзды.

2. Бұл кезде Қытай коммунист партиясының басшылығымен ұлт-азаттық қозғалысқа біржолата басшы болып алған және өзінің шаруалармен байланысын күшейткен пролетариат Жапонияға қарсы біртұтас майданның ұйымдастырушысы және басшысы болды.

²⁷ Мао Цзедун. Гоминданның және компартияның біртұтас майданы құрылғаннан кейін Қытай революциясының міндеттері. «Қытай халқы жөнелді» жыйнағы, М, 1938 жыл, 13—14-беттер.

3. Бүкіл ұлттық біртұтас майданның программасы мен міндеттері енді революцияның 1925—1927 жылдардағы бірінші кезеңіндегіден едәуір жоғары дәрежеде болды. Империализмге қарсы күресу міндеттерінен тыс біртұтас майдан енді, негізгі талаптар ретінде, елді демократияландыру және еңбекшілер бұқарасының жағдайын жақсарту талаптарын алға қойды.

**«4 СЕМЬЯНЫҢ» МОНОПОЛИЯСЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ЕКІНШІ СОҒЫС ТҰСЫНДА ПОМЕЩИКТЕРДІҢ
ЕЗУШІЛІГІНІҢ КҮШЕЮІ
БІРТҰТАС МАЙДАНЫҢ КЕҢЕЮІ, ДЕМОКРАТИЯ КҮШТЕРІНІҢ
ӨСУІ**

Жапонияға қарсы соғыстың барысында қытай пролетариятының және оның коммунист партиясының басшылық ролі, қытай халқының бұқарасы арасында коммунист партиясының беделі күшейе берді. Бұған сәйкес Жапонияға қарсы пролетариат бастаған біртұтас ұлттық майданның қуаты мен маңызы, оның жапон басқыншыларына қарулы қарсылық көрсетудегі және жапон басқыншылығынан азат етілген жерлердегі демократиялық құрылыстағы табыстары өсе берді.

Бұған Қытайдың экономикалық және саяси жағдайында соғыстың себебінен туған ірі өзгерістер көмектесті: бұл өзгерістердің бірсыпырасы уақытша, өткінші болды, ал бірсыпырасы — ұзаққа созылып, соғыстан кейінгі дәуірде де оқығандардың даму бағытын белгіледі.

Теңіз бойындағы экономикасы күшті провинцияларды жапондардың басып алуы, гоминдандық Қытайдың тек артта қалған, аграрлық провинцияларды ғана кемденіп қалуы билеп-төстеушілер лагерінде күштердің ара салмағының өзгеруіне, атап айтқанда, өнеркәсіптік буржуазияның ролі мен ықпалының кемуіне, помещиктер табының және онымен тығыз байланысты сауда-өсімқорлар буржуазиясының ролі мен ықпалының онан сайын мықтап күшеюіне әкеп соқты. Билеп-төстеушілер лагерінде помещиктердің экономикалық және саяси ықпалының күшеюі сөз жоқ реакцияның күшеюіне, демократияшылдарға қарсы шабуыл басталуына, ақыр-аяғында, жапон империализмімен келісім жасау әрекетіне әкеп соғуға тиісті еді және солай болды да.

Жаңа 4-ші және 8-ші Халықтық-революциялық армияның бөлімдеріне шабуыл жасау, ерекше шекаралық ауданды қоршауға алу, Қытайдың гоминданға қарасты жерлерінде

демократияшылдарды қудалау және азаматтық бостандықтарды туншықтыру түрінде Қытай демократиясына қарсы аса күшті дұшпандық әрекеттер жасаумен бірге, жапондардан «әрекетсіз қорғану» дегенді бұл реакциялық бағыт ұран етіп алды.

Ұлт буржуазиясының ықпалының нашарлап, помещиктер ықпалының күшеюімен қатар, гоминдандық Қытайдың экономикасында «4 семьяның» монополиясы барған сайын зор роль атқаруға айналды. Бұл семьялардың басшылары — Чан Қай-ши, Чень Ли-фу, Сун Цзы-вень және Кун Сян-си Гоминданға және оның бақылауындағы үкіметке басшылық етті.

Қытайдың бұл төрт әулеті, 1927 жылы Гоминдан өкімет билігін қолға алысымен, оны өздерінің баюына пайдалана бастады. Өздері үстемдік жүргізіп отырған кезде олар соғысқа дейін де империалистердің қолдауымен орасан көп капитал жыйнап алды, Қытай экономикасының жөке салаларындағы бірсыпыра аса маңызды позицияларды иемденіп алды. Бірақ «4 семьяның» баюына, әсіресе соғыс жылдары орасан зор мүмкіншіліктер туды. Соғыс қажеті дегенді бетке ұстап, олар елдің экономикалық тұрмысына мемлекеттік қатаң бақылау қоюмен қанағаттанбай, оның үстіне бұл бақылауды Қытай экономикасын өздерінің ықпалына бағындыру қажетіне де пайдаланды.

Бұл мақсатпен олар сыртқы сауданы, ақша мен банк жұмыстарын, өнеркәсіпті және ішкі сауданы бақылау туралы соғыс уақытының заңдарын, сол сыяқты бұл бақылауды жүзеге асыру үшін құрылған үкімет ұйымдарын, мәселен, сыртқы сауда комиссиясын және оған бағынған үкіметтік Фу-син сауда компаниясын, ұлттық ресурстар комиссиясын, өнеркәсіпті қалпына келтіруге көмектесу комиссиясын және басқа сондай ұйымдарды пайдаланды.

«4 семьяның» уәкілдері өздерінің мемлекеттік экономикалық органдардағы лауазымын пайдаланып өз меншіктеріндегі және өз мүдделеріне қолайлы формалар мен компанияларға қаржыны көп бергізді, үкімет заказдарын соларға берді және басқа сондай артықшылықтар туғызып отырды.

Өздерінің баюы үшін олар, жаумен астыртын сауда жасау сыяқты, сұрқиялық табысты пайдаланудан да тартынбады. Бұл астыртын сауда ақыр-аяғында ашық, жария саудаға айналды.

Мао Цзе-дун өзінің 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндамасында «4 семьяның» экономикалық үстемдігін былай деп сыпаттады: «Төрт семья Чан Қай-ши, Сун Цзы-вень, Кун Сян-си

және Чень Ли-фу өздері өкімет басында отырған 20 жыл ішінде америка доллары есебімен жалпы мөлшері 10 миллиардтан 20 миллиардқа дейін орасан көп капитал жыйнады, сөйтін, бүкіл елдің экономикалық тұрмысын өздеріне қаратып алды».²⁸

Қытайда осылай деп аталатынындай, «4 семьяның» монополиялық капиталы жартылай феодалдық және компрадорлық сыпатта болды, ол капитализмнің жоғарғы сатысы — империализмге тән империалистік елдердің монополиялық капиталынан шын мәнісінде өзгеше болды. Ал Қытай капитализмінің жоғарғы сатысына жеткен жоқ және оған соқпайды да, өйткені халықтық демократия құрылысы оның бұл сатыға соқпай социализмге өтуін қамтамасыз етеді.

«4 семьяның» саяси және экономикалық үстемдігі Қытайда болған жартылай феодалдық құрылыспен және шетелдік капитал жүргізіп отырған империалистік езудың тығыз байланысты болды.

«4 семья» монополиясының жартылай феодалдық сыпаты бұл семьялардың помещиктер табымен тығыз байланысынан көрініп келді. Бұл тапқа сүйенбейінше олар өздерінің диктатурасын жүргізе алмаған болар еді және үсті-үстіне баю мақсатымен халықты тонай алмаған болар еді.

«4 семья» монополиясының компрадорлық, яғни шетелдік капиталға тәуелділік сыпаты ең алдымен мынадан көрінді: олардың монополиясының өзі тек империалистік мемлекеттердің тікелей саяси және экономикалық қолдауы нәтижесінде құрылды. Империалистер Чан Кай-шиді, Чень Ли-фуді, тағы басқаларын және солар бастаған Гоминданды — халықтың ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күрестің бас құралы және шетелдің, көбінесе америкалық, монополиялық капиталдың ықпалын жүргізуші негізгі күш деп таныды. Сондықтан 1927 жылдан бастап империалистер бұларға олардың өздерінің саяси құралы — Гоминдан және гоминдандық мемлекет арқылы әртүрлі көмек көрсетіп келді, олардың экономикалық және саяси ықпалын күшейтуді көздеп, әртүрлі саяси «талаптары» орындаған болып келді.

Гоминданның билеп-төстеуші тобы жөніндегі бұл саясатын ағылшын-американ империализмі дүниежүзілік екінші соғыс кезінде де жүргізді. Империалистердің, әсіресе, американдардың берген қарыздары, Қытайдың соғыс қуатын арттыру орнына, «4 семья» монополиясының баюының мол қоры және

²⁸ «Правда», 6/1—1948 ж.

ағылшын-американ капиталының Қытайды онан әрі кіріптарлыққа түсіруінің құралы болып алды.

Шетелдік империализмнің тікелей агенті болған «4 семьяның» монополиясы өз ұлтына дұшпан монополия болды, бүкіл қытай халқының мүдделеріне қарсы бағытталды.

«4 семья» монополиясының осы ерекшеліктері Чэнь Бо даһын және Қытайдың басқа прогресшіл ғалымдары мен саяси қайраткерлерінің бұл монополияны — «феодалдық-компрадорлық тұрпатты монополиялық капитал» деп сыпаттауына дәлел болды.

Соғыс жылдарында помещиктер өкіметінің және «4 семья» монополиясының күшеюі нәтижесінде гоминдандық Қытайдың қалың еңбекшілер бұқарасын қанау орасан мықтап күшейді. Соғыстың өте көп шығындары, қанаушы үстем таптың жыртқыштық жолмен шектен тыс баюының ауырtpалығы да осы еңбекші бұқараға түсті. Бұл үстем тап байығанда, ақшаны кұнсыздандыру, пайда табу үшін бағаны арттыру және бүкіл халыққа салық салу арқылы, жұмысшылар мен қызметшілердің жұмыс күнін ұзарту және жалақысын азайту арқылы, жерді жалға алу ақысын, қарыздың өсімін көбейту арқылы, әртүрлі алымдар алу, ақырында шаруалардың жерін тікелей тартып алу арқылы байыды. Қанаушылықтың феодалдық және капиталистік әдістерінің түйдектеліп кетуі, «ең жаңа» монополиялық әдістердің алғашқы капитал жыйнау әдістерімен ұштасып кетуі, қалың еңбекшілер бұқарасын — жұмысшыларды, шаруаларды, қаланың ұсақ буржуазиясын қанаудың жалпы күшейіп кетуі, сонымен қабат ұсақ буржуазия мен орта буржуазияның мейлінше қолайсыз жағдайға ұшырауы қытай халқының басым көпшілігі арасында Гоминдан тәртібіне қарсы наразылықты күшейтті. Мұнымен бірге жапон агрессорларын тойтару қыймылын ұйымдастыру мәселелерінде Гоминданның ұлтқа дұшпандық көзқарасы барған сайын айқын көрінді. Ұсақ буржуазия мен орта буржуазияның және Гоминданмен байланысты интеллигенцияның, оқушы жастардың, ұсақ чиновниктердің және басқа патриоттық ниеттегі элементтердің помещиктік-буржуазиялық одақтан бөлініп кетуі және Гоминданның іс жүзінде помещиктер мен ірі буржуазияның одағына айналуы нәтижесінде, мұның бәрі Гоминдан диктатурасының әлеуметтік негізінің бірте-бірте тарылуына әкеп соқты. Олардың бұл одақтан кетуі соғыс кезінің өзінде басталып, кейіннен оппозициялық буржуазиялық-либералдық партиялар мен ұйымдардың әуелі демократиялық партиялардың федерациясына, онан кейін Демократиялық лигаға бірігуінен, бұл

лиганың компартия бастаған демократиялық лагерьге және компартия ұсынған Қытайды демократиялық негізге қайта құру программасына қосылуынан айқын көрінді.

Соғыс кезінде помещиктік-буржуазиялық одақтың таптық, әлеуметтік негізі мықтап тарылса, бұл кезде Жапонияға қарсы біртұтас ұлттық майданға айналған демократиялық ұлт-азаттық қозғалыстың әлеуметтік негізі онан сайын кеңейді.

Гоминдандық диктатура тәртібінен құтылған және еңбекшілердің қалың бұқарасының мүдделерін көздейтін саясат жүргізген демократиялық Қытай соғыстың басында көлемі 100 мың шаршы километрден кемірек, халқы 1,5 миллион ерекше шекаралық Шэньси-Ганьсу-Нинся ауданын ғана қамтыйтын.

Жапонияға қарсы біртұтас майдан күшейе келе, 8-інші және 4-інші Халық-Революциялық Армиясының басшылығымен халықтың жапон басқыншыларға қарсы партизандық соғысы ұлғая келе, гоминдандық Қытайдың жері тарылып, демократиялық Қытайдың жері бүкіл соғыс бойына жапондардың тылында барған сайын азат етілген жаңа аудандар құру есебінен үздіксіз кеңейе берді, сөйтіп, 1944 жылдың аяғында барлығы 859 мың шаршы километр жері, 95,5 миллион халқы бар 15 жаңа аудан құрылды.

Соғыстың барысында, биік таулық жерлерде азат етілген аудандар (мәселен Утайшань, Тайханьшань) құрылды: Бұл аудандар алғашқы кезде, жапондардың тылында қыймыл жасаушы халық-революциялық армияның тұрақты бөлімдерінің және партизан отрядтарының сүйенетін базасы болды.

Жапонияға қарсы күреске халықтың қалың бұқарасын барған сайын көп қатнастыра келе және жапон әскерлерін ығыстыра келе, азат етілген аудандардың жері бірте-бірте кеңейе берді, сөйтіп, жапондардың оккупациялаушы әскерлерінің қолында ақыр аяғында тек қалалар, ірі елді жерлер және оларды жалғастыратын темір жолдар мен тас жолдар ғана қалды.

Азат етілген аудандар өздерінің жерін кеңейте келе, соғыс қыймылдарының базалары бола отырып, үлкен саяси әкімшілік жерлер ретінде жаңа маңыз алды. Енді бұл аудандарда Жапонияға қарсы біртұтас майданның программасы тек соғыс жөнінде ғана емес, сонымен қабат, программада белгіленген демократиялық өзгерістер жасау жөнінде де жүзеге асырылды.

Демократияның күшеюі ең алдымен мынадан көрінді: демократия халық-революциялық армиялар түрінде және азат етілген аудандар түрінде ірі соғыстың, саяси және экономика-

лық негізге сүйенетін болды. Бұл аудандарда демократия өзінің программасын жүзеге асырып, демократиялық құрылыстың артықшылығын қытай халқының қалың бұқарасына іс жүзінде көрсете алатын болды.

Солтүстік-батыс финанстық және экономикалық бюроның вице-губернаторы Чжэнь Юнь экономикалық мәселені шешуде демократиялық Қытай мен гоминдандық Қытайдың орасан зор айырмашылығын көрсете келіп, былай деді:

«Егер гоминдандық Қытайда бұл мәселе халықтың ауыртпалығын ұлғайту арқылы шешілетін болса, мұның өзі жай халықтың күйзелуіне және ұлттық финанс қорларының сарқылуына апарып соғатын болса, демократиялық Қытайда бұл мәселе өндірісті мейлінше күшейту негізінде «жақсы тамақтану және жақсы киіну» міндетін жүзеге асыру жолымен шешілді».

«Бұл екі әдісті салыстыра келіп, Қытай халқы оның қайсысы жақсы, қайсысы жаман, қайсысы қабылдануға тиіс және қайсысы қабылданбауға тиіс екенін даусыз айқын айыра алады».²⁹

1944 жылдың аяғында майданда зор жеңілістерге ұшырауына байланысты Гоминданның реакциялық саясатының болымсыздығы және зиянды зардабы толық айқындалған кезде демократияның күшейгендігі ерекше көзге түсті.

Гоминдандық реакцияның 1944 жылы компартиямен алауыздықты шешу туралы және соғыс күштерін біріктіру туралы келіссөздер бастап, амалсыздан икемге келуі демократиялық майданның күшінің белгісі болды. Келіссөздерді бастағанда реакция диктатурадан бастартуды және режимді демократияландыруды ойына да алған жоқ. Ол «саяси құралдардың» көмегімен демократияны қарусыздандыру және өзінің диктатурасын нығайту мақсатын көздеді.

КОМПАРИЯНЫҢ ҚЫТАЙДА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОГРАММАСЫ

Жапон агрессиясына қарсылық көрсетуді көздейтін уақытша саяси негізге құрылған және тек еңбекшілер табын ғана емес, қанаушы таптарды да біріктірген Жапонияға қарсы ұлттық біртұтас майдан программасы қытай қоғамын негізінен қайта құру міндетін алға қоя алмады.

Жоғарыда көрсетілгеніндей, бұл программаның негізгі талаптарының бірі ел басқару саласында белгілі бір демокра-

²⁹ «Our tasks in 1945» жыйнағы, январь, 1945 жыл, 33-бет.

тиялық өзгерістер жасау (саяси тәртіпті демократияландыру) және еңбекшілердің жайын жақсарту болды.

Мао Цзе-дун 1937 жылғы май айының өзінде-ақ жалпы ұлттық біртұтас майданның міндеттері туралы жасаған баяндамасында былай деп көрсетті:

«Жапонияға қарсы және демократия үшін күрес—бұл өзара біріне-бірі тығыз байланысты міндеттер. Демократия Жапонияға қарсы шын мәнісінде күрес жүргізудің кепілі болып табылады, ал Жапонияға қарсы күрес демократиялық қозғалыстың күшеюіне қолайлы жағдай туғызады».

Мао Цзе-дун мұнан: «кәзіргі кезеңде ең маңызды түйінді мәселе — демократия және бостандық» деген қортынды жасады.³⁰

Өзінің басқа еңбектерінде де Мао Цзе-дун демократиялық өзгерістер Жапонияға қарсы соғыстың табысты болуы үшін ғана емес, Қытайдың соғыстан кейінгі дамуы және халықаралық жайы үшін де сондай маңызы бар екенін талай рет атап көрсетті.

Жапонияға қарсы соғыстың барысында Қытай еңбекшілерінің қалың бұқарасы — бұл соғысқа белсөніп қосылған жұмысшылар, шаруалар, қолөнершілер, интеллигенция өздерінің демократиялық праволары үшін, өздерінің жайын жақсарту үшін күрес бастауға тиісті болды. Халықтардың көсемі Сталин жолдастың: «белдік мемлекеттерге қарсы дүниежүзілік екінші соғыс дүниежүзілік бірінші соғыстан өзгеше әуелі бастан-ақ фашизмге қарсы, азаттық соғыс сыпатында болды; бұл соғыстың міндеттерінің бірі—демократиялық бостандықтарды қайта орнатуда болды»³¹ деген сөздері қытай халқының азаттық соғысының негізгі ерекшелігін де сыпаттайды, себебі, қытай халқы соғыста қарапайым демократиялық праволарды жеңіп алу үшін күрескен болатын.

Жапон агрессиясына қарсы күрес Қытай еңбекшілері үшін әрі демократиялық жаңа Қытай үшін күрес жүргізу болды. Бұл күресте қытай еңбекшілері компартияның басшылығымен соғыс кезінің өзінде-ақ, азат етілген аудандардың шағын жерінде болса да, өздерінің көксеген армандары мен үміттерінің ішінара жүзеге асыра алды.

Азат етілген аудандардың саяси және экономикалық та-

³⁰ Мао Цзе-дун. Жапонияға қарсы бүкіл ұлттық біртұтас майданның міндеттері. «Коммунистік Интернационал», 1937 жыл, № 9, 73-бет.

³¹ И. В. Сталин, 1946 жылғы 9 февральда Москва қаласының Сталин сайлау округінің сайлаушыларының сайлау алдындағы жыйналысында сөйлеген сөзі. 1950 жылы, қазақшасы, 5-бет.

быстары соғыстың ауыр жағдайында да демократиялық өзгерістер жүргізу мүмкін екенін дәлелдеді, Қытайдың еңбекшілеріне, қытай халқын империалистік және феодалдық езушіліктен азат етудің, еңбекшілердің жайын жақсартудың және елдің алдында тұрған көп қиыншылықтарды жеңудің бірден-бір шарты ретінде, бүкіл елді демократиялық негізге қайта құру міндетін шұғыл жүзеге асыру керек екенін көрсетті.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін, компартия соғыстың барысында, Жапонияға қарсы біртұтас майданның программасын дамыту ретінде, бүкіл Қытай үшін демократиялық өзгерістер жасаудың программасын ұсынды. Бұл программа азат етілген аудандарда жүзеге асырылған саяси және экономикалық өзгерістер негізінде жасалды. Бұл программа бірден жасалған жоқ, оның жеке бөлшектері практикада айқындала келе, өмірге бейімділігін дәлелдей келе, сөйтіп оны халық танып келе бірте-бірте жасалды.

Жаңа демократияның программасы алғаш рет Мао Цзедунның өкі еңбегінде: «Қытай революциясы және Қытайдың коммунист партиясы» (1939 жылғы 15 декабрьде), «Жаңа демократия туралы» (1940 жылғы 19 январьда) деген еңбектерінде баяндалды және 1945 жылғы 24 апрельде Қытай коммунист партиясының VII съезінде «Коалициялық үкімет туралы» баяндамада толық баяндалды.

«Коалициялық үкімет туралы» баяндамасында Мао Цзедун Қытай революциясының ол кезеңін — буржуазиялық-демократиялық революция деп атады, компартияның ол кезеңіндегі түпкі мақсаты — социализм орнату жөніндегі программасын — минимум программа деп атады.

Бұл программа ірі помещиктер мен ірі буржуазияның диктатурасын құлатып, тәуелсіз, ерікті, біріккен, демократиялық Қытай мемлекетін орнату міндетін алға қойды; бұл мемлекетте өкімет халықтың басым көпшілігінің қолдауына сүйенуге, оны демократиялық партиялар мен топтардың коалициясы жүзеге асыруға тиіс, жер оны өз еңбегімен пайдаланушыларға берілуге тиіс, ал өнеркәсіптің шешуші салаларын мемлекет бақылап отыруға тиіс. Программа негізінде империалистік және феодалдық езушілікті жоюды көздеді.³²

«Біз ұсынып отырған жаңа демократия саяси жағынан шетелдік езушілікті құлатуды және феодалдық, фашистік езушілікті жоюды көздейді».

Жалпы программа ұзақ дәуірге арналған, буржуазиялық-

³² Мао Цзедун. Коалициялық үкімет туралы.

демократиялық революцияның программасы болды («Жаңа демократияның біздік жалпы программасы ондаған жылдар бойына, буржуазиялық-демократиялық революцияның бүкіл кезеңі бойына өзгертілмейді») және негізінде, кейбір пункттерін (коалициялық үкімет құру, экономиканың үш секторын құру) қоспағанда, 1939—1940 жылдардың программасынан өзгешелігі болмады.

Мао Цзе-дунның сол «Коалициялық үкімет туралы» баяндамасында келтірілген нақтылы программада коммунист партиясы соғыс кезіне арнап бұрынғысынан да шағындалған талаптар ұсынды. Саясат саласында нақтылы программа жапон басқыншыларын толық қуып шығуды, олармен ымыраға келуге жол бермеуді, гоминдандық диктатураны жойып, демократиялық коалициялық үкімет құруды, халыққа демократиялық бостандықтар беруді және оны біріктіруді талап етті.

Феодалдық қалдықтарды жою саласында нақтылы программа соғыс кезіне және тіпті соғыстан кейінгі белгілі бір дәуірге арнап, тек жерді жалға алу ақысын және қарыздың өсімін азайтуды талап етті, бірақ мұны бүкіл елде жүзеге асыруды, сөйтіп келешекте «жер шаруаларға берілсін» деген негізгі ұранлы дағдылы жолмен (конституциялық жолмен. — Г. А.) жүзеге асыратын, яғни жер реформасын жүргізетін болуды талап етті.

Өнеркәсіпті күшейту саласында нақтылы программа бірнеше жылдың ішінде, жеке меншікті капитал негізінде жеңіл өнеркәсіп пен ауыр өнеркәсіпті құру, тіпті бұған шетелдік капиталды қатыстыру міндетін алға қойды.³³

Өзінің қойған талаптарының көбінде бұл программа біртұтас майдан программасының шегінен аспады. Соғыс кезіне арналған бұл нақтылы программа соғыс тұсындағы және соғыстан кейін бірсыпыра уақыт бойына жерді конфискациялау ұранынан, Қытайда шетелдік капиталдың жұмысын тежеуден бастарту түрінде тіпті феодалдық және империалистік күштерге де бірсыпыра жеңілдік жасауды көздеді.

Соғыс жағдайында бұл программа әбден орынды болды. Бұл программа ел ішінде біртұтас майданды сақтаудың қажеттігін негізге алып қана қоймай, оның үстіне Жапонияға қарсы соғысқа АҚШ пен Англияның қатысқандығын тану фактысын да негізге алды.

Бірақ билеп-төстеуші помещиктік-буржуазиялық одақ үшін тіпті осы программаның өзі тиімсіз болды. Бұл одақ өзі-

³³ Мао Цзе-Дун. Коалициялық үкімет туралы.

нің саяси үстемдігін толық сақтап қалуға, еңбекшілерді бөгетсіз қанау үшін елдің бүкіл экономикалық тұрмысын толық өз қарамағына алуға тырысты. Террор жүргізу және азат етілген аудандар мен халық-азаттық армияларына қарсы жариясыз соғыс жүргізу жолымен реакциялық помещиктік-буржуазиялық одақ Жапонияға қарсы соғыс кезінде-ақ өзінің диктатурасын нығайтуға, елдің демократиялық күштерін талқандауға әрекет етті.

Сәтсіздікке ұшыраған Гоминдан саяси әдіс-айла тактикасын қолдану, елді демократияландыру туралы келіссөздер жүргізу арқылы американизмнің көмегімен өзінің соғыс жағдайын нығайту, онан кейін қарулы күшпен демократиялық қозғалысты жою үшін, уақытты соза беруге тырысты. Гоминдан мен компартия арасындағы 1944—1945 жылдарғы келіссөздердің беталысы реакцияның осы ниетін айқын дәлелдейді.

ЖАПОНИЯНЫҢ СОҒЫС МАШИНАСЫНЫҢ ТАЛҚАНДАЛУЫ. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕКІНШІ СОҒЫСТАН KEЙІН АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИЗМІ ӘРЕКЕТІНІҢ ҚҮШЕЮІ

ССРО-ның 1945 жылғы августа Тынық Мұхиттағы соғысқа қатысуы, онан кейін мұның нәтижесінде жапон соғыс машинасының тез арада талқандалуы және Жапонияның тізе бүгуі қытай халқының демократиялық қозғалысын талқандауды көздеген халықаралық реакция мен Қытай реакциясының жоспарларын күйретіп, Қытайда демократиялық күштердің онан әрі өсуіне зор мүмкіншіліктер туғызды.

Совет және монғол әскерлерінің Квантун армиясына қарсы жеңімпаздық шабуыл жасауынан пайдаланып, Солтүстік Қытайдағы 8-нші халық-азаттық армиясымен Орталық Қытайдағы Жаңа 4-нші халық-азаттық армиясы партизандардың және шаруалардың қорғану отрядтарының көмегімен, 1945 жылғы 10 августа жапон әскерлеріне қарсы шабуыл бастап, аз уақыттың ішінде көптеген қалаларды, темір жолдарды және 20 миллион халқы бар 350 мың шаршы километр жерді азат етті.

Маньчжурияны қосқанда, Қытайдың азат етілген демократиялық аудандарының жалпы көлемі 1946 жылғы 13 январьда 2376 мың шаршы километрге, халқы 148 миллионға жетті.³¹ Азат етілген жерде халықтың өз еркінше сайлаған демокра-

³¹ «Цюньчжун», 4/II 1947 ж. № 4 — 5.

тиялық өкімет орнатылды, соғыс уақытының демократиялық реформалары жүргізілді (жерді жалға алу ақысы және борыштың өсімі азайтылды, жұмысшылардың күйі жақсартылды және басқа сондай реформалар жасалды). Қаһармен совет халқының неміс фашизмінен жеңуі және ССРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа қосылуы нәтижесінде жапон империализмінің тез талқандалуы демократиялық лагерьдің соғыс және саяси позицияларын мықтап нығайтып, бүкіл Қытайды демократияландыру міндетін кезекке қойды.

Қытай коммунист партиясы Жапонияның тізе бұғуінен кейін тезінен Гоминданмен келіссөз бастап, демократиялық өзгерістер жасау жөніндегі программасын ұсынды. Қытайдағы ішкі саяси жағдай бұл демократиялық өзгерістердің жүзеге асырылуына сенуге мүмкіндік берді. Алайда американимпериализмінің араласуы жағдайды өзгертті.

«АҚШ өз қолына алуға ұйғарған елдердің бәрінде өзінің саяси және экономикалық үстемдігін орнату, бұл елдерді АҚШ-тың шылауына айналдыру, американимперияның ал елдерді қанауына жұмысшы қозғалысы мен демократиялық қозғалыс тарапынан қандай да болса кедергіні жоятын ішкі тәртіп орнату міндетін»³⁵ көздеген американимпериализмінің әрекеті Қытайда соғыс жылдарында да жүргізіліп келді, ал соғыстың аяқталуынан кейін мықтап күшейіп, тікелей интервенцияға ұласты.

Жапония тізе бүгісімен АҚШ-тың теңіз жаяу әскер бөлімдері, жапон әскерлерін қарусыздандыру сылтауымен, Солтүстік Қытайдың порттарын, темір жолдарын, торапты пункттерін басып алды, азат етілген демократиялық аудандардың орталығында кең плацдарм жасады, оған американимпериямен және самолеттерімен Гоминдан әскерлері дереу жіберіле бастады. Американимперия әскерлеріне сүйеніп, демократияландыру туралы «келіссөздерді» бетке ұстап, азат етілген аудандардың шекарасына және американдар басып алған плацдармға орасан көп соғыс күштерін (барлығы 1200 мың адам — 49 армия, 127 дивизия) жыйнап, гоминдандық реакция азат етілген аудандарға 1945 жылғы октябрьде батыл шабуыл жасады. Бұл үшін реакция американимперия қаруларын және жапондарға қарсы шабуыл жасауға арнап американдар әзірлеген Қытай дивизияларын ғана пайдаланып қоймай, оның үстіне барлығы 500 мың адам жапон әскерлері мен қолжаулық үкіметтің әскерлерін

³⁵ А. А. Жданов. Халықаралық жағдай туралы. «Правда», 22/Х 1947 ж.

де пайдаланды. Баспасөздің хабарлары бойынша, майданның жеке участоктерінде шабуылға американ әскер бөлімдері де қатысқан: Американың флоты мен авиациясы Гоминдан әскерлерінің шабуыл қыймылдарына көмектескен.

Сөйтіп, Қытай демократиясына қарсы күресте, дүниежүзілік екінші соғыстың аяқталуынан кейін алғашқы айлардың өзінде реакцияның барлық күштері—американ империализмі; оның бұрынғы жауы—жапон империализмі және Қытайдың помещиктік-буржуазиялық реакциясы бірікті, бұлар көлемі жағынан орасан зор азамат соғысын қоздырудан тартынбады.

Бірақ реакция күштерінің нашарлап, демократия күштерінің өскендігі нақ осы арада толық көрінді. Соғыс және техника жағынан басым болуына қарамастан, гоминдан, жапон және америка әскерлерінің біріккен күштері жеңілді. Солдаттар реакцияның мүдделері үшін соғысқысы келмеді. Гоминдан әскерінің тұтас бір армиясы (Жаңа 8-армия) командованиесімен бірге демократиялық әскерлер жағына шықты. Гоминдан әскерлерінің бірінші шабуылы тойтарылды. Демократиялық лагерьдің күші мен қуатын көрсеткен осы фактінің өзі реакцияны өзінің тактикасын өзгертуге, соғыс шараларынан уақытша бастартып, саяси әдіс-айла жасау тактикасына қайтып оралуға мәжбүр етті.

Қытайдағы американ соғыс өкімет орындарының соғыс аяқталысымен арақдату әрекеттеріне кірісуі дүние жүзіндегі және Америкадағы демократияшыл жұртшылық арасында орасан күшті наразылық туғызды. Демократиялық жұртшылық әлі де соғыс кезіндегі демократиялық ұрандардың әсерінде еді, Американың монополиялық капиталының мүдделері үшін дүниежүзілік үстемдік орнату күресіне жұртшылық пікірі дайындалмаған еді. Трумэннің үкіметі амалсыздан шегіне түсуге тиісті болды. 1945 жылғы декабрьде әуелі Бирнс, онан кейін Трумэн Американың Қытайдағы саясаты туралы мәлімдемелер жариялады, ал 1945 жылғы декабрьдің аяғында Бирнс Москвада Сыртқы Істер министрлері кеңесінің Қытай туралы декларациясына қол қойды.

Бұл документтердің бәрінде ең үлкен мәселе Қытайды демократияландыру мәселесі болды. Трумэн мен Бирнс өздерінің мәлімдемелерінде Қытай реакциясы көздеген мақсатты—демократияшылдарға Гоминдан үкіметінен (ал америка декларацияларында бұл үкіметті сақтаудың қажеттігі ерекше атап көрсетілді) бірнеше орын беру есесіне демократияны қауыпсыздандыру мақсатын көздей тұрса да, бұл мәселенің алға қойылуының өзі реакциялық күштердің әлсіздігін, олардың өз-

деріне сөнбейтіндігін, қара күшке салуға болмайтындығын және саяси әдіс-айла жасау тактикасын пайдалануға тура келетіндігін дәлелдеді.

Америка декларацияларынан өзгеше, Сыртқы Істер министрлерінің Москвадағы кеңесінің 1945 жылғы 26 декабрьдегі қарарлары, демократияшылдарды барлық үкімет орындарына қатыстыру жолымен Қытайдың саяси тәртібін шын мәнісінде демократияландыруды талап етіп, Қытайдың Ішкі Істеріне қол сұқпау принципін жариялады. Мұның арқасында ол қарарлар Қытайдағы демократияның күштеріне орасан зор халықаралық көмек көрсеткендік болды.

Москва кеңесінің қарарларынан бұрын компартия мен Гоминдан арасында басталған келіссөздердің нәтижесінде 1946 жылғы январьдың басында азамат соғысын тоқтатуға және Қытайдың саяси құрылысын демократияландыруға бағытталған маңызды саяси келісімдер және соғыс келісімдері жасалды.

Бірақ, онан кейінгі оқиғалардың көрсеткеніндей, помещиктік-буржуазиялық одақ бұл келісімдерді орындағысы келмеді. АҚШ араға түсіп билік айту сылтауымен, Қытай реакциясына орасан зор соғыс көмегін көрсетті. Бұл көмекке сүйеніп, Гоминдан жаңа соғыс шабуылына әзірленді. Шабуыл 1946 жылғы апрельде Оңтүстік Маньчжурияда басталып, көп ұзамай барлық майдандарда арпалысқан азамат соғысына айналды.

ҰЛТ-АЗАТТЫҒЫ КҮРЕСІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ КОМПАРИЯНЫҢ БАСШЫЛЫҚ РОЛІ

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін елді демократияландыру, аграрлық реформа жүргізу жолындағы күрес, Жапонияның жеңілгеніне қарамастан, тағы да империализмге қарсы, бұл жолы Америка империализміне қарсы күресу міндетімен тығыз байланысты болып шықты.

Ішкі реакцияға қарсы күресте женудің шарты ретінде, империализмге қарсы күресу бұрынғысынша қытай халқының ұлт-азаттық қозғалысының аса маңызды міндеті болып қалды. Алайда феодализм мен империализмге қарсылық сыпатын сақтай отырып, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін ұлт-азаттық күрес халықаралық және ішкі-саяси ахуалдың жаңа жағдайында жүргізілді, бұған сәйкес оның дәрежесі жоғары және нәтижелері зор болды. Ұлт-азаттық күрестің жаңа сыпаты мынадай: бұл күрес — бүкіл дүние жүзін қамтыған және «капитализмнің жалпы дағдарысының онан әрі шиеленісуі, капита-

лизм күштерінің нашарлауы, социализм мен демократия күштерінің нығаюы жағдайында»³⁶ жүргізіліп отырған демократия лагері мен реакция лагері арасындағы жалпы күрестің бір бөлегі болды, бұл күрес Қытай коммунист партиясының басшылық ролі арқылы пролетариаттың бастауымен жүзеге асырылады, қытай халқының басым көпшілігінің мүдделерін көздеп, еңбекшілердің және аралық таптардың қалың бұқарасын біріктіреді, демократия мен реакция арасындағы күштердің ара салмағы бүкіл дүние жүзінде, оның ішінде Қытайда демократияның пайдасына қарай мықтап өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Бұл күрестің бірінші ерекшелігі сол: Қытайдағы азаттық қозғалыс халықаралық реакцияның қамалы — американ империализміне қарсы тікелей күресте дамыды. Қытай компартиясы басшылық еткен біртұтас демократиялық ұлт майданының қандай да болса соғыс, саяси, экономикалық және идеологиялық жеңісі Американың империализмінің және оған қызмет ететін реакция лагерінің жеңілуі, нашарлауы болып табылады.

Сондықтан да, бүкіл дүние жүзіндегі демократиялық прогресшіл элементтер Қытай халқының қаһармандық халық-азаттық күресіне сүйсініп, тілектестігін білдіріп және оған моральдық көмек көрсетіп отырады. Мұның өзі де қытай халық-азаттық қозғалысының бүкіл дүниежүзілік демократия лагерінің жалпы күресімен байланыстылығын көрсетеді.

Қытай компартиясының председателі Мао Цзе-дун мұны мақтан еткен сезіммен былай деді:

«Қытай коммунист партиясының басшылығымен Қытайда жүргізіліп жатқан халық-демократиялық ұлы революция империализмге қарсы халықаралық лагерь күштерінің мүшелі бір бөлегі болып табылады».³⁷

Американ империализмінің аласұрған агрессиясына қарсы қытай халқының күресіне басшылық ете отырып, Қытай коммунист партиясы, «отанды сатқан және халықтың мүдделеріне опасыздық еткен»³⁸ Гоминданның реакцияшыл үкіметіндей емес, оның керісінше, Қытайдың тәуелсіздігін және еріктілігін шын мәнісінде қорғаушы болып майданға шықты.

³⁶ Кейбір компартиялардың информациялық кеңесінің декларациясы. «Правда», 5/X 1947 ж.

³⁷ «Баянды, бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» газеті, I/XI 1948 ж. 6-бет.

³⁸ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» газеті I/XI 1948 ж. 6-бет.

Қытай коммунист партиясының басшылық ролі қытай халқының халық-азаттық қозғалысына пролетариаттың басшылық етуін көрсетеді. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Қытайда демократия мен реакция күштерінің ара салмағының өзгеруінде компартияның саясаты орасан зор роль атқарды. Компартияның дәйекті маркстік-лениндік саясаты қытай халқының Жапонияға қарсы соғыста төтеп беруіне және реакцияның, американ империализмінің соғыстан кейінгі ниеттерін күйретуіне көмектесіп қана қоймай, оның үстіне елді империализм мен феодализмнің бұғауынан азат етуге, тәуелсіз, ерікті, демократиялық, біріккен, өрге басқан және күшті Қытай мемлекетін орнатуға бірден-бір дұрыс жол ретінде, Қытай коммунист партиясы ұсынған демократиялық программаның дұрыстығына қытай халқының көпшілігінің көзін жеткізді.

Мао Цзе-дунның айтқанындай, «Қытайдың коммунист партиясы — Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының үлгісі бойынша құрылған партия».³⁹ Бұл партия орыс большевиктері жыйнаған революциялық тәжірибені кеңінен пайдаланды, өзінің жұмысында дүниежүзілік пролетариаттың ұлы көсемдері — Ленин мен Сталин белгілеген революциялық күрестің стратегиясы мен тактикасын басшылыққа алып отырды. Оның саясаты әуелі бастан-ақ империализм туралы және отар елдер мен тәуелді елдердегі революцияның ерекшеліктері туралы лениндік ілімге негізделді.

Маркстік-лениндік дұрыс саясатты белгілеу ісінде Сталин жолдастың еңбектерінің, оның ішінде Қытай мәселесі жөніндегі еңбектерінің орасан зор маңызы болды. Бұл еңбектерінде Сталин жолдас Қытайдағы жағдайды теория жағынан терең талдау негізінде Қытай революциясының ерекшеліктерін көрсетті, оның барысын данышпандықпен болжады, бұл революцияның жеңісті болуының шарттарын белгіледі.

Сталин жолдас көрсеткен бұл шарттардың ішіндегі ең маңыздысы — «Қазіргі тақырыптарға арналған мақалалар»⁴⁰ деген еңбегінде мейлінше айқын және түсінікті етіп тұжырымдалған ленинизмнің жалпы тактикалық принциптерін бұлжытпай орындау:

1) әрбір жеке елде ұлттық ерекшелікті және ұлттық өзгешелікті міндетті түрде есепке алу принципі;

2) пролетариатқа, уақытша, солқылдақ, баянсыз, сенімсіз бола тұрса да, бұқаралық одақтас табуды қамтамасыз етудің

³⁹ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» газеті І/ХІ 1948 ж.

⁴⁰ И. В. Сталин. Шығармалар, 9 том, қазақшасы, 331-бет.

титтей де болса мүмкіншілігін әрбір елдің компартиясының міндетті түрде пайдалану принципі;

3) миллиондаған бұқараға саяси тәрбие беру үшін тек насихат пен үгіттің бір өзі жеткіліксіз, мұның үшін бұқараның өзінің саяси тәжірибесі болуы қажет дегінін ақиқатты міндетті түрде есепке алу принципі.

Қытай компартиясының соғыстан кейінгі саясаты бұл принциптерді қолданудың тамаша үлгісі болып табылады. Компартияның тактикалық ұрандарының дәйектілікпен ауысыл отыруынан біз мынаны көреміз: қалың бұқараның тәжірибесі молайған сайын, гоминдандық диктатураның реакциялық, опасыздық сынаымен америка империализмінің агрессиялық ниеті бүкіл қытай халқына түсінікті бола берген сайын, партия еңбекшілер бұқарасын және бүкіл қытай халқын оларға қарсы батыл күреске тонтастыра берді және мұның негізінде біртұтас демократиялық майданды нығайтып, күннен күн жаңа табыстарға жетті.

Жоғарыда көрсетілгендей, соғыс кезінде компартияның жұмысы жаңа демократияның программасы деген программа негізіне, оның ішінде жапон агрессиясына қарсы күрестің біртұтас майданын нығайту қажеттігінен туған нақтылы программаға негізделіп құрылды. 1946 жылғы апрель — май айларына дейін АҚШ-тың «араға түсіп билік айтуымен» Гоминданмен келіссөздер жүргізгенде де компартия осы программаны басшылыққа алды.

Мұндай бағыт мына жағдайдан туды: сегіз жыл бойы Жапонияға қарсы жүргізілген ауыр азапты соғыстан кейін Қытайдың еңбекші бұқарасы бейбітшілікті қатты көксеріп, компартия мен Гоминдан арасында келісім жасалса Қытайды демократиялық негізге қайта құруға және бұқараның жағдайын жақсартуға мүмкіндік болады деп сенді. Өзінің диктатурасын сақтауға тырысқан гоминдандық реакциямен келісу мүмкін емес екені компартияға келіссөздер басталысымен-ақ айқын бола тұрса да, ол дәуірде программаны өзгерту қате болатын еді, өйткені, мұның өзі бұқарадан қол үзгендік болатын еді. Бұқараның үміті негізсіз екенін, Қытайды демократиялық негізге қайта құру міндетін реакциямен және америка империализмімен келісу арқылы орындауға болмайтынын бұқараға оның өз тәжірибесінде көрсетіп, бұған көзін жеткізу керек болды.

Компартияның Гоминданмен келісуге ұмтылған әрекетінің бәрі сәтсіздік болғаны мәлім. Американдардың көмегі дем берген гоминдандық реакция демократияға шабуыл бастап, бұ-

рын-сонды болып көрмеген азамат соғысын тұтандырды. Американдардың «араға түсіп билік айтуының» шын мақсаттары сыяқты, реакцияның халыққа душпандық сыпаты да жұрттың бәріне айқын болды.

Бұл жағдайда жаңа демократияның программасы бұрынғы түрінде елдің саяси жағдайына сай келуден қалып, оны қайта қарау керек болды. Бұған қалың бұқараның ниетінің өзгеруі дәлел болды — азат етілген аудандардың шаруалары өздерінің армандарына жетуден үміт үзіп, аграрлық реформаны стихиялық түрде, төменнен жасауға кірісті, сонымен шаруалар арасында аграрлық қозғалыстың мықтап күшеюі ол программаны қайта қараудың қажеттігін көрсетті. Бұған сәйкес компартия 1946 жылғы майда, шаруаларды қанаған немесе жерін иемденіп алған қаскүнем помещиктермен «есеп айырысу» ретінде, помещиктердің жерін ішінара конфискациялау негізінде жер реформасын жүргізу туралы қарар қабылдады.

Азамат соғысынан және американдардың экспанциясынан туған экономикалық дағдарыстың күшеюі нәтижесінде, гоминның бақылауындағы жерлерде жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның және орта буржуазияның жайының нашарлауы да гоминдандық тәртіпке наразылықтың мықтап күшеюіне, шаруалардың, жұмысшылардың, студенттердің, қала кедейлерінің бұқаралық қозғалысының ұлғаюына әкеп соқты.

Экономикалық дағдарысты жеңе алмайтын болғандықтан гоминдачдық реакция АҚШ-тың бариыша қолдауына сеніп, азамат соғысымен қатар, террор жасау және бұқараның наразылығын қарулы күшпен басу саясатын жүргізді, қандай да болса демократиялық қозғалысты түбірінен құрту бағытына түсті.

Азамат соғысы және реакцияның жанталасқан шабуылы жағдайында компартия демократиялық қозғалысты күшейтіп кеңейте беру, қалың бұқараның аса қажетті тілектерін орындау, армияны нығайту, реакцияның экономикалық және саяси негізін нашарлатаатын шараларды жүргізу арқылы, демократиялық табыстарды қорғау және реакцияны тойтару үшін батыл шаралар қолдануға тиісті болды.

Бұл мақсатпен компартия аграрлық реформа жүргізуді және помещиктердің жерін шаруаларға беруді тездетіп қана қоймай, оның үстіне мұнан күрделірек міндеттерді алға қойды:

1) Қытайдағы реакцияның тірегі болған помещиктер табының және оны қолдаушы кулактар табының экономикалық негізін толық жою;

2) реакцияны бастаған монополиялық капиталдың экономикалық негізін жою;

3) гоминдандық диктатураның реакциялық тәртібін талқандау;

4) реакцияға дем беріп отырған американ империализміне, оның агенттеріне қарсы батыл күрес жүргізіп, олардың Қытайдағы экономикалық позициясын жою.

Бұл міндеттердің бәрі де Қытай демократиясы алдында бірте-бірте туды және реакцияға қарсы күрес күшейе келе компартия бұл міндеттерді қалың бұқара алдына барған сайын батыл қойды.

Қытай компартиясы саясатының соңғы 3—4 жыл ішіндегі дамуы қытай коммунистерінің бірте-бірте, қалың бұқараның өзінің саяси тәжірибесі негізінде гоминдандық тәртіпті құлатудың, феодалдық таптардың экономикалық негізін жоюдың және американ империализміне қарсы күресудің қажеттігін қытай халқының санасына қалайша жеткізгенін көрсетеді.

1945 жылғы августан 1947 жылғы августқа дейінгі оқығалар бұл жөнінде қытай халқының қалың бұқарасы үшін ерекше маңызды саяси мектеп болды. Бұл екі жылдың ішінде қалың бұқара реакциямен келісу арқылы елді демократиялық негізге қайта құруға және оны империалистік езушіліктен азат етуге болмайтындығын көріп, оған көзі жетті. Тек бұл ғана емес, помещиктер мен ірі буржуазия диктатурасының халыққа қарсы, опасыздық сыпаты, оның американ империализмінің қол жаулығына толық айналуы нақ осы дәуірде ерекше айқын көрінді. Американ империализмі мен ішкі реакцияның үстемдігі Қытайды американ колониясына және Азиядағы орасан зор соғыс плацдармына айналдыру қаупын туғызатынын өз тәжірибесінен ұғынған, сонымен қабат азат етілген аудандардың үлгісінен коммунистердің саясатының дұрыстығына көзі жеткен халықтың қалың бұқарасы Қытай коммунист партиясының төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтала түсті, Қытайда демократиялық өзгерістер жасау жөнінде компартия ұсынған саяси және экономикалық міндеттерді түгел қуаттады.

Қытай халқының қалың бұқарасының бұл міндеттерді жүзеге асыруға топталуы пролетариат басшылығының, Қытай коммунист партиясының басшылық ролінің, Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин ілімінің жеңімпаз күшінің өте айқын белгісі болып табылады.

Компартия мүшелерінің орасан көбейіп, 1945 жылғы 1210 мыңнан 1948 жылы 3 миллионға жетуі коммунист партиясының

идеялары ықпалының және оның беделінің орасан өскендігін дәлелдейді.

Еңбекшілердің мүдделерін қорғау мақсатын көздеп американимпериализміне және ішкі реакцияға қарсы күрес жүргізу саясатының арқасында компартия тек азат етілген аудандарда ғана емес, бүкіл Қытай еңбекшілерінің қалың бұқарасы арасында орасан зор беделге ие болды.

Компартияның басшылық ролін Қытайдың еңбекшілер бұқарасы ғана емес, оның ұсақ буржуазиясы, тіпті орта буржуазиясы да таныды.

«Американимпериализмінің агрессиясы, Чан Кай-шидің езушілігі және халық бұқарасының мүдделерін батыл қорғауға бағытталған біздің партияның дұрыс саясаты, — мұның бәрі Чан Кай-ши үстемдік жүргізіп отырған аудандарда жұмысшы табының, шаруалардың, ұсақ буржуазия мен орта буржуазияның қалың көпшілігінің біздің партияға тілектес болуына көмектесті».⁴¹

Компартияның басшылығын олардың тануы халық-азаттық қозғалысының компартия басшылығымен орасан зор табыстарға жетуінің нәтижесі болды.

«Біздің революцияшыл жаңа демократиялық біртұтас майданымыз, — деді Мао Цзе-дун өзінің 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндамасында, — қазір өткендегі қай уақыттағыдан болса да кеңейіп, тығыз топтала түсті. Бұл жағдай біздің тек аграрлық саясатымызға және қала халқы жөнінде жүргізген саясатымызға байланысты туып отырған жоқ, Халық-азаттық армиясының жеңістері туғызған жалпы саяси жағдайға... және Қытай революциясының жаңа өрлеу дәуіріне аяқ басуына көбірек дәрежеде байланысты болып отыр. Гоминданның үстемдігі сөзсіз күйрейтіндігін халық қазір көріп отыр, сондықтан халықтың үміті Қытай коммунист партиясына және Халық-азаттық армиясына ауысып отыр — бұл табиғи іс».⁴²

Компартияның берік басшылығымен Қытайдың халық бұқарасының біртұтас демократиялық майданға тығыз топталуы күштердің қарама-қарсы екі жаққа бөлініп, және олардың ара салмағының демократия пайдасына өзгеруі нәтижесінде бүкіл дүние жүзінде таптық күштердің соғыстан кейінгі орналасуының белгісі болды.

Демократия лагері мен реакция лагері арасындағы күш-

⁴¹ Мао Цзе-Дун. 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндамасы, «Аса маңызды документтер...» жыйнағы, Харбин, 1948 ж.

⁴² «Правда», 6/1 1948 ж.

тердің ара салмағының өзгеруінде совет халқының неміс фашизміне және жапон империализміне қарсы соғыста жеңіске жетуінің шешуші маңызы болды. Совет халқының бұл жеңісі ССРО-ның халықаралық ролін үздік арттырып қана қоймай, оның үстіне фашизм кұлдыққа түсірген елдерде және бүкіл дүние жүзінде демократиялық күштердің жеңуінің мүмкіншіліктерін орасан ұлғайтты.

Соғыс кезінде ССРО-ның және барлық демократиялық күштердің нашарлауынан дәмеленген империалистік топтардың, ең алдымен АҚШ пен Великобританияның империалистік топтарының есебі іске аспай, ССРО бастаған демократиялық лагердің күштері үздік өсті. Мұның өзі, социалистік құрылыстың орасан зор артықшылығын дәлелдеген және еңбекшілер алдында капиталистік құрылыстың беделін мықтап түсірген совет халқының соғыстағы, саяси және шаруашылық саласындағы жеңістерінің тікелей нәтижесі болды.

Бұл жағдай, және де соғыс кезінде империализм лагерінің жалпы нашарлауы Қытайда демократияшыл күштердің мықтап күшеюіне, олардың топталуына көмектесті.

Қытайда империализм позицияларының нашарлауы, демек империализмнің агенті Гоминданның позицияларының нашарлауы түріндегі халықаралық бұл жағдай соғыстың аяғында демократия мен реакция күштерінің ара салмағының өзгеруінде аса маңызды рөл атқарды. Совет әскерлерінің Қытай жерінде жапон оккупациялық армиясын жеңуінің зор маңызы болды. Совет Армиясының жапон соғыс күштерін талқандауы, совет әскерлерінің Манчжурияға кіруі және Жапонияның оккупациялық өкіметін жою қытай еңбекшілерінің халық өкіметін орнатып, Манчжурияны демократиялық қозғалыстың негізгі тірек базасына айналдыруына көмектесті.

Совет Армиясының 1945 жылғы августа Манчжурияда жеңімпаздық шабуыл жасауы да Қытай Халық-азаттық армиясының жапондарға қарсы шабуыл бастап, Солтүстік және Орталық Қытайда елдер жерді және бірсыпыра ірі орталықтарды азат етуіне жағдай туғызды.

Сөйтіп, Совет Армиясының неміс фашизмі және жапон империализмін жеңуі Қытайдағы күштердің ара салмағын өзгерткен шешуші күш болып, демократия лагерінің күшеюіне және оның реакция лагерінен басым болуына алдын ала маңызды жағдай туғызды. Бұл фактіні Қытай коммунист партиясының басшылары Мао Цзе-дун мен Чжу Дэ-де атап көрсетті. Мао Цзе-дун өзінің «Халық демократиясының диктатурасы туралы» деген мақаласында былай деп көрсетті:

«Совет Одағы болмағанда, фашизмге қарсы дүниежүзілік соғыста жеңіске қол жетпегенде, біздің үшін (яғни Қытай үшін Г. А.) ерекше маңыздысы — жапон империализмі талқандалмағанда... бұл факторлардың бәрі болмағанда, халықаралық реакцияшыл күштердің тегеуріні көзіргіден, әрине, анағұрлым күшті болған болар еді. Мұндай жағдайда біз жеңіске жете алар ма едік?» — деп сұрақ қойып, Мао Цзе-дун оған — «Әрине, жоқ», деп үзілді-кесілді жауап берді.⁴³

Чжу Дэ қытай-совет достығы қоғамының құрылуына арналған жыйналыстағы сөзінде былай деді:

«Совет Одағы болмағанда, Совет Одағы бастаған антифашисттік күштер дүниежүзілік екінші соғыста жеңбегенде және Совет Одағы бастаған халықаралық демократиялық бейбітшілік лагері соңғы төрт жылдың ішінде үздік өспегенде Қытай революциясы қазіргідей тез арада ұлы жеңіске жете алмаған болар еді, жеңіске жеткен күннің өзінде де, оны тұрақтандыру мүмкін болмаған болар еді».⁴⁴

ССРО-ның соғыста жеңуі және дүниежүзілік демократия лагерінің нығаюы нәтижесінде Қытайдағы демократиялық лагерьге туғызылған қолайлы жағдайларды пайдалану әлі едәуір уақытты керек қылды, реакцияны толық талқандау және америка империализмін жеңу үшін ішкі саяси жағдай туғызу керек болды. Бұл уақыт реакцияның шабуылдарын тойтару үшін ғана емес, демократиялық тәртіпті нығайту, күштерді молайту, ал одан кейін азамат соғысында шешуші өзгеріс туғызып, Халық-азаттық армиясының батыл қарсы шабуылға көнуі үшін де пайдаланылды. Реакцияға және империализмге қарсы батыл күресудің қажеттігін, саясат және экономика салаларында түбірлі өзгерістер жасаудың қажеттігін бұқараның өз тәжірибесінде түсінуіне көмектесуге бағытталған компартияның дұрыс саясаты бұл жөнінде орасан зор роль атқарды.

ССРО-ның жеңуі, дүниежүзілік демократиялық лагерьдің күшеюі, Қытайда соғыстан кейін таптық күштердің қолайлы түрде бөлінуі және компартияның маркстік-лениндік дұрыс саясаты арқасында Қытай халқының ұлт-азаттық қозғалысы нығайып, күшейе түсті және шын мәнісінде халық азаттығының қозғалысына айналды, ал Жапонияға қарсы біртұтас ұлттық майдан демократиялық біртұтас халықтық майданға айналды.

Мұның өзі демократиялық лагерьдің қуатының артқанын,

⁴³ «Правда», 6/VII 1949 ж.

⁴⁴ «Правда», 21/VII 1949 ж.

оның реакцияға қарсы күресте мүмкіншілігінің артқанын көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қабат қытай халық демократиялық қозғалысының жоғары сатыға қарай өрлегенін көрсетті, ал демократиялық қозғалыстың халықтық демократия үшін бұл жоғары сатысының ерекшелік сыпаты социализмге көшуге алдын ала жағдай туғызу үшін күресу болып табылады.

Халықтық демократия үшін күрес жүргізу жолына көшу фактісі Қытай коммунист партиясының бұл күрестегі стратегиясы мен тактикасының негізгі мәселелері жөніндегі қазіргі ұрандарынан тым айқын көрінді. Күштердің бұрынғы арасалмағына және негізгі соққының бағытына дәл келетін империализмге, және феодализмнің қалдықтарына қарсы күресу деген ұранның орнына, компартия 1947 жылдың аяғында империализмге, феодализмге және ірі капиталға қарсы күресу ұранын алға тартты.

Негізгі стратегиялық бағыттың өзгеруіне сәйкес коалициялық үкіметтің құрамындағы өкімет билігінің сыпаты туралы мәселенің қойылуы және мазмұны да өзгерді. Егер жаңа демократияның программасы өкімет билігін Гоминданмен, яғни ірі буржуазиямен, тіпті помещиктермен де бөлісуге мүмкіндік қалдырып, тек олардың диктатурасын жоюды талап етсе, қазіргі программа күштердің жаңа ара салмағын және халықтың қалың бұқарасының компартия төңірегіне топталуын бейнелеп, шешуші өкімет билігін еңбекші шаруалармен берік одақ жасаушы жұмысшы табының қолына беруге бағыт ұстады.

Сол себепті барлық реакцияшыл партияларды, топтарды, жеке реакцияшылдарды коалициялық үкіметтің құрамынан толық аластау көзделді.

Мао Цзе-дун азат етілген Шаньси-Суйюань ауданының актив жыйналысындағы сөзінде Қытай коммунист партиясының бұл кезеңдегі негізгі бағытын жалпы анықтап берді:

«Қытай коммунист партиясының негізгі бағыты қандай? Бұл — жаңа демократиялық революцияның бағыты, бұл революция жұмысшы табы басшылық ететін және империализмге, феодализмге, капиталистік бюрократияға қарсы шығатын көпшілік халық бұқарасының революциясы болуға тиіс».⁴⁵

Бұл революцияның нәтижесінде Қытай Халықтық-демократиялық республикасы және «барлық демократиялық таптар-

⁴⁵ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» I/VII 1948 ж.

дың ерікті біртұтас басқару билігін»⁴⁶ атқаратын демократиялық коалициялық үкімет құрылуға тиіс.

Компартияның жаңа жылда жарияланған және Гоминданмен бітім жасаудың шарттарын көрсеткен үндеуінде жаңа Қытайдың халықтық-демократиялық сипаты өте айқын көрсетілді:

«Қытай коммунист партиясының басшылығымен қытай халқы ескі реакциялық тәртіпті бір жолата жоятын және жаңа халықтық-демократиялық мемлекет орнатуға мүмкіндік беретін, шын мәнісінде демократиялық бітім жасауды талап етеді; мұнда шешуші өкімет билігі, шаруалармен тығыз одақтас жұмысшы табының қолында болуға тиіс». Тағы былай делінді:

«Мұның мәнісі бүкіл елде Гоминданның реакциялық басқару билігін құлатып, пролетариаттың басшылығымен және негізгі күш ретінде, жұмысшылар мен шаруалардың одағы негізінде халықтық-демократиялық диктатура республикасы құрылу керек».⁴⁷

Экономика саласында Қытай демократиясының қазіргі программасы, жерді жалға алу ақысын және қарыз өсімін кемітуді көздейтін бұрынғы саясат орнына және «әрбір егіншінің өтанабы болсын» деген жалпылама сунятсендік уранның орнына, кенінен аграрлық реформа жасау мәселесін алға қойып, бұл реформаны қазірдің өзінде жүзеге асыруда.

Компартияның Орталық Комитеті 1947 жылғы 10 октябрьдегі қарарында «елімізді демократияландыруға, индустрияландыруға, ерікті елге айналдыруға, біріктіруге және көркейтуге негізгі бөгет»⁴⁸ болып отырған Қытайдың аграрлық системасын өзгерту талабын алға қойды.

Бұл қарар, компартияның бастауымен шақырылған ұлттық аграрлық конференцияда 1947 жылғы 13 сентябрьде қабылдаған аграрлық заң жобасын жүзеге асыруды талап етті. Аграрлық мәселені шешуге бағытталған шара ретінде ғана емес, Қытай демократиясының жалпы ұлттық көлемде шығарған алғашқы заңы ретінде де, бұл заңның орасан зор маңызы бар. Заң помещиктердің, ғибадатханалардың, монастырьлардың, мектептердің, мекемелердің және ұйымдардың меншікті жерін ғана емес, оның үстіне помещиктердің өндіріс құралдарын және кулактардың басы артық өндіріс құралдарын да халық пайдасына алуды көздейді.

⁴⁶ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін», 1/VII 1948 ж.

⁴⁷ «Пиплс эйдж», 23/I 1948 ж.

⁴⁸ Қытай коммунист партиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 10 октябрьдегі қаулысы. «Аса маңызды документтер...» жыйнағы Харбин, 1948 ж.

Мұндай халық пайдасына алынған жер, оның сапасына сәйкес, жерсіз және жері аз шаруаларға бөліп беріледі. Отанға қыянат еткен опасыздар мен соғыс қылмыстыларынан басқа, деревняда тұрушы барлық адамдар, жынысына және жасына қарамастан, тең правомен жер алады. Деревняда тұрып ауылшаруашылығымен шұғылданатын және қылмыс істеген айыбы жоқ помещиктер, кулактар, олардың семьялары, сол сыяқты гоминдан аппараты чиновниктерінің, гоминдан армиясы офицерлері мен солдаттарының семьялары да жер алады.

Помещиктер мен кулактардан халық пайдасына алынған өндіріс құралдары мұхтаж шаруаларға және басқа кедейлерге бөлініп беріледі. Шаруалар алған жер және өндіріс құралдары бұл жаңа нелерінің жеке меншігі болады, олар мұны сатуға және кейбір реттерде жалға беруге ықтыярлы. Өнеркәсіп нелері мен сәудегерлердің мүлкі және заңға үйлесетін әрекеттері бұған, яғни конфискацияға жатқызылмайды, заң бойынша сақталады.

Жер реформасын шаруалар мен кедейлердің жыйналыстары және олардың комитеттері, сол сыяқты шаруалардың округтік, уездік, басқа сондай конференциялары және олардың комитеттері жүргізеді.

Бұл заңның маңызы помещиктердің жері мен өндіріс құралдарын халық пайдасына конфискациялауда ғана емес, мұнымен бірге деревняда жер жөніндегі қатнастардың бәрін түбірінен өзгертіп, жерді пайдаланудың бұрынғы формаларына қайтып оралуға ешбір мүмкіндік қалдырмайтындығында.

Қытай халқының негізгі бөлегі — шаруаларды компартия төңірегіне топтастыру ісінде, азат етілген аудандарда жүргізілген аграрлық реформаның ерекше зор маңызы болды.

Бұл реформаның нәтижесінде 100 миллион шаруа үшін жер мәселесі қазірдің өзінде шешілді. Бұл 100 миллион шаруа жер және өндіріс құралдарын алып, өздерінің тұрмыс дәрежесін және сәбек өнімділігін едәуір арттырды. Маньчжурияның өзінде ғана 6 миллион жерсіз және жері аз шаруа шаруашылықтары (яғни 24—30 миллион адам) 50 миллион му (3 миллион гектардан астам) жер, 400 мың мал, құрал-сайман және астық алды.

Бұл өлкеде помещиктер мен кулактар өндіріс құралдарына тек өздері иелік ету және шаруаларды қанау мүмкіншілігінен толық айырылды, мұнымен бірге өздерінің саяси ықпалынан да айырылды, мұның өзі азат етілген аудандардың тылын мейлінше нығайтты.

Гоминдандық аудандардың шаруалары және, көбінесе жер-

сіз шаруалардан құралған гоминдандық армиялардың солдаттары мұқтаждықтан құтылудың жолын осы нақтылы мысалдан көрді. Олардың мұны шып ниетімен қостағаны гоминдандық солдаттардың топ-тобымен қолға беріліп, халық-азаттық армиясы жағына шыққандығынан айқын көрінді.

1948 жылғы 1 апрельдегі сөзінде Мао Цзе-дун аграрлық реформа жүргізудің аса маңызды мәселелеріне әдейі тоқталды. Аграрлық реформаның мақсаты феодалдық және жартылай феодалдық қанау системасын жою, кедейлер мен жалшылардың жер алғысы келетін талабын орындау және ауылшаруашылық өндірісін көркейту екенін айта келіп, Мао Цзе-дун аграрлық реформаны тек орташа шаруалармен одақтаса отырып жүзеге асыруға болатынын атап көрсетті. Мұнсыз кедейлер мен жалшылар оқшауланып қалады, реформа сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан, реформа кедейлер мен жалшылардың жер жөніндегі қажетін өтеумен қатар, орта шаруалардың талаптарын орындап, оларға орташа үлестен біраз артық сыйбалы жер сақтауды көздеді.

Жерді тең бөлу талабы толық теңгеруді насихаттағандық емес екенін көрсете келіп, Мао Цзе-дун теңгеру саясатын — қате, реакциялық, артта қалғандық саясат деп әшкереледі. Бұл саясатты жақтаушыларды айыптады. Сөзінің қортындысында Мао Цзе-дун партия мен демократиялық өкімет орындары алдына, ауылшаруашылық өндірісін жақсарту және жерге жеке меншік негізінде шаруалар кооперациясын ұйымдастыру, және ауылшаруашылық өнімін молайту негізінде өнеркәсіпті күшейту жөнінде бірсыпыра нақтылы міндеттер қойды.

Аграрлық реформаның аса зор маңызы реакцияны саяси тірегінен айыруда және шаруалардың күйін жақсартуда ғана емес. Ол ауыл шаруашылығының бұған дейін тежеуде болып келген өндіргіш күштерінің өркендеуіне жол ашатын фактор ретінде де орасан зор маңыз алады, өйткені аграрлық реформа елді индустрияландыруға және оны социализм жолына түсіруге алдын ала жағдай туғызады.

Ауыл шаруашылығын және өнеркәсіпті өркендету Қытайды индустриялы елге айналдыруға жағдай туғызуға тиіс. Мұның өзі, Мао Цзе-дунның айтқанындай, жана демократиялық революцияның түпкі мақсаты болып табылады.

Аграрлық реформаны жүргізу және ауыл шаруашылығын коллективтендіру арқылы өркендетумен қатар, бюрократиялық капиталды конфискациялау халық демократия құрылысының экономикалық негізін қалау жөніндегі ең маңызды экономикалық өзгерістер болып табылады.

Өнеркәсіптің бірсыпыра салаларында өндірістің едәуір жоғары дәрежеде шоғырлануы (соғыс жылдарында Маньчжуриядағы және Солтүстік Қытайдағы жапон кәсіпорындарында) жағдайында капиталды Қытайда бұрын болып көрмеген дәрежеде бір орталыққа жыйнаған «4 семьяның» монополиялық капиталы еңбекшілердің мүдделері үшін зор экономикалық өзгерістер жасауға белгілі дәрежеде материалдық жағдай туғызды.

Мұның мәнісі монополиялық капитал меншігін конфискациялау ісі Маньчжурияда, Солтүстік және Орталық Қытайда жүзеге асырылып, Оңтүстік Қытайда қазірдің өзінде жүзеге асырылуы аяқталғаннан кейін мемлекеттік өнеркәсіп, транспорт және банктер түріндегі қоғамдастырылған сектор Қытайдың экономикасында негізгі және шешуші роль атқарады және қазірдің өзінде ол шешуші роль атқарып отыр. Қоғамдастырылған сектордың жеке салаларында оның ара салмағы қазір 50—100 процентке жетіп отыр, Қытайдың экономикасының келешектегі өркендеуін де соның өзі белгілейді. Қытайдың экономикасы мемлекеттік қоғамдастырылған секторды барған сайын ұлғайту бағытымен өркендетіледі. Жэнь Бинидің баяндамасында келтірілген өнеркәсіп құрылысының программасы осыны көрсетеді. Бұл программа бірінші кезектегі міндет ретінде «социалистік сыпаты бар мемлекеттік кәсіпорындардың шапшаң өркендеуіне толық жағдай туғызуды» көздейді.

Қытайдың компартиясы қазірдің өзінде халық алдына мұнан да зор міндет — бүкіл халық шаруашылығын жоспарлы жолмен өркендету және еңбек өнімділігін арттыра отырып, жұмысшылардың және халықтың тұрмысын бірте-бірте жақсарту, сөйтіп, жұмысшылар мен шаруалар арасындағы одақты нығайту, деревняға басшылық сту ісінде қаланың ролін қамтамасыз сту және социализмге көшудің экономикалық негіздерін қалау міндетін қойып отыр. Қытайдың экономикасына жоспарлық тәртіпті тек мемлекеттік қоғамдастырылған сектордың шешуші роль атқаруы негізінде бірте-бірте енгізуге болады, мұның өзі жаңа Қытайдың экономикасындағы социалистік бастаманың бір түрі болып табылады.

Халықтық демократия жолындағы күрестің табысты болуынан буржуазиялық-демократиялық революцияның мәселелері Қытайда қазірдің өзінде түгел шешілді деген мағына тұмайды. Бүкіл Қытай көлемінде империализм өкіметін құлату және феодализмнің қалдықтарын жою бұрынғысынша Қытай демократиялық қозғалысының шұғыл және ең маңызды міндеттері болып қалады.

ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ СОҒЫС ЖӘНЕ САЯСИ ТАБЫСТАРЫ.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қытай халқы қалың бұқарасының коммунист партиясы басшылығымен, оның ұсынған халықтық демократия программасы негізінде топталуы нәтижесінде халық-азаттық қозғалысы реакцияға қарсы соғыста орасан зор табыстарға жетті, Қытайда зор саяси өзгерістер жасалып, Халық республикасы, сонымен қатар азат етілген аудандар экономикалық құрылыс саласында едәуір табыстарға жетті.

Табандылықпен қорғаныс ұрыстарын жүргізе отырып, соғыстың алғашқы жылында гоминдан армияларының күшін таусып, халық-азаттық армиясы 1947 жылғы сентябрьде батыл шабуыл бастады, Маньчжурияның жерін толық азат етіп, бүкіл Солтүстік Қытайды гоминдан әскерлерінен тазартты. Орталық ойпатта гоминдан әскерін мықтап жеңіп, Янцзы өзені бойына шықты, бұл өзеннен өтіп, аса зор саяси және экономикалық орталықтарды — Нанкинді, Уханьді, Нанчанды, Шанхайды, Чаншаны алды.

1949 жылғы 2 октябрьде Қытайдың Халық саяси консультациялық конференциясын ашарда сөйлеген сөзінде Мао Цзедунның атап көрсеткеніндей, Қытайдың бірнеше миллиондық халық-азаттық армиясының әскерлері Формозаға және Гуандун, Гуанси, Гучжоу, Сычуань, Синьцзян провинцияларына таяу аудандарға жетіп, қытай халқының көпшілігін азат етті.

1949 жылғы октябрьдің басында халық-азаттық армиясы Кантонға таяу жерде ұрыстар жүргізіп, 14 октябрьде Оңтүстік Қытайдың бұл аса маңызды орталығын азат етті. Халық-азаттық армиясының екінші бір бөлегі бүкіл солтүстік-батыс жақты гоминдандық әскерлерден тазартып, Дихуаны (Синьцзянды) азат етті.

Гоминдан армиясы Чанчунь, Мукден, Тяньцзинь, Бейпин, Сюйчжоу, Бэньпу, Нанкин, Ухань, Шанхай үшін болған ұрыстарда орасан көп солдаттары мен офицерлерінен, техникасының көбінен айырылып, қарсылық көрсету күші түгелінен дерлік жойылды. Бұрын да, күштердің ара салмағы өзіне қолайсыз болған кезде де, гоминдандық әскерлерді үсті-үстіне жеңіп келген халық-азаттық армиясы енді гоминдандық армияның қалдықтарын қысқа мерзімде талқандауға мүмкіндік алды.

Халық-азаттық армиясының еселеген күшті соққысына төтеп бере алмай, реакциялық лагерь өз ішінен ыдырап іріп-шірде.

Күрестің немен тынатыны қазір шешілген. Қытай халқының коммунист партиясы төңірегіне берік топталғандығы, демократияны толық жеңіске жеткізуге берік бел байлағандығы, Қытайдың халық-азаттық қозғалысын қамтыйтын және өзінің күші «империалистік лагерьдің күшінен басым»⁴⁹ болып отырған дүниежүзілік демократиялық лагерьдің бұл қозғалысты қолдауы күрестің тағдырын алдын ала шешті.

Міне осыған сүйеніп, Мао Цзе-дун толық сенгендікпен «Қытай халқының барлық реакциялық гомнидандық күштерді біржолата талқандауына ұзақ уақыт керек болмайтынын» білдірді.⁵⁰

Саяси және соғыс салаларында Қытайдың демократияшыл күштерінің орасан зор табыстарға жетуі — Қытай коммунист партиясының басшылығымен қытай халқының біріктірілуі және Қытайдың жері мен халқының көбі реакцияның езушілігінен азат етілуі Қытайдың тарихында алғаш рет ұлтты біріктіруге, толық тәуелсіздікке жетуге және халықтық демократиялық құрылыс орнатуға жағдай туғызды.

Барлық демократиялық партиялармен, топтармен, халық ұйымдарымен және прогресшіл қайраткерлермен ұзақ келіссөздер жүргізіп кеңескеннен кейін компартияның 1948 жылғы I майда жасаған ұсынысы бойынша шақырылған Халықтық саяси консультациялық конференциясы бұл міндеттердің бәрін жүзеге асырды.

Конференция 1949 жылғы 21 сентябрьде Бейпинде ашылды. Оған Қытайдың барлық демократиялық партиялары мен топтары, халық ұйымдары, халық-азаттық армиясы, әртүрлі аудандар мен ұлттар, сол сыяқты шетелдерде тұратын қытай азаматтары атынан уәкілдік ететін 45 ұйымнан 600-дан астам адам қатысты.

Конференция Қытай Халық Республикасының құрылуын жариялады, негізгі конституциялық үш документті — Қытайдың Орталық халық үкіметінің негізгі заңын, Халықтық саяси консультациялық советтің ережесі мен жалпы программасын жасап қабылдады, сол сыяқты Халықтық саяси консультациялық советтің ұлттық комитетін және Орталық халықтық үкімет советін сайлады.

⁴⁹ «Правда», 6/V 1948 ж.

⁵⁰ «Баянды бейбітшілік үшін...», I/XI 1948 ж.

Үкімет советінің председателі және Халықтық саяси консультациялық советтің Ұлттық комитетінің председателі болып Қытай коммунист партиясының басшысы Мао Цзе-дун сайланды.

Конференция Пекинді (қытайша Бэйцзин) Халық республикасының астанасы етіп белгілеу туралы қаулы алды, бес алтып жұлдызды қызыл жалауды ұлттық жалау етіп бекітті, уақытша ұлттық гимнін («Еріктілер маршын») және күндік календарды (бұрынғы айлық календар орнына) қабылдады.

Халықтық үкімет советі 1949 жылғы 1 октябрде Мао Цзе-дунның қол қоюымен, Орталық халық үкіметінің құрылуы туралы, үкіметтің саяси программасы ретінде Халықтық саяси консультациялық советтің жалпы программасының қабылдануы туралы және үкімет органдарының құрылуы туралы —

Чжоу Эн-лай Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі;

Мао Цзе-дун — Ұлттық халық-революциялық соғыс советінің председателі;

Чжу Дэ — Халық-азаттық армиясының бас командашысы;

Шэнь Чунь-жу — Жоғарғы халық сотының бас судьясы;

Ло Жуан-хуан — Жоғарғы халық прокуратурасының бас прокуроры болып тағайындалғаны туралы декларация жариялады.

Мұнымен бірге үкімет өзінің декларациясында Қытай Халық Республикасының бүкіл халқы атынан уәкілдік ететін бірден-бір заңды үкімет өзі екенін мәлімдеп, теңдік принциптерін орындайтын, екі жаққа бірдей тиімділікті көздейтін және екі жақтың да жерінің бүтіндігін, ерікті елдігін құрметтейтін, гоминдандық реакциямен қарым-қатнасты үзіп, республикаға достық көз қараста болатын қандай да болса шетелдік үкіметпен өзінің дипломатиялық қатнас орнатуға әзірлігін білдірді.

Қытай Халық республикасын жариялау Қытайдың демократиялық күштерінің, әрдайым бірігіп қыймыл жасаушы ішкі реакция мен халықаралық империализмнің біріккен күштеріне қарсы ұзақ уақыт бойына қажырлылықпен жүргізген күресінің жеңіспен аяқталуы болды. Қытай Халық Республикасын жариялау, әуелі бастан-ақ қытай халқының ұлт-азаттық күресінің дем берушісі және ұйымдастырушысы болған Қытай коммунист партиясының 28 жылдық қаһармандық күресін аяқтап шықты. Мұнымен бірге ол маркстік-лениндік ілімнің жеңімпаз күшінің айқын көрінісі және империализмге жаңадан мейлінше күшті соққы бергендік болды, дүниежүзілік ре-

акцияның және соғыс өртін тұтандырушылар лагерінің тағы да жеңілгендігі болды.

Жаңа халықтық республиканың құрылуы азат етілген қытай халқы арасында ғана емес, оның үстіне бейбітшілік пен демократияның бүкіл лагерінде, оның бүкіл дүние жүзіндегі достары арасында орасан күшті жігер, зор қуаныш туғызды.

Қытай халқының күресін шын тілектестікпен үнемі байқап келген Совет Одағы Қытай Халық Республикасының құрылуына ең алдымен үн қосып, құттықтады, совет үкіметінің 1949 жылғы 2 октябрьдегі нотасы бойынша жаңа республикамен дипломатиялық қатнас орнату жолымен, оған орасан зор моральдық көмек көрсетті.

Совет Одағының ізінше небәрі 3—4 күннің ішінде Қытай Халық республикасын Польша, Чехословакия, Венгрия, Болгария, Румыния, Корея және Мөңғол Халық республикасы таныды.

Бұл жаңа демократиялық республикалардың бәрінің халықтары Қытай Халық Республикасының құрылуын — Совет Одағы бастаған демократия және бейбітшілік халықаралық лагерінің орасан мықтап күшейгенін дәлелдейтін факті деп танып, құттықтады.

475 миллион Қытай халқы қосылғаннан кейін демократия және бейбітшілік лагері ССРО мен халықтық демократия елдерінің өзінде ғана бүкіл дүние жүзі халқының үштен бір бөлегін біріктірді (капиталистік елдердегі демократиялық лагерьді жақтаушы орасан көп адамдарды, империализм езіп отырған отар және тәуелді елдердің бейбітшілік және демократия лагеріне қосылған жүздеген миллион халқын қоспағанда).

Қытай халқының біртұтас ерікті елдікке ұмтылған тілегінің белгісі — Халық Республикасының жариялануы халықаралық реакцияның дұшпандық әрекетіне аса қатты соққы беріп, оның лагерінде күшті абыржушылық туғызды.

Өзінің қаһармандық күресінің қортындысында қытай халқы коммунист партиясының басшылығымен қазірдің өзінде тәуелсіздік пен бостандыққа жетті. Прогресшіл адамзаттың қас жаулары — америка империалистері және олардың көмекшілері қаншама құтырынса да, қытай халқының тәуелсіздік және бостандық алуына бөгет жасамақ болып қаншама өлектенсе де, Қытай Халық Республикасы ССРО бастаған бүкіл дүние жүзінің демократияшыл күштерінің қолдауымен халықтардың семьясында өзіне лайықты орын алады.

«Қытай ұлты, — деп көрсетті Мао Цзе-дун, — қазірден бастап дүние жүзіндегі бейбітшіл және бостандық сүйгіш халықтардың ұлы семьясының мүшесі болады».⁵¹

ҚАТАИ ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ

Шығыс Европа елдеріндегі сыяқты, Қытайда дамып келе жатқан жана демократиялық құрылыс «дамудың социалистік жолына көшу үшін» негіз қалауда.

Жданов жолдас жаңа демократия құрылысының өзгешеліктерін сыпаттай келіп, былай деп көрсетті:

«Жаңа демократиялық өкімет... халық бұқарасының қостауына сүйене отырып, буржуазиялық демократияның қолынан келмейтін прогресшіл демократиялық қайта құрылысты қысқа мерзімде жүзеге асырды. Аграрлық реформа шаруаларға жер берді және помещиктер табын жоюға жеткізді... Сонымен бірге мемлекеттік жалпыхалықтық меншіктің негізі қаланды, мемлекеттің жаңа тұрпаты — **халықтық республика** құрылды. Мұнда өкімет халықтікі, ірі өнеркәсіп, транспорт, банктер мемлекеттікі және жетекші күш жұмысшы табы бастаған халықтың еңбекші таптарының блогі болып табылады»⁵².

Димитров жолдас 1948 жылғы 19 декабрьде Болгария жұмысшы (коммунистер) партиясының 5-съзінде жасаған баяндамасында Шығыс Европадағы халықтық демократия елдерінің даму тәжірибесін есепке ала отырып, халықтық демократия құрылысы тұсында капитализммен социализмге көшу мынадай жолмен жүзеге асады деп атап көрсетті:

1. Капиталистік құрылысты және буржуазияның үстемдігін қалпына келтіруге бағытталған қанаушы таптардың барлық әрекеттері мен беталысына қарсы күресу;

2. Капиталистік элементтерді толық жойғанға дейін оларға қарсы үздіксіз күрес жүргізу;

3. ССРО-мен ынтымақтас және дос болу;

4. дүниежүзілік жана соғысты бастамақшы және социализм мен коммунизм құрылысына кедергі жасамақшы болған, АҚШ бастаған империалистік лагерьдің әрекеттеріне қарсы біртұтас антиимпериалистік лагерьдің белсене қатысу жолымен жүзеге асырылады деп атап көрсетті.

Бұдан мынадай қортынды шығады: халықтық демокра-

⁵¹ «Правда», 23/IX 1949 ж.

⁵² «Правда», 22/X 1947 ж.

тия құрылысы бейнебір өзгермейтін, үнемі бірқалыпта қалатын құрылыс болып табылмайды. Бұл құрылыс түрлі таптар және экономикалық укладтар түрінде қалыптасқан қайшылықтар күресі негізінде саяси жағынан да, экономикалық жағынан да дамып отырады. Ал халықтық демократия құрылысы пролетариат диктатурасының функциясын атқаратын болуы себепті, бұл даму социалистік элементтерді күшейту жағына қарай бағыттталып отырады және ол бірден өте шықпайды, кескілескен таптық күрес жағдайында бірте-бірте өтіп отырады. Бұл жөнінде Орталық және Шығыс Европадағы халықтық демократия елдерінің даму тарихы айқын мысал болады.

Европадағы халықтық демократияның тәжірибесі, сол сыяқты Қытайдағы экономикалық және саяси жағдай туралы жоғарыда келтірілген талдау қазіргі кезеңде қытайдағы халықтық демократия құрылысының өзгешеліктерін, сонымен қатар оның одан әрі даму жолдарын ұғынудың кілті болып табылады.

Азат етілген аудандардың жерінде жүзеге асырылған саяси және экономикалық өзгерістер, халықтық демократияның негізгі принципалды сыпаттары Қытайдың азат етілген аудандарының жерінде қазіргі өзінде жүзеге асырылғандығын көрсетеді. Бұл ең алдымен халық өкіметінің, еңбекшілер өкіметінің орнауымен, жұмысшы табының және оның партиясының жетекшілік ролінің қамтамасыз етілуімен сыпатталады.

Халықтық саяси консультациялық конференциясы шақырылып, Қытай Халық Республикасы құрылғанға дейін азат етілген аудандардың жерінде ұлттық-саяси советтер жоғарғы өкімет органдары болып келді, бұл советтерді бүкіл халық жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы негізінде дауысты жасырып беру жолымен сайлап отырды.

Халықтық-саяси советтер өзіне қараған жерде заң шығару және әкімшілік праволарына ие болды, азат етілген аудандарда әкімшілік комитеттері түрінде құрылған өкіметтің атқару органдарын, уез бастықтарын, село старосталарын және қала муниципалитеттерін тағайындап, олардың жұмысын бақылап отырды. Халықтың сенім көрсетуі, бұқара арасында зор бедел алу қытай коммунист партиясына халықтық-саяси советтерде болсын, сол сыяқты өкімет билігінің атқару орындарында болсын басшылық рольді қамтамасыз етті, компартия солар арқылы өзінің халықтық демократия жөніндегі программасын жүзеге асырып отырды.

Азат етілген аудандарда радикалды аграрлық реформа жүзеге асырылды, бұл реформа тек помещиктердің ғана емес,

кулактардың да жерін, өндіріс құралдарын алып, оларды еңбекші шаруалардың қолына берді (мұның экономикалық және саяси нәтижелері жоғарыда айтылды).

Халық-азаттық армиясы өнеркәсіп аудандарын азат етісімен, бұл аудандарда бұрын шетел империалистері мен монополистік капиталдың «төрт семьясының» қолында болып келген ірі өнеркәсіп, банк және транспорт мемлекеттің, жалпы халықтың меншігіне айналдырылып отырды.

Қытайдағы жаңа демократиялық құрылыстың негізгі экономикалық өзгешеліктерін белгілей келіп, Мао Цзе-дун былай деп көрсетті:

«Жаңа Қытайдың экономикасы мыналардан құралады: 1) басшы элемент мемлекеттік шаруашылықтан; 2) жеке шаруашылықты коллективтік шаруашылыққа көшіру жолымен бірте-бірте дамылатын ауыл шаруашылығынан; 3) жеке ұсақ колөнершілері мен саудагерлердің шаруашылығынан, ұсақ және орта жеке капиталдың шаруашылығынан. Жаңа демократиялық құрылыста осының бәрі тұтас алғанда халық шаруашылығы болып табылады»⁵²

Сонымен, социалистік даму жолына көшуге негіз қалайтын құрылыс ретінде, Қытайдағы жаңа демократиялық құрылыстың батыстағы халықтық демократия мемлекеттерінен принциптік ешқандай айырмашылығы жоқ.

Бұл Халықтық саяси консультациялық конференция қабылданған саяси документтерден, әсіресе Халықтық саяси консультациялық советтің Жалпы программасынан өте айқын көрініп отыр, бұл программада Қытай Халық Республикасына негіз болған принциптер айтылады. Бүкіл Қытай халқының тілегін білдірген конференция уәкілдеріне халықтық демократия Қытайдың социализм жолымен дамуының өту формасы екендігіне ешқандай күман болған жоқ.⁵³ Бұл Жалпы программаның барлық тарауларында айқын баяндалды.

Программаның кіріспесі халықтық демократия диктатурасының мәнін біртұтас халықтық демократия майданының мемлекеттік өкімет формасы деп анықтай келе, халықтық демократия Қытай Халық Республикасының ұлттық құрылысының саяси негізі болады деп көрсетті.

1-тарау «Ж а л п ы п р и н ц и п т е р» Қытай Халық Респуб-

⁵² Мао Цзе-Дун. 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндама, «Маңызды документтер» жыйнағы, Харбин, 1948 ж.

⁵³ Чжоу Эн-лайдың 1949 жылғы 22 сентябрьде сөйлеген сөзін қара. «Правда» 1949 ж. 29 сентябрь.

ликасын халықтық демократия мемлекеті деп белгілейді. Бұл мемлекет жұмысшы табы бастаған, жұмысшылар мен шаруалардың одағына негізделген, Қытайдың барлық демократиялық таптары мен барлық аз ұлттарды бірлестіретін халықтық демократия диктатурасын жүзеге асырады, империализмге қарсы, феодализмге және бюрократтық капиталға қарсы күрес жүргізеді.

Қытай Халық Республикасының негізгі міндеттері ретінде программа Қытайдағы империализмнің ерекше праволарының бәрін жоюды; бюрократтық капиталды конфискациялап, оны халық мемлекетінің меншігіне беруді; аграрлық реформа жүргізуді; мемлекеттің және кооперативтердің қоғамдық меншігін қорғауды; халық экономикасын дамытуды және елді ауылшаруашылық елінен индустриялы елге айналдыруды белгіледі.

Халыққа сайлау және басқа да саяси праволарды қамтамасыз етіп, барлық салаларда әйелдерге тең правоны, және де барлық ұлттарға праволар мен міндеттің теңділігін жариялап, программа: реакцияшыл элементтердің, феодалдық помещиктердің, бюрократтық капитал мен жаппай капиталистердің уәкілдерінің контрреволюциялық әрекеттерін жаныштауды, олардың саяси провалын жоюды арнаулы түрде көздейді.

Қытай Халық Республикасы империалистік агрессияға қарсы бейбітшілік жолында бірлесіп күресу үшін бейбітшілік сүйгіш және азаттық сүйгіш елдермен, еңалдымен ССРО-мен бірлесетіндігін салтанатты түрде мәлімдеу де программаның декларациялық жалпы принциптеріне жатады.

II-тарау «Мемлекеттік өкімет орындары» мемлекеттік өкімет халықтікі және ол жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланатын Халық жыйналыстары арқылы және соңғылар сайлайтын барлық сатыдағы халық өкімет орындары арқылы жүзеге асырылады деп көрсетеді. Жоғарғы заң шығару орны Бүкілқытайлық халық үкіметі, ал атқару орны — Бүкілқытайлық халық жыйналысы сайлайтын Орталық халық үкіметі болып табылады.

Бүкілқытайлық халық жыйналысы шақырылғанға дейін оның функциясын Халықтық саяси консультациялық советі орындайды, ол Халық жыйналысы шақырылғаннан кейін Халықтық демократиялық майдан болып кеңесші орган ретінде қалады.

Программа мыналарды көздейді: жаңадан азат етілген аудандарда мемлекет билігін еңалдымен соғыс бақылау комитеттері арқылы халық-азаттық армиясының соғыс өкімет орындары жүзеге асырады, одам кейін ол бірте-бірте барлық

жіктегі халық уәкілдерінің жергілікті конференцияларына ауысады. Бұл аудандарда жергілікті халық жыйналыстарының сайлауы жер реформасы жүргізіліп, халық ұйымдастырылғаннан кейін ғана, яғни халықтың помещиктер мен реакцияшыл басқа элементтерден экономикалық тәуелділігі жойылғаннан кейін ғана өткізіледі. Өкімет билігінің барлық орындарын құрудың негізі демократиялық централизм болып табылады.

Халықты езуші гоминдандық барлық заңдар жойылады, халықтың мүдделерін қорғайтын заңдар енгізіледі деп көрсетілген программада. Халықтық сот системасы мен бақылау орындары құрылады, оларға халық қандайда болса мемлекет мекемелері жөнінде шағым бере алады.

I және II-тарауларда халықтың мүддесі үшін қызмет ететін, қоғамдық мүдделердің толық сақталуын қамтамасыз ететін нағыз халықтық өкімет, еңбекшілер өкіметі ретінде халықтық демократияның саяси өзгешеліктері толық көрсетілген.

III-тарау «Соғыс системасы» халық-азаттық армиясы мен қоғамдық қауыпсыздық әскерлерін бірлестіретін біртұтас қарулы күштер құруды, офицерлер мен жауынгерлерді революциялық, патриоттық рухта саяси тәрбиелеу системасын құруды; армияны модернизациялауды; әуе күштері мен соғыстеңіз флотын құруды; халық милициясы системасын енгізуді, сонымен қатар жалпыға бірдей әскери міндеттілікті енгізуді әзірлеуді көздейді. Сол сыяқты бейбітшілік кезде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп жұмыстарына қарулы күштерді тарту көзделеді.

IV-тарау «Экономикалық саясат» халықтық демократия құрылысының экономикалық өзгешеліктерін, оның көп укладтығын баяндайды. Ол экономиканың бес секторын атап өтеді: мемлекеттік, кооперативтік, жеке шаруашылық, ұсақ қолөнерші жеке капиталистік және мемлекеттік капитализм секторы. Бұлардың өзгешеліктерін атай келіп, программа: жетекші роль мемлекеттік экономика секторына жатады, оның сыпаты социалистік, елдің экономикасы үшін аса маңызды кәсіпорындардың бәрін ол біріктіріп отырады. Бұлар қоғамдық меншікті құрайды, бүкілқоғамдық экономиканың материалдық базасы және жетекші күші болып табылады. Мемлекеттік экономика секторы арқылы мемлекет басқа секторларға басшылық етеді, деп көрсетеді.

Программа кооператив секторын өркендетуді, оған түрлі артықшылық пен жеңілдіктер беруді, сонымен қатар халыққа пайда келтіретін барлық жеке кәсіпорындардың ісіне жағдай туғызуды көздейді.

Мемлекеттік капитализм секторы мемлекеттің жеке капиталмен ынтымақтасу секторы болып табылады, бұл кәсіпорындарды бірлесіп басқару және жеке капиталдың мемлекеттік кәсіпорындарды жалға алуы түрінде жүргізіледі.

Программаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарындағы жұмысшылар әкімшілік комитеттер арқылы кәсіпорындарды басқару ісіне қатысады. Жеке кәсіпорындар кәсіподақтармен коллективтік шарт жасасуға міндетті. 8—10 сағаттық жұмыс күні, минимум жалақы, және де әлеуметтік қамсыздандыруды бірте-бірте енгізу, жасөспірімдер мен әйелдер еңбегін қорғау және жалпы еңбек қорғау қамтамасыз етіледі. Программа шаруалардың жер реформасы кезінде алған жерге не болу правосын қорғауды, сол сыяқты азат етілген аудандарда шаруаларды ұйымдастыру және реформа жүргізуді жария етеді.

Программа елдің экономикасының мемлекеттік, кооперативтік және жеке секторларын қалпына келтіру және дамытудың негізгі жоспарын жасауды көздеп, экономиканың жеке салаларын дамыту жөніндегі міндеттерді белгілейді. Негізгі міндет — ауылшаруашылық өндірісін дамыту және еріктілік негізінде өзара жәрдемдесіп, еңбек етудің және өндірістік кооперацияның түрлі формаларын бірте-бірте құру үшін шаруаларды ұйымдастыру; ең алдымен ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіру және дамыту; сыртқы саудаға, керексінуді және ұсынысты тәртіптейтін мемлекеттік сауда кәсіпорындарында мемлекеттік бақылау және протекционизм системасын енгізу, ішкі сауда саласында кооперацияны дамытуға жағдай туғызу; пайдаланылмай жатқан және өнімсіз капиталды өнеркәсіпке бағыттау; кооперацияның барлық түрлерін дамытуға толық жағдай туғызып, көмек көрсету; жеке меншіктің финансы ұйымдарының аржылары мен қызметіне мемлекеттік қатаң бақылау қою.

Программаның III-тарауы шаруашылықтың мемлекеттік және кооператив секторы түріндегі қоғамдық формаларының иетекші ролін, оларды бірінші кезекте дамытудың керектігін және басқа секторлар жөнінде мемлекеттің реттеу ролін айқын белгілейді, мұның өзі халықтық демократияның социализмге қарай өркенреуіндегі ерекше сипаты болып табылады.

V-тарау. «Мәдениет және оқу саласындағы саясат» бұл да халықтың қоғамдық санасын арттыруды, халықтық демократияны дамытудың шарты ретінде қоғамдық азат идеялар мен ғылымды кең тарату міндетін алға қояды.

Программа бойынша жаңа Қытайдың мәдениеті мен оқу ісі түрі ұлттық, мазмұны ғылыми және сипаты халықтық болуға

тиіс. Бұлар азаматтарды отан мен халыққа сүйіспеншілік, еңбек пен ғылымға сүйіспеншілік және қоғамдық меншікке қамқорлық жасау рухында тәрбиелеуге тиіс.

Программа жаратылыс тану ғылымын дамытуды, қоғамдық ғылымды зерттеп, талқылауда ғылми-тарихи көзқарасты дамыту ісін қуаттауды көздейді, әдебиет пен искусствоны халық мүдделеріне пайдалануды, жалпыға бірдей оқу енгізуді, техникалық білімді дамытуды, жас және қарт ұрпақтар интеллигенциясына революциялық-саяси тәрбие беруді көздейді. Шын хабар беру бостандығы қамтамасыз етіледі, баспасөзді халыққа зиян келтіру мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

VI-тарау «Ұлт мәселесіндегі саясат» барлық ұлттардың тең праволылығын, аз ұлт халқы басым аудандарда жергілікті автономияның жүзеге асырылуын көздейді.

VII-тарау «Сыртқы саясат» Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатының принципі елдің тәуелсіздігі мен суверенділігін қорғап қана қоймай, жалпыға бірдей бейбітшілікті қорғау, империалистік агрессияға және соғыс саясатына қарсы күресу болып табылады деп көрсетеді.

Программаның жоғарыда көрсетілген қағыйдалары, бұл программа саяси және экономикалық тараудан бастап, идеологиялық тарауға дейін өзінің барлық тарауларында, еңалдымен барлық салаларда қоғамдық элементтердің артықшылығын қамтамасыз ету міндетін, қытайдың қоғамдық шаруашылық жолымен дамуы үшін берік негіз жасау міндетін көздейді.

Осы тұрғыдан қарағанда Халықтық саяси консультациялық советтің Жалпы программасы, сөз жоқ, елдің социализмге өтуі үшін негіз қалайтын құрылыс ретінде Қытайдың халықтық демократиясын сыпаттайды.

Қытайда халықтық демократия құрылысы әлі елдің бір бөлегінде бақылау жүргізіп отырған ішкі реакция мен шетел империализмінің біріккен күштеріне қарсы кескілескен күралды күрес жүргізу жағдайында жасалып отыр. Экономикада, саяси және идеологиялық қондырмада феодализмнің орасан көп қалдықтары бар артта қалған жартылай отар елде мұның өзі елдің даму процесінде өзіне тән кейбір өзгешеліктерді тұғызбай қоймайды.

Осындай жағдайларда Қытай халықтық демократиясының аса маңызды міндеті өндіргіш күштерді, әсіресе өнеркәсіпті жедел дамыту болып табылады, мұның өзі экономикалық жағынан артта қалушылықты жояды, бытыранқы ұсақ өндірушілер-

дің механикаланған ірі өндіріске көшуіне жағдай туғызады, социализмге өту үшін экономикалық мүмкіншіліктерді әзірлейді.

Қытайдың халықтық демократиясы белгілі мерзімге дейін және белгілі бір шамада қалада болсын, деревняда болсын капиталистік элементтердің өмір сүруіне мүмкіндік беріп қана қоймай, оны дамытуға да мүмкіндік беру қажеттігімен санасып отырады, бұл жөнінде халықтық-демократиялық мемлекеттің тәртіптеуші ролі міндетті түрде қамтамасыз етіледі.

Осыған сәйкес коммунистік партия орта және ұсақ буржуазия жөнінде өзінің тактикалық жолын белгіледі.

«Чиновниктік буржуазия мен помещиктер табының, олардың мемлекеттік өкіметінің езгісінен және қысымынан азап шегіп келе жатқан ұсақ және орта буржуазия, бұлардың өздері де буржуазиялық тап болуларына қарамастан, жаңа демократиялық революцияға қатыса алады немесе бейтарап болып қала алады. Олардың империализм мен байланысы жоқ немесе байланысы аз».⁵⁴

Осыған байланысты компартия орта және ұсақ буржуазия жөнінде 1931—1934 жылдағы «асыра солшыл» қате саясатты қайталамауды ескертеді. Қытай сыяқты жартылай отар және жартылай феодалдық артта қалған елдің жағдайында «Қытайдағы империализмнің ерекше артықшылығын жоюдан басқа, жаңа демократиялық революцияның міндеті помещиктер мен чиновниктік буржуазия (ірі буржуазия) табының қанауы мен езушілігін жою компрадорлық, феодалдық өндірістік қатнастарды өзгерту, құрсауда бөгеліп жатқан өндіргіш күштерді азат ету болып табылады».⁵⁵

«Қытайдың экономикасы артта қалуына байланысты ұсақ және орта буржуазияның бұқарасынан құралған капиталистік шаруашылық тіпті бүкіл елде революция жеңгеннен кейін де ұзақ уақыт өмір сүреді және біз оған жол беруіміз керек»⁵⁶ дейді Мао Цзе-дун өзінің 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндамасында.

Экономиканың негізгі салаларында мемлекеттік жалпы халықтық меншік басым болып, ауыл шаруашылығы бытыранқы ұсақ өндірістен бірте-бірте кооперативтік даму жолына өтіп отырған жағдайда «мұндай ұсақ және орташа капиталистік

⁵⁴ Мао Цзе-дун. 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндама. «Маңызды документтер» жыйнағы. Харбин, 1948 ж.

⁵⁵ Мао Цзе-дун. 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндама. «Маңызды документтер» жыйнағы. Харбин, 1948 ж.

⁵⁶ Мао Цзе-дун. Ағымдағы кезең және біздің міндеттер... «Маңызды документтер» жыйнағы. Харбин 1948 ж.

элементтердің өмір сүріп, дамуы ешқандай қауыпты емес... Кулактік жаңа шаруашылық туралы да осыны айтуға болады, бұл шаруашылық аграрлық революциядан кейін деревняда сөзсіз болады»⁵⁷.

Халықтық-демократиялық Қытайдың экономикасында капиталистік элементтерді белгілі бір мезгілге дейін сақтаудың қажеттігі «Халықтық демократияның диктатурасы» туралы Мао Цзе-дуннің соңғы мақаласында да атап көрсетілген, бұл мақалада ол былай деп жазады:

«Қазіргі кезеңде ұлт буржуазиясының ерекше маңызы бар. Империализм әлде болса бізбен қатар отыр және ол өте қатал жау. Қытайда нағыз экономикалық тәуелсіздікті жүзеге асыру үшін көп уақыт керек... Империалистердің қысымын жеңіп, артта қалған экономиканы бір адым алға бастыру үшін, Қытай ұлттық экономикаға пайда келтіретін және халықтың тұрмыс дәрежесіне зиян тигізбейтін қала және селодағы барлық капиталистік кәсіпорындарды пайдалануға тиіс, жалпы күресте ол ұлт буржуазиясымен бірігуге тиіс. Біздің қазіргі саясатымыз капитализмді жою емес, оған шек қою болып отыр». Бірақ, дейді одан әрі Мао Цзе-дун, буржуазия «мемлекетте жетекші орын алмауға тиіс».⁵⁸

Қазір Қытайда халықтық-демократиялық құрылыс орнағу процесіне ұлт буржуазиясы, оның буржуазияшыл-либеральдық партиялары мен топтарының уәкілдері және жеке адамдары демократиялық біртұтас ұлт майданының мүшесі ретінде Халықтық саяси консультация конференциясына және ол сайлаған Ұлттық комитетке, Қытай Халық Республикасының Орталық үкіметіне қатысып отыр.

Бұл Халықтық саяси консультациялық советтің Жалпы программасында да баяндалды, бұл программада ұлт буржуазиясының экономикалық мүдделерін қорғау, халыққа пайда келтіретін жеке кәсіпорындардың ісіне жағдай туғызу, мемлекеттік капитализмде жеке капиталдың қатысуы көзделді.

Капитализмнен социализмге өту дәуірінде, жеке меншікті капиталистік кәсіпорындар экономиканың тұтас бөлегінің бірі болып тұрған жағдайда болса елдің экономикасын дамытуда капиталистік элементтердің қатысуының мүмкіндігі, жаңа экономикалық саясат (НЭП) кезіндегі Советтік Россияның үлгісі-

⁵⁷ Мао Цзе-дун. Ағымдағы кезең және біздің міндеттер... «Маңызы документтер» жыйнағы. Харбин, 1948 ж.

⁵⁸ «Правда», 6/VII—1949 ж.

мен дәлелденіп отыр. Саяси өкімет билігін, экономикалық басы орындарды халық мемлекетінің қолында ұстау, социалистік элементтердің өсуі және олардың капиталистік элементтермен күрес жүргізуі капиталистік тәртіпті қайтадан қалпына келтірмеудің кепілі болып табылады.

Сталин жолдас «Коминтерннің программасы туралы» 1928 жылғы 5 июльдегі сөзінде нәпті пролетариат диктатурасының «рыноксіз, рыноктан тыс өнімді тура айырбастау ретімен емес, рынок арқылы, рынокті пайдалану ретімен капиталистік элементтерді жеңуге, сөйтіп социалистік шаруашылықты ұйымдастыруға бағытталған» саясат деп белгіледі.

Капиталистік елдердің, тіпті әбден өркендеген елдерінің өзі капитализмнен социализмге көшу кезінде нәпке соқпай өте ала ма деп сұрау қойып, Сталин жолдас, нәпке соқпай өте алмайды деп жауап береді.

«Пролетариат диктатурасы дәуірінде әрбір капиталистік ел үшін рыноктік байланыстармен бірге, осы рыноктік байланыстарды пайдаланумен бірге жаңа экономикалық саясат белгілібір дәрежеде сөзсіз қажет»⁵⁹.

Экономика жағынан артта қалған жартылай феодалдық және жартылай отар ел қытай үшін оның қажеттілігі әлде қайда зор, ұйткені қытайда халықтық демократиялық құрылыс феодализм қалдықтарына және империалистік езушілікке қарсы кескілескен күрес үстінде орнатылып келеді, онда буржуазияның (ұлт буржуазиясының) жеке топтары әзірше демократия жағында халықпен бірге бас қосып әрекет жасай алады.

Бұл өзгешеліктің мәнісі мынада: Қытайда халық демократиясын орнату дәуірі, сонымен қабат әрі империализмге және феодализмге қарсы революцияны аяқтау дәуірі болып табылады. Қытайдағы халықтық демократияның Орталық және Шығыс Европа елдеріндегі халықтық-демократия құрылысынан айырмашылығы болғанымен, олардың негізгі мақсаттары мен міндеттері бір-біріне сай келеді.

Капиталистік системадан бөлініп калған бірсыпыра елдерде халықтық демократия құрылысының тууы капитализмнің жалпы кризисінің шиеленісуінің аса маңызды белгісі болып табылады. Халықтық демократия құрылысы, егер Совет Одағы бастаған демократия мен социализм лагеріне сүйенсе отар және тәуелді елдердің де бірте-бірте социализмге өтуіне жағдай туғызады. Бұл жөнінде Қытай халық демократиясы бар-

⁵⁹ И. В. Сталин, **Шығармалар**, 11 том 159-бет.

лық отар елдердің халықтарын жігерлендіретін үлгі және оларда халық-азаттық қозғалысының дамуына демеуші зор күш болып табылады.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯНЫҢ ЕЗІЛГЕН ХАЛЫҚТАРЫН РЕВОЛЮЦИЯЛАНДЫРУДА ҚЫТАЙДЫҢ ӘСЕРІ

Қытай халқының халық-азаттық қозғалысы ішкі реакция мен империализмге қарсы күресудегі табыстарымен, демократиялық өзгерістер жасау және шаруашылық, мәдениет құрылымы жөніндегі табыстарымен Оңтүстік-Шығыс Азияның халық езілген халықтарына орасан зор ықпал етіп, оларды революцияландыруға әсерін тигізеді. Бұл қозғалыс оларды бостандыққа, тәуелсіздікке жету үшін және демократиялық правдаларды жеңіп алу үшін империализмге қарсы батыл күреске жігерлендіріп отырады.

Индо-Қытайдың, Бирманың, Малайяның халықтары, тіпті Қытайдан қашықтағы Филиппин, Индонезия, Индия халықтары, қалың бұқара тығыз бірлесіп, ақырына дейін күресуге берік бел байласа империализм мен ішкі реакцияның күштерін талқандауға болатындығын Қытай халқының табыстарынан көріп үлгі алуда. Сонымен қатар жартылай отар ел жағдайында ұлттық-отар революциясының стратегиясы мен тактикасы туралы Лениннің — Сталиннің ілімін, Қытай революциясының мәселелері жөнінде Сталин жолдастың нұсқауларын творчестволықпен қолданған, БК(б)П-ның орасан зор тәжірибесін пайдаланған, сөйтіп осылардың негізінде қазіргідей табыстарға жетіп отырған Қытайдың халық-азаттық қозғалысының өзі Шығыс халықтарына империализмге қарсы күресте дұрыс жол тандап алуға, көп қателіктерді болдырмауға көмектесетін, ашығынмен және ең қысқа мерзімде мақсатқа жетуге көмектесетін революциялық тәжірибенің орасан зор қазнасы болып табылады.

Қытайдағы халық-азаттығы қозғалысының тәжірибесі Шығыстың езілген халықтарына, әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарына мынаны көрсетеді:

1) Халықаралық империалистік лагерьдің күштерін әлсірететін езілген халықтардың халық-азаттық күресі ұлы социалистік мемлекет бастаған демократиялық лагерьдің жалпы күресінің тұтас бір бөлегі болып табылады, және ол осы лагерьмен тығыз бірлескенде ғана жете алады.

2) Империализмге қарсы және демократия үшін күресудің міндеттері біріне-бірі тығыз байланысады. Империалистік үс-

геімдікке қарсы күресу арқасында ғана халық бұқарасы аса қажетті тілегіне жете алады — демократиялық праволар мен жер ала алады. Сонымен бірге, имериализмді құлатудың өзі бұқараны бірлестіру, біртұтас кең майдан құру негізінде ғана мүмкін болады, бұл үшін бұқараның ең қажетті тілектерін қанағаттандыру қажет. Мұнсыз оларды имериализмге қарсы күреске жұмылдыру, қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында олардың белсенділігін арттыру мүмкін емес.

3) Қазіргі жағдайда ұлт буржуазиясы басшы болу ролін орындау былай тұрсын, ұлт-азаттығы қозғалысының негізгі қатысушысы болудан да қалып отыр. Бұл буржуазия бұқара қозғалысының басы-қасында болса-ақ, ол сөзсіз халық бұқарасы есебінен тізе бүгуге, имериализммен келісуге және имериализммен бірігіп алып халық қозғалысын жаныштауға әкеліп соғады. Жұмысшы табы және оның авангарды — коммунистік партия ғана халықтың қалың бұқарасының мүддесіне сай антиимериалистік қозғалысқа басшылық ете алады және бұл қозғалыстың табысқа жетуін қамтамасыз етеді.

4) Халықтың арманын халықтық-демократиялық қозғалыс жолы арқылы ғана, еңбекшілерге өкімет билігін беру, шаруаларға жер беру, имериализм басып алған экономиканың негізгі салаларын пролетариат басшылық ететін халықтық-демократиялық мемлекетке беру жолы арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Қытайдың тәжірибесі халық-азаттығы қозғалысының табысы қамтамасыз етуге қажет болған ішкі саяси жағдайды белгілеуге көмектесе отырып, америка имериализмінің агрессияшыл, экспансиялық ниетін, екі жүзді, жалған тактикасын әшкерелеу үшін де өте бағалы болды. Қытайдың тәжірибесінде бұл өте айқын көзге түседі, өйткені мұнда америка имериализмі бір өзі, ашық әрекет етуге мәжбүр болады; ол басқа имериалистік елдердің (мысалы, Индонезияда голландықтардың) ашықтан-ашық басқыншылық, дөрекі әрекеттерін бетке ұстап жасырына алмайды және ұлт азаттығы қозғалысының буржуазиялық-помещиктік элементтерімен ауыз біріктіру жөніндегі өзінің ебдейлі саясатын оларға қарама-қарсы қоя алмайды. Қытайдағы америка саясатының тәжірибесінен Оңтүстік-Шығыс Азияның езілген халықтары реакцияның мүдделерін көкसेген америка имериализмінің әртүрлі «бейбітшілік» және «демократиялық» әдіс-айлаларының өтіріктігін оңай біле алады. Бұл әдіс-айлалар әртүрлі өтірік демократиялық формалардың және ресми буржуазиялық демократия институттарының көмегімен, оның реакциялық мәнін өзгертпестен,

реакцияны нығайту үшін уақыттан ұтуға, немесе реакциялық тәртіпті бүркемелеуге бағытталған.

Қытайдың тәжірибесінен американ империализмі мен оның дегенін істейтін қолшоқпар болып табылатын қандайда болсын елдің ішкі реакциясының тығыз байланыстылығы айқындалады. Американың Қытайдағы саяси және экономикалық әрекеті американ экспансиясының барлық елдерді АҚШ-тың аграрлық-шикізат шылауына айналдыруға, бұл елдерді отар жағдайында қалдыруға, олардың ресурстарын айуандықпен қанауға, бар өндірістік аппаратты және өндіргіш күштерді талқандауға, еңбекшілердің тұрмыс жағдайларын бұрынғы отар тәртібіндегіден де нашарлата түсуге бағытталғандығына халықтардың көзін жеткізеді.

Ерекше маңыздысы сол, Қытайдың тәжірибесінен бүкіл империалистік лагерь сыяқты, американ империализмі де жеңілмейтін лагерь емес екендігін, тіпті экономика жағынан әлсіз халықтар да, егер олар тығыз топталып, біртұтас болып бірігіп, бүкіл демократиялық лагерьдің қостауына сүйеніп, күрес жүргізе империализмді жеңе алатындығын езілген халықтар көріп отыр.

Қытай компартиясының председателі Мао Цзе-дун империализм бұғауынан құтылу үшін Шығыс халықтары қандай жолмен күресуге тиіс, екендігін көрсетіп берді.

«Шығыстағы түрлі елдердің империализмге қарсы барлық күштері езушілікте жатқан Шығыстың жарты миллиардтан астам халқын азат етуді көздеп өз елдеріндегі империализмге және реакцияшылдарға қарсы күреске аттанулары керек. Біздер өз тағыдырымызды өз қолдарымызға алуымыз тиіс. Біз өз қатарымызды әртүрлі артта қалған және тұрақсыз элементтерден тазартуымыз керек. Жаудың күшін асыра бағалайтын, халықтың күшін жете бағаламайтын қандай да болса көзқарас — қате. Бүкіл дүние жүзінің демократиялық күштерімен бірлесіп біз күш жұмылдыруымыз қажет, сонда біз империалистердің құлдыққа түсіру жоспарын сөзсіз жеңеміз, дүниежүзілік үшінші соғысты болдырмаймыз, сөйтіп реакцияшылдардың езушілігінен құтыламыз және адамзатқа мәңгі бейбітшіліктің салтанатын қамтамасыз етеміз»⁶⁰.

Қытайдағы халық-азаттық қозғалысының езілген халықтарға ықпалы зор екенін Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі империализмге қарсы күрестің ұлғаюы сыпаттайды.

⁶⁰ Мао Цзе-дун. 1947 жылғы 25 декабрьдегі баяндама. «Правда» 3/1 1948 ж.

Империалистердің қытай демократиясының табыстарынан қорқатындығы американ империализмінің гоминдан реакциясына орасан зор соғыс көмегін беруінен ғана емес, демократиялық Қытайды оқшау қалдыру әрекетінен де, азаттық идеяларының тарауына бөгет жасау әрекеттерінен де айқын көрінеді.

Бұл жөнінде американ империализмінің мүдделері — өзінің Малайядағы, Бирмадағы позициясына қауыптанатынын ағылшын империализмінің, Индонезиядағы голланд империализмінің, Индо-Қытайдағы Француз империализмінің мүдделерімен, Американың көмегімен, тым болмаса, Формозада үстемдігін сақтап қалуға үміттенген гоминдан реакциясының мүдделерімен, жапон милитаризмінің және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі реакцияшыл элементтердің мүдделерімен сай келеді.

Сондықтан американ империализмі өз итаршыларының Батыс Европа одағы тәрізді, ССРО-ға қарсы, Қытай демократиясына қарсы, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі халық-азаттық қозғалысына қарсы бағытталған, Солтүстік-атлантика шартына қосымша Тынық мұхит шарты түрінде Жапония мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің реакциялық соғыс «альянсын» құруға әрекет жасап отыр.

Бұдан басқа, АҚШ Жапонияға, Оңтүстік Кореяға, Қытайдың жағалауымен оңтүстікке қарай созылған көп аралдарға бақылау жүргізуді өз қол астына қаратып алу арқылы және мұнда өзінің соғыс базаларын құру арқылы, демократиялық Қытайға теңіз жөнінен тосқауыл жасауға, сөйтіп қысымшылықтағы басқа елдермен және империалистік мемлекеттердің қол астындағы аралдармен қытайдың байланыс жасауына бөгет жасауды көздеп отыр.

* * *

Қытай халқының тарихи жеңісі — капитализмнің жалпы дағдарысының, әсіресе, отар системасындағы дағдарыстың шиеленісуінің айқын бір белгісі болды.

«Дүниежүзілік екінші соғыстың қортындысында отарлық системадағы дағдарыстың шиеленісуі отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысының мықтап өрлеуімен сыпатталды. Сөйтіп капиталистік системаның тылына қауып төнді⁶¹.

Бірнеше ірі-ірі империалистік мемлекеттер тарапынан жартылай отарлық қанаудың сан-алуан түріне душар болған 475 миллион халқы бар Қытай — империалистік тылдың керемет зор участогі болған еді. АҚШ дүниежүзілік екінші соғыс-

⁶¹ А. Жданов. Халықаралық жағдай туралы. «Правда», 22/Х 1947 ж.

тан кейін, өзінің шиеленіскен ішкі және халықаралық қайшылықтарын қытайдың есесінен шешу үшін Қытай рыногін пайдалануды, америка соғыс құмарлары қоздырып жүрген экспансиялық жоспарды және дүниежүзілік үшінші соғысты әзірлеу жоспарын жүзеге асыру үшін қытай халқын соғыс жемтігі етіп пайдалануды көздеген еді.

Қытай халқының жеңісі америка империализмінің бұл жоспарын түп тамырымен талқандады, оның үстіне америка монополиясының бүкіл дүние жүзінде үстемдік орнатпақшы болған сандырақ әрекетінің негізсіз, авантюристік әрекет екендігін айқын көрсетті.

Азат етілген Қытай бейбітшіліктің, социализмнің және демократияның жеңілмейтін лагерінің тұтас бір бөлегі болды.

Тарих ғылымының докторы
А. М. ДЬЯКОВ

ИНДИЯДА АҒЫЛШЫН ҮСТЕМДІГІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ИНДИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Индияда болған өзгерістер,— империализмнің отарлық системасы дағдарысының соғыстан кейінгі шиеленісуінің ең айқын бір белгісі болып табылады. Индия ұлттық ірі буржуазиясы және сансыз көп пролетариаты бар, өнеркәсібі мейлінше дамыған отарлық елдің қатарына жатады. Индияның өзінің ұлт-азаттығы қозғалысының ұзақ тарихы бар. Индия — анағұрлым дамыған отарлық елдерде дүниежүзілік екінші соғыстан кейін ұлттық ірі буржуазия империализмнің негізгі тірегіне айналғандығын көрсететін айқын мысал болды. Біз мұнда мынаны көреміз: пролетариат дербес саяси күш болып майданға шығып, ал жақсы ұйымдасқан ірі буржуазия империализммен ауыз біріктіріп отырғанда, осы буржуазияға қарсы күрес жүргізбейінше отар елдер империализмнің билігінен толық бостандық ала алмайтындығын көреміз.

Индияда империализмге қарсы революция үшін объективтік жағдайлардың туғанына көп болды. Ағылшын үстемдігіне қарсы бағытталған ұйымдасқан ұлт қозғалысы дүниежүзілік бірінші соғысқа дейін-ақ саяси күшке айналған еді. Индияға орасан зор әсер еткен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін ұлт қозғалысы бұқаралық сыпат алды. Индия азаттық жолындағы күресте басқа отар елдер мен тәуелді елдердің ішінде алдыңғы қатарда болды. В. И. Ленин 1920 жылы Коминтерннің III Қонгресінде отар және жартылай отар елдер халықтарының оянуы туралы айта келіп былай деген еді.

«Британ Индиясы бұл елдердің ішінде басты орын алып отыр, мұнда бір жағынан, индустриалдық және темір жол пролетариаты өсуі неғұрлым көбейген сайын, екінші жағынан, жаппай адам өлтіру (Амритсар) және жұрт алдында дүре соғу тағы осындай жазаларды жиі қолданатын ағылшындықтар-

дың терроры неғұрлым айуандық түрге көшкен сайын, солғұрлым онда революция тез күшейіп отырады». ¹

И. В. Сталин «Ленинизмнің негіздері туралы» деген еңбегінде 1924 жылы: Индияда империалистік бұғау басқа елдердегіге қарағанда бұрынырақ үзілуі мүмкін деп жазған болатын.

Ленин мен Сталиннің бұл пікірлері Октябрь революциясынан кейін іле-шала Индияда қалыптасқан объективтік жағдайға толық сай келді; осы кезде ағылшын империализмі Индияны жаңа, бүркемелі түрде болса да отарлық тәуелділікте ұстап келе жатса, мұның өзі Индиядағы ұлт-азаттығы қозғалысының өзгешелігінен, ағылшын саясатының өзгешелігінен болып отыр.

Ағылшын империализмінің Индияны қанауы формалдық жағынан тәуелсіз жергілікті үкімет арқылы емес, іс жүзінде түгелдей империализмге тәуелді үкімет арқылы жүзеге асырылып отырды (Қытай, Иран, Египет тағы сондай жартылай отар елдердегідей), Индияны тікелей ағылшын чиновниктері билеп, төстеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Индия біржолата капиталистік даму жолына түсіп, пролетариат пен буржуазия арасында таптық күрес аса шиеленісе тұрса да, буржуазия ағылшын үстемдігінің бұл қалпына риза болмады; сөйтіп бұл жағдайдың өзі ағылшын империализміне қарсы күреске Индия қоғамының барлық таптарының мүдделері бірдей деген соқыр сенім туғызуға мүмкіндік берді. Октябрь революциясына дейін, тіпті XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін ағылшын үстемдігін тек болғаны феодалдық князьдар, жартылай феодалдық помещиктер және буржуазияның конградорлық жіктері ғана ашықтан-ашық қостап келген болатын. Сонда да ағылшын үстемдігіне наразы ірі өнеркәсіп буржуазиясы империализмге қарсы және феодализмге қарсы бұқаралық қозғалыстан шошыды. Ол Англияның билеп төстеуші таптарынан саяси және экономикалық билікті тартып алу үшін бұқаралық қозғалысты пайдаланды; бірақ бұл қозғалыс күшейіп, буржуазияның мүдделеріне тиісе бастағанда, буржуазия бұл қозғалысқа опасыздық жасап отырды.

Индияның буржуазиясы өзінің таптық ұйымдарын пролетариаттан бұрын құрып алды. Сондықтан, буржуазия мен либералшыл помещиктер басқарып отырған Бүкіл индиялық Ұлт-конгресі ұлт-азаттық қозғалысына басшылық етуді өз қолына түсіріп алды. Ағылшын империализмінің билігіне қарсы күресте буржуазия ең сенімсіз, тұрақсыз, келісімпаздыққа

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, XXVI том, 3-ші басылуы. 428-бет.

және опасыздыққа әрқашан әзір тұрған көмекші бола тұрса да, оның басшылығындағы Конгресс біздің ғасырдың 30-шы жылына дейін бүкіл қозғалысты жалғыз бір өзі басқарып келді.

XX ғасырдың бас кезінде Индияда ұлт-азаттық қозғалысы, — бұл қозғалыс Россияның 1905 жылғы революциясының әсерімен өрлеген кезде, — ұлт қозғалысының ішіндегі оңшыл буржуазияшыл-помещиктік қанат пен солшыл ұсақ буржуазияшыл интеллигенттік қанаттың арасында үлкен қайшылық туы. Осының нәтижесінде Ұлт конгресі екіге жарылып, демократиялық элементтер шығарылды; Конгрестің оң қанаты 1909 жылғы Конституциялық реформа негізінде ағылшын империализмімен ауыз жаласты.

Дүниежүзілік бірінші соғыстан және Октябрь революциясынан кейін бұл қайшылықтар онан сайын шиеленісе түсті. Индияның жұмысшы-шаруалар бұқарасы күреске аттанды. 1919 жылдың өзінде-ақ аса маңызды провинциялардың халық бұқарасы қозғалысқа қосылды. Бірақ басшылықты буржуазия өз қолында сақтап қала білді. Мұның себебі үкімет басшылығына Гандидің келуімен байланысты болды. Гандизм Ұлт конгресінің буржуазияшыл-помещиктік басшылығының аса күшті кұралы болып, бұқараны өзіне бағындырып ұстауға, өсіп келе жатқан бұқаралық қозғалысты өз мүделеріне пайдалануға мүмкіндік берді.

Ганди таптық бейбітшілікті жақтады, жеке меншікке және қоғамдық қатнастарға қол сұғуға болмайтынын уағыздады. Сөйтіп ол Индияның ірі буржуазиясы мен либералшыл помещиктерінің мүдделерін көксеуші болды. Қалың бұқараның империализмге қарсы сезімін айлаға асырып, олардың саяси жағынан шорқақтығын, қараңғылығын, діншілдігін, соқыр сенімін, шетелдің езгісінен бейбіт жолмен бостандық алу мүмкін деген патриархалдық сенімдерін пайдаланып, Ганди бұқараның саяси күреске қатысуын буржуазияға қолайлы ерекше түрге келтірді. Сондықтан бұқара қозғалысы буржуазияға қауыпты бола бастаса-ақ буржуазия бұл қозғалысты басшыларынан айыруға, оған опасыздық істеуге, сөйтіп белгілі дәрежеде өзінің ықпалын сақтап қалуға гандизмді пайдаланатын болып алды. Қозғалыс өрлеген кезде (1919—1922) ұлт конгресі мүшелерінің саны он миллионға жетті. Буржуазия бұл қозғалысқа опасыздық жасап, ұлт конгресін бастаған оның негізгі бөлегі ағылшын империализмімен ауыз жаласты. И. В. Сталин 1925 жылы Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетін-

де сөйлеген сөзінде Индиядағы саяси жағдайды және Индия коммунистерінің міндеттерін былай деп сыпаттады:

«Индия сияқты отарлардың өмір сүру жағдайындағы негізгі және жана нәрсе — ұлт буржуазиясының революцияшыл және келісімпаз партиялар болып екіге бөлінуінде ғана емес, еналдымен, бұл буржуазияның келісімпаз бөлегінің империализммен негізінен келісіп үлгіргендігінде. Буржуазияның бұл ең бай және ықпалды бөлегі империализмнен гөрі революциядан көбірек қорқып, өзінің туған елінің мүдделерінен гөрі өз қалтасының қамын көбірек ойлап, революцияның мейірімсіз жауларының лагеріне біржолата кетеді, өзінің туған елінің жұмысшылары мен шаруаларына қарсы империализммен одақ жасайды. Бұл одақты қыйратпайынша, революцияның жеңісіне жету мүмкін емес. Бірақ, бұл одақты қыйрату үшін, ұлттық келісімпаз буржуазияға қарсы шабуылды үдету керек, оның сатқындығын әшкерелеп, еңбекшілер бұқарасын оның ықпалынан құтқару керек және пролетариаттың гегемониясына қажетті жағдайларды үздіксіз дайындап отыру керек. Басқаша айтқанда, әңгіме мынада: Индия сияқты отарларда пролетариат қозғалысы көсемінің ролін атқаруға дайындау керек, мұндай құрметті орыннан буржуазияны және оның жаршыларын бірден бірге ығыстыра беру керек. Антиимпериалистік революцияшыл одақ жасау керек, бұл одақта пролетариаттың гегемониясын қамтамасыз ету керек, — міндет осы».²

Бірақ бұл кезде коммунистік топтар әлсіз болғандықтан және жұмысшы қозғалысында бірлік болмағандықтан, сонымен қатар буржуазияшыл басшылардың айлакерлік демогониясының салдарынан ұлт-азаттық қозғалысының басшылығынан буржуазияны ығыстырып шығару, шаруалардың қалың бұқарасы мен ұсақ буржуазияны оның ықпалынан азат ету міндеті жүзеге асырылмады. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезінде Индия буржуазиясының позициясы нәдәуір нығайып, ағылшын империализмімен екі арасындағы қайшылықтар шиеленісе түсті, Конгрестің басшылығына ірі буржуазияның «солшыл» сөздермен бүркемеленген уәкілдері келді (Неру, Бос тағы-тағы басқалар). Олар еңбекшілердің қалың бұқарасын конгресс жағына тарту үшін және бұқаралық қозғалысты ағылшын империалистеріне қысым жасаудың құралы ретінде пайдалану үшін империализмге қарсы демогонияны кеңінен қолданды. Индияда 1933 жыл біртұтас коммунистік партия

² И. В. Сталин. Шығармалар, 7 том, қазақшасының 157—158-беттері.

күрылып, одан кейін кәсіподақтарының екіге бөлінуі жойылып, көпшілік қозғалысында бірлік жасалғаннан кейін де буржуазияны ұлт-азаттық қозғалысынан ығыстырып шығару міндеті орындалмады.

1935 жылы Индияның коммунистік партиясы біртұтас ұлттық майдан тактикасын жүзеге асыра отырып, Ұлт конгресінің жұмысына белсене қатысты. Бұл тактика Индия коммунистеріне жұмысшылардың, шаруалардың, оқушы жастардың және интеллигенцияның бір бөлегі арасында өзінің ықпалын кеңейтуге мүмкіндік берді. Бірақ Индия коммунистері біртұтас майдан тактикасын жүзеге асыра отырып, оңшыл оппортунистік және ұлтшылдық қателіктер жіберді, бұл қателіктер мынадай еді: олар Гандиді, Неруді және Ұлт конгресінің буржуазиялық басқа көсемдерін сынаудан бастартты, олардың халыққа қарсы бағытталған талаптарын әшкерелеуден бастартты.

Осының салдарынан коммунистер буржуазияны ұлт қозғалысының басшылығынан ығыстырып шығару міндетін орындай алмады.

Ағылшын империализмінің Индиядағы саясаты мейлінше ебдейлігімен Индия қоғамына тән түрлі қайшылықтарды және тарихи ескілікті салттарды (дінді, князьдікті, касталарды тағысын тағыларды) шеберлікпен пайдалануымен сыпатталды. Осы саясатын жоспарлы түрде жүзеге асырумен, әсіресе мұсылмандарды индустарға қарама-қарсы қою жолымен ағылшын империализмі индустар мен мұсылмандардың жеке тәуелсіз ұйымдарын (Хинду махасабха және Мұсылман лигасын) құрды, бұл ұйымдар ағылшын саясатын жүзеге асырудың маңызды құралы болды. Мұсылман лигасының басшыларының оппортунизмін және сан рет опасыздық жасағандығын пайдаланып, олардың индус помещиктерімен және өсімқорларымен байланысын, жұмысшы және шаруалар қозғалысынан қорқатындығын, аграрлық және ұлт мәселелерін шеше алмайтындығы былай тұрсын, бұларды шешу жөнінде азда болса тиімді программа ұсына алмайтындығын пайдаланып, мұсылман интеллигенциясы мен шаруаларының қалың көпшілігін өз соңынан ерте алды. Сөйтіп мұсылмандардың едәуір демократиялық бөлегінің оқшау қалуы былай тұрсын, олар индия халқының негізгі бұқарасының күресіне қарсы қойылды.

Осылардың нәтижесінде ағылшын империалистері Индияға ескіше басшылық ете алмайтын болғандықтан, Индияны олар екіге бөліп, онда екі доминион құрды, сонымен жаңа құ-

рылған мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды пайдаланып, оларды бір-біріне қарсы қоюға, осы ретпен жаңа формада өзінің саяси үстемдігін сақтауға жаңа мүмкіндіктер алды.

Индияда шетел империализмінің езушілігін толық құлатуға қажетті жағдайлардың бәрі болуына қарамастан, ондағы ұлт азаттық қозғалысының ұзақ тарихы болуына қарамастан, жұмысшы табының едәуір тығыз топталғандығына және коммунистік партияның болуына қарамастан, Индияның отарлық тәуелділіктен азат бола алмауының негізгі себептері осы еді.

Дүниежүзілік екінші соғыстың алдында Индияда ұлт-азаттығы қозғалысы жаңадан өрледі. Бұл өрлеу өзінің дамуының алғашқы сатысында еді. Бірақ солай болса да бұл қозғалыс 1919—1922 жылдарғы өрлеуден, 30-шы жылдың бас кезіндегі өрлеуден едәуір өзгеше болды.

Ұлт-азаттық қозғалысының соғысқа дейінгі өрлеуінің негізгі өзгешеліктері мынадай еді:

1. Индияның жұмысшы табы, оның жеке топтары ұлтшыл реформизм ықпалында қала тұрса да дербес саяси күш ретінде майданға шығып, Индияны ағылшын үстемдігінен және феодализм қалдықтарынан азат ету жолындағы күрестің дәйекті программасын ұсынды, сөйтіп бүкіл ұлт-азаттығы қозғалысының алдыңғы қатарлы отряды, авангарды болды. Коммунистік партия жұмысшы табының негізгі ұйымдарында, және де шаруалардың бірсыпыра одақтарында жетекші роль атқарды.

Индияда жұмысшы қозғалысының өрлеуі стачкалық қозғалыстың кең өріс алуымен, олардың ұйымшылдығымен, ұзаққа созылуымен, экономикалық талаптармен қатар саяси талаптардың қойылуымен де сипатталды.

2. Шаруалар қозғалысы да өрлеуде болды. 30-жылдарда Индияда шаруалар одақтары (Қисан-Сабха) құрылды; соғыс басталар алдында бұл одақтардың мүшесі жарты миллионға жуықтағанымен, олар Индияның алдыңғы қатарлы аудандарында, әсіресе Шығыс Бенгальда, Андхра елінде, Бихарда, Құрама провинцияларда, Кераліде және Шығыс Пенджабте ықпалды болды. Шаруалар қозғалысы аренда акысын кеміту, өсімқорлықты жою, жер мен су салығын азайту ұранымен жүргізілді, коммунистер басшылық еткен алдыңғы қатарлы ұйымдар помещиктердің жер қожалығын жоюды талап етті. Шаруалар одақтары ұйымдастырған жыйындарға, жорықтарына, арендаторлардың ереуілдеріне миллиондаған шаруалар қатысты.

Сол кезде Ұлт конгресі ұсынған империализмге қарсы ұрандарды шаруалар белсенді түрде қостап отырды. Бұл жерде мынаны ескеру керек: соғысқа дейінгі өрлеу кезінде де, осы кезде де шаруалардың көпшілігі әлі күнге дейін гандизмнің реакцияшыл ықпалында келеді.

3. Феодалдық-помещиктік езшілікке және крепостниктік қалдықтарға қарсы қозғалыс Британ Индиясы провинциясының халқын ғана емес, көптеген князьдіктердің халқын да қамтыды. Князьдіктерде бұрында қозғалыс болатын, бірақ ол кездегі қозғалыс бытыраңқы, стихиялы сыпаттағы қозғалыс еді. Осы қозғалыстың барысында князьдіктерде бұқаралық ұйымдар (Праджа Мандаль, Праджа Паришад) құрылды, бұлардың елеуметтік құрамы түрліше болды, көп жағдайларда осы ұйымдарға Индияның ұлт конгресімен байланысты буржуазияшыл және помещиктік элементтер басшылық етті. Соғыс қарсаңындағы өрлеуде князьдіктерде күрес ұйымдастырудан үнемі бастатқан ұлт конгресі, бұл қозғалыс стихиялы түрде дамып бастағаннан кейін, оның революциялық өрлеуге ұласуын болдырмау үшін қозғалысқа басшылық етуді өз қолына алды. Кейбір князьдіктерде шаруалар көтерілісі болды (Ориссы князьдігі). Князьдіктерге қарасты ұйымдар бүкіл Индиялық көлемде бірігіп, князьдік халықтарының Конференциясы дегенді құрды, бұларды Ұлт конгресінің басшылары басқарды, сонымен бұл қозғалыс реформистік сыпат алды.

Бұрын жалпы индиялық ұлт-азаттығы қозғалысынан шеттеп, Индияда ағылшын империализмінің резерві ролін атқарып келген князьдіктердің халықтары қазір империализмге қарсы күреске белсене қатысатын болды. Индияда ағылшын өкімет орындарының князьдерге көрсеткен көмегі, князьдіктердегі феодализмге қарсы қозғалысты империализмге қарсы қозғалыспен ұштастыруға демеу болады. Бірақ бұл жолы да пролетариат буржуазияшыл помещиктік элементтерді қозғалыс басшылығынан ығыстырып шығара алмады.

Ұлт конгресінің басшылары бұқара арасында өзінің ықпалын сақтап қалу үшін ағылшын империализміне ықпалын күшейтіп, бұрынғыдан гөрі батыл талаптар қоя бастады (дереу тәуелсіздік беруді талап етті, болашақ соғыста Англияның көмегінен бастартатынын тағы сондайларды білдірді). Индия буржуазиясы мен ағылшын империализмі арасындағы қайшылықтардың объективтік шиеленісуі де осы бағытта әсер етті.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезінде, Индияда бұл дағдыстың белгісі өзгеше болуы себепті, Индия кани-

талының позициясы нашарлаған жоқ, қайта нығая түсті: Индия Капиталының негізгі базасы — тоқыма өнеркәсібі өсті; дағдарыс кезінде өнеркәсіптің жаңа салалары — қант және цемент өнеркәсібі мықтап өркендеді, бұларда да Индия капиталы басым болды. Осыған байланысты Индияның саяси өмірінде буржуазияның правосыз жағдайда болуы оның үшін одан әрі төзімсіз болды.

Солшыл сөздерге жармасуға ікемді Индия буржуазиясының уәкілдерін Конгрестің басшы орындарына жоғарылату (Неру және басқа «солшылдар») Конгресс қурамын өзгертудің нәтижесі болып қана қойған жоқ, ағылшын империализмі мен индия буржуазиясы арасындағы қайшылықтың шиеленісуінің, Индия буржуазиясының бұқаралық қозғалысты пайдалануға ұмтылуының белгісі болды. 30-жылдардың бас кезіндегі қозғалысты басқаннан кейін Ұлт конгресі жүздеген мың мүшесі бар шағын ұйымға тағы да айналды, оның ықпалының кемуі буржуазия үшін бұқараны өз ықпалынан шығарып алу қаупын туғызды.

Дүниежүзілік екінші соғыс алдында ұлт-азаттығы қозғалысының өрлеуге бет алуымен және оның басшылығының әдіс-айлаға түсуімен байланысты Конгресс бұқара арасында өзінің ықпалын тағы да ұлғайтты, оған біртұтас майдан тактикасын жүргізуде коммунистердің қателік істеуі едәуір себеп болды. Конгресс мүшелерінің саны 6 миллионға жуықтады. Конгреске коммунистерден бастап гандистерге дейін толық тәуелсіздікті қостайтын барлық партиялар мен топтар қатысты. Бірақ Конгреске бұрынғыша Ганди мен оның әріптестері, яғни Индияның ірі буржуазиясы мен либералшыл помещиктердің уәкілдері басшылық етті. Сондықтан Ұлт Конгресі ағылшын империализміне қарсы күресте бүкіл индиялықтардың мүдделері бір деген соқыр сенімге әлі де болса сенетін ұсақ буржуазияшыл бұқараның және тіпті жұмысшылардың бір бөлегінің көзі алдында ұлт-азаттығы күресінің штабы болып көрінгенімен, ешуақытта да дәл осындай штабтың ролін атқара алмады. Нерудің аса радикалды сыпатты сөздеріне және конгресс сессияларының декларациясына қарамастан Ұлт конгресінің басшылары бұрынғысынша бұқараға ықпал етуді көздеді, бұл ықпалын ол Индияны ағылшын империализмі мен феодалдық қалдықтардың езушілігінен азат ету үшін емес, Индияның ірі буржуазиясына неғұрлым қолайлы келетін келісу шарттары туралы ағылшын империализмімен саудаласу мақсаты үшін пайдалануды көздеді.

Бірақ ағылшын империализмі келісімге келуге негіз бо-

ларлық дәрежеде Индия буржуазиясының талаптарын қостап отырмады. Халықаралық жағдай оны бұған әлі зорлаған жоқ еді, ал Ұлт конгресі мен Гандидің бұқара арасындағы ықпалы империализмге қарсы қозғалыстың революциялық сыпат алуына мүмкіндік бермеді. Ұлт-азаттығы қозғалысында жік салуға бола мұсылмандарды индустарға қарсы айдап салу саясаты соғыстың алдында күшейе түсті.

Бұқара ішінде арқа тірейтін базасын ұлғайту үшін, Мұсылман лигасы өзінің көздеген мақсаты Индияны түгелдей тәуелсіздікке жеткізу деп мәлімдеді, сөйтіп ол мұсылман интеллигенциясы мен шаруаларының едәуір бөлегін өз жағына шығарып алды. Екіншіден, ол Пенжаб пен Бенгальдегі позициясын нығайтты, осы провинциялардағы ағылшын саясатын қостаушы реакцияшыл екі партиямен, атап айтқанда, Фазлул Хак бастаған Бенгальдің «Проджа Кришок партиясының» оңшыл қанатымен, Сикандер Хаят Хан бастаған Пенжабтың «Юнионистон» партиясымен ашықтан-ашық одақ жасады.

Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында Индияда ағылшын үстемдігіне қарсы күрес тоқталған жоқ. Гитлер Германиясы ССРО-ға қарсы шабуыл жасағанға дейін Индиядағы күштердің орналасуы соғысқа дейінгісінен көп өзгере қойған жоқ. Әңгіме мынада болды: Ұлт конгресі Англияның соғыс жөніндегі әрекеттеріне белсене көмектесуден бастартқаны өз алдына, бұдан гөрі де маңыздырақ оқыйға сол, 1941 жылдың июніне дейін Индияда соғысқа қарсы бұқаралық қозғалыс болып жатты, бұл қозғалысқа жұмысшылар, қолөнершілер, студенттер және шаруалар белсене қатысты. Бұл қозғалыс Индияны соғысқа тартуға қарсы ереуілдер, түрлі конференциялар өткізу түрінде, сонымен қатар бағаны қымбаттатуға қарсы стачкалар жасау түрінде өткізілді.

1941 жылғы июньге дейін Ұлт конгресінің құрамы да шындында өзгерген жоқ. Коммунистер оған қатысып, Ұлт конгресінің соғысқа қарсы бағытын қостап отырды. Бұл дәуірде конгресс бұқаралық күресті қоя тұрып, ағылшын империализміне әсер ету әрекетін көздеді; ал коммунистер бұқараны Индияның тәуелсіздігі үшін күреске аттандыруды көздеді. Сондықтан ағылшынның үстем топтары ұлт-азаттығы қозғалысына жік салып, оны әлсіретуді мақсат еткен болатын. Мұсылман лигасының басшы топтары 1939 жылдың аяғы мен 1940 жылдың бас кезінде ағылшын билеп-төстеушілерінің көріне айдап салуымен Индияны екі мемлекетке—мұсылман мемлекеті—Пакистанға, индия мемлекеті—Һиндустанға бөлу ұранын ұсынды.

Гитлер Германиясы ССРО-ға қарсы шабуыл жасап, ССРО соғысқа қатысқаннан кейін барып Индияның ішіндегі күштердің орналасуында едәуір өзгерістер болды.

Индияның коммунистік партиясы фашистік агрессорлардың блогін талқандау мақсатымен, фашизмге қарсы одақтас-тардың күш жұмылдыруын түгелімен қостайтындығын, Индияны азат ету үшін ағылшын империализміне қарсы күресті тоқтатпастан, соғыс өнімдерін шығаруды арттыруға Индия жұмысшыларын шақыратындығын мәлімдеді. Индияға толық тәуелсіздік беру және Индиядағы саяси қайраткерлерден құралған, Индияның заң шығару органдары алдында жауапты үкіметті тезінен құру жөніндегі декларацияны көпшілікке жария ету туралы Ұлт конгресінің сол кездегі талабын да коммунистер түгелімен қостады. Индияның коммунистік партиясы фашистік блокке қарсы күресу жөнінде, екінші майдан-ды ашу жөнінде Индияның қатысын күшейтуді және Англия үкіметінің ССРО-ға товар жеткізу жөніндегі барлық міндет-темелерінің орындалуын талап етті. Олар соғысты халықтық соғысқа айналдыру уранын ұсынды.

Индия буржуазиясы соғыс конъюктурасын кеңінен пайдаланды, соғыс заказдарын ықластана орындап отырды, соғыс заказдарын орналастыруға және экономиканы «реттеудің» басқа түрлерімен байланысты орталық әкімшілік орындарының түрлі буындарына қатысып отырды. Соғыс кезінде помещиктер астық сатумен өте байып кетті.

Сонымен бірге ірі буржуазияның және либералшыл помещиктердің саяси уәкілдері ағылшын үкіметінен өздеріне жеңілдік берілуін және Индияның өкімет билігіне қатнасуларына жол берілуін саудалап алу мақсатын көздеп, бұрынғыша соғыстың қиыншылықтарын пайдалануға әрекет жасады. Ұлт конгресі соғыс мәселесі туралы қарарлар қабылдап, бұл қарарларда фашистік агрессорларға қарсы күрес жүргізуші елдерге, әсіресе Совет Одағы мен Қытайға тілектестік білдірілуіне қарамастан, бұрынғысынша, егер Индияның заң шығарушы органдары алдында жауапты «ұлттық» Индия үкіметі дереу құрылмаса, Англияның соғыс жөніндегі әрекеттерін қостамайтындығын білдірді, басқаша айтқанда, ұлт конгресі Индия буржуазиясының пайдасына бола жеңілдік алу саясатын жүргізді. Фашизмге қарсы күресуші күштерге тілектестік білдіру туралы қарарлардың бәрі Конгрестің таптық, өрісі тар ұлтшыл буржуазиялық позициясын бүркемелейтін тек жамылыш қана болды.

Индия буржуазиясымен ашық түрде саяси келісім жасау

жөнінде ағылшын үкіметі 1942 жылы тұңғыш рет елеулі әрекет жасады, оның мақсаты Индия буржуазиясын өз жағына тарту еді, сөйтіп 1942 жылы мартта Индияға ондағы саяси партиялардың басшыларымен келіс сөз жүргізу үшін Криппс жіберілді (Черчилль кабинетінің бір мүшесі, әрі лейбористік үстем топтың өкілі). Бірақ Криппс әкеліп тапсырған Англия кабинетінің декларация жобасын Ұлт конгресі қабылдамады, бұған соғыс кезінде Индияның жауапты үкіметін құруға ағылшынның билеуші топтарының келіспеуі себеп болған еді. Енді Ұлт конгресі келешекте жеңілдік берілетіндігі туралы декларациялық уәделерді қанағат тұтпай, Индия буржуазиясын ел басқару ісіне тарту жөнінде тезінен нақты шаралардың қолға алынуын талап етті.

Криппстің миссиясы Англия үкіметі мен Ұлт конгресі арасындағы қарым-қатысты сырттан шиеленістірді. Ұлт конгресі, бұқара қозғалысына сүйеніп, әлі де болса Индияның бай таптарының пайдасы үшін ағылшын үкіметінен жеңілдік алуға әрекет жасап бақты. Осы мақсатты көздеп 1942 жылы август айының бас кезінде Конгрестің Бомбейда болған жалпы индиялық сессиясында: егер таяу арада Индияда «Ұлттық» үкімет құрылмаса Конгресс бағынудан бастарту жөнінде жаппай науқан бастайды деп ағылшын үкіметіне қарсы бағытталған қарар қабылдады.

Ағылшын өкімет орындарының, Конгресс кең көлемде диверсия ұйымдастыру және соғыс шараларына саботаж жасау жоспарын әзірледі-міс, деген мәлімдемесі шындыққа мүлде жатпайды. Конгрестің басшылары соғыс кезінде ғана емес, бейбітшілік уақытта да бұқараны ағылшын үкіметіне қарсы күреске аттандыруға ешуақытта келіспеген болар еді. Бірақ Ұлт конгресінің соғыс кезіндегі саясатының негізі Индияның бай таптарына жол бергізу үшін ағылшындардың соғыс жөніндегі қиыншылықтарын пайдаланбақшы болған әрекеттері, қалайда империализмге қарсы қозғалыстың күшеюіне және Ұлт конгресінің қалың бұқара арасындағы беделінің сақталуына себепші болды. Ұлт конгресінің ұлттық үкімет құру жөніндегі және Индияны тәуелсіз ел деп жариялау жөніндегі талаптарын бұқара қостап қарсы алғандықтан ағылшын билеп-төстеуші топтары қатты мазасызданды. Сондықтан 1942 жылғы августа ағылшын өкімет орындары Конгресс басшыларын тұтқынға алды. Англия үкіметі бұл тұтқындау Индияда халықтың наразылығын туғызып, стихиялы түрде басқөтерулеріне және Англияға қарсы қозғалыстың өрістеуіне себеп болатынын білді. Екінші жағынан, ағылшын чиновникте-

рінің сыпаттауына қарамастан, Ұлт конгресі ағылшын үстемдігіне қарсы белсенді күреске ешқандай әзірлік жүргізбегендігін, ал халық бас көтеретін болса ол ұйымдаспаған түрде, жергілікті сыпаттағы баскөтеру болатындығын және оны жаныштау да қиын болмайтынын үкімет білді. Ағылшын билеп-төстеушілер тобының бұл есептері шындыққа келіп те қалды.

Ұлт конгресінің түрмеде жатқан басшылары бұқараның наразылық қозғалысына тілектестік білдірмеді, ал бостандықта жүрген қайраткерлері қозғалысқа басшылық етуге ұмтылған жоқ. Конгресс басшыларының 1945 жылы және одан кейін де Индия коммунистері 1942 жылғы қозғалысты аяқсыз қалдырды, сөйтіп ағылшын үстемдігінен Индияны азат етуге бөгет жасады деген кінәсы коммунистік партияның беделін кемсітуге бағытталған жала болды. 1942 жылғы қозғалыс бүкілхалықтық көтеріліске ұласа алмады, өйткені ол басшылықсыз, бытыранқы түрде жүргізілді. 1943 жылдың аяғы мен 1944 жылдың бас кезінде Конгрестің басшы қызметкерлерінің көпшілігі түрлі дәлелдермен түрмеден босатылды, 1944 жылғы көктемде Ганди де босатылды. Индия істері жөніндегі сол кездегі министр Эмери: Ганди сырқат болғандықтан ғана тұтқыннан босатылды, ағылшын үкіметі Криппс жасаған ұсыныстан бір қадам да кейін шегінгісі келмейді деп дәлелдегенмен Ұлт конгресінің басшылары да және ағылшын үкіметі де келіссөзді қайта бастауға дәмелі еді.

Индияда Англияға қарсы қозғалыс 1944 жылдың аяғында тағы да күшейді. Мұсылман лигасы мен Ұлт конгресі арасында өзара жол берісу негізінде келісім жасауға әрекет істелді. Ұлт конгресі басшыларының кейбіреулері, әсіресе Раджагопалачария Пакистанға бөлінуге тиісті провинцияларда плебисцит (барлық халықтың дауыс беруі) жүргізілсе, Конгресс Пакистан үкіметін құруға принциптік келісім беретін болуын талап етті. Ұлт конгресі мен Мұсылман лигасының қатардағы мүшелерінің қысымымен Ганди тұтқыннан босағаннан кейін Джиннамен келісім жасау туралы келіссөздер жүргізді. Бірақ келісім жасалынбады, оның осылай болатыны күдіксіз еді. Мынаны атап көрсету керек: Лигадағы, сол сыяқты Ұлт конгресіндегі барлық прогресшіл элементтер ағылшын империализміне қарсы күш біріктіру үшін осы екі ұйымның арасында келісім жасалуын тілеген еді. Бірақ Джинна бастаған Мұсылман лигасының басшылығы да, Патель бастаған Ұлт конгресінің қайраткерлерінің көпшілігі де мұндай келісімнің жасалуын қаламады.

Ағылшын үстемдігіне қарсы бұқаралық күрестің жанышталуына қарамастан 1944 жылдың аяғы мен 1945 жылдың бас кезінде саяси жағдай өте шиеленісіп кеткендіктен үкімет империализмге қарсы қозғалыс жаңадан орлеуі мүмкін деп күтінді. Осыған байланысты Индияның вице-королі лорд Уэйвелл «Индия дағдарысын» шешу үшін нақты шаралар белгілеуге Англияға жүріп кетті. Ол Англиядан Германия тізе бүккеннен кейін қайтты. Оның ағылшын үкіметімен жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде Ұлт конгресінің тұтқында жатқан басшылары түрмеден босатылды, содан кейін олар Англия үкіметі мен тағы да келіссөз бастады, сөйтіп Конгресс пен Лига арасында келісімді болдырмау үшін шаралар қолданылды. 1945 жылғы июньде Симладе шақырылған конференцияның көздегені де дәл осы еді.

Англияның сайлауында лейбористердің жеңуін конгресс басшылары ағылшын үкіметімен келісім жасауға қолайлы жағдай деп қарады, бірақ Конгрестің оншыл басшыларының өзі де лейбористер жеңілдік беруге көне қояды деген ойдан аулақ болды.

Осы фактылардың бәрі мынаны көрсетеді: соғыстың аяқталатын кезіне дейін ағылшын үкіметі мен Индия буржуазиясы арасында ресми келісім жасалынған жоқ, ағылшын үкіметі сол кездің өзінде де болмашы жеңілдік беріп қана құтылуға сенді. Сонымен қатар Индияда жұмысшылар мен шаруалардың бұқаралық қозғалысы буржуазияға қауып төндіретіндіктей және оны икемге келтіретіндіктей дәрежеге жетпеген еді. Сондықтан лейбористер үкіметінің 1947 жылғы 19 сентябрьдегі декларациясы Криппс арқылы тапсырылған декларацияны толығымен қайталады, мұны Конгресс басшылары, өте салқын қарсы алды. Конгрестің басшылары, мысалы, Конгрестің сол кездегі председателі Абуль Қалам Азад лейбористер үкіметінің соғыс кезіне ылайық шығарылған заңдар мен бұйрықтардың күшін жоймастан, 1945 жылғы ноябрьден 1946 жылғы апрельге дейін орталық және провинциялық заң шығару жыйналыстарының сайлауын өткізу жөніндегі қарарын қатты сынады. Дегенмен 1945 жылғы сентябрьдегі уақытгалар ағылшын үкіметі мен Индия буржуазиясы арасында келісім жасалуын тездетті. Бұған жалпы алғанда халықаралық жағдай, әсіресе Жапония тізе бүккеннен кейін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жағдай себеп болды.

1945 жылы сентябрьде Индияда Англияға қарсы жаппай қозғалыс басталды. Оған тікелей себеп болған нәрсе Бирмада жапондықтар тізе бүккеннен кейін қолға түскен индиялық

ұлт армиясына құрылған сот еді. Сингапурда жапондықтар тутқынға алған ағылшын-индия армиясының солдаттары мен офицерлерінен жапондықтардың көмегімен Субхас Чандра Бос ұйымдастырған осы армияның офицерлері мен солдаттарының бір бөлегі опасыздық істеді деген айыппен, соғыс сотына берілген болатын. Олардың көпшілігіне өлім жазасының қауып төнген еді. Бұл сот халықтың ішінде наразылық білдіру қозғалысын туғызды. Оның себебі Бостың жұртқа белгілі адам болғандығынан емес, Англияға қарсы пікірдің күшеюінен еді. Сонымен бірге Индонезияда және Индо-Қытайда ұлт-азаттығы қозғалысын жаныштау үшін Индия әскерлерін пайдалануға қарсы наразылық қозғалысы өрістеді. Калькуттада студенттер бастаған қозғалысты жұмысшылардың бір бөлегі қостады. Дәл осы мезгілде коммуналдық жұмысшылардың ереуілі өткізіліп жатыр еді. Оның өзі полициямен қарулы соқтығысуға дейін барып қалды. Қаланың кейбір аудандарында баррикадалар жасалды. Қала бірнеше күн жарықсыз және сусыз қалды. Ағылшын үкімет орындары бір ғана полицияның күшімен қозғалысты баса алмады, сондықтан оған ағылшын және америка әскери бөлімдері шақыртылды. Қозғалыс басылды, бірақ басқа қалаларда, әсіресе Бомбей мен Делиде жаңа қозғалыс бұрқ ете түсті. 1945 жылғы октябрь және ноябрь айларында Бостың армиясын соттауға қарсы және Индонезия мен Индо-Қытайда Индия әскерлерін пайдалануға қарсы Индияның көп қалаларында бірнеше ірі қозғалыстар болды.

Ағылшындардың Индияға үстемдік етуіне қарсы тікелей күрес жүргізуден бұқараның назарын аудару, және де индустар мен мұсылмандар арасындағы араздықты одан әрі өршіту мақсатына бола ағылшын үкіметі тағайындаған заң шығару жыйналыстарының сайлауы күткендей нәтиже бермеді. Мұсылман лигасы индустарға қарсы аса өшпенді ұрандармен майданға шықса да, Калькуттада, Бомбейде тағы басқа жерлердегі жаппай қозғалыстарда индустар мен мұсылмандар бірлесіп әрекет жасады.

Конгресс бұқараны өз жағына тарту мақсатымен сайлауға сырттай радикалдық программамен шықты. Ол Индияның толық тәуелсіздігі үшін күресуге, оның доминион дәрежесінде қалуына көнбеуге міндеттенді; конгресс елдің Пакистан және Индустан болып екі бөлінуіне қарсылық білдіріп, Индия саяси жағынан тең праволы бірыңғай федерация болады деп мәлімдеді. Ол өнеркәсіптің негізгі салаларын, еңалдымен ағылшын капиталының кәсіп орындарын мемлекет мүлкіне айнал-

дыруға, помещиктермен капиталистерге ақша төлеп жер реформасын жүргізуге уәде берді.

Индия коммунист партиясы сайлауға өзінің дәйекті демократиялық платформасымен шықты. Индияның толық тәуелсіздік алуын талап етті. Ол барлық ұлт облыстарының, оның ішінде халқының көпшілігі мұсылман облыстарының өз алдына бөлініп шығуына дейін оларға өзін-өзі билеу правосын беруге күресетіндігін мәлімдеді. Коммунистер өнеркәсіптің негізгі салаларын толық мемлекет мүлкіне айналдыруды, жұмысшы бақылауын енгізуді, помещиктердің жер иеленуін және өсімқорлықты жоюды талап етті. Коммунистік партия өнеркәсіп орталықтарында, және де Мадрасс провинциясы мен Бенгальдің кейбір ауылшаруашылық округтерінде өздерінің кандидаттарын ұсынды. Конгресс коммунистер ұсынған депутаттарды өткізбей тастау үшін қаражүздік-помещиктік, ашықтан-ашық ағылшындық топтармен блок жасады, мысалы, Мадрасс провинциясында — «Джастис партиясымен», Бомбей провинциясында — Небрамин партиясымен блок жасады. Конгресс кейбір округтерде бұрын өзіне қарсы шыққан помещиктердің кандидатураларын қостады.

Күресуші күштердің осылайша қалыптасуы Индияны бөлгеннен кейінгі таптық күштердің орналасуына алдын ала болжау болды.

Конгресс индустар көпшілік болған барлық провинциялардағы, сол сыяқты Ассамдағы және Солтүстік-Батыс шекаралық провинциялардағы сайлауда жеңіп шықты.

1946 жылдың басында Индияда саяси жағдай тағы да шиеленісе түсті. Армияда және флотта үкіметке қарсы қозғалыстар басталды: ұшқыштардың және аэродромдардың көмекші қызметкерлерінің ереуілдері, Индияның бүкіл соғыс флотын дерлік қамтыған теңізшілердің көтерілісі болды. Джаббальпур гарнизонында толқулар болды. Жұмысшылар тікелей тілектестік ереуілдер ұйымдастырып, теңізшілерді белсене қостады. Бомбейде бұл ереуілдерге 300 мыңнан астам жұмысшылар мен студенттер қатысты. Бұл қозғалыс ағылшын билеп-төстеушілерін және Ұлт Конгресін шошытты. Конгресс ағылшын империализміне қарсы армия белсеніп күреске шыға ма, деп қорықты. Сондықтан Конгрестің басшылары Мұсылман лигасының басшыларымен бірлесіп теңізшілердің көтерілісін аяқсыз қалдыру үшін және оларды үкіметке берілуге мәжбүр ету үшін қолдан келген амалдың бәрін істеді.

Ганди, Патель және Неру көтеріліс жасаушы теңізшілер

мен үкімет арасында келіссөз жүргізу үшін сарапшылық міндетті өз мойындарына алды. Бұл бұқараның ұлт-азаттығы жолындағы күресіне Гандидің және оның серіктерінің тағы да опасыздық жасауы болды, мұның өзі ағылшын империалистерінің жаңа әдіс-айламен өкіметті өз қолында ұстап қалуына, сөйтіп Индияға үстемдік етуден айрылып қалмауына мүмкіндік берді. Бұл — Индия буржуазиясына инициативаны тағы да өз қолына алуға, ағылшын үкіметінен жеңілдік сұрап тағы да саудаласуға мүмкіндік берді.

1945 жылғы күзде және 1946 жылғы көктемде өткізілген бұқаралық қозғалыстың ерекше сипаты мынада болды: жұмысшылар, шаруалар және теңізшілер майданға шыққанда тек коммунистік партияның туы астында ғана емес, Ұлт Конгресі мен Мұсылман лигасының ұрандарымен де майданға шықты. Бұл кезде буржуазия Конгреске бұрын қарсы шыққан феодалдық-помещиктік топпен одақтасып кетсе де, бұқара, әсіресе шаруалар, оның ішінде тіпті жұмысшылардың бір бөлегі Ұлт Конгресі мен Мұсылман лигасының басшылығына сенетін.

Сонымен ағылшындарға қарсы күресте Индия қоғамындағы барлық таптардың мүдделері бір деген соқыр сенім жойылмаған еді; мұның өзі бұқаралық қозғалыстың ұлғайып, өріс алуына қарсылық көрсетуі үшін Конгреске әлі де болса мүмкіндік берді.

1946 жылдың көктеміндегі жаппай қозғалыс ағылшын билеп-төстеуші топтары мен Индия буржуазиясында күшті әсер етті. Оның үстіне бұл қозғалыс шпленіскен халықаралық жағдайда басталып, ағылшындардың Индиядағы үстемдігіне де, Индия буржуазиясының таптық мүдделеріне де қауып төндірді.

Гитлер блогінің талқандалуы нәтижесінде, оны талқандауда Совет Одағының шешуші роль атқаруы, Шығыс Еуропа елдерінде халықтық демократия елдерінің жеңуі, жапондықтар басып алған ағылшын отарларында (Бирма, Малайя) ұлт-азаттығы қозғалысының өрлеуі, Таяу шығыс елдерінде (Египет, Сирия, Ливан; Ирак тағы басқа елдерде) империализмге қарсы қозғалыстың күшеюі нәтижесінде, сонымен қатар соғыста байып шыққан АҚШ-тың шамалы күшеюі салдарынан дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Англияның халықаралық позициясы өте нашарлады. Ағылшындарға Индиядағы жағдай да қолайсыз тиді. Осындай жағдайдың үстінде, егер Индияда азаттық қозғалысы кең өріс алып кетсе, онда ағылшын үстемдігінің күйрейтіні, келісімпаз буржуазия-

ның беделі түсетіндігі даусыз еді. Онда Ұлт Конгресімен келісім жасалған күнде де қозғалысты кейін серпу, және Индияда Англияның позициясын сақтап қалу мүмкін болмас еді, өйткені бұқаралық қозғалыс буржуазияның бақылауынан шығып қалар еді. Ағылшынның билеп-төстеуші топтары нақ осыдан қорықты. Ағылшын үкіметінің 1946 жылғы көктемде Индияға кабинеттің толық праволы миссиясын жіберу туралы қарар алуы да осыдан еді. 1946 жылғы мартта Англияның премьер-министрі Эттли өзінің сөзінде: Индияда Англияға қарсы қозғалыс тым күшейіп отыр, ол Оңтүстік Азияның басқа елдеріндегі тәуелсіздік жолындағы қозғалыспен мейлінше тығыз байланысты болып отыр, бұл қозғалыс армияны қамтый бастады, сондықтан ағылшын үкіметі ол қозғалыспен есептеспей отыра алмайды және Англия үшін де, сондай-ақ Индия үшін де «Британия ұлттары достығының» тең бір мүшесі болып қалуы қолайлы екендігіне үкіметтің көзі жетсе де Индияға тәуелсіздік беруге әзір деп мәлімдеді.

Эттлидің бұл сөзі ағылшын билеп-төстеушілерінің Индияны ескіше басқара алмайтындығын көрсетті; Индияны Англияның қолында сақтап қалу үшін Индияның бай таптарымен ымыраға келуі, оларды ел басқару ісіне қатыстыру керек болды, Англиямен саяси және экономикалық байланысты сақтауға, оларды қызықтыру қажет болды, осы ретпен бұқаралық демократиялық қозғалысқа қарсы күресте оларды өздерінің ашық одақтастары етіп алу қажет болды.

Эттлидің бұл мәлімдемесін Конгресс төңірегінділер жалпы қанағат тұтып қарсы алғанымен, Ұлт конгресі ағылшын үкіметінің абыржуын көріп, ағылшын билеп-төстеушілерінен Индия буржуазиясының пайдасына молырақ еркіншілік алып қалу үшін осы жағдайды пайдаланбақшы болды. Атап айтқанда, бұл кезеңде Конгресс Индияны екіге бөлуге батыл қарсы шығып, Англиядан, бөлуді қоя тұрып, Индияға доминион правосын алып беруді көздеген еді. Ағылшын билеп-төстеушілері бұған көнген жоқ. Олар мынадан қорықты: Конгресс үкіметті өз қолына алғаннан кейін АҚШ-пен байланыс жасайды, содан кейін біртұтас Индияның бұқаралық қозғалысы қауыптырақ болады деп ойлады. Сондықтан Петтик Лоуренс бастаған ағылшын кабинетінің миссиясы Индияда Конгрестің және лиганың басшыларымен келіссөз жүргізгенде, олардың арасының келісуін көздемей, керісінше Мұсылман лигасын ымыраға келмеуге айдап салып, Пакистан елін құру талабын қостады.

Ағылшын кабинетінің миссиясы 1946 жылғы 16 майда жа-

қартылған декларация бойынша Индияны үш топқа бөліп — екі мұсылман зонасына және бір индиялық зонаға бөліп, доминион құру жоспарын ұсынды. Басқаша айтқанда, ағылшын билеп-төсеушілері алғашқыда жеке доминион есебінде Пакистанды құруға келіспей, бірыңғай Индия доминионының автономиялы бөлегі ретінде Пакистан мен Гиндустанды құруды ұсынды, доминионның орталық үкіметі бұл жоспар бойынша правосы өте ықшамдалған үкімет болуға тиіс еді. Бұл ұсыныс Индияның ірі буржуазиясының мүдделеріне сай келмеді, ол бүкіл Индияға билік жүргізу правосын алғысы келген еді, ал Британияның ұсынысы оған бұл мүмкіндікті бере алмады. Ұлт конгресі миссияның жоспарын жаңа Конституция жасау үшін негіз ретінде қабылдады, бірақ Уақытша үкіметке қатысудан алғашқыда бастартты.

Мұсылман лигасының басшылығы алғашқыда миссияның жоспарын және Уақытша үкіметке қатысу ұсынысын қабылдады. Бірақ вице-король бірсыпыра әдіс-айлалар жасау жолымен Мұсылман лигасын тек Уақытша үкіметке қатысудан бастартқызып қоймай, Құрылтай жыйналысының жұмысына қатысудан да бастартқызды, сөйтіп лига Пакистан үшін тікелей күрес жүргізе бастайтындығын мәлімдеді.

Мұсылман лигасының мұндай позициясы ағылшын билеп-төстеушілеріне қолайлы болды. Мұсылмандар мен индустар арасында алауыздықтың шиеленісуі ағылшындарға жаңа әдіс-айлалар жасауға мүмкіндік берді, Ұлт конгресінің басшылығына қысым жасау үшін қолайлы жағдай туғызды. Конгресстен Лига арасында келісім жасау мүмкіндігі жойылғаннан кейін ағылшын билеп-төстеушілері Конгреске және оның председателі Неруге Уақытша үкімет құруды ұсынды, бұл жолы Конгресс ұсынысты қабылдады.

Мұның өзі ағылшын үкіметімен толық ауыз біріктіру жөніндегі батыл қадам еді. Бірақ, Нерудің үкіметі құрылғаннан кейін де Индияның буржуазиясы ағылшын билеп-төстеушілерінен бұрынғыдан да көбірек еркіншілік алуды тіледі, яғни бәртұтас Индияның өкімет билігіне ие болғысы келді және халықаралық қайшылықтарды өз пайдасына жаратып қалуды көздеді. Бұл жөнінде 1946 жылдың аяқ кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымында Неру үкіметінің ұстаған позициясы ерекше көзге түседі. Индия делегациясы агрессор ағылшын-американ одағы ішінде туған Англия мен АҚШ арасындағы қайшылықтардан пайдалануға әрекет жасап қана қоймай, кей уақытта жеке мәселелер жөнінде осы блоктың жалпы бағытына қарсы шығып отырды.

Индиядағы саяси жағдай өте ауыр халде болды. Жұмысшылар мен қызметшілердің ереуіл қозғалыстары күшейе берді. Кейбір аудандарда, әсіресе князьдіктерде (Хайдарабатта, Траванкурда) жұмысшылар мен шаруалар жаппай көтеріліп, кейде полициямен және әскерлермен соқтығысып отырды. Осы қозғалысты әлсірету мақсатымен Англияның билеп-төстеушілері реакцияшыл буржуазиялық-помещиктік элементтердің көмегімен ескі дәстүрді — индустар мен мұсылмандар арасында алауыздықты қоздыру әдісін қолданды. Сөйтіп олар Индия буржуазиясын одан әрі қорқытпақ болды.

1946 жылы 16 августа Мұсылман лигасының басшылығы Индияны екіге бөлу талабын іске асыру жөнінде тікелей әрекет жасау науқанын бастады. Дәл сол күні Лиганың мүшесі — Сухраварди бастаған провинциялық Бенгаль үкіметінің кінәсінен Калькуттада мұсылмандар мен индустар арасында үлкен соқтығыс пайда болды, мұның өзі қантөгіс қырғын жапжалдың бастамасы болды.

Бұл қантөгіс жанжал, әсіресе Бихарда және Пенджабта қатты болды. Сонымен бірге Англия үкіметі келіссөздер жүргізіп Индияны екіге бөлу жөнінде Конгрестен келісім алуға және князьдіктерге толық автономия беруге ұмтылды. Осы шараны жүзеге асыру үшін 1946 жылы ноябрьде Лондонға Лига мен Конгрестің уәкілдері шақырылды.

1946 жылы Индия өнеркәсібінде таптық күрес мейлінше шиеленісті. Соғыс жабдықтарын шығаратын өнеркәсіпті бейбітшілік кезге арналған заттар шығару өнеркәсібіне көшірумен байланысты жұмысшыларды жаппай қызметтен шығару басталды. Индия буржуазиясы пайда түсірудің қалпын сақтап қалуды көздеп жұмысшы табына қиялді, олардың жалақысын кемітті, капиталистік ықшамдау әдістерін қолдану арқылы еңбекті сарқа пайдаланатын болды.

Жұмысшы табының қалі кенет нашарлады. Индия ашаршылық жылдарды басынан кешірді, көпшілік тұтынатын азық-түліктің бағасы тез көтеріліп отырды, сондықтан қымбатшылыққа қарамастан жұмысшылардың нақты жалақысы кенет кеміп кетті. Жұмысшылар капиталистердің шабуылына жауап ретінде ереуілдер ұйымдастырды; бұл қозғалысқа ірі өнеркәсіп орталықтарының — Бомбей, Калькутта сыяқты орталықтардың жұмысшылары ғана емес, князьдіктердегі және екінші қатардағы өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылар да қатысты.

1946 жылдың алғашқы алты айының ішінде 1115 стачка болды, оған 1,5 миллионнан астам жұмысшы қатысы. Стачка-

лық қозғалыс 1946 жылдың екінші жартысында одан әрі күшейе түсті. Июнь айында темір жолшылардың жалпы ереуіліне әзірлік басталды, бірақ жұмысшылардың бір бөлегінің талаптарын қанағаттандыру арқасында өткізілмей қалды; июль айында почта және телеграф қызметкерлерінен 100 мың адам ереуіл жасады; бұларға тілектестік білдіріліп 24 сағаттық ереуіл жарияланды, бұл ереуілге Бомбейдің 300 мың жұмысшысы, Калькутаның бірнеше жүз мың жұмысшысы қатысты.³

Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының күшеюі Индия буржуазиясының топтарын және Ұлт конгресінің басшыларын састырды. Неру Лондоннан қайтқаннан кейін 1946 жылғы декабрьде Құрылтай жыйналысының бірінші сессиясында Индияның республикалық конституциясын қабылдау туралы ұсыныс жасап, Мұсылман лигасы мен князьдердің Құрылтай жыйналысына байкот жасауына көңіл бөлмеу керек дегенді айтты. Бірақ осы сессияның өзінде-ақ Конгресс басшылығы Мұсылман лигасы жөнінде де, князьдер жөнінде де өзінің бұрынғы көзқарасын өзгертті. Ұлт конгресінің басшылығы князьдермен келісім жасауды көздеп, барлық депутаттардың князьдіктерден сайлануы жөніндегі бұрынғы талаптарынан бастартты, депутаттардың 50 процентін халықтың сайлауына, ал 50 процентін князьдіктердің тағайындауына келісті. Мұсылман лигасымен келісімге келу үшін Ұлт конгресінің басшылығы құрылтай жыйналысына дауыс беру жөніндегі ілгеріде конгресс теріс деп есептеген, ал Лондондағы ағылшын үкіметі ұсынған тәртіпті қабылдады.

Сөйтіп 1946 жылдың аяғында Ұлт конгресін басқарып отырған Индияның ірі буржуазиясы мен Англия империализмі арасында ауыз біршілік орнауына, сөйтіп конгрестің ашық түрде реакция мен империализм лагеріне қарай ауысуына жағдай жасалынды. Осы ретпен феодалдық князьдердің, помещиктердің, ірі буржуазияның және шетел империалистерінің реакцияшыл блогі қалыптасты. Бұл Неру үкіметінің жұмысшы және шаруалар қозғалысына қарсы жазалау шараларын қолдану, коммунистік партияны құдалау, ағылшын үкіметі жөнінде Конгресс баспасөзінің пікірін өзгертуі сыяқты, саясатынан да айқын көрінді.

Англияның билеп-төстеуші топтары мен Индия буржуазиясының және помещиктерінің ауыз біріктіріп келіскені 1947

³ В. В. Балабушевич. Тынық мұхит институтының ғылыми жазбалары. II том, 21-бет.

жылғы 20 февральда қауымдар палатасында Эттлидің мәлімдемесінен ресми түрде тұңғыш рет белгілі болды. Ол 1948 жылғы июньде Англияның Индиядан «көтерілгендігі» туралы және үкіметті индиялықтардың қолына беретіндігі туралы мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдемеде өкімет билігі Индияның біріккен орталық үкіметіне берілмей, бірқатар жергілікті үкіметтерге берілетіндігі айқын атап көрсетілсе де, Ұлт конгресі бұл мәлімдемені толық қанағатпен қарсы алды. 1947 жылғы көктемде, Индияның тәуелсіздігі үшін күрес жүргізілуіне қарамастан Неру: Англияға қарсы бұрынғы ұрандарды тастау керек, өйткені бұл ұрандар ескірді дегенді мәлімдеді.

Индияның жаңа тағайындалған вице-королі Маунтбэттенді Ұлт конгресінің басшылығы зор құрметпен қарсы алды. 1947 жылғы апрельде Азия елдерінің конференциясында Ұлт конгресінің басшылары, оның ішінде Неру «жалпы» империализм атаулыны сынға алып, Англияны жақтайтын сөздер сөйледі. Бұл да Англияның билеп төстеушілері мен Индия буржуазиясының Индия бөлінбей тұрып-ақ және оның екі бөлігіне доминион праволары берілмей тұрып-ақ ауыз біріктіріп келіскенін сыпаттайды. Конгресс басшылығының Ағылшын үкіметі Индияны екіге бөлу туралы қарар шығарған кезде наразылық білдіргенсіп көзбояуы Ұлт конгресінің опасыздығын және оның ағылшын империализмімен ауыз біріктіргенін бұқарадан жасыру үшін істелген амал еді. Мұсылман лигасы да мүшелерінің көзін алдау үшін Бенгаль мен Пенджабты екіге бөлуге наразылық білдірген болды. Ал іс жүзінде Джинна және Лиганың басқа басшылары да Англияның жаңа жоспарына мейлінше риза еді. Бұл жоспарды индиялықтар өздеріне тәуелсіздік берудің бір қадамы деп қарсы алғандықтан, империалистердің бұл жаңа әдіс-айласы Индияда бұқаралық қозғалысқа түрткі болмай қалуының өзі қалың бұқараның әлі де болса Ұлт конгресіне, оның басшылары Ганди мен Неруге сенетіндіктерін көрсетті, өйткені Пенджаб пен Бенгаль провинцияларын екіге бөлген уақытта болған индустар мен мұсылмандар арасындағы қантөгіс соқтығысуларды қозғалыс деп есептеуге болмайды, бұл соқтығысуларды ағылшын билеп-төстеушілері мен жергілікті реакцияшылдар арандату әрекетімен жүргізген еді. 1947 жылғы июньде Индияның коммунистік партиясы Маунтбэттеннің жоспарына дұрыс баға бере алмады және оны империалистік әдіс-айла деп есептемей, белгілі дәрежеде бір қадам алға басу деп сыпаттады. Ол Ұлт конгресі басшылығының опасыздығын бірден түсіне қоймады,

және оның оңшыл қанатын прогресшіл-міс деп есептеген солшыл қанатына қарсы қойды. Сөйтіп коммунистік партия Неру төңірегіне топталуға, Пательден құтылу үшін оған көмектесуге бұқараны шақырды. Осының бәрі Улт мүдделерінің бірлігі жөніндегі соқар сенімнің және Конгресс ықпалының артта қалған шаруалар мен ұсақ буржуазия арасында ғана емес, жұмысшы табының белгілі бір бөлегі ішінде де күшті болғанын, ал коммунистік партияда оңшыл оппортунистік қателер жойылып жетпегенін сыпаттады.

Индияның коммунистік партиясы 1947 жылғы августа ғана Маунтбэттеннің жоспарын империалистік жаңа әдіс-айла жасау жоспары деп дұрыс баға берді, Нерудің үкіметін ірі буржуазия үкіметі деп, ол ағылшын империализмімен ауыз жаласқан және Индияның князьдарымен, помещиктерімен одақ жасасқан үкімет деп сыпаттады.

Маунтбэттеннің жоспарын қабылдау Гандидің және тутас алғанда Улт конгресі басшылығының асқан опасыздығы болды. Бірақ сонда да бұқараның бұл опасыздық бағытқа қарсы шықпауы, Индия халықтарының ұлт азаттығы жолындағы күресіне Гандидің және Улт конгресіндегі оның сыбайластарының шірік ықпалының әсерін айқын көрсетті. Ганди шаруалар бұқарасының діншілдік әдеттерін, олардың әбден езушілік көріп, қараңғылықта және надандықта қалғандығын пайдаланды. Артта қалған бұқара Конгреске, оның басшыларына, әсіресе Гандиге әбден мойынсунып беріліп кеткен еді және оларды әулие адам деп есептейтін, осының бәрі артта қалған бұқараның белсенділігін бөгеп, олардың азуына себеп болып отырды, сөйтіп олар буржуазия мен помещиктердің опасыздығына жем болды. Ал Нерудің алдап-арбауы саяси жағынан анағұрлым шыныққан жұмысшы табының қырағылығын алдау жөнінде Конгреске едәуір көмек етті.

Индияны екіге бөліп, онда екі доминион — Улт конгресі бастаған Индия одағының үкіметі, Мұсылман лигасы бастаған Пакистан үкіметі құрылғаннан кейін — бұқараның буржуазия мен помещиктердің ықпалынан шеттеуі тезделе бастады. Әсіресе, Индия одағында осылай болды.

Индия одағы мен Пакистан үкіметінің құрылуы тек заң жүзінде істелінген акт емес еді. Саяси жағынан бұл шара Улт конгресіндегі Индия помещиктері мен ірі буржуазияның, Мұсылман лигасындағы мұсылман помещиктері мен буржуазиясының ашықтан-ашық империализмнің және реакцияның лагеріне көшкенін көрсетті. Бірақ бұдан Индияда және әсіресе Пакистанда осы доминиондар құрылған алғашқы кезде бұ-

кара арасында: енді Индия тәуелсіз ел болды, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Конгресс пен Лига өздері уәде еткен реформалардың бәрін жүзеге асырады және буқараның жағдайы жақсарарды, деген соқыр сенім жойылды, деген ұғым тұмайды. Дегенмен жаңа доминион үкіметтерінің алғашқы қадамдарының өзі-ақ бұл соқыр сенімге күшті соққы берді. Индия одағы үкіметінің реакцияшылдығы алғашқы кезде оның мынадай істерінен көрінді: ол үкімет жұмысыны қозғалысына қатал жазалар қолданды; жер реформасын жүргізуге бөгет жасарды; шаруаларға қарсы жаза қолданды; өнеркәсіпті мемлекет мүлкіне айналдырудан бастартты; феодалдық және жартылай феодалдық князьдіктерді нығайтуға бағыт ұстады; князьдіктерде демократиялық тәртіп орнатпақшы болған халықтың, әсіресе, шаруалардың ынтығасына қарсы әрекет жасарды; Индиядағы түрлі ұлт халықтарының орналасуына сәйкес әкімшілік-саяси құрылысты жаңадан ұйымдастырудан бастартты.

Индия одағының үкіметі князьдіктерді жою бағытын жүзеге асырудың орнына, басқару ісіне буржуазиялық-помещиктік элементтерді тарту арқылы князьдіктермен ымыраласу саясатын жүргізді. Индия одағы үкіметінің және оның премьерінің орынбасары Пательдің көмегімен кейбір ұсақ князьдіктерді біріктіріп, ірі князьдіктер одағын құру ісі жүргізілді; осы біріккен князьдіктердегі князьдер барлық заң шығару мекемелерінің жоғарғы палатасын құрды, олардың ортасынан бірлескен князьдіктерді басқаратын жалпы билер тағайындалды. Осылайша біріктіру арқылы, атап айтқанда: Раджпутаны барлық князьдіктерінен — Раджастхан князьдігі, Қатхивара князьдіктерінен — Саураштра князьдіктерінің бірлестігі, орталық Индияда — Мадхья Бхарат князьдігі, тағысын-тағылар құрылды. Кейбір князьдіктер, олардың ішінде ірі князьдіктер (Барода, Кольхапур), князьдардың келісуімен провинцияларға қосылды.

Пакистан үкіметі өзінің құрамына қосылған князьдіктерде осы сыяқты болмашы «реформаларды да» жүргізбеді.

Бірлескен ірі князьдіктер құру, князьдіктердің бір бөлегін провинцияларға қосу — князьдардың позициясын әлсірету мақсатын көздеген жоқ, қайта олардың позициясын күшейтуді, бұларда князьдардың, помещиктердің және буржуазияның реакцияшыл блогін құруды, және де ол князьдіктердің шаруалар қозғалысының ошағына айналып кетпеу жағы көзделді. Индия үкіметінің князьдіктерде жүргізген реформалары осы князьдіктерде үстем болып отырған феодализмнің аса күшті қалдықтарына қол сұққан жоқ. Шаруалар бұрынғысын-

дай правосыз, князьдерден және помещиктерден жерді арендаға алып отырды, өсімқорлардың қанауына жем болып қала берді.

Индия одағының және Пакистанның үкіметтері Индияның толық тәуелсіздігі үшін күрес жүргізуді қаламағаны өз алдына, олар Индия мен Англияның арасындағы байланысты күшейте түсуге мейлінше ұмтылып отырды. Ұлт конгресі өзінің негізгі мақсаты — Индияны толық тәуелсіздікке жеткізу үшін күресу деп жариялай тұрса да, 1949 жылы ол: Индия келешекте де Британ империясының құрамында қалады, деп ашықтан-ашық мәлімдеді; буқараны алдау үшін «ұлттар достығы бірлігінің» бейнесі ретінде ағылшын королімен қол ұстасқан «тәуелсіз» республика деп жарияланды.

1948 және 1949 жылдары Индия мен Англияның арасында экономикалық байланыс едәуір күшейді. Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында Англия капиталының Индия экономикасындағы аздап әлсіреген позициясы жаңадан қалпына келе бастады. Индияның Англиядан тәуелділігі мынадан да айқын көрінді: Индия бұрынғысынша өзінің машина жасау өнеркәсібін құра алмай келеді, тіпті Индия маңдайшасы жазылған аралас компанияларда да ағылшын капиталы жетекші орын алып отыр, Индияның кәсіпорындарына жабдықтар жеткізу ісі де ағылшын капиталына тәуелді болып отыр.

Индияның экономикасына АҚШ капиталының енуі едәуір күшейді. Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында Индия импортында АҚШ-тың үлесі 25 проценттен асты. Соғыстан кейін, әсіресе, Индияны екіге бөлгеннен кейін АҚШ-тың капиталы Индия өнеркәсібіне ене бастады. АҚШ-тың монополистік бірлестіктері (мысалы, қалпына келтірудің және өркендеудің халықаралық банкі) Индия үкіметінің финанс қиыншылықтарын пайдаланып, егер Индия одағы өнеркәсіптің кейбір салаларын мемлекет мүлкіне айналдырғанда шетел капиталына қол сұқпауға Конституция бойынша кепілдік берсе, қарыз беруге көнеміз деген талап қойды; Индия капиталистері мен помещиктерінің үкіметі бұл талапқа көнді.

Пакистанда да АҚШ-тың экономикалық ықпалы күшейді. 1949 жылғы апрельде Жапониядан Пакистанға кәсіп орындары үшін жабдықтар жеткізу туралы Пакистан мен Жапониядағы Макартур әкімшілігі арасында договор жасалды. Бірақ Англия да, Америка да Индияның өнеркәсібін дамытуды бөгеу саясатынан бастартқан жоқ. Бұл туралы 1948 жылы Американың Индиядағы бұрынғы елшісі Грейди Делидегі өнеркәсіп иелерінің кеңесінде және Біріккен ұлттар Ұйымы-

ның Утакамунде болған экономикалық конференциясында ашық мәлімдеме жасады. Индия одағының англияға тәуелді болуы Индия ақшасының (рупидің) құнының кемітілуінен айқын керінді, бұл шара АҚШ-тың нұсқауы бойынша Англияда фунттың құнын кеміткеннен кейін жүргізілді.

Индияның екі доминионы саяси жағынан да және соғыс-стратегиялық жағынан да Англия мен АҚШ-қа аса тәуелді болды. Провинциялардың кейбір губернаторлары, Индия мен Пакистанның мемлекеттік аппаратындағы бірсыпыра басшы чиновниктер, армиядағы нұсқаушылар — бұрынғысынша ағылшындардан қойылды. Соғыс өртің тұтандырушы ағылшын-американ блогіне Индия мен Пакистанның саяси жағынан тәуелділігі 1948 жылғы октябрьде империя конференциясында осы доминиондар мен Англия арасында жасалған келісімдерден айқын сыпатталды. Бұл конференцияда, біріншіден, Лиакат Али Хан мен Неру Пакистан мен Индия одағының Британия империясы құрамында қалуына шара қолданады, деген қарар қабылданды. Құрылтай жыйналысын бұған ризалық беруге көндіру жөнінде Неруға жеңілдік жасау үшін, Британ империясын бұдан былай Британия деп атамай, «Ұлттар достығы» деп атауға қарар қабылданды. Индия мен Пакистан батыс блокты және солтүстік атлантика одағын қостаймыз деп мәлімдеме жасады. Оның үстіне, Пакистан мен Индия одағы Малайядағы және Бирмадағы халық қозғалысын жаныштауда Англияға көмектесуге міндеттенді. 1949 жылғы апрельде Лондонда болған «Ұлттар достығы» премьер-министрлерінің конференциясынан кейін, Индия одағы мен Пакистанның ағылшын-американ блогіне тәуелділігі күшейді. Неру үкіметінің бұқара алдында өшуге айналған беделін көтеру үшін, ағылшын үкіметі Индияны «Ұлттар достығы» құрамына кіретін «суверенді республика» деп жариялауға, Англия королін мемлекет басшысы емес, тек «Ұлттар достығы бірлігінің бейнесі» деп тануды жариялауға келісті.

Бірақ бұдан Индия жөнінде Англия мен АҚШ-тың арасында қайшылық жоқ деген мән шықпайды. АҚШ-тың Индия экономикасына қатысуына ағылшын империалистері қатты мазасызданатын болды, егер Англия Неру — Пательдің үкіметін өзінің агентурасы еткен болса, Хинду Махасабһен байланысы бар ықпалы күшті топтар АҚШ-қа сүйеніп, Индияның Англиядан қарым-қатнасты үзуін, яғни оның «Ұлттар достығынан» шығуын талап етті. Индия үкіметі Оңтүстік Шығыс Азияда ағылшын-американ империализмінің басты агенті болып алды. Сөйтіп Индия одағы мен Пакистанның үкіметтері Индияда феодал-

дық қарым-қатнастарының сақталуын көздеген ағылшындардың ескі саясатын жүргізіп, сыртқы саясатта жана соғыс өртің тұтандырушы ағылшын-американ блогіне толық қосылды.

Ұлт конгресі ашықтан-ашық Индияның ірі буржуазиясы мен помещиктерінің реакцияшыл блогінің партиясы болып алды. Үкімет орындарының жол беруімен Хинду Махасабха уәкілдері Гандиді өлтіруіне қарамастан, бұқараны өзінің ықпалында ұстау үшін Индия буржуазиясы гандизмді аса маңызды идеологиялық құрал етіп пайдаланумен келеді. Оның үстіне Индияны екіге бөлгеннен кейін гандизмнің реакцияшылдығы одан әрі күшейе түсті. Конгрестің басшылары Гандидің өсиеті деген сылтаумен жана уставты қабылдатты, бұл устав бойынша Гандидің өсиеті дегенге сүйеніп, Конгресті жалпы ұйымға айналдыру, оның мүшелерін екі топқа — правосыз жай мүшелер тобына және басшылар тобына бөлу ұсынылды, Конгресс ұйымының ішіндегі өкімет билігі түгелдей басшылардың қолына берілетін болды. Гандидің өсиеттеріне сәйкес демократиялық белсенді элементтердің бәрі Конгрестен қуылды және әлі де қуылуда.

Индияда «демократияны қорғау үшін» Гандидің беделін пайдалану әрекеті өте зиянды және қауыпты. Ганди ешуақытта да империализмге қарсы қарулы күрес бастаған емес, индиялықтар арасынан шыққан опасыздарға қарсы күрескен емес. Керісінше, жалпы бұқаралық ұлт азаттығы қозғалысына еналды болып опасыздық еткен адамның бірі Гандидің өзі еді. Гандизмге — Индиядағы контрреволюцияшыл буржуазия идеологиясына қарсы күрес — Гандидің беделіне қарсы, Гандиді дәріптеуге қарсы күрес жүргізбейінше, Гандидің бүкіл қызметін әшкерелеп күрес жүргізбейінше мүмкін емес, Ганди халық қозғалысына үнемі опасыздық жасады, сөйтіп Индияны құлданушы ағылшындарға зор қызмет етті.

Индияның бай таптары ағылшын империализмімен ауыз біріктіруінің салдарынан ұлт азаттығы қозғалысының бірде-бір мәселесі ойдағыдай шешілмеді. Индия мен Пакистан бұрынғысынша отар ел болып қала берді: феодалдық ыдыраушылығы жойылмады, Индия домниондары ішінде ұлт мәселесі шешілмеді; жер реформалары феодалдық салттарды жоймады, бұл феодалдық салт Индия деревнясында үстем орын алды, аграр мәселесі және шаруалардың өсімқорларға берешек қарыздары жөніндегі мәселе шешілмеді; Индияның өнеркәсібі Англия капиталының қолында немесе, оған тәуелді Индия буржуазиясының қолында қалып қойды. Өнеркәсіпке АҚШ капиталының

енуі күшейіп, Индияның өз өнеркәсібінің өркендеуіне бөгет болды. Жұмысшы табының халі мейлінше нашарлады. Сондықтан Индия екіге бөлінгеннен кейін де шетел империалистерінің, ірі буржуазияның, князьдар мен помещиктердің блогіне қарсы бағытталған бұқаралық қозғалыс күшейе берді.

Индияны Пакистан және Индия одағы етіп, екіге бөлгеннен кейін ағылшын-американ империализмі Пакистан мен Индия одағы арасында арандату әрекетін жүргізіп, индустар мен мұсылмандардың алауыздығын қоздырумен болды. Бұл жөнде Қашмирде жаңа доминиондар арасында болған кіші соғыс, Хайдарабаттың Низамы және князь Джунагаттың Пакистанмен байланыстылығынан туған жанжалдар, босқындарды көшіріп орналастыру мәселесі, тағы сондайлар айғақ. Дегенмен, екі доминионның шекараларын белгілегенде етек алған жазалау, қантөгіс басылғаннан кейін индус-мұсылман қайшылықтары екінші қатардағы мәселе болып қалды. Реакциялық діншіл-қауымының ұйымдары (мысалы, Пакистандағы Мұсылмандардың ұлт гвардиясы, Индия одағындағы Хинду Махасабха және Раштрия Севак Сангх, және де Акалидағы сикх қауымының ұйымы) дін жөніндегі алауыздықты қоздыруда ескі жолдан тайыбағанымен, бұлардың қатарында ағылшын-американ империализмінің құпия агенттерінің болуында да ешбір күман жоқ еді. Соған қарамастан ұлт мәселесі Индия мен Пакистанның саяси өміріндегі аса маңызды мәселелердің бірі болып алды.

Индия үкіметі өзінің ұлт праграммасын жүзеге асырудан бастартты, яғни тіл провинциялары деп аталатындарды құрудан бастартты деп жоғарыда біз айттық. Индия одағында да, сол сыяқты Пакистанда да негізінде әкімшілік-саяси бөлінудің бұрынғы тәртібі сақталынып қалды. Сөйтіп Индиядағы жеке халықтардың ең болмашы талаптары да қанағаттандырылмады. Оның үстіне Индия одағы мен Ұлт конгресі тіл өзгешелігіне қарай провинциялар құрудың мезгілі жеткен жоқ деп есептейтіндігін ашықтан-ашық мәлімдеді, Индияның конституциясында да бұл жөнінде ешнәрсе айтылмады.

Тіл өзгешелігіне қарай автономиялы провинциялар құру бұл провинциялардың кейбіреуінде демократиялық элементтердің позициясын күшейткен болар еді. Мысалы, Мадрасс провинциясынан Кералы және Андхара провинцияларын бөлу бұл провинцияларда қалайда күштің салмағын демократиялық элементтердің пайдасына өзгерткен болар еді, өйткені Конгрестің Мадрасс провинциясындағы негізгі тірегі тамиль буржуазиясы және басқа ұлттардың помещиктік эле-

менттері болатын Мадрасс провинциясын ұлт белгісіне қарай Андхра және Кералы провинцияларына бөлсе, онда Конгрестің сүйенетін негізі кенет тарылып, ол провинциялардағы тек помещиктерді ғана тірек етуіне тура келер еді. Орталық провинциялары мен Бомбей провинциясын ұлт белгісіне қарай бөлудің нәтижесі де дәл осындай болар еді. Ал тіл өзгешілігіне қарай провинция құру жолындағы қозғалыстың терең мәні бар еді, сондықтан Ұлт конгресінің бұл қозғалысты бөгеп ұстауға шамасы жетпеді. Бұл қозғалыстың талабы Индия халықтарының ұлт территориясын бір әкімшілік орталыққа біріктіру болғандықтан, бұл қозғалыс феодалдық князьдарға да қарсы бағытталғаны белгілі. Мысалы, біріккен демократиялық Кераланы құру талабы Траванкур және Кочин князьдіктерінің жоюды көздейді. Біріккен Карнатикті құру Майсср және Хайдарабад князьдіктерін жоймай мүмкін емес; Хайдарабадты жоймай тұрып, біріккен Андхра және Махараштра провинцияларын құру да мүмкін емес.

Ұлт-азаттығы қозғалысына әртүрлі элементтер — жұмысшылар мен шаруалардан бастап интеллигенция және орташа ұлт буржуазиясы қатысып отырады. Бұл қозғалыс ежелден қалыптасқан ұлттар мекеп еткен жерлерде, олардың жері бұрынғы әкімшілік шекаралары бойынша бөлу — ұлт сзушілігімен, феодалдық элементтердің үстемдік етуінің аса төзімсіз формаларымен, және де әртүрлі ұлттардың бай таптары арасында алауыздықтың етек алуымен байланысты болатын жерлерде өте күшейіп отырады. Сондықтан бұл қозғалыс Андхра, Махараштра, Кералы, Карнатик ұлт аудандарында аса күшейіп отырады, ал Тамилдер елінде және Гуджарадта әлде қайда бәсең білінеді.

Жеке ұлттардың қозғалысы феодализмге қарсы күресу сыпатын алады, сондықтан жұмысшы табының басшылығы арасында күресетін шаруалар аса маңызды қозғаушы күш болып табылады.

Индияның тек коммунистік партиясы ғана ұлт мәселесін демократиялық жолмен шешуді ұсынды, яғни Индияның барлық ұлттарына өзін өзі билеу правосын беруді, өз алдына бөлініп келуге және дербес мемлекет құруға дейін право беруді ұсынды. Бірақ бұл қозғалысқа буржуазиялық элементтер де қатысып отыр, олар Конгрестің бұрынғы ұлт программасын жүзеге асыру үшін ғана, яғни князьдар мен помещиктердің мүдделерін мүмкіндігінше қол сұқпай, тіл өзгешелігіне қарап провинция құру үшін ғана күреседі. Жоғарыда аталған халықтардың ұлт буржуазиясы өте әлсіз, ол феодалдық бытыранқылықты қал-

лықтарын жою және ұлттың өзін өзі билеу жолындағы күресінде Индия халықтарына сенімді одақтас бола алмайды.

Жеке ұлттардың өзін өзі билеу жолындағы қозғалысының өріс алуы нәтижесінде конгресс ұйымдары кенет әлсіреп, ал кей жерлерде құлап та қалды, бұл ұйымдар кенет оңға қарай бұрылды. Мысалы, Андхра ауданында Андхра Махасабха ұлт ұйымы тез өсуге бет алды, 1948 жылы оның мүшелерінің саны 700 мыңға жетті. Бұл ұйым негізінде шаруалардан ұйымдасты. Ұйымда интеллигенция зор роль атқарады. Андхра ауданындағы коммунистік ұйым және Хайдарабад Низамына қарсы көтеріліс болған жерлердегі кәсіподақ ұйымдары шаруалар қозғалысында басшы роль атқарып отыр. Андхра ауданындағы Конгресс ұйымы помещиктік ұйымға айналды және іс жүзінде помещиктік «Джастис» партиясымен қосылып кетті.

Ұлт облысы Махараштрада «Махараштра Конференциясы» деген ұлттық ұйым құрылды. Бұл ұйым Конгреспен қарым-қатынасын ресми түрде үзген жоқ, бірақ Индия үкіметінің ұлт саясатына қарсы бағытталған талаптар ұсынды. Бұл ұйым Орталық провинция, Бомбей провинциясы (Бомбей қаласын қоса есептегенде) және Хайдарабад князьдігі аудандарындағы маратхами халықтарын қосатын біріккен Махараштр кұруды талап етті. Бұл ұйымның басшылығы Андхра Махасабхи басшылығындай демократияшыл емес, бірақ Махараштр және Бомбей конгрестік ұйымдары басшылығынан анағұрлым прогресшіл болды. Коммунистер бұл ұйымға белсене қатысып, оны революцияландыруға ұмтылады. Коммунистер Бомбей қаласын қоса біріккен демократиялық Махараштр кұру талабын қосауда.

Кералыда конгресшілердің едәуір бөлегі Конгресс ұйымынан бөлініп «Кералының социалистік партиясы» деген дербес ұйым құрды. Бұл ұйым Индияның социалистік партиясымен байланысты болған жоқ, ал Траванкур, Кочин князьдіктерінің үкіметтеріне қарсы және Кералы провинциясындағы Конгресс ұйымына қарсы коммунистермен бірге күрес жүргізді. Индияның коммунистік партиясы және Кералының социалистік партиясы Траванкур князьдігіндегі малаяль жерлерін, Кочин князьдігінің бүкіл жерін, Малабар округін, Оңтүстік Каннар округінің бір бөлегін Біріккен Кералы провинциясы шеңберінде біріктіру талабын ұсынды.

Индия одағы халықтарының ұлт қозғалысы Индия одағының реакцияшы үкіметіне және князьдіктердің үкіметтеріне қарсы бағытталып, жалпы алғанда прогресшіл болғанымен, оны реакцияшыл элементтер өз мүдделеріне пайдалану әреке-

тін көздеді. Мысалы, Майсур князьдігіндегі буржуазияшыл бір қайраткер Майсур махаражигінің қамқорлығында біріккен Карнатик кұрулы талап етті. Кочин князі Кочин және Траванкур князьдігі фамилияларының қамқорлығында біріккен Кераланы кұру идеясын ұсынды. Траванкурдың ірі буржуазиясы сол князьдіктегі Тамиль округтерін Кералыға қосуды талап етті. Біріккен Махараштрды кұру қозғалысына Хинду Махасабхидің және басқа ұйымдардың мүшелері де қатысуда.

Пакистандағы ұлт қозғалысы Индия одағындағы қозғалыстан кем емес. Әсіресе, тәуелсіз Пакистан кұру жолында шекара аудандардың тайпаларымен одақтасқан «Қызыл көйлектілер» ұйымы күресінің саяси маңызы зор. Бұл қозғалыс Афғанстан үкіметінен кұпшы көмек алып отырады. Бенгаль мәселесі де ерекше маңыз алуда. Шығыс Бенгалия мен Пакистанның батыс жағының арасы 1500 километр. Пакистанның бұл екі бөлегі арасында ешқандай экономикалық, мәдени және тарихи байланыс жоқ. Пакистан үкіметінің панисламизмді насихаттау және мемлекеттік тіл ретінде урду тілін енгізу арқылы олардың байланысын күшейтуді көздеген әрекеті Пакистан үкіметі мен Шығыс Бенгалия арасындағы қарым-қатнасты тек шиеленістірді. Тіпті Шығыс Бенгалияның Мұсылман лигасы ұйымында Пакистанның орталық үкіметінің саясатына қарсы күшті оппозиция бар. Бенгалияның өз ішінде Бенгалидің басын қосуды көздеген қозғалыс басталды. Бірақ ол Патан қозғалысы немесе Оңтүстік Индиядағы қозғалыстың дәрежесіне жетіп күшейген жоқ. Шығыс Бенгалияда оны бастап отырған Мұсылман лигасының уәкілдері Бенгалияны Пакистан шеңберінде біріктіруді талап етсе, Батыс Бенгалияда Бенгаль ұлтшылдары Бенгалияны Индия одағының шеңберінде біріктіруді талап етеді.

Индияның соғыстан кейінгі ерекше бір өзгешелігі шаруалар қозғалысының орасан ұлғаюы және шиеленісуі болды. Соңғы жылдары үнемі ашаршылық болды, шаруалардың күйі тым нашарлап кетті, жерден айрылуы күшейе түсті. Әсіресе князьдіктердегі шаруалардың күйі нашарлады. Сондықтан князьдіктерде, әсіресе, Оңтүстік Индияның князьдіктерінде, және де Қашмирде шаруалар қозғалысы кең құлаш сермеді, шынында бұл облыстарда шаруалар қозғалысының анағұрлым жетік түрлері басым келеді. Князьдіктерде шаруалар қозғалысының және жалпы демократиялық қозғалыстың кең құлаш сермеуіне Индияның оңтүстігінде және Қашмирде шаруалар мәселесінің ұлт мәселесімен өте тығыз байланыстылығы себеп болды. Траванкур және Кочин князьдіктерін және бұларда үстем болған жер қатнастарын жоймай тұрып, Кералыде аграр мәселесін

де шешу мүмкін емес, өйткені ұлт территориясының 70 процентінен астамы осы князьдіктерге қарайды. Сонымен қатар бұл князьдіктер жойылмай тұрғанда малайя халқын біртұтас демократиялық ұлт мемлекеті етіп бірлестіру де мүмкін емес. Кералыдегі шаруалар қозғалысы феодализм қалдықтарына қарсы бағытталған, сондықтан ол антифеодалдық және антиимпериалистік сыпат алған ұлт қозғалысымен тығыз байланысты болып отыр. Индияның оңтүстігіндегі ірі буржуазия, көбінесе гуджарад буржуазиясы, сонымен қатар жергілікті буржуазия, әсіресе князьдармен өте тығыз байланысты тамильдік буржуазия, ұлт мәселесінің шешілуін және әкімшілік-саяси бөліністі өзгертуді көздемейді. Кералыда ұлт қозғалысының негізгі күші шаруалар болды және жұмысшы табы бұл қозғалыста барған сайын жетекші орын ала бастады. Андхра еліндегі жағдай да осындай.

Хайдарабад мәселесі — Хайдарабад князьдіктерінің Индия одағына қарым-қатнасы жөніндегі мәселе ғана емес, бұл енал-дымен деревняда феодалдық қарым-қатнастарды жою және Оңтүстік Индиядағы бірсыпыра халықтардың жерлеріндегі феодалдық бытырандылықты жою мәселесі болып табылады. Хайдарабад — көп ұлтты князьдік. Оның халқының 50 проценті телугу, немесе андхра, 25 проценті маратхи және 15 проценті — каннара. Бұл князьдіктегі билеуші ұлт Гиндустандықтан бүкіл халықтың не бәрі 10 проценті ғана, олар көбінесе қалаларда тұрады; Хайдарабадтың басқа ұлттарынан мұсылман дініне шыққан помещик-феодал элементтері де соған қосылады. Хайдарабадта шаруалардың феодализмге қарсы қозғалысы оның ішінде ерекше күшті болған Телинган қозғалысы әрі ұлт қозғалысы болды. Халық бұқарасы Низам өкіметін жоюды ғана талап етіп қойған жоқ, жеке әкімшілік құрылып отырған Хайдарабад князьдігін жоюды, осы князьдіктегі жеке ұлт жерлерін Индия одағының тиісті ұлт жерлеріне қосуды талап етті.

Хайдарабад князьдігі конгресінің бір бөлегі ірі буржуазия, бір бөлегі помещиктер; олар Низамның праволарына шек қояды және князьдіктің Индия одағына қосылуын көздейді. Бұл князьдіктің демократияшыларда ұйымдары, мәселен Андхра Махасабха, Махараштр конференциясы Князьдік конгресіне қарағанда мүшелерінің саны артық және буқара арасында беделді болу себепті феодалдық жер қатнасын жоюды, князьдіктерді толық жоюды талап етеді.

Телинганыда шаруалар қозғалысы мен ұлт қозғалысының ерекше күшті болуының себебі, шаруалардың жерсіз қалуы

Хайдарабадтың осы облысында тым тездеп кетуінен еді; сондықтан бұл арада қозғалыс шаруалар көтерілісі түрінде етек алды. Шаруалар помещиктердің жерін тартып алды, 5 миллионнан астам халқы бар 3 мың деревня құрды, халық өкіметі комитеттерін, өзді өзін қорғайтын қарулы отрядтар құрды. Теллинганың жерінде: Нальгонда, Варангал, Қаримнагар округтерінде, Индияның тарихында тұңғыш рет, бұқараның ұйымдасқан революциялық қозғалысының нәтижесі ретінде халық өкіметі құрылды. Теллинганыда шаруалар қозғалысы мен ұлт қозғалысына коммунистер басшылық етті. Сөйтіп мұнда жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жүзеге асырылып, бұл одақта жұмысшы табы жетекші міндет атқарды.

Хайдарабадты Индия одағына қосу Индия бөлінгеннен кейін, оның оңтүстігінде қалыптасқан таптық күштердің орналасуында айтарлықтай өзгеріс жасай алмады. Индия өкіметі орындары күш жұмылдыра тұрса да, 1949 жылдың алғашқы жартысында, Теллинганыдағы көтерілісті баса алмады. Көтеріліс жасаушылардың арасына іріткі салу үшін, өкімет помещиктердің жер иеленуін там-тұмдап жойды; сонда да көтеріліс басылмады. Шаруалар қозғалысы Индияның оңтүстігінде ғана орын теуіп қойған жоқ. Аренда ақысын кеміту, өсімкорларға бересі несиеі жою жолындағы күрес Бенгалияда, Бихарда, Пенджабта, Бомбей провинциясының солтүстік бөлегінде (Гуджарадта) кең құлаш сермеді. Шаруалар қозғалысы Индия одағының барлық провинцияларында және Пакистанда әр түрде өріс алумен келді.

Шаруалар қозғалысының беталысы және олардың қойған талаптары Индияның түрлі аудандарында бір беткей болған жоқ. Мысалы, Батыс Бенгалиядағы шаруалар — аренда ақысы мен салықтарды шаруалардың кірісінің үштен бір бөлегіне дейін кемітуді негізгі талап етіп көтерді (мұндағы қозғалыстың «тебхага» деп аталуының себебі содан); Құрама провинциялардағы және Бихардағы шаруалар қозғалысы да осындай талап қойды. Гуджарадт пен Ассамда тым артта қалған және қанауда болған, жерді жалға алушы тайпалар (бхилы және басқалар) қозғалыста зор роль атқарды. Шығыс Пакистандағы шаруалар қозғалысы ұйымдасқан түрде жүргізіліп отырды. Мұнда шаруалар Пакистаннан қашып кеткен индус-помещиктердің жерлерін тартып алып, помещиктердің жер иеленуін толық жою үшін күресуде.

1948 және 1949 жылдары жұмысшы табы шаруалар бұқарасын сатқыншы ұлтшыл буржуазияның және помещиктердің ықпалынан азат ету міндетін Индияның барлық аудандарында тү-

гел орындай алған жоқ. Бұл міндет көбінесе Индияның оңтүстігінде және Шығыс Пакистанда орындалды, ал Индия одағының солтүстік провинцияларында бұл міндет ойдағыдай орындалмай отыр, өйткені мұнда шаруалар ұйымдарының басшылығында конгрестіктер мен социалистердің позициясы әлі күшті болып отырды. Бұл жылдардың бойында шаруалар қозғалысының үлкен кемшілігі ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың және жартылай пролетарлық элементтердің жеткіліксіз ұйымдасқандығы болды. Конгрестіктер мен социалистердің іріткі салу саясатына қарамастан Индиядағы шаруалар қозғалысы етек алып келеді, қазіргі кезде Индиядағы халық-азаттық күресінің кезеңін аграрлық кезең деп сыпаттау дұрыс болады.

Индия екі бөлінгеннен кейін жұмысшы қозғалысы өте кең өріс алды. 1947 жылы ереуіл өткізу салдарынан (ресми мәліметтер бойынша) 16 миллион жұмыс күнінен астам уақыт шығын болды. Ереуілге жұмысшылар ғана емес, банк, мемлекеттік мекеме, почта-телеграф, тағы басқа ұйымдардың қызметшілері де белсене қатысты. Теміржолшылар өте белсенділік көрсетті, олар Индия бөлінгеннен кейін бірнеше рет ереуіл жасады. Ереуіл қозғалысына кәсіподақтардың Бүкіліндиялық конгресі басшылық етті, 1949 жылы оның құрамында 800 мыңнан астам мүше болды. Үкімет тарапынан жазалау шаралары қолданылуына, темір жолдарда, және бірқатар өнеркәсіп салаларында ереуілдерге тыйым салынуына қарамастан стачкалық қозғалыс тоқталмады. Стачкалық қозғалысқа Ассамның плантация жұмысшылары да қатысты, олар көбінесе Орталық Индияның таулы жерлеріндегі артта қалған тайпалардан алынған жұмысшылар болатын.

Индияда тұңғыш рет ауылшаруашылық жұмысшыларының бұқаралық кәсіподақтары құрыла бастады, бұл одақтар Индияның оңтүстігінде өте кең өріс алды. Ірі өнеркәсіп орталықтарының ғана емес, екінші қатардағы өнеркәсіп орталықтарының да жұмысшылары зор белсенділік көрсетіп отыр. 1947—1948 жылдары бір неше ай бойы ереуіл жасаған Коимбатура тоқымашылары ерекше табандылық және қаһармандық көрсетті. Траванкурдағы кокс торқасын (коир) айыру және өңдеу жөніндегі өнеркәсіптің жұмысшылары өздерінің ұйымшылдығы арқасында жұмысшы табының жағдайын жақсарту жолындағы күресте ғана емес, бұл князьдіктің құрылысын демократияландыру жолындағы күресте де алдыңғы қатарлы отрядқа айналды. Пуннапара және Ваялара жұмысшыларының қаһармандық күресі бүкіл Ин-

дияға күшті әсер етті. Индия коммунистері басқа князьдіктерде де жұмысшыларды ұйымдастыруда зор табыстарға жетті.

1947 және 1948 жылдары Индур, Бхопал және басқа князьдіктерде де үлкен ереуілдер болды. Жұмысшы қозғалысына Индияның коммунистік партиясы басшылық етті, оның ықпалы тек жұмысшылар арасында ғана емес, қызметшілер, шаруалар және студенттер арасында да үздіксіз күшейіп келеді. 1942 жылы небәрі 2 мың мүшесі болған Индия коммунистік партиясының қатарында 1943 жылы 16 мың, 1948 жылдың бас кезінде 90 мыңға дейін мүше болды. Жұмысшы табы және оның авангарды коммунистік партия халық-азаттық қозғалысының басшы күші болып келеді. Коммунистік партия жұмысшы табының, шаруалардың күресіне, ұлт қозғалысының және интеллигенцияның демократиялық жіктерінің күресіне басшылық етіп отыр. Пакістанда кәсіподақ орталығы құрылды. Ереуіл қозғалысына Карачидің докерлары, Пакістанның теміржолшылары, әсіресе Шығыс Бенгалияның теміржолшылары белсене қатысты. 1948 жылы Пакістанның коммунистік ұйымдары Пакістанның коммунистік партиясы болып бірікті, мұндай ұйымдар Солтүстік-батыс шекарадағы артта қалған провинцияларда да бар.

Демократиялық қозғалыс Индияға да, Пакістанға да қосылмайтын Непал князьдігін қамтып отыр. Бұл князьдік соңғы уақытқа дейін феодалдардың мекені, гуркх солдаттарын жетістіретін база және халық қозғалысын жаныштау үшін империалистердің қолындағы көндем құрал болып келсе, енді ол мәңгілік ұйқыдан оянды. Онда «Непал князьдігінің конгресі» деп аталатын бұқаралық ұйым құрылды. Ол «махараныдың самодержавиелік үкіметін құлату және князьдіктерден оған өтіп кеткен американдықтарды қуу» талабын көтерді. Князьдіктің аздаған өнеркәсіп орталықтарында кәсіподақтары құрылды, оның тарихында тұңғыш рет ереуілдер болып өтті. Коммунистік ұйымдар құрылды. Непалда демократиялық қозғалыс өріс алуы себепті махарана қозғалысты басу үшін Индия олағының гуркх батальондарының бөлімін шақыруға мәжбүр болды.

Индияда демократиялық қозғалысы бұрын қозғалысқа еш бір қатыспаған жаңа облыстарлы, сонымен қатар бұрын саяси жағынан санлаусыз болып келген жаңа элементтерді барған сайын көбірек қамтып келеді. Мынаны атап өту керек: бұл элементтердің едәуір бөлегі Индия бөлінгенге дейін Гандидің соңынан және доктор Амбедкардың соңынан (ағылшын өкіметі орындарының адамы) ерді, ал бертін келе жұмысшы және шаруалар қозғалысына қатысатын болды және олардың арасында

коммунистік партияның ықпалы күшейді. Бірақ, жұмысшы қозғалысының бытыраңқылығы және ұйымшылдығының кемдігі әлі жойылып жеткен жоқ. Кейбір жерлерде және кәсіпорындарының жұмысшылары арасында ықпалы бар ұсақ топтар әлі сақталып келеді, олар халықтың ішіне жік салу саясатын жүргізіп, көбінесе реакцияшыл буржуазияның агенттері — троцкиштілермен тікелей байланысты болды.

Ұлт конгресінің реакцияшыл басшылары кәсіподақ қозғалысына жік салды. Кәсіподақтардың Бүкілһиндиялық конгресі жұмысшылардың бірден-бір жауынгер, таптық кәсіподақ ұйымы және жұмысшылар арасында беделді бола тұрса да жұмысшылардың артта қалған бөлегін Конгресс басшылары кәсіподақтардың ұлттық конгресі деп аталатын ұйымға тартты, бұл конгресс Индияның вице-премьері және Сыртқы Істер министрі Пательдің бақылауымен жұмыс істейді. Реакцияшыл буржуазияның қолында құрал болып отырған бұл ұйымда қателесіп кіріп қалған адал жұмысшылар аз емес, олардың бұл ұйымға түсу себебі Конгресс басшыларының саясаты артта қалған жұмысшылардың арасында толық әшкереленіп жетпеуінен болды.

1948 жылы социалистер өздерінің Хинд Маздур Сабха деген кәсіподақ бірлестігін құрды, ал 1949 жылы либералшыл кәсіподағының қайраткері Мриналь Канти Бос және оның тобы кәсіподақтардың Біріккен конгресін құрды. Бұл кәсіподақ бірлестіктерінің барлығы да жұмысшы табын ыдырату және Индия пролетариатының қатарында буржуазияның ықпалын күшейту мақсатын көздейді. Индия буржуазиясының бұл әрекетіне американдық еңбек федерациясының уәкілдері және Британияның кәсіподақтары бас советінің уәкілдері басшылық етіп отыр.

Шаруалар қозғалысында бірлік әлі ойдағыдай күшейіп жеткен жоқ. Индияда шаруалардың екі одағы (Кисан Сабха) бар. Бұлардың біреуіне коммунистер басшылық етеді, ал екіншісіне, коммунистерге жиі қарсы шығатын және Ұлт конгресімен байланысты, әртүрлі ұсақ буржуазияшыл элементтер ықпал жүргізіп отырады.

Интеллигенцияның демократиялық топтарының арасында бұл элементтердің ықпалы одан да күшті. Социалистік партия реакцияшыл буржуазияның тікелей агентурасына айналды. Оның басшылары аласұрып коммунистерді қудалауға, совет еліне қарсы жала жабуға дағдыланумен жүр. Интеллигенция арасындағы екінші бір ұйым — форвард-блок — әртүрлі элементтерден құралған тұрлаусыз бір топ. Кейбір провинциялар-

да (Бомбей, Орталық провинцияда) бұл ұйым кейде коммунистермен бірігіп күрес жүргізеді; ал Субхас Чандра Босстың жақтаушылары басым орын алатын бөтен провинцияларда, әсіресе, Бенгалияда форвард-блок ұйымы жұмысшы қозғалысына қарсы күресте социалистер сыяқты буржуазияның оң қолы болып майданға шығып жүр.

Студенттер қозғалысында да бірлік әлі жоқ. Коммунистерге жақын элементтер басқарып отырған Бүкілһиндиялық студенттер федерациясымен қатар конгрестіктер басшылық ететін ұйым да бар. Демократиялық жастардың барлық топтарын бірлестіретін жастар ұйымдары (жұмысшы, шаруа, оқушы тәрізді басқа жастарды бірлестіретін ұйымдар) бүкілһиндиялық көлемде жоқ. Мұндай революциялық жастар ұйымы Андхрадеңге ғана бар, ол Андхра Ювак Сабха деп аталады. Бұл ұйым Андхра халықтарының жұмысшы, шаруа және ұлт қозғалысына белсене қатысуда.

Қыйыншылықтарға және қудалаушылыққа қарамастан коммунистік партияның ықпалы артып, оның ұйымдары нығайып келеді. Жұмысшы, шаруа және студенттер қозғалысының қайраткерлеріне жаза қолдану және оларды қудалау Индия одағы үкіметінің әлсіздігін сыпаттайды. 1949 жылы февральдің аяқ шенінде Сыртқы Істер министрі реакцияшыл Патель Мадрастың коммерциялық палатасының біріккен конференциясында сөйлеген сөзінде: «Жұмысшылар оларға дұрыс басшылық ете алатын адамдардың ықпалында болып отырған жоқ» — деп мәлімдеме жасады. Сөйтіп ол Индия жұмысшы табының арасына жік салу жөнінде Ұлт конгресінің әрекетінің іске аспай қалғандығын мойындады. 1949 жылғы майда Патель кәсіподақтардың ұлт конгресінің сессиясында сөйлеген сөзінде осы пікірін қайталап айтты. Мұның өзі жұмысшы табын ыдырату әрекеті табысты болмағанын сыпаттайды. Индия әскерлері басып алған Теленганыдың көтеріліс шыққан аудандарында помещиктерге жер қайырып беру әрекеті іске аспады. Ол былай тұрсын жазалаушы экспедициялар көтерілісті баса алған жоқ, оған тек шек қою шарасын ғана қолданды.

Соңғы оқығалар Индия бөлінгеннен кейін ондағы халық күресі жаңа сатыға аяқ басқанын көрсетеді. Бұл сатының немесе кезеңнің өзгешеліктері мынадай:

Индияда Пакистандағыдай ағылшын және американ империализмімен одақ жасасқан ірі буржуазияның, помещиктер мен князьдердің реакцияшыл блогі түпкілікті қалыптасты. Бұл блок Индия мен Пакистанның өз ішіндегі қарым-қатнастар-

дың, сол сыяқты бұл елдердің Англиямен және АҚШ-пен екі арадағы қарым-қатнастарының сақталуын көздейді.

Индия мен Пакистанды азат ету жолында империализмге қарсы күресу қазіргі уақытта Индияның феодалдық князьдері мен помещиктеріне қарсы және ірі буржуазиясына қарсы күрес жүргізуді керек етеді. Князьдіктерді жоймайынша, помещиктердің жер иемденуін жоймайынша, шетел капиталистерінің қарауындағы ірі өнеркәсіпті ғана емес, «ұлт» буржуазияның қолындағы ірі өнеркәсіпті де мемлекет мүлкіне айналдырмайынша, яғни халықтық демократия үшін күрес жүргізбейінше Индияны толық азат ету мүмкін емес.

Индияны шетел империализмінің билігінен толық азат ету, феодализмнің барлық қалдықтарын жою және ірі буржуазияның экономикалық позицияларын жою жолындағы күресте Индия мен Пакистанның коммунистік партиялары бастаған жұмысшы табы жетекші күш болып табылады. Феодализмнің қалдықтарын түгел жою мүддесін көздейтін шаруалар бұл күресте жұмысшы табының негізгі одақтасы болады. Шаруалар күресі кейбір жерлерде көтеріліске айналып кетіп отыр, жұмысшы табының басшылығымен феодализмнің қалдықтарына қарсы және бұл феодализм қалдықтарының сол қалпында сақталып қалуын көздеген Индия одағы мен Пакистанның буржуазиялық-помещиктік үкіметтеріне қарсы жүргізіліп отырған шаруалар күресі — жаңа кезеңнің ерекше бір сыпаты болып отыр, сондықтан оның аграрлық кезең деп аталуы өте орынды.

Индияда және Пакистанда ұлт мәселесі автономиялы ұлт провинцияларын құру түрінде болса да шешілген жоқ. Феодализм қалдықтарынан және монополистік капиталдың көбінесе гуджарлықтар мен марварилердің қолындағы үстемдігінен азап шегіп отырған Индия ұлттарының орта және ұсақ буржуазиясы демократиялық лагерьдің тұрақты одақтасы бола алмайды. Ұлт буржуазиясының бұл жіктерінің прогресшілдік ролі өте шамалы, сондықтан оларды ешуақытта асыра бағалауға болмайды.

Индияның халық азаттығы күресіндегі жаңа кезең дүниежүзілік екінші соғыстан кейін империализмнің отарлық системасы дағдарысының шиеленіскендігін айқын сыпаттайды. Индиядағы бұл жаңа кезеңнің өзгешелігі отар және жартылай отар басқа елдердегі азаттық қозғалыстың дамуындағы жаңа кезеңнің өзгешеліктеріне едәуір сай келеді. Қытайда, Бирмада, Индонезияда, Индо-Қытайда және Филиппинда Индиядағы сыяқты феодалдар ғана емес, ірі буржуазия да жа-

на кезеңнің тұсында ашықтан-ашық империализм лагеріне қарай шықты.

Қазір халықтық-демократиялық майдан реакцияның күште-ріне қарсы күреске шығып отыр. Бұл елдерді отарлық тәуелді-ліктен азат ету міндеті — ол елдердегі халықтық демократия жолындағы күреспен, Индияда халықтық демократияның же-ңіп шығуы жолындағы күреспен тығыз байланысты. Комму-нистік партия 1948 жылғы марттағы II съезде Индияның ха-лықтық демократия жолындағы күресінің мынадай програм-масын жасады:

1. Британия империясынан толық қол ұзу, агрессияшыл ағылшын-американ блогімен байланысты ұзу, дүние жүзінде-гі демократиялық елдермен, әсіресе жаңа соғыс өртің тұтан-дырушыларға қарсы күрес жүргізуші ССРО-мен тығыз бай-ланыс жасау.

2. Индияның саяси құрылысын демократияландыру. Бар-лық ұлттардың өзің өзі билеу правосын тану және Индияны халықтық демократиялық ұлт республикаларының ерікті ода-ғына айналдыру. Қнязьдіктерді жою, аз ұлттардың және арт-та қалған тайпалардың правосарын қорғау.

3. Индия одағы мен Пакістан арасында достық қарым-қатнас орнату.

4. Помещиктердің жер иемденуін жою, жерді шаруаларға және ауылшаруашылық жұмысшыларына беру, жер үшін по-мещиктерге ақша төлемеу.

5. Өнеркәсіптің негізгі салаларын мемлекет мүлкіне ай-налдыру. Барлық жұмысшылар мен қызметшілер үшін сегіз сағаттық жұмыс күнін және минимум жалақы белгілеу.

Бұл программаны халықтың қалың көпшілігі қуаттап отыр, халықтардың өмір сүруі жолындағы күреске, ағылшын және американ империализміне қарсы және оның индиялық одақтастары — ірі буржуазияға, помещиктерге және феодал-дық князьдерге қарсы күреске Индия халқының барлық де-мократиялық топтарын бірлестіру үшін Коммунистік партияда қажетті жағдайдың бәрі бар. Қытай халқының бүкіл дүние-жүзілік тарихи жеңісі, Қытай Халық республикасының құры-луы, Бирмадағы және Малайядағы көтерілістер, Вьетнам жө-не Индонезия халықтарының күресі, Совет Одағы бастаған антиимпериалистік демократиялық лагерьдің нығаюы Индия халық бұқарасының өз ішіндегі және шетелдік қанаушыла-рын қатты абыржытып, Индияның халықтық демократия жо-лындағы күрескерлерінің жігерін күшейтіп отыр.

Тарих ғылымының кандидаты
С. В. ПОКРОВСКИЙ

АҒЫЛШЫН ИМПЕРИАЛИСТЕРІНІҢ ЦЕЙЛОНДАҒЫ МАНЕВРЛЕРІ

*(Цейлонға Британия доминионы тәртібін орнату
мәселесі жөнінде)*

Индостан жарты аралына жақын жердегі, Европаны Оңтүстік-Шығыс Азия және Шығыс елдерімен жалғастыратын теңіз жолдарындағы Цейлон—Индия мұхитында аса маңызды стратегиялық позиция болып саналады. Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында ағылшын-американдардың Оңтүстік-Шығыс Азиядағы стратегиялық плацдармы ретінде ол зор роль атқарды.

Цейлон жерінің көлемі 70 мың шаршы километр; 1946 жылғы мәлімет бойынша халқының саны 6.658 899 адам¹. Оның халқы ұлт құрамы және дінн көзқарасы жағынан бір-нелкі емес. Мұны атап өтудің ерекше маңызы бар, өйткені Цейлонда халықтың ұлт және дін жағынан ала-қула болып келуі ағылшындардың отарлық саясат жүргізуіне өте қолайлы негіз болып отырады. Ағылшын отаршылдары түрлі ұлттарды біріне-бірін айдап салумен олардың назарын Британ империя-лизміне қарсы күрестен аулақтатып отырады.

Цейлон халқы негізінде сингалездерден (4 миллионға жуық), тамильдерден (1,5 миллионға жуық), маврлардан (400 мыңға жуық) және Цейлонды 1658 жылдан 1795 жылға дейін билеп сінсіп кеткен голланд отаршыларының ұрпақтары—бюргерлерден (40 мыңға жуық) құралады. Аралды ерте заманнан мекен еткен ведда халқы небәрі бірнеше мыңға жуықтайды. Европалықтар (көбінесе ағылшындар) 11 мың.

Халықтың дін жағынан бөлінуі этникалық қатнас жөніндегі бөлінуімен сай келеді деуге болады. Сингалездер буддизм дініне, тамильдар — индуизм (шиванзм) дініне, маврлар мен малайялықтар — мұсылман дініне қарайды. XVI ғасырда Цейлонды тұңғыш рет басып алған португалдықтар христиан дінін, негізінде католиктік формада, зорлықпен енгізді.

¹ Statesman Yearbook, 1947, 181-бет.

Тап құрылысы жағынан алғанда Цейлон халқының ішінде ұсақ шаруалар басым орын алады, бұлардың көпшілігі жергілікті жартылай феодал помещиктер мен буддист монастырьларынан жерді әрсідаға алып пайдаланады. Бірақ жердің негізгі ең жақсы бөлегін ағылшындар плантация үшін басып алған. ХХ ғасырдың басынан ағылшын буржуазиясымен қатар бірте-бірте ұлт буржуазиясы да өсті. Бұл кезеңде Цейлонда ұлт пролетариаты да қалыптасқан еді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін жұмысшы табы өзінің саналылығы және ұйымшылдығы арқасында Цейлонның саяси өмірінде және Цейлон халқының ұлт азаттығы күресіне басшылық етуде көрнекті орын алатын күшке айналды.

Цейлонның экономикасы нағыз отар шаруашылығы түріндегі экономика. Мұнда биліктің бәрі ағылшындардың қолында. 1933 жылы европалық (көбінесе ағылшындық) компаниялардың саны 193-ке жетіп, оларда 702 миллион рупий капитал болды, оның ішінде 488 миллион рупий плантацияларға жұмсалды. Сонымен қатар онда басқа да шетелдердің, әсіресе американдықтардың ірі капиталдары жұмсалып отырды.

Ағылшын империализмі Цейлонды өзінің аграрлық-шикізат шылауына айналдырды, оның монополиясы бұл аралдың экономикалық дамуын өз мүдделеріне бағындырды. Ағылшын отаршылдары көбінесе техникалық дақылдар өсіру ісімен шұғылданып, халықтың күнделікті қажетін ескерусіз қалдырды. Экспорт үшін шәй, каучук, кокс өндіру басқа дақылдарды ығыстыруға себеп болып отырды. Азық-түлік басқа елдерден, көбінесе Индиядан әкелінді. Арзан жұмысшы күшінің, әсіресе индиялық кулилердің көптігі, жергілікті жұмысшыларды аяусыз қанау тәртібі плантаторларға орасан зор пайда табуға мүмкіндік береді. Осы күнге дейін плантацияларда еріксіз еңбек қолданылады. Жергілікті жұмысшылар мен шаруалар үнемі қайыршылық өмір сүріп келеді.

Цейлон плантацияларының өнімдері дүниежүзілік екінші соғысқа дейін Англияға және Британия империясы елдеріне шығарылып келді. Соғыс кезінде және соғыстан кейін ағылшын империализмінің позициясы жалпы әлсіреуінің салдарынан Цейлонның сыртқы саудасында АҚШ-тың ролі бірден күшейді. Цейлонның сыртқы сауда балансында Британия империясы елдерімен сауда жүргізу осы күнге дейін бірінші орын алып келсе де, оның үлес салмағы кемуде, ал АҚШ-тың үлес салмағы бірден-бірге артуда. Мысалы, Цейлонның импортында Англияның үлес салмағы 1938 жылы 21 процент, 1946 жылы 19 процент болса, АҚШ-тың үлес салмағы 1938 жылы 2

процент, ал 1945 жылы 13 процентке жетті. Цейлонның экспортында 1946 жылы Англияның үлес салмағы 54 процентке, ал АҚШ-тың үлес салмағы 35 процентке жетті (Англиядан кейін екінші орын алды).

Цейлонның экономикалық дамуының мешеулігі мынадан да көрінеді: Британия капиталы ең болмағанда жергілікті шикі заттарды ұқсататын өнеркәсіпті азды-көпті өркендетпеді. Цейлонның кен байлықтары мол бола тұрса да, ол кендерді өндіретін өнеркәсіп онда атымен жоқ.

Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында метрополияның өнеркәсібі соғыс кезеңіне лайық қайта құрылғаннан кейін Англия өз экспортын бірден кемітуге тиісті болды, содан кейін Цейлонда өнеркәсіп, әсіресе жеңіл өнеркәсіп, тоқыма, аяқкиім, тамақ өнеркәсібі там-тымдап өркендетіле бастады. Бұл өнеркәсіпте Ағылшын капиталымен қатар Цейлонның ұлт буржуазиясының капиталы да зор роль атқарады. АҚШ капиталы мұнда да тамыр жайып отыр.

Соғыс конъюктурасының салдарынан өнеркәсіптің өркендетілуі Цейлон капиталистері мен феодалдық жер иеліктерінің кірісін мейлінше арттырды. Сонымен қатар қанаушылықтың күшеюі, бағаның қымбаттауы және нақты жалақының төмендеуі салдарынан еңбекші бұқараның жағдайы кенет нашарлады. Мысалы, кемітіліп көрсетілген ресми мәліметтер бойынша тіршілік ету индексі 1939 жылғы 110 нан 1941 жылы 129 ға, 1942 жылы 183 тен 1944 жылы 204 ке дейін артты.

Цейлон экономикасының бірбеткей дамуы еңалдымен ондағы еңбекшілерге әсерін тигізеді. Бұл әсіресе, дүниежүзілік екінші соғыс кезінде, 1939—1945 жылдарда айқын көрінді, бұл кезде Цейлонға азық-түлік және көпшілік тұтынатын заттар аз әкелінді, ал жергілікті өнеркәсіп халықтың қажетін өтей алмады. Өнеркәсіптегі және плантациядағы жұмысшыларды, докерлер мен кедей шаруаларды қанаудың күшеюімен байланысты күйзелістің артуы экономикалық және саяси сыпатты ереуілдерді туғызуға себеп болды.

Соғыс конъюктурасы туғызған «айғай-шу» бәсеңдегеннен кейін еңбекшілерді қанау одан әрі күшейе түсті, баға одан әрі көтерілді, тіршілік ету индексі жоғарылады, жұмыссыздық көбейді, еңбекші бұқара одан әрі күйзеліп, олардың тұрмыс күйі нашарлап кетті. Мысалы, Рейтер агенттігінің 1949 жылғы 2 февральдағы хабарына қарағанда, Цейлонның каучук өнеркәсібінің тұралауы салдарынан 200 мың жұмысшы жұмыссыз қалу қауыпына ұшыраған. Цейлонның сауда балансы төмендеуде. Мысалы, 1946 жылы экспорттың құны 265

процент (1938—100) болса, импорттың құны 423 процент болды.

Дүниежүзілік екінші соғыс тұсында Цейлонда болған экономикалық өзгерістер бұл аралдың жалпы саяси жағдайына елеулі әсер етті.

Соғыстың барысында Цейлондағы таптық күштердің ара салмағы өзгерді және ұлт-азаттық қозғалысы өрлей түсті. Цейлонның қазіргі саяси өмірінің негізгі сыпаты — таптық күрестің күшеюі ұлт азаттығы қозғалысының өсуі болып отыр. Жұмысшы табы сан жағынан көбеюі және ұйымдық-саяси жағынан күшеюі арқасында қазіргі уақытта ірі саяси күшке айналып шетел үстемдігіне қарсы, жергілікті помещиктер мен ірі буржуазияға қарсы күресті басқаруға жарап отыр. Ұлт азаттығы қозғалысында жұмысшы табы күн санап басшы рольді өз қолына алып келе жатса, феодалдық-клерикалдық топтарды былай қойғанның өзінде, Цейлон буржуазиясы ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрестен қашықтап, елге опасыздық жасап отыр, ол өз халқына қарсы ағылшын және америка империалистерімен ауыз біріктіру жолына түсіп отыр.

Цейлонда бірнеше саяси партиялар бар. Коммунистік партия 1942 жылғы июльде Цейлонның 1940 жылы құрылған біріккен социалистік партиясынан қалыптасты. Коммунистік партия ағылшын капиталистерінің меншігін (фабрикаларын, плантацияларын, банктерін тағысын тағыларды) мемлекет мүлкіне айналдыру, ағылшын әскерлерін дереу әкету және ағылшынның барлық соғыс базаларын Цейлонға беру ұранын көтеріп, демократиялық қайта құрылыстарды жүзеге асыруды талап етті, коммунистік партия еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында, әсіресе, өнеркәсіп пен плантациялардың жұмысшылары және аса кедей шаруалары арасында зор бедел алды. Коммунистік партия кәсіподақтардың федерациясына да зор ықпал етеді. Коммунистік партияны — оның бас секретары Петер Кунеман және Кәсіподақтардың федерациясын² — оның бас секретары Вайдналингам басқарады. Цейлон парламентінде компартияның уәкілдері бар. Парламенттегі коммунистік фракцияның басшысы — Цейлон Коммунистік Партиясының бас секретары Петер Кунеман. Цейлон компартиясы еңбекші бұқараға басшылық ету жолында күресе отырып, Цейлон жұмысшылары арасына іріткі салуды көздеген троц-

² Цейлон кәсіподақтарының федерациясы Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясына кіреді. Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясындағы ағылшын-америка агентурасының іріткі салу әрекетіне қарамастан, ол оның құрамында қалып отыр.

кийшілдерді үнемі әшкерелеп отырады. Осы кезде троцкийшілдер Ланка Сама Самадж партиясында орын теуіп отыр.

Бұл партия 1935 жылы құрылып, алғашқыда жұмысшы қозғалысындағы түрлі саяси бағыттарды бірлестірген еді. 1939 жылы ол жікке бөлініп, революцияшыл элементтер оның қатарынан кетіп қалды. Ланка Самаджының басшылары ұлтшылдық және Британияға қарсы даурықпалы ұрандар көтеріп, іс жүзінде империализмнің көндем агентіне айналды, олар плантациялардағы жұмысшылардың артта қалған бөлегіне, жұмыссыз интеллигенцияның бір бөлегіне және азғындаған түрлі элементтерге сүйенуге әрекет жасайды. Олар жұмысшы табының қатарына іріткі салады, демократиялық қозғалысқа кесірін тигізеді, Цейлон еңбекшілерінің империализмге қарсы күресіне бөгет жасайды.

Буржуазиялық-ұлтшыл партиялардың қатарына жататындар: феодалдық-клерикалдық және буржуазиялық топтармен байланысты асыра оңшылдар партиясы, буддизм діні негізінде бұқараны өзінің басшылығына бағындыруға әрекет жасайтын Син-Хала Маха Сабха партиясы, сингалез буржуазиясы мен интеллигенциясының қалыс реформистік партиясы болып табылатын Цейлонның ұлт конгресі; Цейлонның Мұсылман лигасы және Малайя лигасы қосылады.

Бұл партиялар 1946 жылы Ұлт конгресінің басшысы, ағылшын агенті Стефен Сенанайякенің председателдігімен «Біріккен ұлттық партияны» (ЮНП) құрды. ЮНП — буржуазияшыл-реформистік келісімпаз партия, ол «аралдың барлық ұлт топтарын біріктіру», «бұқараның қал-жайын жақсарту және прогресті дамыту» ұрандарды бетке ұстап бүркемеленеді. ЮНП ағылшын империалистерінің көмегін пайдаланатын, парламентте, үкіметте көпшілік болып отырған партия, ол ішкі және сыртқы саясатта Англияны жақтайды.

Ағылшын өкімет орындары өздерінің қолдарындағы барлық айла-амалмен Цейлон еңбекшілеріне, әсіресе жұмысшы табына, оның коммунистік партиясына шабуыл жасау арқылы ағылшын империалистерінің мүдделеріне зиян келмейтін реттерде Цейлонның реакцияшыл буржуазиясын және феодалдарын қолдауға тырысады. Ағылшын империалистері Цейлонның буржуазиялық-ұлтшыл партияларына ресми жағынан жеңілдік беріп, бұқара алдында олардың беделін арттыруға, сөйтіп оларды жұрт көзінде Британ империализміне қарсы күрескер етіп көрсетуге тырысады.

1947 жылы сентябрьде ағылшын өкімет орындарының «бақылауымен» өткізілген парламент сайлауы парламентте Бірік-

кен ұлт партиясының (ЮНП) басым орын алуына мүмкіндік берді, негізінде солардың уәкілдерінен қазіргі Цейлон үкіметі құрылып отыр. Әрине, ағылшындар «бұрама жолмен басқару» әдісін қолданып, бой сақтаумен, Цейлонның реакцияшыл буржуазиясы уәкілдерінен құралған үкіметтің арқасында емін-еркін әрекет жасап отырады.

Британия империализмінің Цейлонда үстемдік жүргізіп келе жатқан бүкіл тарихын алып қарайтын болсақ өз билігін жүргізу үшін оның ұлттық және діни араздықты көріне қоздырып отырғанын, Цейлонның реакцияшыл топтарымен ауыз біріктіріп отырғанын көруге болады. Сонымен қатар Цейлонның помещиктері мен ірі буржуазиясы да еңбекшілерді қанау ісінде өздерінің «праволарын» сақтап қалу үшін, езуші ел — Англияның буржуазиясымен ауыз біріктіруге әрқашан әзір тұрды және әлі де ауыз біріктіріп отыр.

Бүкіл дүниежүзілік бірінші соғыс кезінде бірсыпыра отар және тәуелді елдерде пайда болған ұлттық сана-сезімнің өсуі және ұлт қозғалысының өрлеуі Цейлонда да орын алды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Цейлондағы ұлт-азаттығы қозғалысының өрлеуіне зор әсер етті. Өсіп, жетілген пролетариат ағылшын басқыншыларына және жергілікті буржуазияға қарсы күресті күшейте түсті. Нақ осы кезде онда түрлі саяси ұйымдар құрылды. Бірсыпыра либералшыл-буржуазияшыл реформистік ұйымдар да сол кезде құрылды: Цейлонның реформалар лигасы, Цейлонның Ұлттық ассоциациясы, Цейлонның ұлт конгресі құрылды. Цейлонның бай таптары басшылықты өз қолына алған бұл ұйымдар ағылшындардан өкімет басқару ісіне реформа жүргізуді талап етті, бұл талапта Британияның үстемдігіне ешбір әсер етпестен Цейлонның ұлт буржуазиясының праволарын ұлғайтуды көздеген еді. Жұмысшы табының күресі және талабы бұл ұйымдардың позициясын күшейте түсті, ал ол ұйымдар еңбекшілерді өз жағына шығарып алып, содан кейін оларға опасыздық жасауды көздеген болатын. Ұлттық сана-сезімнің артуы және Британияға қарсы кейіптердің күшеюі ағылшындарды Цейлонның буржуазияшыл помещиктік билеп-төстеушілерімен ауыз біріктіруге мәжбүр етті. Осының нәтижесінде 1920—1923 жылдары отарларды басқару жөнінде реформа жүргізілді. Бұл реформалар ағылшын империализмінің саяси, экономикалық және соғыс негіздеріне қағылмады. Ұлт азаттығы күресіне ол реформалар уақытша бөгеу болғанымен оны тоқтата алмады. XX ғасырдың 30-жылдарындағы бүкіл дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезінде ұлттық және таптық қайшылықтар-

дың шиеленісуі ағылшын империализмің халық бұқарасын алдау үшін ұлт буржуазиясымен берік олақ жасау жолын іздестіруге мәжбүр етті. 1931 жылғы Конституцияны, яғни «Донмора Конституциясын» жасап шығарған Донмор комиссиясын ағылшындардың асыра мадақтауы осы мақсатқа бола істелген шара еді.

Бірақ «Донмора Конституциясы» да ағылшын қожалығының экономикалық, саяси және соғыс негіздеріне әсер еткен жоқ, Цейлонды басқаруы жөніндегі формаларын ғана аздап өзгертті.

Мемлекеттік советте сингалездердің басым болуы артта қалған ұлттардың, әсіресе, тамильдардың наразылығын туғызды. Мемлекеттік советтің өз ішінде де ағылшындардың басқару тәртібіне наразылық туды, бұл советке жергілікті халықтың мықтыларынан ағылшындардың өте мұқият іріктеп алған адамдары қатысатын. 1931 жылғы реформа ағылшын қожалығына қарсы ұлт азаттығы қозғалысын тоқтата алған жоқ. «Донмора Конституциясы» жөніндегі әдіс-айладан нәтиже шықпағанын ағылшын үкіметі мойындауға мәжбүр болды.

Дүниежүзілік екінші соғыс және ССРО-ның герман, жапон империализміне қарсы ұлы азаттық күресі отар елдер мен тәуелді елдердің халықтарын тік көтерді. Бұл халықтардың Гитлер фашизміне және Жапон империализміне қарсы кең өріс алған антиимпериалистік күресі ағылшын империалистерін Цейлонда жаңа маневрлар жасауға мәжбүр етті. Соғыстың бас кезінде Англияның Қыйыр Шығыстағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы позициясының кенет нашарлауының себебінен Англия империалистері Азиядағы отарларында амалсыздан реформа жүргізуге уәде берді. Черчилль үкіметі Индияға берген уәделерімен қатар 1941 жылдың сентябрінде-ақ, Цейлонға өзін-өзі басқару еркін беру мәселесі соғыс аяқталғаннан кейін каралады деп мәлімдеме жасауға мәжбүр болды. 1943 жылғы 26 майда ағылшынның отарлар жөніндегі министрі полковник Оливер Стэнли Цейлонда «толық жауапты үкімет» құру мақсатына арналған болашақ реформалардың мәселесін үкімет қарайды деп мәлімдеме жасады.

1944 жылғы июльде Сомсберидің председателдігімен комиссия құрылды. бұл комиссия жұмысын 1945 жылдың аяғында ғана бітірді³. Осы күнге дейін қолданылып келген Цей-

³ Ceylon Report of the Commision Constitutional Reform. Cmd 6677, London HMSO.

лонның жаңа Конституциясы 1946 жылғы 15 майда заңды күшіне енгізілді.

Бұл Конституция да ағылшын империалистерінің бұдан бұрынғы актылары тәрізді, тек ресми өзгерістер жасау ғана болды, Британ үстемдігінің негіздеріне әсерін тигізген жоқ. Метрополияның баспасөзі мен Цейлонның ағылшындар жақ баспасөзі осы Конституция бойынша орнатылған тәртіпті Цейлонның өміріндегі аса маңызды кезең деп көрсетпекші болады.

Алайда бұл Конституцияға жасалған талдау істің мүлде басқаша екендігін көрсетеді. Конституция бойынша Цейлондағы үкімет басшысы ағылшынның губернаторы; ресми жағынан алғанда ол тиісті министрлердің пікірлеріне сай өзінің міндетін атқарып отырады, ал іс жүзінде үкіметтің ісіне көз болып отырғанымен, «төтенше жағдайлардан» басқа уақытта ол үкіметтің ісіне араласпайды-мыс деп түсіндіріледі. Губернатор тікелей ағылшын үкіметіне (отарлар жөніндегі министрге) бағынады, осылайша ағылшын үкіметі Цейлонда өзінің өкімет билігін сақтап отырады. Цейлонды қорғау және сыртқы қарым-қатнас мәселелері, сыртқы сауда, конституцияны өзгертуге байланысты мәселелер, аз ұлт және дін жағынан өзгешелігі бар жергілікті халықтар жөніндегі мәселелерді губернатор тікелей өзі бақылайды. Сонымен қатар Англияның үкіметі (1948 жылы Цейлонға доминиондар тәртібін орнатқанға дейін) «қажет болғанда» Конституцияны тоқтатуға немесе күшінен жоюға праволы болды.

Атқару өкімет билігін министрлер кабинеті басқарады. Премьер-министрді губернатор парламенттегі көпшіліктің қуаттайтын мүшелерінен тағайындайды. Басқа министрлерді де премьердің ұсынуы бойынша губернатор тағайындайды. Премьер министр сонымен қатар міндетті түрде қорғау министрі және сыртқы істер министрі болуға тиіс. Министрлердің өздерінің парламенттік орынбасарлары болады. 1946 жылғы Конституция бойынша Цейлон үкіметі «ішкі азаматтық басқару» мәселелерінде «толық жауапты үкімет» болып табылады, ал сыртқы саясат мәселелері жоғарыда көрсетілгеніндей ағылшын өкімет орындарының ашық бақылауында болып келеді.

1946 жылғы Конституция бойынша Цейлонда екі палатадан: жоғарғы — сенат және төменгі — уәкілдер палатасынан парламент құрылды.

Сенат 30 сенатор-мүшелерден құрылған, олардың 15-ін губернатор тағайындайды, 15-ін пропрциялық уәкілдік прии-

цип негізінде палата уәкілдері сайлайды. 35 жасқа жеткен адамдар сенатор бола алады. Сенаттың заңды қабылдамауға хақы жоқ, бірақ оны ұстап қалуға (суспензив вето деп аталатын) праволы. Сенат финанстан басқа барлық мәселелер жөнінде заң шығаруға ерікті. Сенатордың уәкілдік мерзімі алты жылға белгіленеді. Сенаттың құрамы үшке бөлініп, әрбір екі жылда жаңартылып отырады. Жалпы алғанда сенат Цейлонда Британия саясатын жүзеге асырушы орынның қызметін өтейді.

Уәкілдер палатасында 101 мүше болады, олардың 96-ы сайланады, 6-н губернатор тағайындайды. Бұлардың уәкілдік мерзімі бес жыл.

Парламент ағылшын парламентінің қарауына жататын мәселелерден басқа ішкі азаматтық басқару мәселелерін ғана қарауға ерікті. Оның бер жағында Цейлон парламенті империялық (Британиялық) заң шығару үстемдігінің принципіне сүйеніп жұмыс істеуге міндетті және Конституцияны тексеруге жататын мәселелерді ол шеше алмайды. Сөйтіп ағылшын парламенті «ерекше жағдайларда» Цейлон үшін заңдар шығаруға праволы.

1946 жылғы Конституцияның сайлау системасына келетін болсақ, уәкілдік принципін өзгертуден басқа, ол Донмора Конституциясының принциптерін негізінде сақтап отыр. 1946 жылғы Конституция түрлі ұлттардың парламентте уәкілдік алу нормасын ымыраласып келісу жолын іздестіргенсіп бұл мәселені қыйындаатып алды және ұлттарды бір-біріне өшіктіру мақсатымен оған әрі шатастырып жіберді.

1946 жылғы Конституцияның кіріспесі Цейлондағы ең жетекші орындардың билігін ағылшындардың қолында қалдырып, іс жүзінде ешқандай өзгеріс енгізген жоқ.

Қытайдағы, Вьетнамдағы, Индиядағы, Бирмадағы және Шығыс Азияның басқа елдеріндегі революциялық күрес Цейлон халқы арасында демократиялық элементтердің ықпалын күшейтті. Елдің саяси жағдайын өзгерту талабы күшейе түсті.

Оңтүстік Шығыс Азияның барлық отарларында ұлт азаттығы күресінің өркендеуі жағдайында, американ империализміне қарсы және ол қуаттап отырған Чан Кай-шидің реакцияшыл тәртібіне қарсы қытай халқының ойдағыдай күрес жүргізуі жағдайында Цейлонның ағылшын империализмі үшін аса маңызды ірі стратегиялық плацдармы ретінде маңызы артып отыр. Ағылшын империалистері жергілікті буржуазия мен феодалдық топтардың саяси позициясын нығайту тек Цейлонда ғана емес, басқа отар елдерде де, ең алдымен Индияда им-

периализмге қарсы күресті басып-жаныштау үшін империалистік лагерьге елеулі көмек болады, деп ойлады. Сондықтан Индияға «тәуелсіздік» беру туралы «Маунтбеттеннің жоспарын» жүзеге асырумен қосақабат Англия үкіметі 1947 жылғы 18 июльде екі жақты қанағаттандыратын (яғни ағылшын империализмін қанағаттандыратын) келісімдер жасалысымен «Британия ұлттар достығы шеңберінде Цейлонға өзін өзі басқару правосын беру» бағытында 1946 жылғы Конституцияны өзгерту жөнінде шаралар қолданатындығын жариялады.

Англия өкіметі 1947 жылғы 11 ноябрьде Цейлонның реакциясымен «қорғану туралы договор», «сыртқы қатнастар жөнінде договор», «мемлекеттік чиновниктердің жағдайы туралы договор» жасасты. Содан кейін ғана Цейлонға доминион тәртібі берілді.

Бұл договорлар Цейлонда ағылшын империализмінің әкімшілігін толық сақталды және Цейлонға доминион тәртібін беру жөніндегі қағидаларды тек ресми түрдегі бос сөзге айналдырды, бұл қағидаларда «ел қорғау және сыртқы қарым-қатнастар мәселелері жөнінде ұлы мәртебе иесінің Цейлонға заң шығару жөніндегі берілген уәкілдіктері күшін жойды»⁴ деп көрсетілген еді.

Қорғану туралы договордың 1-статьясында көпірме сөздерден кейін Англия және Цейлон үкіметтері өзара соғыс көмегін көрсетеді және осы мақсатпен «Біріккен Королдік Цейлон жерінде өзінің теңіз, әуе күштері үшін базалар ұстай алады және құрғақ жердегі соғыс күштерін сақтап қалады» делінген. 2-статьяда Цейлон үкіметі «Біріккен Королдік үкіметіне қажет болған көмектің бәрін беруге» міндеттенген, бұл міндеттердің ішіне «теңіз және авиация базаларын, порт және соғыс жабдықтарын, байланыс құралдарын пайдалану» да қосылады. Ағылшын қарулы күштері Цейлон жерінде экстерриториалдық правомен пайдаланады. Договор «трибуналдардың және әкімшілік өкімет орындарының (ағылшын өкімет орындарының,— С. П.) жоғарыда көрсетілген күштердің мүшелеріне, осы күнге дейін қандай бақылау жүргізіп келген болса, бұдан бұлай да сондай бақылау жүргізуге және өздерінің заңды шараларын жүзеге асыруға» делінген. Ағылшындар Цейлон қарулы күштерін үйретуге және Цейлонға қару-жарақ жеткізуге правосы. Ол ғана емес, ағылшын офицерлері мен нұсқаушылары Цейлонның қарулы күштерінің басшы орындарында отыр, Цейлон үкіметі «ел қорғау ісіне қатысы

⁴ Cmd. 7257, 1947, London, NMSO.

бар мәселелерде олардың ынтымақтас болуы үшін және бұл жөнде оның қажеттігін келісіп жүргізу үшін осындай әкімшілік ұйым белгілеуге» келіскен. Сенанайякадағы цейлон армиясының бас командашысы болып ағылшын графы Кейтнесс тағайындалды. 1949 жылғы жазда Индия және Цейлон күштерімен бірге ағылшын флотының маневрлері өткізілді. Сөйтіп ағылшын-цейлондық «қорғану туралы договор» Цейлонды Англия империализмінің соғыс машинасының бір тетігіне айналдыруда.

Цейлон үкіметі мемлекеттік чиновниктер жөніндегі договор бойынша Англияның барлық чиновниктерін бұрынғы орындарында сақтап қалуға, оларға демалыс, жәрдем, пенсия тағы сондайлардың ақшасын төлеуге міндеттенді.

Сыртқы қарым-қатнастар жөніндегі договор бұл мәселеде Цейлонның Англиядан толық тәуелділігін баянды етті. Осы договордың 1-статьясына сәйкес Цейлон үкіметі «бұдан бұрынғы империялық конференциялардың қарарларын мақұлдауға және оларды орындап отыруға» келісті. Ресми түрде тең право негізінде Цейлон мен Великобритания өзара уәкіл ауысып отырады, бұл уәкілдер жоғарғы комиссарлар деп аталады. Цейлонның шетелдермен қарым-қатнасы Англия үкіметі арқылы жүзеге асырылуға тиіс екендігі шартта ашық айтылды. Егер Цейлон үкіметі қандай да болса шетел мемлекетімен дипломатиялық уәкіл ауысуға тілесе, ол мұны договордың 4-статьясына сәйкес Англия үкіметі арқылы ғана істей алатын болды.

Цейлонда экономика, саяси және соғыс жағынан өзінің үстемдігін сақтап, бұл үстемдігін жоғарыда көрсетілген договорлар бойынша баянды етіп, Англия империализмі 1948 жылғы 4 февральда Цейлонға Британия доминионының тәртібін берді.

Цейлонды «Британия Ұлттар Достығы шеңберінде өзін өзі басқаратын мемлекетке» айналдыру Британияның отарлық саясатының мәнін, Цейлонның отар ретіндегі жағдайын өзгерткен жоқ, оның тек бағыну формасын ғана өзгертті. Нағыз алаяқ ағылшын империализмі Дизраэлидің лейборист шәкірттерінің «суайтықпен ымыраға келгенін» айтумен қабат Дизраэлидің мына бір сөзін: «отар елдер тәуелсіздік алғанымен отар ел болудан қала алмайды» деген сөзін еске түсіріп өту орынды болады. Цейлон Индия мен Пакистан сияқты басқа доминиондармен қатар империялық конференцияларда орын алғанымен бұрынғысынша отар ел деп, төмен дәрежелі доминион деп есептеледі. Цейлонның сатылғыш үстем топта-

ры қазір сырт қарауға да оппозицияшыл бола алмай, өздерінің ағылшын қожаларына қызмет етіп отыр.

Ағылшын-американ империалистерінің, Біріккен Ұлттар ұйымына мүше алу жөніндегі ережелерге мүлде жанаспайтын, «ақылға сыйымсыз» әрекет жасап, Цейлонды Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне өткізуге тырысуы кездейсоқ нәрсе емес. Сыртқы қарым-қатнастар жөнінде ағылшын-цейлон договорының 5-статьясына сәйкес Англия үкіметі «Біріккен Ұлттар Ұйымына немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының 57-статьясында көрсетілген қандай да болса арнаулы халықаралық мекемелерге қабылдау туралы Цейлонның қандай да болса өтінішін мейлінше қуаттауға» «міндеттенген» болатын.

Халықаралық қарым-қатнас мәселелерін шешкенде билік жүргізу саясатына еліктеп Қауыпсыздық Советіндегі ағылшын-американ уәкілдері «өздерінің айтқанына көне беретін көпшілікке» тағы да бір итаршының даусын қосып алуды көздеп, Цейлонды Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдау туралы оп-онай қарар шығаруға әрекет жасады. Совет уәкілі Цейлонды Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке алу мәселесін Цейлондағы жағдай туралы қосымша мәлімет алғанға дейін кейінге қалдыра тұруды өте заңды түрде өтініш етті.

«Осылай етудің орнына АҚШ пен Англия уәкілдерінің талап етуі бойынша бұл мәселе дауысқа қойылды, совет уәкілі тек жалғыз ғана өтініш жасап, Цейлонның мемлекеттік тәртібі туралы қосымша мәлімет алғанға дейін бұл мәселені біраз кейінге қалдыра тұруды сұрай тұрса да, мәселені дұрыстан қарамау әрекетіне қарсы дауыс берді».⁵

Бұл әдіс-айла іске аспағаннан кейін ағылшын-американдықтар және олардың түрлі елдердегі, оның ішінде Цейлондағы сыбайластары бұл мәселенің төңірегінде жалақорлық шу көтерді. Олар Совет Одағы «вето» салу правосын пайдалануда жолсыздық істеп отыр, деп, тіпті, оны айыптамақшы болды, Біріккен Ұлттар Ұйымына Цейлонды қабылдауға ССРО кедергі жасап отыр-мыс деген пікір туғызбақшы болды. Бірақ Совет Одағы ағылшын-американ блогінің Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдауына әлде қайда зор негізі бар халықтық демократия мемлекеттерін кемсітушілік әрекеттеріне қарсы күресіп келгені жұртқа мәлім.

Соңғы кездегі уақыттар мынаны көрсетеді: Цейлонның билеп-төстеуші реакцияшыл топтары, Солтүстік атлантика

⁵ А. Я. Вышинский. Арнаулы Саяси Комитетте, 1918 жылғы 30 ноябрьдегі сөйлеген сөз. «Правда», 3 декабрь 1948 ж.

одағының шылауы болып қызмет ететін, АҚШ-тың бүкіл дүние жүзінде үстемдік жүргізу талабын дәріптейтін әртүрлі елдердің «регионалдық» топтарына Цейлонды қосуды талап етіп жүр. Цейлон уәкілдері 1949 жылғы январьда Делиде өткізілген Азия және Қыйыр Шығыс елдері топтарының конференциясына қатысты, бұл конференцияда Индонезия мәселесінен басқа ағылшын-американ бақылауындағы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің топтарын құру мәселесі талқыланды. Соғыс өртің тұтандырушы ағылшын-американдықтар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің топтарын құру жөніндегі өздері дәріптеген жобаларға қанағаттанбай, Британия империясының елдерін бұл империяға кіретін елдерді қамтыйтын «тынық мұхит блогын» құруға әрекет жасап жүр. Австралия газеттерінің хабарлауына қарағанда, ағылшын уәкілдері Пакистанда, Индияда, Цейлонда, Оңтүстік Африкада және Канада да Тынық мұхит шартын жасау туралы келіссөздер жүргізген.

Соғыс өртің тұтандырушы ағылшын-американдықтар осындай қылмысты жоспарлармен «түрлі топтар құру және американдық мемлекеттік департаменті мен британ форейн-оффисі кеңселерінде жасалынған жаңа шарттарға қол қоюшыларды жыйнау мәселенің тек бір жағы екенін, ал осы топтар мен шарттардың дем берушілерінің көздеген мақсаты мүлде басқаша екендігін мойындағысы» келмейді⁶. Сенанайяка үкіметін билеп, төстейтін ағылшын-американдықтар өздерінің алдында құрдай жорғалайтын реакцияны цейлон халқы деп көрсету үшін текке арамгер болады, өйткені «отар жөніндегі істерде әбден шатысқан мемлекеттер мен олардың бай қамқоршыларының Азия халықтарын жанталасып, тайғақ жолға түсіруге көндіруі үшін, бұл елдердің үкіметтеріндегі кейбір басшылардың құлшылық етуі, әрине, жеткіліксіз»⁷. Бұл қағида Цейлонға да толығымен жатады, өйткені Шығыстағы басқа елдердегі сыяқты Цейлонда да ұлт-азаттық қозғалысы өрлеп отыр. 1949 жылғы 1 майда өткізілген цейлон еңбекшілерінің бұқаралық митингілері «империализмге және капиталистік қанаушылыққа қарсы күресте бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларымен бас қосу» ұранымен өтті.

⁶ Солтүстік Атлантика шарты туралы ССРО Сыртқы Істер министрлігінің мәлімдемесі. «Правда», 29 январь 1949 ж.

⁷ Бұл да сонда.

Тарих ғылымының докторы

А. А. ГУБЕР

ИНДОНЕЗИЯ ХАЛҚЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕ

ИНДОНЕЗИЯ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕКІНШІ СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДА

Отарлық және тәуелді халықтардың соғыстан кейінгі дәуірдегі қуатты ұлт-азаттық қозғалысында Индонезия халықтарының күресі көрнекті орын алады.

Индонезияның тәжірибесінен отар халықтарының қазіргі кезеңдегі азаттық күресін сыпаттайтын жаңа қасиеттерді көруге болады. Сонымен қатар ұлт-азаттық күресінің соғыстан кейінгі жаңа беталысы Индонезияда ерекше түр алып отыр. Индонезия халқының соғыстан кейінгі дәуірдегі азаттық күресінің сыпатын, Индонезия республикасы лагеріндегі ішкі жіктелу процесін анықтау үшін, Индонезия дүниежүзілік екінші соғыс қарсаңында таптық құрылысы және таптардың саяси ұйымдары жағынан қандай болғанын, азаттық жолындағы күресте түрлі таптардың қандай жолдарды бастан кешіргенін еске алу керек.

Еңалдымен мынаны бір минутта естен шығаруға болмайды. Индонезия көп ұлтты мемлекет қана емес, мұнда ұлттардың қалыптасуының өзі бірыңғай емес, ондағы ең тәуір дамыған аудандарда, недәуір өркендеген халықтар мен ұлттарда ұлттардың қалыптасуы түгел аяқталып жетпеген. Индонезияның әлеуметтік-экономикалық укладтары түрлі-түрлі болып келеді: Новая Гвинеяның кейбір аудандары мен басқа аралдардың ішкі аудандарында алғашқы қауымдық құрылыс, европалықтар жаулап алғанға дейін қалыптасқан және империализмнің мүддесіне бола сақталып келген (Суматраның, Целебестің жағалау аудандарында, Балиде, тағы басқа жерлерде) феодалдық қатнастар, Явада, Суматраның Батыс жағалауында, басқа аралдардың жеке аудандарында феодалдық қалдықтармен шырмалған капитализмнің отарлық нешө түрлі жексұрын түрлері кездеседі.

Индонезияның таптық құрылысы туралы айтқанда мүмкін

болғанынша оның жеке аудандарын айқын түрде айырып білу керек.

Алғашқы қауымдық құрылыс басқа түрлі катнастарға бірге бірге орын беріп отыратын аудандарда – тайпалардың көпшілігі дәулетті үстем топтарға айта қалғандай қарсылық білдірмейді, олар жалпы алғанда империалистік зорлық пен тонаудың жемі болып отырды, бұл аудандарда феодал қатарына ілігіп келе жатқан көсемдердің және мұсылман руханилерінің қатысуымен, тіпті солардың басшылығымен империализмге қарсы күрес жүргізуге мүмкіндік болды. Империализмге қарсы күрес жүргізу бұл аудандардың көсемдеріне өздерінің мүдделері үшін күрес жүргізумен тең болды, өйткені тайпалардың негізгі букарасының тиісті стихиялық түрдегі таптық күресінің өзі де оларға қауып төндіретін еді. Бұл аудандарға қараған жерлер орасан зор (Шоуан Гвиней, Борнеоның көптеген даяқ аудандары, ішкі Суматраның, Тимордың батпақ аудандары, Альфур аудандары, тағысы тағылар). Бірақ, халқының саны, экономикалық маңызы және үлес салмағы жағынан Голландияға қарсы күресте олар соғысқа дейін көзге түсерлік орын алған жоқ. Ал феодал қатарына ілігіп келе жатқан үстем топтар мен феодалдардың тиісті империализмге қарсы күресте халықпен бірге майданға шығуға жарайтын уәкілдері империалистік әдіс-айланың қажетіне өте қолайлы элемент болып алды, өйткені оларды сатып алу оңай еді.

Сыртқы қожалықтардағы недоуір дамыған феодалдық жерлерде және сұлтандарда шаруалардың негізгі бұқарасы мен феодал топтарының арасындағы тап қайшылығы еуропалықтар жаулап алмай тұрғанның өзінде-ақ қатты шиеленіскен болатын. Голландықтар осы қайшылықтарды өз мүдделеріне пайдалану арқылы бай топтарды өздерінің жағына тартып алды, сөйтіп үстемдік алды. Суматраның Шығыс жағалауын, Целебестің түрлі аудандарын бағындыру жөнінде Атьені тағы басқа жерлерді жеңіп алу үшін отыз жыл соғыс болған кезде жағдай дәл осындай болған еді.

XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін Сыртқы қожалықтардың бір өзгешелігі, оларда жергілікті буржуазия мен пролетариат жоқтың қасында еді. Яғни ұлт буржуазиясының қалыптасуына бөгет жасаған жағдайлар Сыртқы қожалықтардан айқын көрінді. Сонымен қабат Яваға қарағанда сыртқы

¹ «Сыртқы қожалықтар» деген термин Голландия әдебиетінде «Голландия Индия» отарына қосылатын барлық аралдарды жалпы атау үшін қолданылған, бұған Ява және Мадуро аралдары қосылмайды.

кожалықтарда өнеркәсіп пен ауылшаруашылық пролетариаты бірсыпыра кешірек қалыптасты. Қалай болғанда да 30-шы жылдарға дейін суматраның Шығыс жағалауы сыяқты тәуір өркендеген аудандарда жұмысшылар Явадан және Қытайдан шартпен алынған кулилер болатын. 1929-1932 жылдардағы бүкіл дүниежүзілік дағдарыстан кейін, кулилерді шартпен әкеліп пайдалану жөніндегі қылмысты заң монополистік шетел капиталына экономикалық жағынан тиімсіз болғаннан кейін күшін жойды. Соғысқа дейінгі соғыс он жылдық ішінде тау-кен өнеркәсібі және ірі плантациялық шаруашылық аудандарында жергілікті пролетариат құрала бастады.

Сыртқы кожалықтарда пролетариаттың өсуі тәуелсіздік жолындағы қазіргі күрестің ірі факторы болып алды. Голландықтардың және басқа монополистердің әсер етуімен товарлық өндіріске тартылған аудандарда (Борнео мен Целебестің жағалау аудандарында, Суматраның Шығыс, әсіресе, Батыс аудандарында) шаруалардың жіктелуі күшейді. Мұнда, көбінесе каучук өсіретін аудандарда жергілікті халықтың ішінен шыққан ұсақ плантаторлардың, помещиктердің және кулактардың қатары өсіп, шаруалардың негізгі бұқарасының жерден айрылуы күшейді.

Күйзелген шаруалар бұқарасы жерлері ұсақ помещиктер мен кулактардың меншігіне айналып кеткен соң, сол учасктерінде енді жерді кіріптарлықпен жалға алушы құл болды. Бұл аудандарда жерді жалға алатын шаруалар мен қалыптасып келе жатқан ауылшаруашылық пролетариаты белсенді революциялық күш болып күреске шығып отырды. Коммунистердің басшылығымен 1927 жылы Яваның және Батыс Суматра ауданының қарулы көтеріліс майданына айналуы кездейсоқ емес еді.

Сыртқы кожалықтарда жергілікті буржуазия мен пролетариаттың әлсіздігінен дүниежүзілік екінші соғысқа дейін бұл таптардың мүдделерін азды-көпті жақтайтын дербес саяси партиялар мен ұйымдар болмады. Күреске шыққан халық әдетте діни ұрандарға еліктеп, әртүрлі діни-мұсылман ұйымдарына бірлесіп отырды, оларда нақты программа болмады және құрама жағынан ала-құла болып келді.

Осындай жағдайларда Сыртқы кожалықтардағы империализмге қарсы күреске басшылық етуде Яваның ұлт-азаттық ұйымдарының маңызы зор болды.

Ява еуропалықтар басып алғанға дейінгі және де үш ғасыр бойы Голландияның қолтастында болған бүкіл тарихи дамуының нәтижесінде Шығыс кожалықтардың нағыз өркенде-

ген және империалистік қанаушылыққа тартылған аудандарынан мүлде ерекше болды. Голландия империализмінің үстемдік құруымен Яваның феодал топтары бұрынғы қалпынан мүлде өзгеріп кетті, сөйтіп үстем таптардың феодал және феодал-бюрократ элементтері отарлық аппараттың чиновниктеріне айналды². Оларға белгілі жалақы бекітіліп, шаруаларды экономикадан тыс қанауы үшін мүмкіндік беретін аздаған жеңілдіктер берілді, сөйтіп паразиттік өмір сүру мүмкіндігі сақталынды, бірақ олар феодалдық өкімет билігінің негізгі базасы — жерден айрылды.

Алайда «өз» феодалдарының шексіз қанаушылығынан «азат болған» Ява халқы бұрынғыдан да ауыр жағдайға кез болды. Империализм басталғанға дейін Ява шаруалары Голландияның отарлық өкімет орындарының атышулы «еріксіз мәдениет системасының» көмегімен аяусыз крепостнойлық қанауда болды. Бұл система күшін жойғаннан кейін голландиялық және голландиялықтан тысқарғы өнеркәсіп капиталының қысуымен, 1870 жылдан бастап Яваға шетелдік өнеркәсіп капиталының, содан көп ұзамай финанс капиталының өтуіне кең жол ашатын заңдар жүзеге асырылды.

Аграрлық заңдар Ява шаруаларын еріксіз крепостнойлық еңбек етудің мемлекеттік системасынан азат етті, оларға өздері өңдеп келген жер мекендері бекітіліп берілді. Бірақ, империалистік қанаушылықты ұлғайту мүддесін көздеп империалистер жүргізген бұл реформалар шаруаларды тонау жолымен іске асырылды. «Бос» деп аталатын жерлердің бәрі — иесіз жатқан жерлер, мал жайылымдары тағысын тағылар — шаруалардан тартып алынып, өңделмей жатқан басқа жерлермен бірге шетел компанияларына берілді. Бұл реформалар селолық қауымның ыдырауын және шаруалардың іштен жіктелуін тездетуге көмектесті.

Шаруалар лезде күйзеліп, өздерінің жер үлесінен айырыла бастады, Явадағы шетелдіктердің кәсіпорындарына және де Сыртқы қожалықтарға жалдамалы жұмысшы жетістірудің қорына айналды, сөйтіп Яваның күйзелген шаруалары, шартқа отырған кули ретінде — «белгілі» мерзімі біткенге дейін правосыз құл есебінде жеткізіліп тұрды.

Шаруаларды адам айтқысыз түрде жерден айыру, — оларды құны арзан жалдамалы жұмысшылар есебінде шексіз қа-

² Бұрынғы феодалдық жіктер өздерінің позицияларын там-тұмдап қана сақтап қалды, оның өзінде де Явадағы Суракарт және Джокджакарт дейтін «өзін өзі басқаратын» бұратана князьдіктерінде голландықтардың қатал басылауымен сақталынды.

науға жол беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар шетел плантаторларына ауыл шаруашылығы өндірісінің кейбір жұмыстарын ол шаруаларға тегін істетіп алатын капитализмнен ілгергі түрлі формаларын пайдалануға мүмкіндік берді, ал империалистер үшін бұл өте тиімді болды. Жергілікті бай таптардың түрлі элементтері де шаруалар бұқарасының күйзелгендігімен пайдаланып қалды. Саны шағын және әлі шамалы жергілікті буржуазия, жыйнап-терген қорын жер мекендеу ісіне жұмсайтын болды, голландияның чиновниктеріне айналған «приайя», деревня әкімшілігі «жыйнастырған» қаржыларын соған салды, шаруалардың өз ішінен кулактардың белгілі тобы өсе бастады.

Шаруалардың жері аз екендігін жалпы суреттейтін голланддықтардың санағы бойынша, шаруалардың жер мекендерінің орташа цифры, бір жағынан, жері өте аз және тіпті жерсіз сан миллион шаруалар бұқарасын бүркемелейтін болса, екінші жағынан, шетелдік монополистік капиталдың керемет зор плантациялық латифундияларынан басқа, — жергілікті помещиктер мен кулактарды бүркемелейді. Бұл сонғыларын айыра қою онша жеңіл емес, өйткені, біріншіден жаппай ірі учасоктерді немденетін помещик, кулактар жоқ (жаңа қалыптасып келе жатқан помещиктің 20—50 гектар және одан да артық жері түрлі деревнялардағы, тіпті уездердегі жерлерден кұрастырылады), екіншіден, жергілікті помещиктер мен кулактар, көбінесе жер пайдаланғаны үшін үлес ақы төлейтін өздерінің бұрынғы учасокін өңдейтін жер иелерінен, капитализмге дейінгі түрде алым-салық алушылар болып отырады³. Оның бер жағында бұрынғы феодал және жартылай феодал топтардың қолына түскен учасоктерде жерді үлес ақыға алушылардың жағдайы өте ауыр болды, өйткені феодал және жартылай феодал топтар жанадан помещик болып алғаннан кейін, өздеріне берілген және халық алдында империалистер жанталасып қостайтын феодалдық салттарды пайдаланып отырады.

Өздері басып алған жерлерде егіншіліктің капиталистік ізін салушылар ретінде көзге түскен деревня кулактары да товарлық дақылдарды егуге және жалдамалы еңбекті қанауға көшіп отырады, бірақ сонымен қатар олар өздерінің учас-

³ А. А. Губер, Индонезиядағы аграр мәселесі. — «Шығыстағы аграр мәселесі» жыйнағы, МАИ, М., 1933 143, 170-бет. Бұл да соның еңбегі. Индонезияда шаруалардың таптық жіктелуі, «Революциялық шығыс», 1929 ж. 10—960

токтерінің көпшілігін үлес ақыға беріп, капитализмге дейінгі қанаудың тәсілдерін пайдаланды.

Қулақтардың шаруашылықтарында феодалдық және капиталистік элементтердің осылайша ұштастырылып келуіне, атап айтқанда, олардың жерінің бытырандылығы, сол бытыранды учаскторді өз шаруашылығын өрістететіндей етіп, біртұтас аумақты жерге қосуға мүмкін еместігі себеп болды, ал мұның өзі отарлық қанаушылықтың — жақсы жерді плантациялар үшін басып алудың Индонезияға тән өзгешелігіне байланысты болды.

Явада шетел монополияларының жерді тартып алуының күшеюі және Ява шаруаларын империалистердің қанаушылығы — тұтас алғанда Ява шаруалары мен империализм арасындағы қайшылықты негізгі қайшылық етіп көтереді және деревняның бай таптарын империалистік үстемдікті жоюды көздейтін етеді. Бірақ шаруалардың қалың бұқарасының мүдделері тұрғысынан қарағанда аграр мәселесі шетелдіктердің ірі плантацияларын конфискациялау және бөлу жолымен ғана шешілмейді. Осы жерлердің бәрін кім өндесе, соған бергенде ғана шаруалардың негізгі бұқарасының жағдайын жерілдетуге болады. Ал мұның өзі жартылай феодалдық жер қожалығын толық жоймайынша, жерсіз және жері аз шаруаларды қулақтардың капитализмге дейінгі жолмен қанау мүмкіншілігіне шек қоймайынша жүзеге асыру мүмкін емес.

Ява деревнясының тап қайшылықтары дүннежүзілік екінші соғыстан кейінгі антиимпериалистік ұлт майданында және Индонезия республикасының басшылығында орын алған ішкі өзгерістердің көптеген процестерін айқындайды.

Явадағы аграрлық қарым-қатнастарға талдау жасау Ява шаруаларының жер үшін күрес жүргізу себептерін ғана ашып қоймайды, аграрлық реформаларды табандылықпен жүргізуге деревнядағы бай таптардың қарсылығын да түсіндіреді.

Сыртқы қожалықтардан ерекше Явадағы буржуазия мен пролетариаттың қалыптасу процесінің ертерек басталуы дүннежүзілік бірінші соғысқа дейін-ақ саяси ұйымдарды құруға тұнғыш әрекет жасауға мүмкіндік берді. Бұл жөнінде таптық күштердің ара-салмағын көрсететін төмендегі жағдай өте маңызды.

Индонезияда, тіпті Явада ұлт буржуазиясы әсіресе өнеркәсіптік буржуазиясы басқа кейбір отарлық елдермен салыстырғанда, өте баяу өсті. Индонезияны көптеген империалистік елдердің қанауының майданына айналдырған, аса ірі империалистік мемлекеттерді, еңалдымен Англияны, одан кейін

АҚШ-ты Голландия отарының өзгеше «қосымша қожалары» еткен, «кім кірсе де есік ашық» деген Голландияның лажсыз саясатының салдарынан ұлт буржуазиясының дамуы зор қиыншылықтарға ұшырап отырды. Сонымен қатар монополиялық қанаудың капитализмге дейінгі мемлекеттік формасынан империалистік дәуірдің монополистік капиталының үстемдігіне тікелей қошу да ұлт буржуазиясының қалыптасуына қолайсыз болып тиді. Ақырында, басқа отарлық елдерде, әдетте ұлт буржуазиясының үлесіне тиетін позицияны Индонезияда қалыптасуы жағынан тарихи ролі бар Қытай капиталының басып алуы, буржуазияның даму мүмкіндігін одан әрі қиындата түсеті. Осылардың нәтижесінде ұлт буржуазиясының экономикалық және саяси ролі шамалы болды. Сондықтан, ұлт-азаттығы қозғалысында да алғашқы кезеңде буржуазия, көптеген басқа ескі отарлық елдердегідей (Индиядағы Филиппиндағы, Индо-Қытайдағы, тағы басқалардағы сыяқты) міндет атқара алмады.

Буржуазияшыл-ұлтшыл ұйымдардың басшылығында ең алғашқы жылдардан-ақ Индонезия интеллигенциясының уәкілдері зор роль атқарды, олар таптық құрамы жағынан өте алақұла — феодалдық, феодалдық-аристократиялық ортадан. Ұсақ буржуазия уәкілдерінен шыққан адамдар еді. Ертеден отар болған басқа елдердің ұлт ұйымдарынан өзгеше болған Сарекат ислам сыяқты бұқаралық партияның басшылығында ұсақ буржуазияшыл түрлі интеллигенцияның үлес салмағының зор болуы, Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы кезінде бұл ұйымның белгілі түрде радикалды бағыт ұстағанын көрсетеді, бұл кезде Индонезияда коммунистік партия мен пролетариат пайда болып, пролетариат ұлт-азаттық қозғалысында басшы орын алу үшін ұйымдасқан түрде күреске шығып, өзінің коммунистік отряды арқылы Сарекат исламның саясатына ықпал жүргізді.

Индонезияның ұлт-азаттық қозғалысында пролетариаттың басшы орын алуы үшін күрес жүргізуіне қолайлы жағдайлар мынадай болды: біріншіден, ұлт пролетариатының өсуі ұлт буржуазиясының өсуінен едәуір ілгерілеп отырды, екіншіден, өнеркәсіп пролетариаты ірі порт және өнеркәсіп орталықтарында ғана емес, Яваның өнім шығару және өңдеу өнеркәсібінің (қант заводтарының) ірі кәсіп орындары шоғырланған, ауыл-шаруашылық аудандарында да едәуір көп еді; үшіншіден, Индонезияда солшыл голланд социал-демократтардың «трибунистердің» саны едәуір көп болды. Осы факторлардың бәрі ұлт-азаттығы күресінің алғашқы сатысында жұмысшылардың деп-

өсө саяси уйымнан құруға және империализмге қарсы біртұтас майданда пролетариаттың ұйымдасқан түрде қатысуына мүмкіндік берді. Ақырында, ерекше маңызды жағдай сол, Индонезия пролетариатының дербес саяси күш ретінде саяси майданға шығуы капитализмнің жалпы дағдарысы кезінде, пролетарлық революция дәуірінде, дүние жүзінің алтыдан бір бөлегінде пролетариат бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткеннен кейін орын алуында болды.

Империализмге қарсы біртұтас майдан құралған кездің өзі-ақ (1918—1923 жылдары) империализмге қарсы күрес пен демократиялық түбірлі өзгерістер жасау жолындағы күрестің, еңалдымен аграрлық революция жолындағы күрестің бір-бірімен тығыз байланысты екендігін Индонезияның коммунистерінің ұққандығын айқын көрсетті.

Сонымен қатар біртұтас майданның тарихы, бір жағынан, ұлт буржуазиясының өлсіздігін көрсетті, ол коммунистік партияның ықпалымен жасалынған программаны біртұтас ұлт майданының ұйымы, Саркат ислам партиясы одағының қабылдауына бөгет жасай алмады, екінші жағынан, бұл кең демократиялық программа буржуазия мен ұсақ буржуазия қайраткерлерінің бір азы үшін қолайсыз болды. Ұсақ буржуазиялық қайраткерлердік едеуір бөлегінің шыққан тегі — жартылай феодалдық партиядан. Голландия империалистерімен байланысты чиновниктерден және жерді басып алып, шаруалар бұқарасын жартылай феодалдық әдістермен қанаушы кулактар тегінен шыққандығы оларды аграрлық революцияның жауы етті.

Голландықтардың үстемдігін жоюды көздеген Индонезия буржуазиясы, басқа отарлық елдердегі бай таптар сыяқты, өзінің таптық мүдделеріне қарсы бағытталған халықтық дербес қозғалыстан қорықты. Индонезия пролетариатының таптық күресінің күші шетел империалистеріне қарсы бағытталғандықтан, Индонезия буржуазиясы, қозғалысқа өзі басшылық ететін болған жағдайда жұмысшы қозғалысына көмектесуге әзір еді. Бірақ, ұлт-азаттық қозғалысында пролетариаттың өз гегемониясын орнату жолындағы табыстары және коммунистік партия басшылық еткен халық бұқарасының әлеуметтік экономикалық батыл шаралар қолдану талабын көтеруі буржуазияны қорқытып, оны азаттық жолындағы күрестен қашықтатты, сөйтіп оны империализм алдында ымыраласу және тізе бүгу жолына түсірді. Басқа да отар және жартылай отар елдердегі сыяқты Индонезиядағы біртұтас майданның екіге бөлінуі, бір жақтан, бай таптардың халықтық революциядан

қорқушыны, екінші жақтан — ұлт-азаттық қозғалысына империализмнің тікелей шабуыл жасауының нәтижесі болды.

1925 жылы КУТВ-да сөйлеген сөзінде Сталин жолдас тәуелді елдердің түрлі типтерінің экономикалық және саяси дамуын талдау негізінде олар және тәуелді елдер туралы данышпандық жіктеу жасады. Индонезияның өте-мөте дамыған аудандары, әсіресе Ява «ұлт буржуазиясы революцияшы және келісімпаз партиялар болып екіге бөлінген, бірақ буржуазияның келісімпаз бөлегі империализммен біте қайнаса алмаған елдердің қатарына жатқызылды»⁴.

Сол кезде Индонезия компартиясының «солшылық» бағытта істеген қателіктері империалистер мен ішкі реакцияның біртұтас антиимпериалистік майданды жікке бөлулеріне қолайлы жағдай туғызды. Империализмге қарсы жұмыстың табының революцияшы буржуазиямен одақ жасауын бағаламаушылықтың қауыпты екендігін көрсете келіп, 1925 жылы Сталин жолдас: «Жақында қателік істеп өз елі үшін Совет өкіметінің ұранын көтерген Ява коммунистерінде осы уклон бар сияқты»⁵ деп атап айтты.

Голландия империалистері террорлық жолмен жұмысшылардың, шаруалардың, жастардың ұйымдарына, ең алдымен компартияға тап берді. 1926—1927 жылдардағы халық көтерілісінен кейін Явада және Суматраның Батыс жағасында Индонезияны тіпті жалондықтар оккупациялаған кезенге дейін террорлық ешбір тыным тапқан жоқ.

Азаттық қозғалысының өрістеуі кезеңінде байқалған процестер террор орнатылуы жағдайларында дамытыла түсті. Олар және жартылай олар елдердің өзбетінше дамуы мүдделерін империалистік үстемдіктің сақталуымен ымыраға келтіру мүмкін еместігін бейнелеген ұлтшыл-реформизмнің әрекеттері, ал сонымен қатар, өз елінің тәуелсіздігі үшін революцияшы жолмен күресуге отарлық буржуазияның икемсіздігі дүниежүзілік екінші соғыс қарсаңында Индонезияның буржуазиялық барлық партияларының бағытын айқындап берді.

Тәуелсіздікке революциясыз жетуді арман еткен буржуазия голланд империалистерінің қолынан алынған реформалар арқылы ғана тәуелсіздікке жетуге болады деп ойлады.

Явада буржуазияшылар партиялардың көп болуы Индонезия буржуазиясының осалдығын және буржуазияшылар партиялардың бұқаралық базасы жоқ екенін айқын сыпаттады. Индонезия

⁴ И. В. Сталин. Шығармалар, 7 том, қазақша 157-бет.

⁵ Бұл да сонда, 161-бет.

зияның ұсақ буржуазияшыл интеллигенциясының таптық ала-құлалығының әсерімен өзіне тән тұрлаусыздығы әлі де күшейе түскен ұсақ буржуазия халық бұқарасының наразылығын, олардың империалистік үстемдікті құлатуға тілектес екендігін бейнелеп отырды. Революцияшыл ұсақ буржуазияның көсемдері тәуелсіздік жолында революциялық күрес жүргізу үшін партиялар құру міндетін алға қойды.

Ұлттық революциялық міндеттерді алға қойған партияларды жазалап, оларды күшпен жоюына қарамастан, Индонезияда голландықтар талқандаған партиялардың қайта бас көтергенін немесе солардың жалғасы тәрізденген жаңа ұйымдардың пайда болып жатқанын байқауға болады.

Индонезияда орын тепкен фашистік дерлік отарлау режимінің жағдайында ұлттық революциялық программасы бар жария партиялардың өмір сүруіне практика жүзінде мүмкіндіктің жоқ екендігі таптық күштер мен саяси ағымдардың жіктелуіне белгілі бір шамада қиыншылық туғызды. Дүниежүзілік екінші соғысқа дейін пайда болған ұсақ буржуазияшыл партиялардың программалары мен тактикасында ымырашыл ірі буржуазияның әсері болғандығы сөзсіз. Буржуазиялық, капиталистік дамудың мүдделерін қорғаған және соғысқа дейін көпке әйгілі болған, өздері және олардың партиялары жазаға ұшыраудан беделі тағы жоғарылай түскен Сукарно мен Хатта сыяқты саяси қайраткерлер империализмді революциялық жолмен құлату үшін қалың бұқараны ұйымдастыруға шын ниетпен әрекет істеуден аулақ кетіп, империалистер арасындағы қайшылықты пайдалану әрекетінде болды⁶.

Хаттаның жапондықтарды жақтаған көзқарасының Тынық мұхиттағы соғыс басталмастан көп бұрын пайда болғаны кездейсоқ емес-ті, бұл көзқарастың жапон капиталының көмегімен Индонезияны экономикалық жағынан қайта құру жөніндегі жобадан принциптік айырмашылығы да аз еді және бұл жобаны ірі буржуазияның партиясына айналған ислам Сарекатының уәкілдері ұсынған болатын. Индонезияны Жапонияның басып алуынан кейін Сукарноның, Хаттаның және Индонезиядағы буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық қайраткерлердің ашық түрде жүргізген қызметі империалистердің арасындағы қайшылықты пайдалану арқылы тәуелсіздікке рево-

⁶ Сукарно 1930 жылы өзіне және ұлт партиясының үш көсеміне қарсы ұйымдастырылған сот процесінде сөйлеген сөзінде Каутскийдің: «Социал демократия революцияшыл, бірақ ол революция жасамайтын партия» деген сөздерін келтіріп, бұл айтылғандар ұлт партиясына түгелінен жатады деп сыпатталды.

люциясыз жетудің дәл осы пікірін ылғый бейнелеп отырды. Галқандалған гитлершіл Германияның Қыйыршығыстық одағының сөзсіз күйрейтіндігі анық болған соңғы кезеңнің өзінде де сол Индонезия көсемдерінің жапон әкімдерімен келіссөз жүргізу үшін Индо-Қытайға барудан да бастартпағаны тегін емес еді. Мұның алдында жапон әкімдері ең ақырғы шараны— Индонезияның «тәуелсіздігін» қолдану жөнінде нұсқау алған еді.

Индонезия Партиясының (Портиндо), Пендидикан Националь Индонезия, Гериндо сыяқты партияларының ұсақ буржуазияшыл басшыларының табансыздығына қарамастан, оларда тәуелсіздікке және демократиялық өзгерістер жасауға ұмтылудың халықтық сыпаты байқалып отырды. Ұсақ буржуазияшыл партиялардың және олармен байланысты жұмысшылар мен жастардың жергілікті ұйымдарының революциялық сыпаты, көбінесе, осы партиялардың ішінде голланд қуғыншылығынан аман қалған индонезиялық коммунистердің жұмыс жүргізуі фактысынан да айқындала түсті.

Дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында Индонезияда империализмге қарсы майданның демократиялық негізде келінен өрістеуіне мүмкіншілік болған қолайлы жай-жағдайлар империалистердің қатаң террорына ғана килігіп қойған жоқ. Бұл қолайлы жай-жағдайларға жеке факторлардың нашарлығы — тәуелсіздік үшін және демократиялық өзгерістер жасау үшін Индонезия халқын революциялық күреске ұйымдастырып, сонынан ертүге қабілетті, берік саяси партияның жоқтығы нұқсан келтірді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының әсерімен ұлт-азаттық қозғалысы өріс алған әуелгі кезеңде тәуелсіздік үшін күресуші қалың бұқараның шын мәнісіндегі көсемі ретінде көзге түскен Индонезия компартиясының құпия жағдайларда күрес жүргізе аларлық тәжірибесі болмады. Голланд империалистерінің компартияға қарсы ашық шабуыл бастауына дейінгі дәуірде Индонезияның коммунистері партияның құпия ұйымдарын кұрудың маңызын бағаламады. Империалистердің жазалау әрекеттері көп жағдайларда партияға кенеттен, күтпеген жерден тап болып отырды. Партия өзінің басшыларының көбінен айрылды, ол басшылар каторгалық лагерьлерге айдалды, партияның жария ұйымдары талқандалынып, берекесі қашты.

Дүниежүзілік екінші соғыс басталғанға дейінгі террорлық жағдайда коммунистердің құпия түрдегі берік партия кұруына болмай қалды. Коммунистер тек бар ұйымдарды революцияландыру үшін, империализмге қарсы күреске халықтың күшін

біріктіру үшін жанқиярлықпен жұмыс жүргізе берді, бірақ өздігінен жұмыс істейтін, күпия, күшті партияның болмауы Индонезия халқының ұлт-азаттық күресінің басшысы ретіндегі пролетариат авангардының сол кездің өзінде жеңіп алған позициясын едәуір әлсіретті.

Екінші жағынан, буржуазияшыл және аздап ұсақ буржуазияшыл элементтердің тәуелсіздікке жетуді империалистер арасындағы қайшылықты пайдаланумен байланыстыру жөніндегі әрекеттері олардың жапон оккупанттары жөніндегі көзқарастарына әсер етті, олар көп уақыттарда жапондықтармен істес болып келді.

Алайда, реакцияшыл таптардың жапондықтармен істес болуына, олардың империализмнен көрі, өз халқының таптық күресінен үрейленуі, не болмаса бұрынғы ескі жексұрын қожалардан тек қана Жапония азат етіп, ғасырлық құлдықтан құтқарады, деп теріс болса да шынымен сенетіндігі себеп болуына қарамастан, — жапон оккупациясы кезінде өз отанының тәуелсіздігі үшін табандылықпен күрескен революцияшыл күштер мен империалистердің арасындағы қайшылықты пайдалану негізгі жол, деп ұғынған буржуазияшыл тұрақсыз элементтер арасының жіктелуі онан сайын күшейе түсті.

Күштердің осы жіктелуінің үстінде соғысқа дейінгі саяси партиялардың, еңалдымен ұсақ буржуазияшыл партиялардың басшылығы арасында да сөзсіз жік тууға тиіс еді. Міне осындай жіктелудің нәтижесінде бұрын бір партияның ұйымдастырушысы, басшылары болып келген Сукарно мен Шарифуддин оккупация кезінде екі басқа позицияға айрылды. Сукарно «тәуелсіздікке» жапондықтармен ынтымаққа келісіп жету үшін жапондықтардың индонезия партияларына арқа сүйеу жоспарын пайдалануды көздеген болса, Шарифуддин индонезия халқының қарсыласу қозғалысының жауынгерлік басшыларының ортасында болды. Жапонияға қарсы жүргізілген күрес үстінде ол революциялық-ұлтшылдық бағыттан біржолата коммунистік бағытқа көшті.

ЖАПОН АГРЕССОРЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС, ТӘУЕЛСІЗ ИНДОНЕЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ БІРТҮТАС ҰЛТ МАЙДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Жапония оккупациясы Индонезия халқының қалың бұқарасын күреске аттандырды. Қарсыласу күресі тек қана Явань емес, сонымен бірге Индонезияның басқа да аралдарын қамтыды. Бұл қозғалыста, оны тұтас алып қарағанда, пролетариат

шешуші роль атқарды. Индонезия патриоттарының күресуші отрядтарына Индонезия коммунистері және соғысқа дейінгі революцияшыл-ұлт партиясының демократияшыл бөлегі басшылық етті.

Индонезияның соғысқа дейінгі әлеуметтік экономикалық жағдайларындағы ала-күлалығы жапон оккупанттарына қарсыласу кезеңінде де сақталып келді. Явадан тыс көптеген аудандарда жапондықтарға қарсы қарсыласу қозғалысына діни мұсылман ұйымдары басшылық етті.

Қарсыласу қозғалысын ұйымдастырудағы Индонезия коммунистерінің батырлық ролі халық бұқарасы арасында олардың ықпалының күшейіп, беделінің артуына себеп болды, әйткенмен соғысқа дейін коммунистік күпия ұйымдардың болмағаны соғыс кезінде де және соғыстан кейінгі Индонезия халқының өзінің тәуелсіздігі жолындағы күресіне де теріс әсер етпей қалған жоқ.

Алайда демократиялық күштерді ұйымдастыруға елеулі кедергі болған бұл фактыға қарамастан, Индонезия халқының демократиялық күштерін біріктіру жолындағы азаттық соғысының дербес тәжірибесінің маңызы зор болды. Жапон оккупанттарына қарсы күрес буржуазияның басшылығымен емес, халықтың өз ішінен шыққан демократияшыл элементтердің басшылығымен жүргізілгендігінің өзі тәуелсіздік жолындағы күресті шын мәнісіндегі демократиялық өзгерістер жасау күресімен ойдағыдай ұштастыруға мүмкіндік туғызды.

Капиталистік елдердің елеулі қарулы күштері Индонезияға келіп жыйналып үлгерместен бұрын Совет Армиясының соққысынан жапон империализмінің талқандалуы Индонезияның тәуелсіздік жариялауы үшін қолайлы жағдай туғызды. Сонымен бірге тәуелсіздік жолындағы демократиялық күрес майданының кеңінен өрістете түсуге мүмкіндік жасалды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бірсыпыра елдердің тәуелсіздік жолындағы күресін талдау, соғыс аяқталу қарсаңында бірсыпыра отар және жартылай отар елдерде тәуелсіздік жолындағы біртұтас ұлт майданының құрылуы үшін белгілі түрде мүмкіншілік туғандығын көрсетеді.

Мұның өзі отар ел қоғамының түрлі таптарын біріне бірін жуықтатуға себеп болған, бір жағынан, болашақ тәуелсіздік жайындағы пікірлердің, екінші жағынан, соғысқа дейін орын алып келген отар системасын бұл соғыс енді жойды деген елес қыялдардың (отар халықтар соғыс бітер кезде осылай деп дәмеленді) нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуелсіздік жарияланған кезде, Индонезияда және Индо-

Қытайда республика төңірегіне халықтың тек қана демократиялық күштері емес, сонымен бірге жергілікті ірі буржуазиялардың, тіпті феодалдық элементтердің біразы бірікті.

Тәуелсіздіктің соғыс біткен кезде жариялануы отар елдердің бай таптарына өздері арман еткен «жақсылық» келіп қалғандай болды, олар: тәуелсіздікке революциясыз жетеміз деп қыял еткен еді. Соғысқа дейін европалық және американдық кожаларымен біріге отырып, ал соғыс кезінде жапондықтармен біріге отырып, өз халқын тұншықтырған реакцияшыл элементтер республикаға жанасуға асықты, сөйтіп олар осындай жолмен республикада өздерінің таптық позициясын сақтау мақсатын көздеді.

Ал дүниежүзілік екінші соғыстың тәжірибесінен сабақ алған халық бұқарасы тәуелсіздіктің жариялануы халық мүддесін көздейтін демократиялық үлкен өзгерістер жасалуымен байланысты болады деп ойлады.

Фашистік белдік елдерінің соғыс-оккупациялық тәртібінен азап шеккен және оған қарсы күрес жүргізіп келген отар және жартылай отар елдердің халықтарына Сталин жолдастың мына сөздерін толығынан келтіруге болады: «Соғыс тәжірибесінен сабақ алған халық бұқарасы мемлекеттердің тағдырын халыққа қарсы тек өз тобына тән құлқыншылық мақсаттарды көздеген реакцияшыл билеп-төстеушілерге сеніп тапсыруға болмайтынын түсінді. Сондықтан да халықтар мұнан былай бұрынғыша өмір сүруді қаламай, өз мемлекеттерінің тағдырын өз қолдарына алуға, демократиялық тәртіптер орнатып, реакцияның күштеріне қарсы, жаңа соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы белсеніп күресуде»⁷.

Бұл күресте жұмысшы табы бастаған еңбекші бұқара неғұрлым ұйымдасқан түрде қыймылдаған сайын шағын мерзімге бола қалыптасқан біртұтас ұлттық майданның ішінде таптық жіктелу солғұрлым күшейе түсті. Сөйтіп халықтық демократия лагерінің күші нығая берді.

Жарияланған республиканы революциялық жолмен қорғаудан бай таптардың бойын аулаққа салуларына екі түрлі фактор себеп болды: 1) жаңа демократиялық күрестің сыпатын қабылдаған ұлт-азаттық күресінде өзінің жетекшілігін орнатқан пролетариаттың табысқа жеткендігі, 2) азаттық үшін соғыспайынша тәуелсіздікті таныту мүмкін еместігінің ілезде ай-

⁷ И. В. Сталин, ССРО Қарулы Күштері министрінің 1946 жылғы 1 мамырдағы бұйрығы, № 7. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1946 ж. 6-бет.

қындалуы халықтық демократия лагерін онан сайын күшейте түсетіндігі қалайда даусыз екендігі (мұны феодалдық және ірі буржуазиялық элементтерінің өздері де айқын түсінген).

Алайда түрлі отар елдерде сөзсіз болуға тиісті бұл жіктелу процесі таптық күштердің орналасуына және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты өзіндік нақтылы сыйпатқа ие болды.

Индонезияда тәуелсіздік жариялану қарсаңында екі түрлі лагерь байқалды. Бірінші лагерь француз империализмінің компрадор агентурасы арасынан шыққан империализмнің тікелей одақтастарынан және империализмді өзінің позициясын сақтаудың бірден-бір тірегі деп түсінген феодалдардан құралды. Жұмысшылардан бастап феодалдардың біраз бөлігіне дейінгі түрлі таптар мен халық бұқарасы республиканың екінші зор лагерін құрды. Республикаға жанасуға тырысқан ірі буржуазия мен феодалдар өздерінің таптық позициясын сақтауды, әрі ол позицияларын кеңейте түсуді көздеді.

Компартияның және онымен байланысты бұқаралық ұйымдардың басшылығымен берік ұйымдасқан демократиялық майданның болуы арқасында жаңа Вьетнам республикасында пролетариат басқарған таптар алғашқы күндерден бастап-ақ елдің саяси және экономикалық құрылысына демократиялық ірі өзгерістер жасау мәселесін алға қоя алды. Республикаға келіп жармасқан бай таптар Вьетнам халық республикасында енді өздерінің саяси басшылық ролін және экономикалық үстемдігін сақтап қала алмайтындығын кешікпей-ақ байқауға тиіс болды. 1945 жылдың аяғында-ақ республикашылар лагерінің іші жіктеле бастады, сөйтіп француз империалистерінің тек түрін өзгертіп жарияланған отарлық жаңа статусты республиканың феодалдық «жақтаушылары» ғана емес, сонымен бірге ірі буржуазия да мойындады.

Индонезияда біртұтас антиимпериалистік майдан дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі дәуірде құрылды және ол өзіне тән ерекше жолмен құрылды. Бұл майданның ішінде жіктелу процесі сәл басқаша түрде басталды. Индонезияда тәуелсіздік және республика 1945 жылы 17 августа жарияланды. Бұл тәуелсіздікті Вьетнамдағыдай Жапонияға қарсы халық-азаттық күресінің көсемдері жариялаған жоқ, оккупация кезінде ашық жұмыс істеген және Жапонияның талқандалуы тұсында өкімет басында болған саяси көсемдер халық атынан жариялады.

Тәуелсіздіктің жариялануынан кейін бір апта өткен соң Ұлттық конвент жыйналды. Онда да ең алдымен Сукарно бел-

гілеген адамдар, жапондықтардың тұсында әрекет еткен саяси көсемдер, алғашқы кезде басым болды.

Сокарно президент, Хатга вице-президент болды. Президент бастаған республикалық тұңғыш кабинетке халық қарсылығы қозғалысы көсемдерінен бірде бір адам кірген жоқ. Күрес басшыларының ең көрнектілерінің бірі — Шарифуддин ол кезде жапондықтардың қамауымен түрмеде жатқан болатын және оның жатқан орыны мәлім емес еді. Компартияның қарт көсемі, 18 жыл бойына Бовен Дигул қамау лагерінде болған Сарджоно Австралиядан қайтып келген жоқ еді, жапон шабуылынан кейін голландықтар түрмеде отырған коммунистерді Австралияға көшірген болатын. Бұл кезде демократиялық күштің саяси ұйымдары болмағандығын пайдаланып, буржуазияшыл және ұсақ буржуазияшы көсемдер республиканы өздері билеп-төстеуге әрекет етті.

Республика жарияланған кезде саяси күштердің ара салмағы Уақытша парламент қабылдаған конституцияға да әсер етті. Конституцияны талдап жатпай-ақ мынаны атап өтуге болады, жарияланар уақытында конституция сол кездің өзінде-ақ президент есебінде Сукарноға мінсіз бедел алып беруге ұмытылғандықты айкын көрсетті. Өңгесін былай қойғанның өзінде, аума-төкпе кезеңде оның республикадағы өкімет билігі шешуші орын алды. Конституцияда оның министрлерді тағайындауы және министрлердің оның алдында жауапты болуы, ветолық правосы және тағы басқалары белгіленді.

Сонымен бірге, Индонезия республикасының конституциясы оккупанттарға қарсы күрестің барлық ауыртпалығын өзі көтерген халықтың қалың бұқарасының талаптарын белгілі түрде бейнелеп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол ұлттық буржуазияның экономикалық әлсіздігінің де айғағы болды. Конституция кооперацияның және мемлекеттік кәсіп орындарының кең көлемде дамуын, жер мен табиғат байлығын мемлекеттік бақылауға алудың өзін Индонезияны империалистердің тіміскілеуінен қорғаудың әдісі деп түсінді.

Халық майданының саяси партиялары ұйымдық жағынан қалыптаспай тұрған кездегі Уақытша парламент қабылдаған конституцияға баға бергенде, бұл конституцияның қабылдану фактысының бір өзінен Индонезияның бай таптары қалың бұқараның демократиялық талаптарын жүзеге асыруға икемді болды деген дәлел тумады.

Конституцияның ең маңызды параграфтары былайша баяндалған: «Жер, су және табиғи байлықтарды мемлекет бақылайды және олар халықтың күйін жақсарту үшін пайдаланы-

лұға тиіс» (33-статья, 3-параграф); «мемлекет үшін соғыстық маңызы бар және халық көпшілігінің тіршілік мүддесіне қажетті шаруашылықтың барлық салаларын мемлекет бақылайды» (35-статьясы, 2-параграф). Бұл статъялар Индонезиядағы бай таптардың мүдделеріне қайшы емес, өйткені Индонезиядағы жоғарыда аталған шаруашылықтың салаларын соғысқа дейін шетелдің монополистік капиталы басып алған болатын.

«Мемлекеттік экономика кооперацияға негізделеді» деген статья да ұлт буржуазиясына қолайсыз статья емес еді.

Алайда буржуазия мен ұсақ буржуазия таптарының уәкілдеріне бұл уақытша конституцияны қабылдауға мүмкіншілік туғызған Индонезияның жағдайын сол конституцияның белгілеген шараларын пролетариаттың басшылығымен халықтық демократия күштері жүзеге асыратындай мүмкіндік болған ретте, тіпті сол шағын көлемінің өзінде халықтық демократия жолындағы күресті кең өрістетуге жол ашатын еді.

Бұл жөнде соғыс кезінде біліне бастаған объективтік мүмкіншіліктер республика жарияланғаннан кейін және конституция қабылданғаннан кейін қолма-қол анықталды. 1945 жылдың декабрінде социалистік партия құрылды, бұл партия өзімен байланысты ұйымдарымен қатар ықпалды партияның бірі болды. Бұл партияда Шарифуддин бастаған және компартияға жағын тұрған солшылқанат өте күшті болды. Компартияның ұйымдары дереу қалпына келтірілді, жария ұйымдардың құрылуының алғашқы күндерінен-ақ компартияға (1945 жылы 10-октябрь) мүшелер лек-дегімен кіре бастады.

Индонезияның баспасөзі коммунистік партияға ондаған мың мүшесі бар шаруалар мен жұмысшылардың ұйымдары қосылғандығын қабарлады. Соғысқа дейін талқандалыған кәсіп одақтары қалпына келтірілді және олардың Орталық бірлестігі (СОБСИ) құрылды. Жұмысшыларды кәсіп одақтарға ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа негізінде компартия, социалистік партия және 1945 жылдың аяғында құрылған жұмысшылар партиясы басшылық етті. Жұмысшылар партиясын жұмысшылардың белгілі қайраткері коммунист, соғыс кезінде Голландияда гитлершілдерге қарсы астыртын қызметке қатысқан Сатиаджид ұйымдастырды. Халықтық демократия лагерінің басшылары жұмысшылар партиясын алғашқы құрылған кезінде діни ұйымдар мен ұлт буржуазиясы элементтерінің ықпалындағы партияда жоқ жұмысшылардың қалың бұқарасымен байланыстыратын дәнекер деп қараған болуы керек. Партия өзінің негізгі міндеті ретінде марксизм-ленинизмнің

принциптеріне негізделген социализм жолындағы күресті алға қойды. Сатиаджид кәсіп одақтарының уәкілі болды. Индонезияның кәсіп одақтары ВФП-ға 1947 жылғы майдағы болған конгресінен кейін кірген еді.

Халықтың көпшілік бұқарасын қамтыған саяси ұйымдардың қауырт өсуі Сукарноның конституция бойынша өзіне иемденіп алған ерекше уәкілдіктеріне лезде-ақ шек қойды.

1945 жылдың 15 октябрінде уақытша парламент жұмысшы комитеті дегенді сайлады, ол, парламент сессиялары арасындағы үзілістерде президентпен бірлесе отырып, заң шығару міндетін жүзеге асыруға тиісті еді.

Халықтық демократия лагері ықпалының артуымен және оның парламенттегі уәкілдерінің көбеюімен бірге Индонезия республикасы кабинетінің құрамы да өзгеріп отырғандығын байқаймыз.

Демократиялық күштердің ынтымактасуы ұйымдық сыпат алды. 1946 жылы революцияшыл үш партия — компартия, социалистік партия және жұмысшылар партиясы — парламентте социалистік блок құрды. Бұл кезеңде олардың программасының негізгі ережелерінде ашықтық болған жоқ, партияның негізгі мәселелері жөнінде олар бірлесіп отырды.

1946 жылдың жазында республикаға голланд әскерлері шабуыл жасап, оны іштен әлсіретуге әрекет жасауы жағдайында Ұлттық бірігу деген ұйым пайда болды. Оған республиканың барлық саяси партиялары мен ұйымдарының уәкілдері кірді. Парламенттің сессиялары арасындағы үзілістерде түрлі сыртқы саяси және ішкі мәселелер осы ұйымда талқыланды. Революциялық партиялардың үлес салмағының өскендігі Ұлттық бірігудің председателдігіне компартияның көсемі Сарджонның сайлануынан айқын көрінді.

Республикалық уақытша парламентте солшыл қанаттың ықпалы ұдайы артумен болды. Оның ықпалы парламенттің уәкілдігі неғұрлым көбейген сайын күшейе түсті.

Алғашқы айларда парламент небары 135 адамнан (басым көпшілігін президент белгілеген) құрылған болса, 1946 жылдың өзінде бірінші рет ішінара 100 депутат сайланды, оның ішінде 60 депутат түрлі партиялардың уәкілдері болды және 40 депутатты президент белгіледі.

1945 жылғы ноябрьде Сукарно тағайындаған Шарирдың тұңғыш кабинеті жапондықтар кезінде не үкіметтің, не әкімшілік мекемелердің ешқайсысына қатыспаған адамдардан құрылған болатын. 1946 жылдың аяғында парламент күшейіп, революциялық партиялардың ықпалы өсті.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, 1946 жылы ноябрьде алдын ала әзірленген Лингаджат келісімін талқылауға байланысты 1947 жылы февральда бас қосқан парламенттің 5-сессиясы ерекше көзге түседі, бұл келісімді түпкілікті қол қою алдында голландықтар бұрынғысынан бетер нашарлатуға тырысты.

Сол уақытта парламентте 414 депутат болды. Сукарноның декреті бойынша сессия алдында депутаттардың саны көбейтілді. Депутаттардың жартысы мүшелерінің санына қарай партиялардан делегат болып сайланды, ал жартысы территориялық-кәсіпшілік принципі бойынша сайланды. Партиялардың делегаттары былайша бөлінді:

Масджуми партиясы	60 адам	} 105
Ұлт партиясы	45 »	
Коммунистік партия	35 »	} 105
Социалистік партия	35 »	
Жұмысшылар партиясы	35 »	

Кәсіп одақтары мен басқа ұйымдардан 87 уәкіл болды, оның ішінде жұмысшылар 40 кәсіподақ ұйымдарының уәкілдері, шаруалар 40 (шаруалар ассоциациясы), басқалары 7 адам.

Территориялық белгісі бойынша 92 делегат сыртқы аймақтардың уәкілдерінен сайланды, оның ішінде Суматрадан 51, Борнеодан 12, Целебестен 15, Кіші Зонд аралдарынан 7 адам болды. Яваның индонезиялықтардан басқа халықтарынан 13 делегат болды (7 қытай, 3 араб, 3 голландық).

Сонымен жоғарыда келтірілген цифрлардан Лингаджат келісіміне қол қою алдында Уақытша парламентте пролетариаттың, шаруалардың және қаланың ұсақ буржуазиясының уәкілдері басым болды. Социалистік блоктың парламентте де, әсіресе одан тыс жерде де өзінің ықпалын күшейтуіне үлкен мүмкіншіліктер жасалды.

Социалистік блок арқа сүйей алатын ұйымдасқан күштер қандай еді?

Индонезия еңбекшілерінің саяси жағынан недәуір саналы бөлегі болып келген үш партияның жай мүшелерінен басқа, солшыл блок жұмысшылар партиясы арқылы кәсіп одақтардың орталық ұйымына (СОБСИ) тікелей басшылық етіп отырды. СОБСИ тек Ява жұмысшыларын ғана емес, сонымен бірге сыртқы аймақтардың да жұмысшыларын кәсіп одақтарына біріктірген ұйым болды. Республиканың ресми мәліметтеріне қарағанда, СОБСИ-дің үш миллиондай мүшесі болды⁹, 1947 жылдан кейін қосылған Борнео мен Целебес кәсіп одақтары

⁹ «Republic of Indonesia», 13/VI 1947 ж. 5-бет

да соған кірді. Сатиаджидтің мәліметіне қарағанда, СОБСИ-дің құрылуы қарсаңында оған біріккен одақтардың 1,5 миллион мүшесі болды. СОБСИ-ге кірген одақтардың ең ірілері теміржолшылардың (85 мың), мұнайшылардың (20 мың), плантация жұмысшыларының (60 мың), теңізшілер мен докерлердің (200 мың), қант плантациялары мен завод жұмысшыларының (100 мың), электриктердің (10 мың)¹⁰ одақтары еді.

Солшыл блок шаруалардың сан-алуан одақтарын бір орталыққа біріктірген шаруалар ұйымы — БТИ-ге де зор ықпал ете алатындай еді. Уақытша парламентте БТИ-дің 40 депутаты және ішкі істер министрлігінің кабинетінде көмекшілік қызмет атқарушы адамы болды. Жастардың бұқаралық ұйымдарының бірі — Пасиндо — социалистік жастар одағы түгелдей солшыл блоктың басшылығында болды, ол одақтың көпке белгілі көсемі Амир Шарифулдин еді.

Солшыл блок партияларының мүше саны аса көп мұсылман партиясы масджуми арасында да өзінің ықпалын арттыруға мүмкіншіліктері зор еді. Масджуми партиясының басшылары республикалық лагерьде оңшыл блок құрай тұрса да және оның Агус Салим сыяқты көсемдері соғысқа дейін голланд империалистері алдында бас июші екенін көрсете тұрса да, оның мүшелерінің негізгі бұқарасы шаруалар, қолөнершілер және ұсақ буржуазия еді.

Ұлт партиясы басшылығының ұсақ буржуазияшыл бөлегі және оның көсемі (ресми түрдегі емес көсемі) — президент Сукарно солшыл блоктың әрекетіне біраз уақытқа дейін бөгет жасамағаны өз алдына, олар масджумидегі және өздерінің партиясындағы оңшылдарға қарсы күресте оған сүйеніп отырды.

1945 жылы декабрьде қайта құрылған ұлт партиясы «социал-ұлт-демократиясы» деген тым жалпалама принципке негізделді, бұл принципті ол партияның 1931 жылғы басшылары ұсынған болатын. Оның ресми түрдегі мақсаты — республиканың біртұтастығы үшін күресу, «әлеуметтік әділеттілікке, социализмге, демократияға және әділдік пен адамгершілікке негізделген жаңа өмір құру үшін басқа ұлттармен біртөңдес ынтымақтас болу» мақсатын көздеген қоғам құру үшін күресу болды.

Мынадай бір оқыйғаның болуы өте қызықты: 1947 жылдың басында Сукарноның декреті бойынша Уақытша парламент мүшелерінің саны екі есе көбейтіліп, соның нәтижесінде парламентте саяси партиялар мен ұйымдардың ара салмағы өз-

¹⁰ Republic of Indonesia, 13/VI 1947 ж. 5-бет.

гертілген кезде масджумидің және ұлт партиясының уәкілдері қатты наразылық білдірді. Мұның өзі солшылдардың күшеюіне әкеліп соғатынын әрине олар жақсы түсінді. Президент декретін ұлт партиясы мен масджумидің сессиясында Сукарно бұл декрет қабылданбаса президент пен вице-президент орнынан түседі деп қорқытумен ғана мақұлдатты.

Парламенттегі күштердің ара салмағының өзгеруі Шарирдің соңғы кабинетіне де әсер етті, бұл кабинетте республиканың компартиясынан басқа барлық партияларының және ұйымдарының уәкілдігі болды, бірақ онда қызмет бөлісуге келгенде біртұтас республикалық майданның ішінде солшыл блоктің өз мүмкіншілігін толық пайдалануына ырық берілмеді.

**РЕСПУБЛИКА ЖАРИЯЛАНҒАННАН KEЙІН
ТАПТЫҚ КҮШТЕРДІҢ ОРНАЛАСУЫ.
БУРЖУАЗИЯНЫҢ ГОЛЛАНДИЯМЕН КЕЛІСІМГЕ
КЕЛУГЕ ТЫРЫСУЫ**

Индонезияда республика жариялануымен байланысты тап күштерінің орналасуы біз атап көрсеткен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың нәтижесінде Азияның Оңтүстік-Шығыс отарларының көбіндегідей айқын сыпат алған жоқ. Бір жағынан, империализмге қарсы күрес жүргізу, екінші жағынан, ішкі түбірлі өзгерістерге байланысты тап күштерінің жіктелуі өзгеше болды. Голланд империализмімен байланысты және солардың көмегімен өз позициясын сақтап қалуды көздеген сыртқы иеліктердің ірі феодалдары реакцияға тірек болды; Яваның феодал-төре аксүйектері, бұлар қанаушылық отар аппаратының тетігі болып алғандар және зор мәртебелі дәрежеге қойылғандар еді, буржуазия республикасы орнай қалғанда да бұл мәртебесі сақталады деп дәмеленбейтін; ал империализмнің компрадор агентурасы өзінің сыбағалы салмағы жөнінен өте елеусіз болды. Бұл күштердің барлығы қалың бұқараның мүддесіне жау болды және тәуелсіздік жолындағы қарулы күреске қарсы шықты. Қолжаулық үкімет ұйымдастырған кезде (Шығыс Индонезияның, Борнео, Мадуро, Батыс, соңғы уақытта Шығыс Явадағы)¹¹ голландықтар өздері үкімет басына қоятын адамдарды еңалдымен солардан алып отырды.

¹¹ Голландықтардың «автономиялық» қолжаулық үкімет тәртібін құруларына жеңілдік келтірген жағдайлардың бірі — жоғарыда көрсетілген Индонезияның жеке аудандарының экономикалық дамуының біркелкісіздігі, оны мекендейтін ұлттардың ұлт болып құралу дәрежесінің түрліше болғандығы еді.

Буржуазия-помещиктер және кулактардың біразы әрелік жағдайда болды, олар да тәуелсіздікті көкседі, бірақ бұлар буржуазия демократиясы түріндегі тәуелсіздікті, өздерінің таптық үстемдігі сақталатын, қалың бұқараны қанау жөніндегі бұрынғы мүмкіншілігі сақталатын тәуелсіздікті көздеді. Яадағы буржуазиялық помещиктік лагерьдің әлсіздігі, буржуазияшыл партиялардың ішінде ұсақ буржуазияшыл интеллигенттердің басым болуы және оларға ұйымшыл еңбекші бұқараларының ықпалының күн санап күшейіп отыруы құлашты кең сермеген саяси, мәдени және экономикалық реформа жасайтын программа ұсынуға мүмкіндік берді, бірақ аграрлық мәселені шешуге ешқандай шара істелмейді. Тәуелсіздікке ұмтыла отырып және халыққа білек қоса отырып, бұлар империалистік елдерге қарсы қарулы жанжалдан аулақ болуға және қалың бұқараның дербес қыймыл жасауына мүмкіндік беруден аулақ болуға тырысты.

Ең ақырында, тәуелсіздік жолында және демократиялық батыл өзгерістер жасау жолында күресуге әзір халық бұқарасы қуатты революциялық лагерь құрды. Бұл лагерьдің жоғарыда көрсетілгендей, коммунистер бастаған өзінің революцияшыл партиялары және революцияшыл партиялармен байланысты ұйымдары болды. Халықтың жапондықтарға қарсы өз бетімен күрес жүргізу тәжірибесі қалың бұқараның санасын оятуға ерекше маңызды бола тұрса да және оккупанттарға қарсы жанкыярлықпен күрес жүргізу нәтижесінде Индонезия коммунистерінің беделі арта тұрса да, осы қалың бұқараны пролетариаттың басшылығымен тәуелсіздік жолындағы және халық демократиясы жолындағы саналы күреске топтастыру, бұл күресте пролетариаттың басшылық ролін қамтамасыз ету жөнінде компартия алдында аса маңызды міндет қойылды. Индонезия халқының 95 проценті сауатсыз болып отырған жағдайда тек шаруалар ғана емес, сонымен бірге жұмысшылардың да біраз бөлегі бұрынғыша мұсылман буржуазиясының діни ұрандарының ықпалында, ұлтшыл партияның ұсақ буржуазияшыл ұрандары ықпалында қала берді. Халық мүддесі үшін тәуелсіздік жолында және демократиялық түбірлі өзгерістер жасау жолында халық бұқарасын біріктірудің айқын программасын ұсынған күнде ғана социалистік блок ұлт-азаттығы күресінде пролетариаттың басшылық ролін қамтамасыз ете алатын еді және республика басшылығынан ымырашыл элементтерді аластай алатын еді.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы Индонезиядағы ұлт-азаттық майданының ішкі күштерінің ара салмағына ғана

емес, сонымен бірге ұлт-азаттық майданы мен империалистік реакцияның күштерінің ара салмағына да байланысты.

Индонезия республикасы ең алғашқы кұралған күнінен бастап-ақ империалистік күштердің Индонезия халқына қарсы бағытталған катал күресімен бетпе-бет кездесті. Сыртқы реакция ең басынан-ақ — отарлық тәртіпті қалпына келтіру мақсатын көздеген отарлық ашық соғыс түрінде, әр алуан айла-тәсіл түрінде күрес жүргізумен келді.

Архипелагте голландықтардың қарулы күштері әлі жоқ кездің өзінде, ағылшын әскерлері Индонезия халқын тұншықтыру әрекетін жасағанына қарамастан, Шарирдің бірінші кабинеті сыяқты, Сукарно өкіметі де ағылшындардың озбырлық жасап, голланд отарын қосағына ертіп алу әрекетіне қарсы бұқараны жұмылдырмағаны былай тұрсын, қайта бұқараның белсеңділігін ауыздықтауға түрлі шара қолданып отырды.

Республиканың буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық қайраткерлері ағылшын командованиесінің көмегі арқылы Голландиямен қолайлы келісім жасауға дәмеленумен болды. Бұған Индиядағы және Британияның басқа отарларындағы тәжірибелеріне сүйенген және лейбористер үкіметінің жалған демогогиясын бетке ұстаған ағылшын отаршыларының саясаты, әсіресе Америка империалистерінің зұлымдық, арбау тактикасы себепші болды.

Ағылшын командованиесі Индонезия халқына қарсы өзінің қанқұйлы әрекеттерін «араға жүру» деген даурықпа уәдесімен ұштастырып отырды. Англия империалистері отарлық системаны соғысқа дейінгі түрінде қалпына келтіру мүмкін еместігін еске ала отырып, отарлық қанаудың тиімді жаңа әдістерін, іздестірді, ал голланд реакциясы соғыс кезіндегі Индонезияда болған өзгерістерді бағаламай, өзінің үстемдігін бұрынғы қалпына келтіруге дәмеленді.

Ал АҚШ-ты алып қарайтын болсақ, ол отарлық тәртіп орнатуда голланд империалистеріне көмектесе отырып және бұл үшін талай кұрметке де ие бола отырып, республиканы соғыс күшімен жаныштап басуға ашықтан ашық қатыспауға, сөйтіп беделін түсірмеуге не қыйлы әрекеттер жасады. Дегенмен АҚШ республиканы түгелдей өз бақылауына алуды көздегендіктен республика жөнінде дербес әдіс-айла шараларын қолданудан тайынған жоқ.

Көп әскер төкпейінше және ұзақ уақытқа баратын отарлық соғыс жүргізбейінше үстемдігін қалпына келтіру мүмкін еместігіне көзі жеткеннен кейін және бұл үшін архипелагте жеткі-

лікті соғыс күші жоқ болғандықтан Голландия Индонезия республикасымен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. Бұған себеп болған тағы бір жағдай, Совет делегациясының инициативасы бойынша индонезия мәселесінің Қауыпсыздық Советіне қойылуы еді. Қауыпсыздық Советіне қойылғаннан кейін Индонезиядағы отарлық соғыс мәселесі дүние жүзінің демократиялық жұртшылығы арасында наразылық пікір туғызды.

Голландияға бұл келіссөздер өзінің отарлық өкімет билігін қалпына келтіруге бола соғысқа кеңінен даярлық жүргізу ісін бүркемелеу үшін ғана қажет болды. АҚШ-тың және Англияның көмегімен үйретіліп, жабдықталған әскерлер келіссөздер уақытында да және Лингаджат келісіміне қол қоюдан кейін де тоқтаусыз келіп жатты. Ағылшындардың араға түсуімен жасалып, 1946 жылдың ноябрінде алдын ала даярланған және 1947 жылы мартта қол қойылған Лингаджат келісімі ымырашылдық болды, бұл келісім империалистердің кұлқынын қанағаттандыра алмаса да, олардың мұны қабылдамақса амалы болмады. Бұл келісімнің негізгі қағыйдалары — Явадағы, Суматрадағы және Мадуроадағы республиканы де-факто жүзінде мойындау, қолжаулық үкіметтерді кұрудан Голландияның бастартуы, Индонезияның Кұрама Штаттарын кұру жөнінде Голландия мен республика арасын ынтымақтастыру еді, бұл қағыйдалар келісімді республика үшін қолайлы етті. Келісімді парламент мақұлдады және бұл келісім соғыс әрекеттерін біржолата тыюға, республиканың тәуелсіздігін нығайтуға көмектеседі деп есептеген бұқаралық ұйымдар да мақұлдады. Келісімнің нәтижесіне асыра үміт артушылықтың салдарынан тіпті революцияшыл көсемдердің өздерінің де империалистердің отарларда соғыстан кейінгі жүргізген айла-тәсілдерін ұға алмағандығын көрсетті. АҚШ-тың Филиппинге берген «тәуелсіздігін» және Индия мен Бирмадағы соғыстан кейінгі статусты бағалау жөнінде де осындай кате байқалды.

Республикалық баспасөз және республиканың жауапты қайраткері, оның ішінде Шарир ғана емес, сонымен бірге Шарифуддин де, өздерінің сөйлеген сөздерінде талай рет американдық және ағылшындық саясатты голландық саясатқа қарама-қарсы қойып отырды және Филиппиннің соғыстан кейінгі статусын шын мағнасындағы тәуелсіздік деп бағалады. Шартты даярлау және оған қол қою арасындағы кездерде де Индонезия үшін жағдайды онан сайын нашарлатуға бағытталған голланд реакциясының әрекеттерінен де олар тиісті қортынды жасаған жоқ. Республика басшылығындағы буржу-

азияшыл қайраткерлердің бір бөлегі тәуелсіздікті келіссөздер арқылы алуды, Голландия, Англия және АҚШ арасындағы қайшылықтарды пайдалана отырып, өздері үшін қолайлы шарттарды қамтамасыз етуді көздеді. Сонымен бірге, бұл кезде масджуми партиясының басшылығындағы буржуазияшыл элементтер арасында Голландиямен келісім жасауға қарсы шыққан көсемдер аз болған жоқ. Түпкілікті қол қоюдан бұрын Лингаджат келісімін талқылаған Уақытша парламенттің 5-сессиясында барлық партиялардың ішінен тек масджуми және ұлт партиясының кейбір уәкілдері ғана келісімге қарсы шықты. Демократиялық лагерьдің уәкілдігін кеңейтуіне қарсы күресе отырып, нағыз оңшыл элементтердің Лингаджат келісімі жөнінде мұндай бағытта болуы, әрине, олардың толық және шын маңнасындағы тәуелсіздік үшін күресуге даяр екендігін ыспаттай алмады. Бұдан осы партиялардың оңшыл көсемдері мен Америка империалистері арасы сол кездің өзінде-ақ жақындай бастағаны байқалды. Масджуми партиясын Агус Салим және Сукиман сыяқты атышулы капитулянттердің, кейбір мәліметтерге қарағанда, империалистік контрразведка қызметкерлерінің басқаруы масджум партиясын өзінің тілалғыш агентурасы етіп алуы үшін Америка империализміне өте-мөте қолайлы жағдай туғызды. Сонымен бірге голландықтарға қарсы бейнебір «дәйекті» бағыт ұстау деген сылтаумен масджуми партиясы қалың бұқара арасында өзінің ықпалын сақтауға мүмкіндік алды, бұл кезде социалистік блок партияларының беделінің күннен күн артуы масджуми партиясына қатер туғызған еді.

Лингаджат келісімі республикаға шабуылды бұрынғыдан бетер күшейту үшін тек бүркеніш болды. Голландықтар бұл келісімге қол қойғанның ертеңінде-ақ ай-түйге қарамай оны бұзуға кірісті. Өздерінің ойынша Яваға әскер мен техниканы жыйнап болған кезде голланд империалистері бірсыпыра арандату және ультиматум әрекеттерінен кейін 1947 жылы 26 июльде бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде отарлық соғыс бастады. Оңшыл социалистік Шарип бастаған республикалық үкімет голландықтардың талабына көнгіштікпен жауап бере тұрса да, бұл соғыстың басталуына ешнәрсе бөгет жасай алмады. Отарлық соғыстың қайта басталуына жол бермес үшін республика қабылдауға әзір тұрған ультиматумның статьяларын талдап қарағанда, мұның өзі тәуелсіздіктен безуге қарай үлкен қадам екенін мойындамасқа болмайды.

Республикаға тап беруге әзір тұрған империалистік лагерь мен республиканың екі арасындағы күштердің ара салмағы

республикаға оншама қолайлы болмағандығын ескеру қажет. Соғыс басталмастан бұрын 1947 жылдың июнінде болған келіссөздер голланд империализмі үшін тиімді жағдайда өткізілді — жаңа техникамен қаруланған Голландияның орасан зор армиясы даяр тұрды, сол кезде республиканың онсыз да мардымсыз соғыс ресурстары екі жыл бойы қарсыласу салдарынан азайған болатын. Голландықтардың архипелагты толық қоршап алуы сырттан қару-жарақ және оқ-дәрі алуға ешбір мүмкіншілік қалдырмады.

Бұл өте маңызды кезеңнен басқа — Индонезия халқының күресін қыйындатқан республика мен империалистік реакция күштерінің ара салмағынан басқа — республиканың буржуазияшыл басшылары республика лагеріндегі бай таптардың уәкілдеріне тілектес болып кетті, бұл бай таптардың уәкілдері халықтық соғыстан мүмкіндігінше аулақ болуды және соғыссыз, тіпті көріне пайдасыз шартпен болса да, империализммен келісімге келуді көздеді.

ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДА ХАЛЫҚ БҰҚАРАСЫНЫҢ ҚАҢАРМАНДЫҚ КҮРЕСІ, РЕСПУБЛИКАНЫҢ 1947 ЖЫЛҒЫ ИЮНЬДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Республиканы қайткен күнде де күйретуге тырысқан голланд империалистері ультиматум мерзімі өтпей тұрып-ақ кең түрде соғыс қыймылдарын бастады. Индонезия халқы бұрынғыдан да ауыр, қан төгіс, жаңа соғысқа душар болды. Бұл соғыста өзінің тәуелсіздігін қасықтай қаны қалғанша қорғауға даяр тұрған халық бұқарасы ерлік көрсетті.

Жаңа техникаға сүйенген голланд әскерлері тас жолдардың және темір жолдардың бойымен бөгетсіз, алға жылжып, республика территориясына еніп кетуіне қарамастан, жақын территориялардың өзін де бақылауына қаратып ала алмады. Голландықтардың тылында партизан соғысы өрістеп, ұлғая берді және республиканың байырғы әскерлерінің қыймылдары дамый түсті.

Голланд империалистері душар еткен соғыс Индонезия халқының барлық күшін республикалық үкіметтің төңірегіне топтастырды. Президент Сукарно елді басқару ісіне Шарифуддиннің коалициялық үлкен кабинетін шақыруға мәжбүр болды, соғыс кезінде бұл кабинеттегі маңызды қызмет орындары солшыл блок партияларының қолында еді. Соңынан

компартиямен біріккен социалистердің солшыл қанатының көсемі Шарифуддин премьер және сонымен қатар қорғану министрі болды, вице-премьер жұмысшылар партиясының көсемі Сатиаджит болды, бұл кабинетке бірінші рет компартияның уәкілі де кірді. Бірақ республикалық үкіметке қатысудан бастарту жөнінде компартияның қате бағыт ұстауынан кабинеттің коммунистік мүшесі социалистік партияның тізімі бойынша өтіп, кабинеттің жай қызмет орнында қалып қойды.

Индонезияда халықтық демократия үшін бұқараның күрес жүргізу жағдайлары Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа халықтарының күрес жүргізу жағдайларынан да, сонымен бірге Қытайдағы және тіпті Индо-Қытайдағы халықтық демократия үшін күрес жүргізу жағдайларынан мүлде өзгеше болды.

Индонезияда бақайшағына дейін қаруланған империалистік агрессорларға қарсы күресу міндеті — тек өз күшіне сенуге тиісті болған, республика алдында тұрған міндет болды. Империализмге қарсы мейлінше кең майдан құрып, күрес жүргізу міндетін жүзеге асыруда Индонезия компартиясының Қытай пролетариаты мен оның компартиясындағыдай мол тәжірибе және дәстүр болған жоқ. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін пайда болған антиимпериалистік біртұтас майданды қайткен күнде де сақтауға тырыса отырып, Индонезия компартиясы империализмге қарсы бұл майданда жетекші орын алу үшін дәйекті түрде күресу мүмкіншілігін дұрыстап пайдалана алмады. Бұл жағдай жас Индонезия республикасының азғантай тарихы бойында байқалып отырды. Коммунистік партия және онымен байланысты социалистік блоктың партиялары республикалық лагерьдегі, ымырашылдық бағыт ұстаған, байтап уәкілдерінің республиканы қасақана итермелеген ымырашылдық жолдан жігін ашып кете алмады және өз алдына дербес бағыт ұстамады. Партия армияға шешуші ықпал жүргізу үшін күреспеді, Сукарноның «экстремистерге» қарсы күресін әшкерелемеді.

Солшыл блоктың партиялары бұқара алдында империалистердің қулық-сұмдығын дәйекті түрде әшкерелеп отырмады және, өзгені былай қойғанда, тіпті Ренвиль келісімі (бұл келісім жөнінде, алда 172 — 176 беттерде айтылады) жөнінде өздерінің көзқарасын бірден ашып айтпады. Парламентте бұл келісімді қолдау және, ол олма, бұл келісімге қол қоярда солшыл блоктың уәкілдерінің тікелей қатысуы республикалық лагерьде буржуазиялық элементтердің жетекшілігін сақтауды объективті түрде жеңілдетте түсті.

Күштердің ахикат ара-қатнасы республиканы империалистік мемлекеттер жөнінде бұлтаққа түсуге итермеледі. Белгілі бір уақытқа дейін бұл бұлтақ әлі де болсын экономикалық және саяси тәуелсіздіктен бастарту деген мағна берген жоқ. Республика үкіметі шетелдерге Индонезияда капитал жұмсауына кепілдік бере отырып, Нидерланд Индиясы отаршыл үкіметінің жапон басқыншылығына дейінгі қарызын мойындап, Индонезияның жер байлықтарын өңдеу ісіне қатнасу жөнінде шетел капиталына болашақта қандай мүмкіндік туатынын суреттей келіп 1945 жылғы 1 ноябрьдегі саяси манифестінде: «Елдің игілігі үшін қажетті деп танылған, бұл меншікті (шетелдіктер меншігін) әділ ақыға бола сақтау правосын біз билігімізде қалдырамыз» деп жазды.

Лингаджат келісімінің 14-пункті шетелдіктерге олардың кәсіпорындарын қайтарып беруді растады. Мұны республика өзінің тәуелсіздігін танығандық үшін төленген күн және бейбіт тыныс алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін база деп қарады.

Республика заңдарына бағынамыз деп ресми түрде келіскен шетел иемденушілері немесе олардың басқарушыларының бірсыпырасы республика территориясында өздерінің кәсіпорындарын тікелей басқаруға мүмкіншілік алды. Үкімет Ренвиль келісіміне қол қойылмай тұрып-ақ Суматрада мұнай шығару мүмкіншілігі жөнінде мұнай компанияларымен келісті, оларды бұл кәсіпорындарында Индонезия жұмысшыларымен коллективтік шарт жасауға міндеттеді. Үкіметтің бұл бағытын барлық саяси партиялар мен жұмысшы ұйымдары мақұлдады. Кәсіподақтардың Орталық ұйымының (СОБСИ) басшылары, егер шетелдіктер республиканың тәуелсіздігін және оның заңдарын таныйтын болса, республикада шетелдік кәсіпорындарының бірқалыпты жұмыс істеуіне жауапкершілікті өз мойнына алуға жұмысшылар әзір деп бірнеше рет атап көрсетті. Үштік комиссияға жолдаған үндеуінде СОБСИ былай деп жазды: «Экономика саласында СОБСИ бұрынғысынша шетел мүдделері жайындағы 1945 жылғы республикалық декларацияны қолдайды. Декларация жұмысшыларды қанамайды, пайда келтіру мәселесін шешеді».

Республика үкіметі, экономиканың «тұрмысқа қажетті салаларын» — темір жолды, ирригацияны, қоғам пайдаланатын кәсіпорындарын мемлекет қолына алып, сыртқы саудаға монополия орнатса, шетелдіктерді жұмысшы заңдарын және республиканың басқа заңдарын орындауға міндеттесе, шетел капиталының әрекетін Индонезия реттей алатын болады және

Ұлт экономикасын дамыту мақсаты үшін шетел ақша қорын пайдалануға болады деп есептеді. Социалистік блок партиялары парламенттің 5-сессиясында өздерінің төрт жылдық жоспарын ұсынғанының артынан, 1947 жылғы жасалған онжылдық экономикалық жоспар Индонезия экономикасын қайта құру және шетел капиталымен қарым-қатнас жөнінде республиканың жобаларынан аздаған мағлұмат бере алады.

Шарифуддиннің коалициялық кабинетіндегі экономика министрі және Ұлт партиясының ресми көсемі доктор Аднан Гани 1947 жылы июнь айында республиканың экономикалық жоспарларының мәнін былайша сыпаттады:

1. Мемлекетке қарайтын қоғамдық кәсіпорындары, өнеркәсіп орындары мен плантациялар өзінен өзі республиканың қолына көшеді.

2. Жеке иемденушілерге қарайтын қоғамдық сыпаттағы және тұрмысқа қажетті маңызы бар кәсіп орындары құны төленгеннен кейін (құнын шығарғаннан кейін) национализацияланады.

3. Жапондықтардың мүліктері соғыс репарациясы ретінде конфискуеленеді.

4. Шетелдік кәсіпорындары келісім жасалғаннан кейін олардың тиісті иелеріне қайтарылып беріледі: «Алайда, — деп мәлімдеді Гани, — меншікті қайтарудың көлемі мен қарқыны Индонезия территориясынан Голландия әскерлерін тайдырудың көлемі мен қарқынына тікелей байланысты болады».

Ганидың сөзі бойынша, қайта құру жоспары «Конституцияның 33-статьясына сәйкес белсенділікті күшейту» мақсатын көздеді.

Онжылдық жоспар мынадай мақсаттар қойды:

А. Моральдық, интеллектуальдық және физикалық тіршілік дәрежесін жоғарылату, ол үшін:

1. еңбек ақы минимумын жоғарылату;

2. денсаулық пен тазалық жағдайларын жақсарту;

3. сауатсыздықты жойып, оқу-ағарту ісін кеңейту және жақсарту;

4. шаруалар мен жұмысшылардың кооперативтік бірлестіктерін ұйымдастыру;

5. шаруалар мен жұмысшыларды қорғау үшін әлеуметтік және аграрлық заң шығаруды жүзеге асыру;

6. индустрияландыру, бірақ «ауыл шаруашылығымен байланысты» индустрияландыру;

Б. Товарлы кәсіп орындарының өнімділігін арттыру, ол үшін:

1. мемлекеттік кредит жолымен және ауылшаруашылық өнімдерін сату жолымен сатып алушылық қабілетін жоғарылату;

2. шағын сомалардан мемлекеттік қаржы бөлу арқылы горизонтальды¹² деревня өнеркәсібі ретінде ауылшаруашылық өнеркәсібінің негізгі салаларын жасау;

3. мемлекеттік қаржы бөлу негізінде өнеркәсіптің вертикальді¹³ сыртқа зат шығаратын салаларын жасау;

4. мемлекеттік қоғамдық кәсіп орындарын көбейту;

5. мемлекеттік қаржы бөлу арқылы каботаж кеме жол қатынасын жасау;

6. теңіз жол қатынасын қандайда бір елдің монополизациялауына тыйым салу;

7. халық көп көшіп келген жерлерден халқы аз жерлерге қайта көшіру;

8. оқу-ағарту, финанс, ақша айналымы, банк ісі, экономика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, транспорт, қоғамдық жұмыстар және армия істері бойынша шетел эксперттерін тағайындау;

В. Ішкі мұқтаждарға керекті импорт заттарға экспорт өнімдерін халықаралық айырбас ісін ұлғайту. Ешбір шет елге импорт және экспорт монополиясы берілмейді. Бұл сауданы мемлекет өзі реттеп, бақылайды.

Г. Экономикалық жоспар жасау, ол үшін:

1) қоғамдық мәні бар кәсіпорындарын мемлекет монополиясына алу;

2) мемлекеттік және жеке меншікті (шетелдік және ұлт капиталы) капиталмен аралас компания жасау;

3) мемлекеттік және жеке меншікті капиталдың қатысуымен кооперативтік кәсіп орындарын жасау;

4. шаруалардың, жұмысшылар мен саудагерлердің кооператив ұйымдарын құру;

5. ұлттық және шетел меншіктерін қатыстыратын жеке меншікті кәсіп орындары;

6) ұлттық заем;

7) шетелдік заем;

8) шаруалар мен жұмысшылардың таптық санасын көтеру.

¹² Бұл арада жергілікті халық мұқтажын өтеу үшін ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеу жөніндегі өндірістерді территориялық аудан принципі бойынша біріктіру айтылып отыр.

¹³ Бір орталықтан басқарылатын жалпы мемлекеттік бірлестік ұйымдастыру ойластырылған еді.

Бізге белгілі осы жалпы қалпының өзінде бұл жоспардың ақаулары бірден көзге түседі. Индонезиядағы орасан зор мүмкіншіліктерге қарамастан елді шын мәнісінде индустрияландырудан бастарту, шетелдіктердің енуіне кең жол ашумен қатар, тіпті ресми түрде тәуелсіз республиканың өзін монополистік шетел капиталына бағындыру қаупын тудырды. Еңбекшілердің материалдық тұрмыс күйін жақсарту жөніндегі белгіленген алуан түрлі шараларға қарамастан, жоспар жерді қайта бөлу жолымен аграр мәселесін шешуге шын мәнісінде ешбір талап істемеді. Шетелдіктердің мөншігін тану және бұратана феодалдар мен помещиктердің ірі жер меншігіне қандай да болсын қол сұғудан бастарту республиканың аграрлық мәселе жөніндегі барлық шараларын шаруаларға кредит беру, кооперативтер ұйымдастыру, және халқы жиі аудандардан халықты көшіру деген секілділермен тындыруға әкеп соқты. Республиканың аграрлық жобаларының былайша шектелуіне екі түрлі себеп бар еді. Республика басшыларының буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық бөлігінің таптық табиғаты аграр мәселесін революциялық жолмен шешу міндетін алға қоюға мүмкіншілік бермеді. Сонымен бірге, тәуелсіздікті қолға алу міндеттері және бұл күреске тек жергілікті помещиктердің және кулактардың ғана емес, сонымен бірге Яваның феодалдарының біразының атсалысуы (Джокджакартаның сұлтаны тіпті портфельсіз министр ретінде республика кабинетіне кірген еді) конфискация және жерді бөлісу жөніндегі мәселеге өте сақтықпен қарауға мәжбүр етті.

Бұл экономикалық жоспардың кемшіліктері бола тұрса да, шетел империалистеріне қарсы ұлттың экономикалық тәуелсіздігін қорғау жөнінде және халықтың қалың көпшілігінің халін жақсарту жөнінде Шарифуддиннің коалициялық үкіметінің ол жоспарды пайдалануына болатын еді.

Жаңадан агрессия әрекетін бастаған голландия империалистерімен келіссөздер жүргізіліп жатқан уақытта, Шарифуддин үкіметі ұсақ шаруаларға 20 миллион кредит бөлу жөнінде заң шығарды. Жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде зор шаралар қолданылды, сауаттылық дәрежесін көтеруге Явада ғана емес, сонымен бірге Суматрада да көп күш жұмсалды. Социалистік блоктың партиялары және еңалдымен коммунистер бұқараға саяси тәрбие беру ісіне, саяси мектептер ұйымдастыруға, марксистік университеттер, қысқа мерзімді курстар ашуға және тағы басқа істерге ерекше назар аударды. Голландияның коммунистік газеті «Де Ваархейдтың» тілшісі 1947 жылы жазда Явада жергілікті басқару орында-

рын ұйымдастыру жөнінде, сайланып қойылған селолық және аудандық өкімет орындарының уәкілдері арасындағы саяси жұмыстар туралы қызықты мәліметтер хабарлады.

РЕНВИЛЬ КЕЛІСІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Империалистер 1947 жылы июльде Индонезия халқына қиліктірген қырғын соғыс Шарифуддиннің коалициялық кабинетінің халық көпшілігінің мүдделерін қорғау жолындағы шараларының жүзеге асырылуына едәуір бөгет жасады және республикалық лагерьдегі бай таптар бұл шараларға қарсылығын күшейте түсті. Республика осындай ауыр жағдайға тап болған кезде үкімет барлық күш, жігерін отан қорғау ісіне жұмсауға тиісті болды. Шаруаларға арналған 20 миллион кредиттің тек 2 миллионы жұмсалып, қалғаны соғыс қажетіне берілді.

Үкімет халық бұқарасын қыйыншылыққа төзе білуге шақырды, халық та ең керекті қажеттерінен бастартып, жанқырлықпен тәуелсіздікті қорғауға атсалысты. Голландия бақылауында болған, әсіресе голландықтар басып алған аудандардың көрген күні және бұл аудандарда 1947 жылдың жазында болған қырғын террор Голландияның отаршыл үстемдігі қайта орнайтын болса индонезиялықтар қандай күйге түсетіндігіне айқын дәлелі еді.

Ауыр жағдайға қиліккен республика Біріккен Ұлттар Ұйымы араға түсер деп зор үміт күткен еді. Алайда Қауыпсыздық Советінде Индонезия проблемасы талқыланған кезде отаршыл елдер Индонезияда Голландия империализмінің отарлық үстемдігінің қайта орнатылуын қалайда жеңілдетуді көздегені мәлім болды. Индонезия халқының төл мүдделерін қорғауға белсене араласқан Совет Одағы уәкілдерінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы табанды және принципті күресі империалистік елдер мен олардың итаршыларының аласұрған қарсылығына кездесті.

Голланд әскерлерін шабуылға дейінгі тұрған шебіне дереу қайтару туралы совет уәкілдерінің ұсынысын қабылдамай тастау, Голландия мен Индонезияның қарым-қатнасын реттеу жөніндегі мәселені Біріккен Ұлттар Ұйымы атынан әрекет етуші, бірақ Қауыпсыздық Советінің бақылауына кірмейтін Үштігі Комиссиясына арта салып, Қауыпсыздық Советінің ролін бағаламау міне осының бәрі империалистік елдердің және олардың итаршыларының позициясын көрсетіп берді.

Республика уәкілдері, жекелеп алғанда Шарир, біріккен Улттар Уйымында Индонезия проблемасын реттеудегі өздерінің алғашқы талаптарын қорғамағандығы былай тұрсын, қайта отаршыл елдер еріксіз әкеп ұсынған тәртіпті түгелінен қабылдады. Республиканың Үштік Комиссиясына Австралияны өзінің уәкілі етіп тандап алуы Голландия империализміне бөтен елді, сырттай қарағанда дос елді және Голландия үстемдігін қайта орнатуды тілемейтін елді қарсы қою талабын ғана емес, республиканың буржуазияшыл элементтерінің және оншыл социалист Шарирдың капиталистік елдерді араға түсіруге бағдар ұстайтындығын көрсетті.

Біріккен Улттар Уйымында совет уәкілдері жеткілікті сынап әшкерелеген Үштік комиссиясының қызметіне тоқталып жатудың қажеті жоқ. Комиссияның қызметі империалистердің, еңалдымен американ империализмінің қулық-сұмдықтарын бүркемелейтін бүркеніш қана болды.

Комиссияның председателі американдық Грехэм комиссияның қызметін Индонезияға Американың ықпалын екі түрлі әдіспен нығайту үшін пайдаланды. Бір жағынан, Американың араға түсуі Голландияның Индонезиядағы мүдделерін қамтамасыз етумен қатар, Американың голландиялық итаршылары бақылайтын аудандарда американ экспансиясы үшін керекті жағдай жасады. Екіншіден, республиканың әлсіреуі американ империалистеріне республиканың басшылары арасындағы келісімпаз, құбылмалы элементтерімен ауызбірлік жасау арқылы, Голландияны шет қалдырып, соғыс және экономикалық жағынан дәрменсіз қалған республиканы американ империализмінің бағынышты құралына айналдыруға мүмкіндік болды. Ең ақырында, — бұл американ империализмінің ең басты мақсаттарының бірі — «қайырымды қызмет көрсету» арқылы олар отар халықтарының азаттық қозғалысының бір бөлігі Индонезияның ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаныштауды жеңілдетуді көздеді.

Өз мақсаттарына жету үшін американ империализмі алған түрлі әдіс қолданды, олар, Голландияның өз өкімет билігін қайта орнатуынан ғана емес, сонымен қатар солшыл блоктың халық бұқарасы ішіндегі ықпалының күн санап өсуінен де қорқатын республика лагеріндегі бай таптардың реакциялық элементтерімен тікелей ауыз жаласып, келісім жасайтын болса, әрі американ «көмегі» дегенмен Голландиядан қорғау деген уәделерімен сөз жүзіндегі даурықпа әдістерді қолданатын болды. Республика лагеріндегі буржуазиялық элементтер голландықтардан жеңілдік алу үшін бұрынғысынан империалис-

тер арасындағы қайшылықтарды пайдаланамыз деп дәмеленген болса, енді Голландия агрессиясының етек алуы және тап күштерінің жіктелуі жағдайында АҚШ өз мақсатына оңай жететін болды. Американның аяласына сөзсіз жеңілдік келтірген бір жағдай мынау болды: Голландия үш ғасыр бойы үстемдік жүргізіп, оның реакциясы қағаз жүзінде қабылдаған шарттарын да орындамай опасыздық жасағандығы америка империализмі тарапынан төнген қауып голландықтардың қауыпынан титтей де кем емес екенін Индонезия халқына аңғартпай қойды.

Революциялық лагерьдің көптеген уәкілдеріне Голландия үстемдігінің Индонезияға қайта орнау мүмкіндігі әлі де болса ең күшті қауып болып көрінді.

Азғырумен, өзі таңған келісімнің алдамшы сырымен және тікелей қорқытумен атышулы Ренвиль келісіміне республика делегаттарының қолын қойғызбақ болған Грехэм, ұлт партиясының және масджумидің оншыл көсемдерімен келіссөз жүргізу әрекетінде болды. Бұрыннан Америка жағына қарай бағдар жасайтын Агус Салим, Сукиман, Шарир сыяқты көсемдер жаңа жағдайда американизмнің тікелей агентіне айналып кетті. Ақырында, 1948 жылы январьда американизм кораблі «Ренвильдің» үстінде қол қойылатын келісім бойынша келіссөздер жүргізіліп жатқан ұзақ уақыттың бойында Жапониядан Индонезияға көптеген индонезиялық студенттер келіп жатты, бұларды бір кезде жапондықтар алып кеткен және Жапония бас игеннен кейін Макартур пайдаланған болатын. Осы жапон-американизм агенттері арқылы да Американы жақтау жөнінде күшті насихат жүргізілумен болды.

Американизм үшін және оның республика үкіметіндегі агентурасы үшін Ренвиль келісіміне коалициялық Шарифуддин кабинетінің қол қоюының маңызы өте күшті болды, өйткені депутаттардың 50 проценті солшыл блокқа қарайтын болғандықтан, келісімді парламенттен өткізіп алуға ол көп жеңілдік келтіретін еді.

Солшыл блоктың партиялары американизмнің қолық-сұмдығын дер кезінде әшкерелей алмады. Ренвиль келісіміне қол қойылуына, тіпті оның тиімсіздігі жұрттың бәріне аян болса да, компартия да және онымен байланысты солшыл партиялар да наразылық білдірмеді. Бұл компартия басшыларының саяси тәжірибесінің аздығын және солшыл блок партияларында ұсақ буржуазиялық ықпалдың басымдылығын көрсетті.

Ренвиль келісімі, ресми жағынан Лингаджат келісімі

негізінде жасалғандай болғанымен, голландықтар басып алған пункттерді бір-бірімен қосатын, бірақ голландықтар жаулап алған территорияға сай келмейтін Суматрадағы және Явадағы Фан Моок линиясына дейінгі орасан зор және өте мәте маңызды территориядан айрылған республикаға өте қатал соққы болып тиді. Ол олма, республика «Фан Моок линиясының» арғы бетінен өз әскерлерін қайтарып алмақшы болып келісті, сөйтіп бұл территорияларды және олардың халықтарын голланд басқыншыларының кіріптарлығына берді. Республика «Индонезияның уақытша үкіметіне» кіруге келісті, голландықтар бұл үкіметті тұтасынан голландия бақылауына бағынған қолжаулық органға айналдырмақшы еді.

Егер Лингаджат келісіміне қол қойылуын және оны халықтың қолдауын уақытша тыныс ала тұруға уақыт ұту және республиканы іс жүзінде тану, деп қарауға тура келсе, Ренвиль келісімін мақұлдау халықтық-демократиялық күштерінің қатесі және республикалық үкімет ішіндегі буржуазиялық элементтерінің ашық түрде опасыздық жасауының басы болғандығын мойындау қажет.

Шынында Ренвиль келісімі және одан соң іле-шала республика үкіметінде өзгерістердің болуы Индонезия республикасының тәуелсіздік жолындағы күресінің жаңа кезеңі еді. Бұл кезеңдегі негізгі жаңалық республикаға қатысып, және тәуелсіздік жолындағы күреске атсалысқан бай таптарының империализм алдында тізе бүгу жолына түскендігі болды. Бұл жөнде Индонезия коммунистері дер кезінде қортынды шығара алмады, сөйтіп бұл жағдай олардың халық күштерін біріктіру жолында күрес жүргізуіне және буржуазиялық-помещиктік элементтерді әшкерелеуіне бөгет жасады, ал бұл элементтер халық арасында өздерінің ықпалын сақтауға мүмкіндік алды, мұны империализм күштері де пайдаланды.

Американың қолдауына арқа тіреген оншыл элементтер, Ренвиль келісіміне қол қойылысымен, халықтық-демократиялық күштерге қарсы шабуылға шықты. Президент Сукарно 1948 жылы март айында Шарифуддиннің коалициялық кабинеті орнына Хатта бастаған президент кабинетін қойды. Бұл кабинетте масджуми партиясы мен ұлт партиясының оншыл қайраткерлері басым орын алды, олардың Американы жақтайтын көзқарастары ертеден белгілі еді. Хатта өзінің кабинеті коалициялық кабинет жүргізген саясаттан айнымайтындығын айтып сендірмекші болғанымен, оның кабинетінің

шын бағыты өте тез анықталды. Оның сыртқы саясаты АҚШ-ка қарайласу болса, ішкі саясаты, тіпті Голландия агрессиясына қарсы күресудің ауыр жағдайының өзінде де жүзеге асыруға мүмкіншілігі болған, халық мүддесіне арналған экономикалық шаралардың өзіне бөгет жасау және республиканың халықтық-революцияшыл ұйымдарына шабуыл әзірлеу болды.

Американ империализмінің агентурасына айналып бара жатқан буржуазиялық элементтердің айласы коммунистік партияның басшыларына және онымен байланысты революциялық партияларға анық бола бастаса да, олар республика үкіметінің бұл бағытынан іргесін аулаққа сала білмеді. Уақытша парламенттің мәжлістерінде солшыл қанаттың уәкілдері аузынан батыл сын айтылып, Шарифуддиннің басшылығымен коалициялық кабинет құру талабы қойылып жатты, бірақ Хатта кабинетінің саясаты бұқараға жете түсіндірілмеді. Оңшыл көсемдермен бірлесе отырып, біртұтас майданды қайткен күнде де сақтауға тырысушылық, бұл қате бағыттың негізгі себебі болды. Голландия реакциясы Ренвиль келісіміне риза болып қойған жоқ, ол жаңа шабуылға әзірленді — тыңнан қарулы күштер әкеліп, келісімді көріне көзге бұза берді және Индонезияның голландықтар билейтін уақытша үкіметіне кіргізу деген сылтаумен республиканы бір жолата тізе бүктіруге тырысып бақты, осының бәрі Индонезиядағы саяси жағдайдың шиеленісе түсуіне әкеп соқты.

Ренвиль келісіміне қол қойылуы Индонезияны бөлшектеу жөніндегі және қолжаулық «мемлекеттер» жасау жөніндегі Голландияның айла-тәсілдерін тоқтатқан жоқ. Ренвиль келісіміне қол қойылған күннің ертеңінде голландықтар Лингаджат келісімін ғана емес, сол сыяқты Ренвиль келісімін де көріне көзге бұзып, Мадурда «плебисцит» жүргізді. Осыдан кейін Шығыс Яваның «дербес» мемлекеті құрылды. Голландияның қару күшімен үкімет басына қойылған қолжаулықтар өздерінің опасыздық әрекеттерін оп-оңай атқаратын болып алды, өйткені Хаттаның үкіметі «халықаралық байқаушылардың» бақылауымен Голландия агрессорлары оккупацияланған территориядан, өздерінің барлық әскерлерін шығарып әкетуге асықты, сөйтіп халық бұқарасының оккупанттарға қарсыласу әрекетіне сөзсіз зыян келтірді. Сонымен үкіметтің бұл байырғы күштерді демобилизациялауға немесе оларды Суматраға жіберуге асығуы назар аударуға тұрарлық еді.

ХАТТА ҮКІМЕТІНІҢ ОПАСЫЗДЫҚ САЯСАТЫ

Хатта үкіметі АҚШ-пен келісімге келуге ұйғарып және Индонезия халқының мүдделерін Американың монополистік капиталына сатып, Голландия империализмінің озбыр қыспағына формальды түрде қарсылық білдірген болды. Ол Индонезияның уақытша қолжаулық үкіметі құрамына кіруден бастартып, қолжаулық жаңа мемлекеттерді құруға наразылық білдірді. Индонезияның халық бұқарасы Голландия империализмін әлі де болса ең басты дұшпан және басты қауып, деп есептегендіктен, Хатта үкіметінің бұл саясаты бұқара алдында оны тәуелсіздік жолындағы күрескер етіп көрсетіп, оның абройының сақталуына және халық ұйымдарын талқандауға әзірлік жүргізуіне мүмкіндік берді. Хатта үкіметінің АҚШ-пен келісу саясатын әшкерелемеген коммунистік партияның және онымен байланысты солшыл партиялардың қате саясаты және Хатта үкіметінің халықтың қалың бұқарасының қолдауынан бас тартуы өте қолайсыз жағдайға әкеп соқты.

Республикалық лагерьдің жіктелуі ұлт партиясы мен масджуми партиясындағы буржуазияшыл басшылардың американдық агентурасына айналуына себеп болды, сонымен қабат социалистік партияға да әсерін тигізді. Сұлтан Шарир АҚШ-тан қайтып келісіміне және Индия буржуазиясының көсемі Джавахарлал Нерумен ұзақ келіссөз жүргізгеннен кейін, республикалық лагерьдің оңшыл көсемдерімен көріне көзге жақындаса түсті. Ол социалистік партияны жікке бөліп, өзінің оңшыл социалистік партиясын құрды. Оның декларациялары аралық «үшінші күш» болуға дәмесі бар екенін білдірді. Шарирдің өзінің және оның партиясының бұдан арғы беталысы отар елдерде «үшінші күш» болуға дәмеленген оңшыл социалистердің, ССРО бастаған демократиялық лагерьге қарсы күрес жүргізетін, реакциялық лагерьдің жетекшілеріне айналғанын толық дәлелдеді.

Шарирдің сонынан ергендер шамалы болды; социалистік партияның көпшілігі, коммунистермен одақ жасауды тілейтінін көрсетіп, Амир Шарифуддин бастаған революцияшыл басшылыққа адал болып қалды.

Хатта үкіметінің ұлтқа қарсы бағытталған саясаты, оны реакцияшыл элементтер Голландия империалистеріне табанды қарсылық білдіру саясаты деп көрсетуге тырысып бақса да, республиканың мүддесін АҚШ-тың монополистік капиталына толық бағындыруды көздеген саясат еді. Біздің қолымыздағы шамалы мәліметтерге қарағанда, 1948 жылдың бой-

ында республиканың ең маңызды салаларын Америка капиталының қолына беру жөнінде Хатта үкіметінің тым асқақтап кеткендігін байқауға болады.

Хатта үкіметімен жасасқан келісім бойынша американ фирмасы Фокстың аса жетісіп қалғандығы жөнінде шетел баспасөздерінде хабарланған болатын. Осыған байланысты ағылшын жетілік баспасы «Уорд Ньюс энд व्यос» былай деп жазды: «Хатта және оның достары, Индонезия буржуазиясының уәкілдері республиканы мемлекеттік департаменттің мүдделеріне бағындыруға тырысты... Республиканың АҚШ-тағы уәкілі былай деп мәлімдеді: республика Американың бір фирмасымен келісім жасасты, бұл келісім бойынша фирма Индонезия үкіметінің бүкіл сыртқы саудасын жүргізуге тиісті». «Уорд Ньюс-тің» мәлімдеуі бойынша ресми емес мәліметтер бұл корпорация 15 жыл бойына республиканың мемлекеттік сыртқы сауда саласында монополияға ие болатындығын көрсетті. АҚШ-қа 500 миллион долларлық заказдар беріліп үлгірген еді. Хатта қарызға қаржы алу жөнінде келіссөз жүргізу үшін өзінің финанс министрін АҚШ-қа жіберді, қарызды төлеу ретінде соғыс өнеркәсібі үшін АҚШ-қа қажетті шикізат қорлары ұсынылды.

Американың монополияларымен жасырын келісім жасағанда, Хатта үкіметі мұны Голландия агрессиясынан «қорғану» деп ұқты және өзінің жаңа қамқоршысына сеніп жүріп, болашақта кең көлемде қайта өршітін голландықтардың отар соғысының қауыпына қарсы шараларды осалдатып алды. Хатта үкіметі өзінің ұлтқа қарсы бағытталған саясатын Голландия империализмінің алдында толық тізе бүгуден бас тартумен бүркемелемек болды. Хатта үкіметі голландықтар құрастырған Индонезияның уақытша үкіметі құрамына, Голландияның шарттары бойынша, кіруден бас тартты, ал бұл уақытша үкімет дегенді Голландия өкімет орындарының және үкімет ішіндегі басым Голландия қуыршақтарының алдында республика уәкілдерін дәрменсіздікке ұшыратуды көздеп, голландықтар ойлап шығарған болатын. Сукарно мен Хатта қолжаулық мемлекеттердің құралуына «наразылық» білдіріп жатты, алайда олар голланд империалистерінің жаңа шабуылына тойтарыс беруге халықты әзірлеген жоқ.

Хатта үкіметінің ұлтқа қарсы, халыққа қарсы бағытталған саясаты Индонезия халқының санасы оянған жағының наразылығын тудырмай қоймады. Оңшылдардың шабуылына қарсы халықтық-демократиялық майдан өз күшін топтай түсумен жауап берді. Социалистік блок партиялары өз-ара жақында-

са түсті. 1948 жылы сентябрь айында социалистік партия мен жұмысшы партиясын коммунистік партиямен қосып, бірыңғай коммунистік партия құру жөнінде келісім болды. Коммунистік партияға жастардың коммунистік одағы топтала түсті. Халық демократиясы майданының бастаушылары ретінде коммунистер Хатта үкіметінің саясатын әшкерелей бастады. Үкімет, американ қамқоршыларының дем беруімен, халықтық демократиялық ұйымдарына қарсы полиция күшін қолданып арандату әрекетіне кірісті. Астанадағы революцияшыл партиялардың үйлеріне басылып тінту жүргізіле бастады, Хатта үкіметі сенбеген әскери бөлімдердің қаруы тартып алынды. Сонау 1946 жылы тұтқындалған троцкистер босатылып, олар 1948 жылы Суракартте және басқа да орталық қалаларда демократиялық күштерге қарсы арандату шайқастарын ұйымдастыруға пайдаланылды. Американ қожаларының нұсқауына сүйеніп Хатта үкіметінің халық демократиясы партияларын қанға бояуға, жаныштауға әзірлік жүргізіп жатқандығы белгілі болды.

Американ империалистері Индонезияның ресурстарын маршалданған Голландия арқылы пайдалануды да, «тәуелсіз» Индонезия республикасы жөнінде дербес айла-тәсіл қолдануды да ойластырды. Олардың бұл мақсаттарының жүзеге асуы үшін халықтық-демократия лагерь талқандалып, республикада оларға қолайлы жағдай жасалуға тиісті еді. АҚШ өзінің «көмегін», әлсіреп қалған және американ монополиясының құлак кесті құлына айналған буржуазиялық республикаға, оның өзінде де, отар тәртібін қайта орнатуды көздеген Голландияға қарсы буржуазиялық республикаға көмектесу ретінде ғана, «көмек» беруге әзір еді.

Американың «араға түсушілері» мен бақылаушылары Хаттаның демократиялық ұйымдарға қарсы шабуылын әзірледі, бұл ұйымдарды талқандау Америкадан көмек арудың қажетті шарты еді.

Осындай жағдайда революцияшыл партиялар, жастар ұйымы — Пасиндонның басшылары және жұмысшы бірлестіктері Хаттаның опасыз үкіметінен ашықтан-ашық қол үзді.

1948 жылы 16 сентябрьде Мадиинде Шарифуддин бастаған революцияшыл-халық үкіметі құрылды, үкімет Голландияның және Американың империалистеріне қарсы күресу үшін Индонезия халқын демократиялық негізде топтастыру программасын ұсынды. Халық бұқарасының мүдделеріне бола кең көлемді демократиялық қайта құру шараларының программа

сы жарияланды. Мадииндегі халықтық-демократия үкіметі халықты Хатта тобын орнынан түсіруге шақырды.

Алайда Хаттаның және оның иегтестерінің опасыз саясатын әшкерелеу жөнінде коммунистік партия және онымен байланысты солшол партиялар мен ұйымдар бұқара арасында жеткілікті жұмыс жүргізбей келгендігі, көтеріліс жасау ісіне соғыс жағынан, ұйымдастыру, саяси жағынан жеткілікті дайындық болмауы өте қатерлі жағдайға киліктірді. Көтеріліс басталған кезде революциялық ұйымдардың соның ішінде коммунистік партияның саяси бюросының кейбір мүшелері, көптеген басшы қызметкерлері Джокджакартта болатын. Хатта бұқара ұйымдарының революцияшыл басшыларын және парламенттің солшыл депутаттарын дереу тұтқынға алды. Явада шығатын қытай газеті «Синпо»ның хабарына қарағанда, Хаттаның халыққа қарсы үкіметі 1948 жылы 10 ноябрьге дейін Индонезияның 25 мыңнан астам патриоттарын тұтқындаған. Басшылар мен активтің бір қатарының тұтқындалуымен бұқараның революцияшыл ұйымдары басшылықсыз қалып қойды. Бұл жағдай буржуазияшыл элементерге, бұқаралық ұйымдардың біразын, соның ішінде кәсіподақтарын, және де революцияшыл депутаттарынан айырылған парламентті пайдаланып, халық-демократиясы майданының арасына іріткі салуға мүмкіндік тудырды. Хатта бастаған топ голланд уәкілдерімен сөз жүргізудің тоқтатылуын, Голландия агрессиясына қарсы қорғануға әзірліктің қажеттігін сылтауратып (шынында Хатта мен оның пікірлестері бұл жөнде қам жеген емес), түрлі жала және даурықпа сөздермен халық көпшілігінің арасына іріткі салды.

Хатта әскерлері өте қысқа мерзімнің ішінде халық ереуілін басып, ереуілге қатысушыларды жазалауға кірісті. Ереуілдің орталығы болған Мадиинды 11-ші күні сан жағынан әлде қайда басым Хаттаның әскерлері келіп алды. Хаттаның әскерлері басқа аудандарда да табандылықпен қарсыласқан халық отрядтарын жеңіп жүрді. Декабрьдің басында Хатта үкіметі халық күресінің ең көрнекті басшыларын — Шарифуддинді, Сарджоно, Сурипно, Сатиаджидті және тағы басқаларын қолға түсірді. Оларды коммунистік партияның саяси бюросының мүшесі Алимин және басқа да күрескерлер қамалған астанадағы түрмеге апарып жапты.

3 декабрьде Хаттаның уәкілі Сингапурдағы пресс конференцияда былай деп мақтанды: «Мадииндегі бүліншілікті басқаннан бері қарай және Шарифуддин, тағы басқалар тұтқынға алынғаннан бері республиканың абройы бүкіл дүние жүзі

алдында жоғарылай түсті. Бұл бүліншілікті басу арқасында республика ел ішіндегі тәртіпсіздікті жоя алатындығы жөнінен Азиядағы бірден-бір ел болып көзге түсті».

Империалистік лагерьдің алдында «абройының тағы да арта түсуіне» сеніп Хатта үкіметі халық көпшілігіне қарсы күрес жүргізуде Қытайдың, Бирманың және басқа елдердің империалистерге сатылған реакционерлерінің қолы жетпеген жеңісін тойлап жатты. Бірақ, оның американдық қожаларынан тиісті сыйлықтар аламыз деген дәмесі қандай сәтсіз болса, бұл тойлаған жеңісі де сондай сәтсіз болып шықты. Халық қозғалысына қарсы күрес жүргізіп келген Сукарно республикасының ресми уәкілдері бұл жөнде былай деді: «Хатта үкіметі Индонезиядағы жанжалды басу үшін барған сайын АҚШ-тың көмегін көбірек іздейтін болады». Сыртқы істер министрі, елдің демократиялық күштерімен байланысы бар, республиканың шетелдегі барлық уәкілдерін еркінен айыруға асықты. Мұндай пәле ең алдымен демократияшыл жастардың халықаралық ұйымындағы Индонезия жастарының уәкіліне, республиканың бірнеше Еуропа елдеріндегі ресми уәкілдеріне және Прагадағы хабаршы бюросының жетекшісі — Сукпомоға тап болды. Хаттаның саясатын бағалай келіп, Сукиомо былай деп мәлімдеді: ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресті жоюды көздеген Хаттаның опасыздық саясатына халық көтерілісі өте орынды берілген жауап болып табылады.

АҚШ-тың «көмегіне» сеніп, Хатта Голландия уәкілдерінің ұсынған кезекті және барған сайын арсыздыққа қарай беталған талаптарын қабылдамай, тастап отырды. Істің жайы осылай бола тұрса да, Голланд империалистері республиканың өз ішіндегі күресті алдағы шабуылдар үшін өте-мөте қолайлы жағдай деп есептеді. Голландия әскерлері мен индонезиялықтардың арасындағы қарулы шайқасулар жиілене бастады. Ресми хабарларға қарағанда, бір ғана жетінің ішінде, 1948 жылы 24 ноябрьден 30 ноябрьге дейін 238 «жанжал» болған.

Голландия тарапынан қантөгіс агрессияға әзірлік басталып, оның жүзеге асырылуы кезінде американдық империалистерінің екі жүзділік саясаты бұрынғыдан да айқындала түсті. Хатта тобының халық күресі басылды, деген мақтапшақ сөздері расталып, АҚШ-тың буржуазиялық малайлары бүкіл билікті қолына алғаннан кейін, атышулы «нгі жақсылық» комиссиясының бұрынғы председателі Грехэмнің орнына келген, Кохрен «қолға үйренген» Хатта үкіметіне қарсы голландықтардың кезекті соғыс шабуылын болдырмай тастау әрекетінде болды.

Алайда, Явадағы және Суматрадағы халықтық демократия қозғалысын басуға Хатта тобының әлі жетпейтіні көп кешікпей-ақ анықталды. Халық қозғалысының ең көрнекті көсемдері тұтқынға алынуынан кейін уақытша бәсеңдеген халық күресі жанадан етек ала бастады. Партизан отрядтары жаңа аудандарда пайда бола бастады. Әрі Хатта тобының алдауына түсіп, әрі көп адамдарының тұтқынға алынуы себепті көтеріліске белсене қатыспаған саяси және қоғамдық ұйымдардың енді Хатта тобының опасыздық саясатын жақтауға құштар емес екендігі анықталды. Бағынудан кеткен халық бұқарасын оқтың және найзаның күшімен жазалау үшін өте жедел шаралар қолдану керек болды. Голланд империалистерінің кезекті пасықтық агрессиясын американдықтардың мақұлдауының басты себебі де осыдан еді. Маршалданған голланд буржуазиясы бұл жаңа соғыс шабуылын, АҚШ-пен күнілгері келісіп алмайынша, бастай алмайтындығына әрине ешқандай күдік келтіруге болмайды.

Американың қару-жарағымен қаруланған Голландияның қыйсапсыз көп әскерлері 1948 жылы декабрдің орта шенінде республикаға қарай жіберілді. 18 декабрь күні астана қала Джокджакартты тұтқыйылдан түсірілген парашют десанты басып алды. Республиканың Явадағы бүкіл жерін және Суматрадағы бір аз жерлерін голландықтар басып алды. Голландықтар еналдымен түрмеде азап шегіп жатқан күрескерлерді өлтірді. Азаттық күресінің көрнекті және жанкыяр қайраткерлері Сарджоно, Сатиаджид және басқалар өлтірілді. Голландия баспасөзі Шарифудиннің өлтірілуін мақтанышпен хабарлады. Хаттаның және голландықтардың қанды шенгелінен революцияшыл көсемдердің тек азғантай бөлегі аман қалды. Голланд оккупанттарының фашистік нағыз айуандық әрекеттері туншықтыра алмаған халық күресін революцияшыл көсемдер қайтадан өз қолдарына алды. Отаршылар халық ісінің күрескерлерін ғана емес, сонымен бірге қарусыз жай халықты, карттар мен жас балаларды адам айтқысыз азапқа ұшыратты.

Хатта үкіметінің голландықтар тұтқынға алған министрлері бұл уақытта Бангқа аралындағы құрметті орындарға жайғастырылған еді. Сөйтіп, ұлт тәуелсіздігі жолындағы азап шегушілердің «құрмет белгісі» олардың өздеріне қалдырылды да, алдағы уақытта оларды империалистердің қолшоқпары етіп пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Оның бер жағында американдық империалистері өкі жүзділік әрекеттерін күшейтумен болды, бір жағынан олар өздерін

Индонезия республикасының «қорғаушысы» етіп көрсетуге ұмтылса, екінші жағынан, Индонезия патриоттарын қырып-жоюда Голландияның жеңдеттік ісін жеңілдету мақсатын көздеді.

Голландияның Джокджакарда шабуыл жасауының ізінше АҚШ голландия империалистерінің соғыс әрекеттері жөніндегі мәселені Қауыпсыздық Советінде қарауға ұсыныс жасады. Алайда американ уәкілдігінің шын сипаты тез-ақ байқалды. Индонезия мәселесі қаралған кезде АҚШ тікелей өзі және өзінің итаршылары арқылы, Индонезия халқын голландияның тыйыммай келе жатқан агрессиясынан қорғау жөніндегі елеулі шаралардың қандайын болсын қабылдауға саясатын қолданды.

Халық демократиясы елдерінің уәкілдері қолдаған тек совет уәкілдері ғана кіші елдер мен езілген халықтардың тәуелсіздігін принциптік тұрғыдан қорғайтындығы тағы да айқындала түсті. Совет уәкілі 1948 жылы 27 декабрьдегі мәжілісте сөз сөйлеп Индонезия республикасына отаршыл елдердің «қамқорлық жасауының» барлық мәнін ашып берді. Алайда, АҚШ империалистері бастаған отаршыл елдерге бағынышты көпшілік елеулі бір шаралардың қабылдануына жол бермей қойды. Біріккен Ұлттар ұйымының Қауыпсыздық Советі қабылдаған қалыс резолюцияның өзін де Голландия империалистері мен олардың сүйеушілері орындамай қойды. Агрессияға қарсы халық күресі тоқталмай күшейе түсіп отырған жағдайда, американ монополистері голланд басқыншыларының индонезия халқының опасыздарымен астыртын келісуіне жанталаса жәрдем көрсетіп отырды.

Бұл өгізаяң «келіссөздер», ақыр аяғында Хатта тобының қарабет болып тізе бүгуімен аяқталды. Империалистерден гөрі өз халқынан көбірек қорқатын, халыққа қарсы бағытталған саясатына тек империалистер ғана тіреу болады деп білген Хатта және оның сыбайластары Джокджокартте голланд империалистерімен «келісім» жасасты.

Голландықтар республиканы «таныймыз» деп келісті, бірақ республиканы дербес республика деген елестің өзінен айырып, оның жерін кішірейту шартын талап етті. «Республиканың» Индонезия Құрама Штаттарына кіру шарттары Гаагадағы келіссөзде талқыланатын болды.

Гаагадағы дөңгелек стол басындағы конференцияда буржуазиялық ұлтшылдар, Индонезия республикасының Индонезия Құрама Штаттары деп аталатынға және «Голланд — Индонезия Одағына» кіруі жөніндегі «келісімге» қол қойып,

империалистердің алдында біржолата тізе бүкті. Бұл келісім іс жүзінде Индонезия үшін отарлық жаңа статутты бекітін берді. АҚШ-тың жоғарыдан бақылауымен голланд империалистерінің соғыс-саяси және финанс жағынан қанаушылығы күшейе түсті.

Алайда Хатта тобының империалистермен астыртын келісуі Индонезия халқының жалпы наразылығын тудырды. Демократияшыл ұлт майданының бастауымен халықтың қалың көпшілігі империалистермен лайықсыз келісім жасаудың қандайынан болса да безіп, Индонезияның толық тәуелсіздігі жолында күрес жүргізумен келеді.

Тарих ғылымының кандидаты
В. Я. ВАСИЛЬЕВА

ВЬЕТНАМ ХАЛҚЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ДЕМОКРАТИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕ

Демократиялық Қытайдың қаһармандық күресімен және демократиялық құрылыс жөніндегі жетістіктерімен жігерленген Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары қолына қару алып, өз праволарын қорғау үшін, азат және тәуелсіз өмір сүру үшін күреске шықты. Бұл жөнде Вьетнам республикасы Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының алдыңғы сапында келеді. Республиканың үш жылғы өмірі — Вьетнам халқы үшін ауыр сын және қиыншылық жылдары болды, сонымен қатар ол — қиыншылықтарды жеңудің және азаттық жолында ірі жеңістерге жетудің жылдары болды. Вьетнам халқы ұзаққа созылған отарлық соғыс жағдайында тәуелсіздігін біржола нығайту және халықтық-демократия республикасын орнату жолында күрес жүргізумен келеді. Соғыс әрекеттері тоқтаусыз жүріп жатқан өте ауыр және қиыншылық жағдайда Вьетнам республикасы демократиялық құрылыс орнатудың ең алғашқы қадамдарын жүзеге асыруда.

Совет Армиясының империалистік Жапонияны талқандауы нәтижесінде Индо-Қытай тәуелсіздігі үшін күрес жүргізуші Лига 1945 жылы 17 август күні Вьетнамда тәуелсіз демократиялық республиканың құрылғандығын салтанатпен жариялады және республика президенті Хо Ши-мин басшылығымен уақытша үкімет құрылды. Республика құрамына аннамиттар мекендейтін Тонкин, Аннам және Кохинхина территориялары кіргізілді. Республика құрылған кезде оның территориясы француз Индо-Қытайының 750 мың шаршы километр жалпы ауданының, 328 мың шаршы километріне тең болды, яғни бүкіл француз Индо-Қытайы территориясының жартысынан аз-ақ кем еді.

Республика құрамына Индо-Қытайдың басқа облыстары, Лаос және халқы аз Камбоджа кірмей қалды.

Индо-Қытайдың 26 миллион жалпы халқының 22 миллионы Вьетнам республикасының территориясында тұрады.

Вьетнам республикасының тәуелсіздігін француз империалистері таныған жоқ, олар республикаға қарсы соғыс әрекеттерін ашқан болатын. Алайда үш жылғы соғыстың нәтижесінде республика нығайып алды. Американың маңдай алды соғыс техникасына сүйенген ағылшын-француз интервенттерінің қыспағына Вьетнам төтеп берді, агрессорларға табанды қарсылық көрсетті және қазірде ойдағыдай шабуыл ұрыстарын жүргізіп келеді.

Тәуелсіздік жарияланудың үшжылдық мерекесі қарсаңында селолық жерлердің бәрі дерлік республика қолында болды. Француздар тек ірі қалаларды, теміржол орталықтарын, тау-кен өнеркәсібінің жеке аудандарын ғана басып ала алды. Алайда, бұл араларға француздардың елеулі қарулы күштері жыйнақтала тұрса да, империалистер өздерін қауыпсыз отырмыз деп ойламайды.

Республиканың үш жылдық мерекесіне байланысты халыққа және әскерлерге арналған сөзінде Хо Ши-мин республика үкіметінің бақылауындағы территория республиканың барлық территориясының 95% не тең және халқының саны 20 миллион дегенді айтты. Сонымен, ол кезде империалистер Вьетнамның тек 5 процент жеріне ғана ие еді. Интервенттердің әскерлері адам жөнінен үлкен шығынға ұшырады. Республика қарсыласу армиясын ұйымдастырды, бір кезде жапон басқыншыларына қарсы күресте жанадан ғана құрала бастаған бұл армия қазір тынымсыз жүріп жатқан ұрыстардың үстінде-ақ сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп, ірі соғыс күшіне айналды.

Вьетнамның байырғы армиясында 150 мыңдай солдат және офицерлері бар. Ағылшын-француз интервенттеріне қарсы жана ғана күресе бастаған кезінде республиканың қару-жарағы көбінесе пышақ және бамбук найза болатын. Қазіргі кезде Вьетнам армиясында оқпен атылатын қазіргі заманның қару-жарақтары бар. Армия жауға қарсы ұрыстарда қолға түсірген қаруларды пайдаланады; республика үкіметі қару-жарақ пен оқ-дәрі шығару ісін жолға қойды. Соғыс қажетіне бейімделген заводтар мен сансыз мастерскойларда автомат мылтықтар, миналар, минометтер, танкке қарсы ататын гранаталар шығарылады.

Республиканың бүкіл территориясы соғыстық он аймаққа бөлінген, Армия уәкілдері мен партизан отрядтарының уәкіл-

дері тәжірибелерін ортаға салу үшін және алдағы уақытқа жоспар жасау үшін әлсің-әлсің бас қосып, съезд өткізіп тұрады.

Республика жауынгерлік күші, тәртібі берік армия кұрып, оны қару-жарақтандырумен қатар жаңа соғыс тактикасын жасап шығарды, бұл тактика байырғы армияның соғыс қыймылдарың, саны орасан көп, үнемі соғыс жүргізетін, жау таянып қалғанда лезде қайта ұйымдаса алатын, партизан отрядтарының қыймылдарымен ұштастырып отырды.

Республиканың күші тек байырғы әскерлерінде ғана емес, Жауынгерлік тәжірибесі мол партизан отрядтары да ірі күш болып алды; олардың қатарында 300 мыңнан астам жауынгерлер бар.

Армияны да, партизан отрядтарын да халық көпшілігі зор тірек көріп, қолдап отырады. Вьетнам халқының күнбе-күнгі ірілі-үсақты істерде көрініп отырған ерекше батырлығы мен ержүректілігін француз басқыншыларының өзі де мойындауға мәжбүр болды. Француз әскерлері уақытша басып алған Вьетнам аудандарында халыққа қатал жазалау шараларын қолдануда. Олар халқы партизандарға тілеулес деген күдік туған деревняларды тамтығын қалдырмай өртейді. Қолға түскен партизандарды азапқа салып, өлтіреді. Вьетнамның экономикасын осалдағу үшін, француз әскерлері барған сайын сұрқиялық әдістер қолдануда. Мысалы, Ханойдың Солтүстік жағындағы Нам-Дин провинциясында француздардың «Амфибия» деген түріне жататын броневиктері мыңдаған ақр күріш егістігін бірнеше апта бойы әдейі таптап өткен; Хай-Дуонг және Тай-Нгуен провинциясында күріш қоймаларын өртеп, жүздеген мал басын жойып жіберген. Фун-Ен және Винь-Ен провинцияларында француз самолеттері өзен-тоғандардың топырағын бекітіп жүрген шаруаларды атқылаған.

1949 жылдың көктемінен бері Вьетнамда соғыс әрекеттері күшейе бастады. Вьетнам халқына қарсы соғыс жүргізуші империалистердің күштерін қайта ұйымдастырып, қайта кұру мақсатымен Индо-Қытайға француз жоғарғы штабының бастығы келді.

Мұнда соғыс қыймылдарының өрістетілуі қытайдың халық азаттық армиясының жеңісті шабуылдарымен тығыз байланысты болғандығы күмәнсіз еді. Вьетнамның солтүстік жағы — Тонкин, Юннань, Гуанси және Гуандун провинцияларымен шектеседі. Қытай халық-азаттық күштерінің Оңтүстікке қарай жеңісті түрде алға басуы империалистердің үрей-

ін ұшырды. Француз империалистері мен олардың американокожалары, уақыт өтіп барады деп, әлі де болса республиканы қыйратамыз деген дәмемен, күштерін төгіп жіберуге ойлануда.

Вьетнамды және Индо-Қытайды түгелімен Америка ықпалына алуға әрекет ететінін еске алу керек. Индо-Қытай оларға Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қытайға ықпал жүргізуге қолайлы стратегиялық позиция есебінде қажет болып отыр. Сонымен қатар, АҚШ Вьетнамдағы француз агрессиясын, Азия мен Қытай Шығыс елдеріндегі ұлт-азаттығы қозғалысына қарсы, империалистік лагерь күресінің бір бөлшегі деп қарайды.

Американоимпериалистері Вьетнамдағы оқыйғаларға ынтыға көз жіберумен ғана тынып қоймайды, ондағы оқыйғалардың беталысына қызу түрде қолсұғып отырады.

Американдықтардың қолсұғулары жөнінде Францияның реакцияшыл газеттері ашық түрде жазады. Мысалы, Француз газеті «Комба» былай деп жазды: «АҚШ мемлекеттік департаментінің уәкілі американоүкіметінің Индо-Қытай мәселесі жайында француз үкіметімен сан рет келіссөздер жүргізгенін растады».

Сол сыяқты «Комба» газеті Кохинхинада генерал Нгуен Ксю-анның бастауымен қолжаулық үкімет құруға, және де қазірде Индо-Қытайда француз империалистері жүзеге асыруды көздеп отырған, Бао-Дайдың бастауымен «аннам империясын жаңғырту» мәселесіне де АҚШ-тың белсене араласып отырғанын хабарлады.

Вьетнам республикасы ұзаққа созылған империалистік интервенция жағдайында, үздіксіз соғыс жағдайында өмір сүріп, өркендеп келеді. Міне сондықтан да республиканың экономикалық жағдайы бұрынғысындай ауыр халде қалып отыр және жапон оккупациясының зардабы әлі жойылмай келеді. Француз әкімшілігі, ал жапон оккупациясы кезінде оған қоса жапон империалистері, Индо-Қытайдың шаруашылығын талан-таражға және бүліншілікке салды. Индо-Қытай екі жақты қанауда — француз және жапон империализмдерінің қанауында болды. Индо-Қытайдың шаруашылығы өте күйзелді. Индо-Қытай жерінде тікелей жүргізілген соғыс әрекеттері транспортты, порттарды, аэродромдарды күнсанап шығынға ұшырата берді. Көптеген транспорт жабдықтары, мұнай цистерналары жойылып кетті, шахталар қыйрап, қалалар мен плантациялар бүліншілікке ұшырады.

Вьетнам республикасына интервенттер күрес ашқаннан кейін, француз интервенттерінің соғыс әрекеттері Индо-Қытай шаруашылығын экономикалық ауыр апат шегіне жеткізді.

Екінші дүниежүзілік соғыс Индо-Қытайда француз империализмінің экономикалық және саяси позицияларының недәуір әлсіреуіне әкеп соқтырды. Соғысқа дейінгі уақытта Индо-Қытай Францияға және дүниежүзілік базарға шикізат пен азық-түлік шығарып тұрушы еді. Индо-Қытайдан шикізат және азық-түлік шығару француздың отарлық импорт және экспорт фирмалары үшін пайда түсірудің көзі болып саналатын, бұл фирмалар Индо-Қытайдың бүкіл саудасын өз қолдарына ұстап келген еді. Екінші дүниежүзілік соғыстың үстінде және соғыстан кейінгі уақытта Индо-Қытайда көптеген азық-түлік өндіру ісі және сауда бірсыпыра құлдырап кетті. Бұрын Индо-Қытай жылына 7 миллион тоннаға жақын күріш алатын, оның орта есеппен 1800 мың тоннасын жыл сайын сыртқа шығаратын. Қазірде күріш өндіру, ресми мәліметтердің өзіне қарағанда, жарты есе кеміген. Индо-Қытай бұрын жылына 70 мың тонна каучук өндірген болса, 1947 жылғы өнім не бары 15—20 мың тонна болды.

Индо-Қытай территориясының недәуір бөлегінің француз империализмі билігінен шығып калуы, Вьетнамда өкімет билігінің халық қолына көшуі, республикалық үкіметтің өзінің алғашқы күндерінен бастап Вьетнам шаруашылығын дербес экономикалық даму негізінде қайта құруға ұмтылуы — осының бәрі де империализм жүйесіне берілген ең ірі соққы болды, бұрын құл болған халықтардың азаттыққа жетуге ұмтылған қадамы болды. Мұның бәрі отарлық системаның дағдарысқа ұшырап, шиеленісе түскендігінің белгісі болып отыр.

Вьетнам үкіметі демократиялық құрылысты және демократиялық қайта құру істерін империалистер дұшар еткен отарлық соғыс жағдайында жүзеге асыруға мәжбүр болып отыр. Бұл жағдай жас Вьетнам республикасының бүкіл өміріне елеулі әсер етеді, халық пен үкіметтің бар күшін, еңалдымен жауға соққы беру ісіне жұмылдыра түседі, сөйтіп республиканың жемісті жана жұмыстарына елеулі кыйыншылық туғызып отырады. Империалист басқыншыларды қуып шығу жолындағы күресте, ең бірінші кезекте тұрған соғыс міндеттерінің орындалу шамасына қарай, үкімет — халық шаруашылығының шұғыл міндеттерін, атап айтқанда, рес-

публиканың қорғану қуатын арттыру және оның экономикасын қалпына келтіру жөніндегі аса маңызды буын — транспортты қалпына келтіру ісіне кірісуге мүмкіндік алды. Үкімет тым әлсіреп кеткен финансты күшейтуге, ақша реформасын жүргізуге, салық системасын қайта ұйымдастыруға кірісті, еңалдымен еңбекші халыққа үлкен ауыртпалық болып келген жан басына салынатын салықты жойды.

Демократиялық Вьетнам үкіметі өзінің экономикасының негізі — ауыл шаруашылығын жақсартуға ерекше көңіл бөлді. Үкімет қолға алған шаралардың нәтижесінде ауыл шаруашылығының техникасы, атап айтқанда күріш егістіктерін өңдеу жақсарды. Жер шаруашылығы министрлігі жанынан шаруаларға қарызға қаржы (ссуда) беріп тұратын арнаулы бөлім құрылған. Мемлекет шаруаларға жұмыс көлігін беру арқылы да жәрдемдеседі.

Республика үкіметі жер реформасын жүргізуге кірісті. Республика құрайтын үш облыстың жер жағдайы біркелкі емес. Тонкин облысында бытыраңқы диканшылар шаруашылығы басым орын алады. Бір маоға¹ дейін және бір маодан 5 маоға дейін жері бар жеке шаруалар саны 91,5 процент. Дүниежүзілік екінші соғысқа дейін шаруалардың жерден қол үзуі үздіксіз күшейіп отырды, бұлар экономикалық жағдайдың ауыртпалығынан ұлтарақтай ең шағын жерінен де айырылып қалды.

Тонкин мен Солтүстік Аннамдағы деревнялардың негізгі бұқарасы — шаруаларда жер үлесі шаруаның өзін де, оның үйі-ішін де асырауға жеткіліксіз еді. Көп жерлер француз империалистерінің, жергілікті помещиктердің, өсімқорлардың және деревня кулактарының қолында болды. Оңтүстік Аннамдағы жағдай Кохинхиндегі жағдайға ұқсас еді. Бұл арада шаруалардың жерін зорлықпен тартып алу кең өріс алды да, ірі француз иеліктері мен шетелдік иеліктері пайда болды. Кохинхиндегі жердің көбі, Индо-Қытайдың бүкіл өңделетін жерінің 25 порценттейіне дейін басып алған, француздардың қолында болды.

Кохинхин деревняларын мекендейтін негізгі бұқара, жерді арендаға алушы, жерсіз шаруалар болатын. Ұсақ меншіктілер мен орта меншіктілер проценті Кохинхинде онша көп болмайтын және олардың жер мөлшері де өте шағын еді. Сонымен бірге Кохинхиннің орталық және батыс провинция-

¹ Мао — 0,36 гектарға тең.

ларында жалпы жеке меншіктілердің 2,5 проценті бүкіл күріш егістіктерінің 45 процентін иемденді.

Жапония оккупациясы тұсында жер меншіктену жөнінде қандай өзгерістер болғандығын сыпаттайтын анық мәліметтер әлі жоқ. Бірақ жер помещиктердің, өсімқорлардың және деревня кулактарының қолына қарай ауысты да, шаруалар көпшілігінің жерден айрылуы күшейе түсті.

Республика үкіметі аграр мәселесінің маңызын және оның өте шиеленісіп кеткендігін ескеріп және шаруалардың күйін тезінен жеңілдету мақсатын көздеп, жерді арендаға алу ақысын 50 процент кемітті. Елдің көптеген аудандарында шаруаларға өте ауыр тиетін аренда ақысының мөлшері егіс өнімінің үштен екі бөлегінен де асып кететін, оның өзі шаруаларды бұрынғыдан да жаман күйзелтіп, помещиктер мен өсімқорлардың қанаушылығын күшейтетін. Вьетнам үкіметі өсімқорлыққа да тыйым салды. Қауым жерлері шаруаларға бөлініп берілді. Қауым жерлері бір кездерде шынында да деревня қауымдарының меншігі болатын. Индо-Қытайға француз империализмі қожалық ете бастағаннан кейін қауым жерлерін деревняның билеп-төстеушілері иемденіп кетті, деревняның өкімет адамдары және ауқаттылары бөлісіп алды. Тонкинде соғысқа дейін 231 мың га қауым жерлері сақталынған еді, яғни онда күріш егілетін жердің 21 проценті, Аннамда 25 проценті, ал Кохинхинада 3 проценті қауым жерлеріне қарайтын.

Шаруаларға қауым жерлерін бөліп беру осы жерлерді иемденіп келген ауқатты жартытай феодалдарға мықты соққы болып тиді. Республика үкіметінің бұл шарасы Тонкин шаруаларының ауыр халін жеңілдететін өте маңызды іс болды, өйткені шаруалардың алақандай жартымсыз жеріне жана жер қосылды. Кохинхина облысының жағдайында шаруалардың басым көпшілігінде жер болмағандықтан және қауым жерлерінің көлемі де өте аз болғандықтан шаруаларға жер бөліп беру деген бұл шара елеулі нәтиже бере алмады.

Республика үкіметінің шаруалардың халін жеңілдету және ауыл шаруашылығы өндірісінің жағдайын жақсарту жөніндегі шаралары Вьетнам шаруалары үшін игілікті жана өмірге жол ашты. Бұл шаралардың нәтижесінде шаруалардың халі жақсара бастады.

Демократиялық Вьетнам үкіметі соғыс жағдайының өзінде де еңбек ұйымдастыруға және жұмысшылар күйін жақсартуға зор көңіл бөліп отырады.

Үкімет кәсіподақтарын өркендетуге жәрдемдеседі. Ұйымдасқан 250 мың жұмысшылардың басын біріктіретін Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясы құрылды. Кәсіподақтары әрбір кәсіпорындарында жұмысшылар комитеттерін және әрбір мекемеде қызметкерлер комитеттерін құру арқылы еңбек жөніндегі заңдардың орындалуын бақылайды. Вьетнам республикасы үкіметінің қолындағы кәсіпорындарында, плантацияларда жұмысшылар шын мәнінде жаңаша еңбек етеді. Соғысқа қажет өнімдерді көбейту үшін жұмысшылар өз еріктерімен жұмыс күнінен тыс тегін жұмыс істейді, жұмысшылар жауға қарсы соғыс қарсылығын білдірудің жан жүрегі болып табылады. Олар елді қайта құру ісіне тек өздері ғана атсалысып қоймайды, еңбекшілердің нағыз қалың көпшілігін күреске және құрылыс жұмысына тарта біледі,

Республикада жауға қарсылық білдіру мен өндірісті жоғарылатуға еңбекшілердің күш-жігерін жұмылдыратын патриоттық жарыс кең өріс алуда. Вьетнам еңбекшілері өз елін француз, американдық, ағылшын империалистерінен толық азат ету, республикалық құрылысты нығайту және оның бүкіл Вьетнам территориясында жеңіп шығу міндеттерімен жігерленіп, еңбекке бар күш-қуатын жұмсауда.

Вьетнамдағы жаңа мемлекет құрылысының негізі халық комитеттері болып табылады. Әрбір облыстағы, округтегі, аудандағы, деревнядағы өкімет билігін халық комитеттері басқарады. Халық комитеттері жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей сайлау тәртібімен сайланады. Комитет мүшелері қоғамдық міндетерін еңбек ақы алмай тегін атқарады.

Халық комитеттері барлық әлеуметтік-экономикалық шараларды жүзеге асыру жөнінде, мәдениетті өркендету саласында, ең алдымен сауатсыздықты жою жөнінде үкіметке өте зор жәрдем көрсетеді. Сауатсыздықты жою күресінде Вьетнам республикасы зор табыстарға жеткенін атап кету қажет. Бұрын халықтың 85—90 проценттейі сауатсыз болса, республика орнағалы бергі үш жылда сауатсыздар кеміп, 40 процентке түсті.

Вьетнам халқының жетістіктері Вьетнам республикасында халық-демократия мемлекетінің негізі қаланып жатқандығын дәлелдейді.

Вьетнам халқы жұмысшы табының басшылығымен тәуелсіздік үшін және Демократиялық құрылыс үшін күрес жүргізіп келеді. Индо-Қытай халқының дүниежүзілік екінші соғыс тұсындағы және соғыстан кейінгі кездегі күресі бірнеше кезеңнен өтті. Толық тәуелсіздікке жету жолында табандылық-

мен күрескен прогресшіл күштер бас қосып бірікті, қанаушы таптар мен күштер бұл қозғалыстан бойын аулаққа салып, халыққа қарсы опасыздық позицияға көшті.

Индо-Қытай тәуелсіздігі үшін күрес жүргізуші Лига — Вьетминнің 1941 жылдың өзінде-ақ коммунистік партияның басшылығымен қурылғандығы жапон оккупанттарына қарсы күресте ұлт күштерінің топтасқанын дәлелдеді. Вьетминді Индо-Қытай коммунистік партиясының басшысы Хо Ши-мин басқарды. Вьетмин прогресшіл саяси бірнеше партияларды соның ішінде коммунистік партияны да және бірнеше демократиялық қоғам ұйымдарының басын бір жерге қосып, біріктірді. Вьетмин ұлт азаттығын көксейтін Индо-Қытайдың түрлі таптарын қамтыды.

Жапондықтар көтерген ұлтшылдық насихат ұрандарына көбіне феодал және жартылай феодал элементтер, соғысқа дейін француз отаршыларымен бірлесіп, ал соғыс кезінде солармен бірге жапон басқыншыларына қызмет еткен буржуазиялық билеп-төстеушілер үн қосты. Индо-Қытай банкісінің айналасына топталған және соғыс кезінде пайдаға белшесінен батқан шетел және бұратана алаяқтары мен сәудегерлер еңбекші бұқараның жокшылыққа және аштыққа ұшырауын пайдаланып қалды.

Жапон оккупанттарының әрекеттері, олардың озбырлығы Индо-Қытай халқының басым көпшілігінің жауға деген өшпенділігін күшейте түсті.

1945 жылы августта Вьетмин басшылығымен халық бұқарасының тәуелсіз Вьетнам республикасын орнатуы демократиялық негізде халық бірлігінің күшейе түскендігінің айқын белгісі болды. Вьетминнің жан-жүрегі және жетекші күші коммунистер болды. Кәсіподақтарында және тағы басқа көпшілік ұйымдарында басшы күш — коммунистер. Коммунистер империализмге қарсы күрес жүргізу ісіне және республиканың демократиялық құрылыс ісіне жетекшілік етеді.

Республикалық үкіметті Индо-Қытай халқының даңқты және сүйікті көсемі, Индо-Қытай коммунист партиясының негізін қалаушы Хо Ши-мин басқарады. Республикалық үкімет құрамында да бір сыпыра коммунистер бар.

1946 жылы январь айында ұлт жыйналысына жалпыға бірдей сайлау тәртібімен өткізілген сайлауда 300 орыннан 230 орынға Вьетмин ие болды. Басқа орындарды Вьетмин құрамынан тыс партиялар (Дон-Мин-хой партиясының бір бөлігі, Куок Зан-данг және Вьетминге қосылмаған тағы ұсағырақ топтар) алды.

Сайлауды болдырмауға барынша тырысып баққан француз отаршыларының қастандығына карамастан, тіпті жау басып алған Қохинхинадегі ең қатал террор жағдайының өзінде-ақ, барлық сайлаушылардың 90 проценті дауыс берді. Саяси өмірге еркін қатысуға ең алғаш рет право алған халық сайлауға ерекше саналылықпен қатысып, саяси белсенділік көрсетті.

Сайлаушылардың басым көпшілігі халықтың қалың бұқарасының мүдделерін қорғаушы және қазірде республиканың үкіметтік партиясы болып отырған Вьетминге дауыс берді. Алайда Хо Ши-мин үкіметінде басқа партиялардың да, партияда жоқтардың да уәкілдері бар.

Хо Ши-мин үкіметі ең бастап құрылғаннан-ақ өзінің кезекті міндеттері мен шараларының программасын белгіледі. Бұл программаның негізгі буындары: Вьетнамның толық тәуелсіздігі үшін және территория жағынан бір тұтастығы үшін батыл күрес жүргізу, демократиялық бостандықтарды кеңейту және нығайту, әкімшілік басқару ісін қайта құру, жұмысшылардың еңбек жағдайын негізінен жақсарту, олардың материалдық тұрмыс күйін жақсарту, шаруалардың жағдайын жақсарту деген міндеттер еді.

Вьетнамның ұлт майданы Вьетнам халқының негізгі көпшілігін біріктіріп отыр. Оған жұмысшы табы, шаруалар, қала кедейлері, қол өнершілер, интеллигенция, қаланың ұсақ және орта буржуазиясы кіреді.

Вьетнамда біртұтас ұлт майданының жетекші күші коммунистер басшылық ететін жұмысшы табы болып саналады. Вьетнам жұмысшы табының революциялық дәстүрлері мол. Вьетнамның саяси өмірінде Тонкин мен Аннамның негізгі орын алатындығы кездейсоқ нәрсе емес. Тонкин Индо-Қытайдың өнеркәсіп тіршілігінің орталығы, жұмысшы табының берік қамалы болып отыр.

Индо-Қытайдың өнеркәсібі сонау дүниежүзілік алғашқы соғыс кезінде құрала бастаған еді. Ұлт буржуазиясының біршама әлсіздігімен қатар, мұнда еңалдымен транспортта, жеңіл және тау-кен өнеркәсібінде, ірі қалаларда, империалистердің иелігіндегі плантацияларда ұлт пролетариаты қалыптасты. Рақымсыз отаршылдық қанау жағдайы жұмысшы табын ежелден күреске итермелеп келді. Улы Октябрь революциясы Индо-Қытайда ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуіне себепші болды. Қытай халқының тәуелсіздік жолындағы және демократиялық өркендеу жолындағы күресі де Индо-Қытай еңбекшілеріне үлгі-өнеге болып, олардың революциялануына себеп-

ші болды. Индо-Қытайда стачкалық қозғалыстар 20-ші жылдарда өрістей бастады. 20-ші жылдары пайда болған алғашқы коммунистік топтар мен ұйымдарды біріктірген Индо-Қытай коммунистік партиясы 1930 жыл құрылды.

Вьетнам жұмысшы табының ереуілдері мен күресі 1930—1931 жылдарда ұлт-азаттық қозғалысының мықтап өрлеуіне себеп болды. Индо-Қытай жұмысшы табы—Ұлт-азаттық қозғалысына басшылық ету күресінде дүниежүзілік екінші соғыс қарсаңында тәжрибе алып қанған тап болатын; Индо-Қытай коммунистік партиясы жұмысшы табының жетекшісі және көсемі болды. Жұмысшы табы бүкіл Вьетнам халқының тәуелсіздік жолында табандылықпен күресіп келді және күрес жүргізуде. Пролетариат жапон оккупацияларына қарсылық көрсетуші халық қозғалысының алдыңғы сапында болды, ол демократиялық-ұлт революциясын басқарды және демократиялық республиканы орнатты. Пролетариат француз басқыншыларына қарсы күреске және демократиялық құрылыс ісіне басшылық етуде ең алда келеді.

Жұмысшы табы, отаршылдық қанау тәртібін мүлдем жоюды және отар ел революциясының нағыз шешуші және негізгі мәселесі — жер жөніндегі мәселені шешуді көксейтін шаруалардың қалың бұқарасына жетекшілік етеді. Индо-Қытай шаруалары әрқашан да елмешінің күнін көріп келді, өйткені шаруаның меншігіндегі немесе арендаға жалдап алған ұлтарактай жері семьясын асырауға келмейтін еді. Жапон оккупациясы кезінде және оған жалғас француз империалистерінің интервенциясы кезінде шаруалардың халі өте-мөте нашарлап кетті.

Ұлт майданының негізгі күші—жұмысшы табымен және шаруалармен көптеген қала кедейлері де одақтасып қатар келеді. Ұлт майданына ұсақ, орта буржуазиялар, интеллигенцияның басым көпшілігі де қосылды. Бұлардың барлығы пролетариаттың басшылығымен империалистік агрессияға қарсы және Вьетнам халқын толық азат ету жолында күрес жүргізіп келеді.

Индо-Қытай халқының күресі ең алдымен империализмге қарсы және оның отаршылдық тәртіпті қайта орнату әрекетіне қарсы бағыттала тұрса да, пролетариат бастаған халық қозғалысының демократиялық сылатынан қорыққан ірі буржуазия ашықтан-ашық өз халқына опасыздық ету жолына түсті.

Тәуелсіздік жарияланған кезде ірі буржуазия ғана емес, өзінің таптық үстемдігін сақтап қалуға және революцияның дамып, ұлғая түсуіне бөгет жасауға мүмкіншілік аламыз, деп

ойлаған феодалдардың да біразы республикаға жанасуға әзір еді. Коммунистер бастаған азаттық күресінің халықтық-демократиялық сыпаты көзге түсісімен ақ демократиялық республикаға жанасқан буржуазиялық-помещиктік «жолбикелер» лезде бойын аулаққа сала бастады.

Француз империалистерімен әрқашан да тығыз байланысы болған және феодал, помещиктермен басқосып империализммен істес болып келген, соның тірегі болған компрадор буржуазия, аздаған ірі өнеркәсіп буржуазиясы сияқты, қазіргі кезде француз оккупанттары жағына шығып отыр.

Қанаушы, халыққа қарсы бұл топтар мен түрлі топтар қазірде француз басқыншылығымен істес болып отыр. Олар республиканың экономикалық жағынан ауыртпалығын пайдаланып неше түрлі қулық-сұмдықпен табыс табу әрекетімен шұғылданауда. Олар француз империалистерінің Вьетнам республикасына қарсы күресіне көмектесуде. Міне осы сияқты сатқын элементтерден империалистер Вьетнам территориясында қолжаулық «үкіметтер» құруда.

Буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтарды пайдаланып, олардың оңшыл көсемдері арқылы француз империалистері ұлт майданы ішіне іріткі салуға ұмтылады. Куок Зан-данг партиясының Вьетнамға кірмеген бөлігі және әсіресе оның оңшыл басшылары, және де Оңтүстік Қытай территориясында 1942 жылы анномит эмигранттарынан құралған Дон-Мин-хой партиясының гоминданшыл басшылары да француз отаршыларының агрессиалық жоспарларын жүзеге асыруға көмектесіп келеді.

Француз империализмінің Вьетнам жөніндегі барлық саясаты, әлі де болса жас, нығайып үлгірмеген республиканы қалайда тұншықтырып, отаршылдық қанау тәртібін қайта орнату мақсатын көздейді. Алайда, Вьетнам халқының күресін соғыс күшімен басып тастауға болады, деген есептері түгелдей іске аспай қалды: соғыс ұзаққа созылып кетті, және бұл соғыста республика барған сайын артықшылығын көрсетіп, жеңіске ие болуда. Вьетнам халқы күресінің жетістіктері және республиканы соғыс күшімен басу қиыншылықтары француз отаршылдарын опасыздық маневр саясатына көшуге мәжбүр етті, бұл қулық әдістер арқылы олар амалдап баяғы бір мақсатты — республиканы тұншықтыру мақсатын көздейді. 1946 жылғы 6 марттағы келісім империалистердің бірінші қулығы еді. Бұл келісім бойынша Франция өзінің үкіметі, парламенті, армиясы мен финансы бар, дербес мемлекет ретінде Аннам мен Тонкиннен құралған Вьетнам республикасын

таныйтындығын білдірді, бұл мемлекет Индо-Қытайдың басқа бөлімдерімен бірге Индо-Қытай федерациясын құрауға және бұл федерация Француз Одағына кіруге тиісті еді.

Француздар оккупациялаған Қохинхинның және де аналиттер мекендеген Аннам мен Тонкиннің республика құрамына кіру мәселесі халық референдумы бойынша шешілуге тиісті еді. Қохинхин халқының ықыласы сөзсіз Вьетнам республикасы жағында болғандықтан және референдумның нәтижесінің неге әкеліп соғатындығы империалистерге түсінікті болғандықтан, француз отаршылдары Қохинхинды «автономиялы республика» деп жариялауға асықты, оның басына помещиктер мен ірі ұлт буржуазиясы уәкілдерінен құралған және өздерінің айтқанына көніп, айдауында жүретін үкіметті қойды, сөйтіп Вьетнам республикасына қарсы соғыс әрекеттерін күшейтті.

Бұған халық, бүкіл Қохинхинды қамтыған, партизан соғысымен жауап берді. Халықтың қарсылығы отаршылдарды жаңа қулық-сұмдықтарға көшуге мәжбүр етті. «модус вивенди» деп аталатын 1946 жылдың 14 сентабріндегі уақытша жаңа келісім пайда болды, бұл келісім Вьетнамның тәуелсіздігі тағы да растап өтті. Бұл келісім Вьетнамда соғыс әрекеттерін тоқтатуды және экономикалық, саяси, тағы басқа мәселелер жөнінде келісім жасау туралы келіссөздерді қайта бастауды көздеген еді.

Алайда, келісім жасалғаннан кейін іле-шала, Индо-Қытайға тың күштерді үсті-үстіне жіберуін тоқтатпаған француз империалистері 1946 жылдың декабрінде-ақ соғысты қайта бастады, бұл соғысты олар күні бүгінге дейін жүргізіп келеді.

1947 жылы апрель айында Франция ұсынған, халыққа аса тиімсіз және масқаралық «келісім шарттарын» Вьетнам үкіметі қабылдамай тастағаннан кейін, француз отаршылдары жаңа айла-тәсілге көшті. Олар, 1945 жылы августа республика құрылған кезде жойылған қолжаулық аннам империясын жаңғыртуды арман еткен бұрынғы император Бао Дайды Вьетнамға қайта отырғызуды ұйғарған еді.

Империалистер ұлт-азаттық күресіне іріткі салу құралы ретінде өздері үлкен үміт артқан француз камқоршысын Вьетнамға қайтару үшін ұзақ әзірлікке кірісті. Француз отаршылдары Индо-Қытайдың тұс-тұсынан республикаға қарсы бағытталған сынаржақты пікірлер тудыруға жанын салып бақты. Бұл мақсат үшін империалистер әдейі ұйымдастырған ұлтшыл топтар Бао Дайды орнына қайтаруды талап етті.

Куок Зан-данған ажырасқан партия бөлімінің көсемдері

және гоминданшыл Донг-Мин-хой ресми түрде француз империалистеріне қарсы шықса да, іс жүзінде бұрынғы император Бао Даймен бірігіп, 1947 жылы январьда Гоминданның сүйеуімен Ханкинде «Вьетнамның біртұтас ұлт майданы» деп аталатын үкімет құрды, халыққа қарсы опасыз элементтер соның төнірсігіне жыйналды. Республиканы және Вьетнам халқының бірлігін ақсатуды көздеген дұшпандық әрекеттер осы арадан ұйымдастырылып отырды. Американ империалистері бұл араға өздерінің агенттерін жіберіп отырды және солар арқылы Вьетнам республикасына қарсы әрекет жүргізбек болды. «Вьетнамның біртұтас ұлт майданы», яғни опасыздар мен сатылғыштар майданы жаңадан құрылған полициялық-ұлтшылдық топтармен бірлесіп, Бао Дайдың және оның француз қожаларының таянышы болуға тиісті еді.

Ең әуелі, француз империалистерінің дегенін бұлжытпай орындайтын генерал Нгуен Қсю-анның бастауымен уақытша, «көшпелі» үкімет құру ұйғарылды. Занды, халық сайлаған Хо Ши-мин үкіметімен қатар, генерал Нгуен Қсю-анның қолжаулық «үкіметін» құру арқылы отаршылдар демократиялық жұртшылық пікірін, Вьетнам халқын алдағысы келді, Вьетнам халқының ұлт майданына іріткі салып, оның қарсыласу күшін әлсіретпек болды.

1948 жылы июнның бас кезінде Францияның Индо-Қытайдағы бұрынғы жоғарғы комиссары Болзарт пен Вьетнам атынан арысздық уәкілдік еткен Бао Дайдың арасында француз-Вьетнам келісімі деп аталатын келісімге қол қойылды. Франция өзінің отаршысымен келісіп алып, француз Одағындағы «Вьетнам тәуелсіздігін» таныды. Қолжаулық үкімет экономика, соғыс, финанс, мәдениет және тағы басқа мәселелер жөнінде Франциямен түрлі келісім шарттарын жасасуға міндеттенді.

Ресми түрде жарияланған келісімнен басқа, Вьетнамның республикалық баспасөзі әшкерелеген құпия келісімдер де болды. Бұл келісімнің негізгі пункттері мыналар еді: Вьетнамның дербес финанс системасы болмауы тиіс, Вьетнам дербес сыртқы саясат жүргізбеуі тиіс, оның өз армиясы болмауы тиіс. Вьетнамның полиция күштері француздардан қойылуға тиіс.

Генерал Нгуен Қсю-ан «үкіметі» француз отаршыларының және олардың Мухиттың арғы бетіндегі қожаларының Индо-Қытайдағы соғыс кезінде әлсіреген позицияларын қалпына келтіріп, нығайтуына бар күшін салып көмектесті. Мұның үкімет деген тек аты болмаса, халық оны қолдаған жоқ, керісінше, бұл үкіметті халық иттің етіндей жек көрді.

Француз империалистері бұл үкіметтің орнына Бао Дай үкіметін қойғысы келді, өйткені Ксю-анның жанын салған әрекетінен гөрі, бұл қулықтық пайдасы көбірек болады деп есептеді.

1949 жылы 8 март күні Парижде француз республикасының президенті мен «император» Бао Дайдың арасында «Француз-Вьетнам келісімі» деп аталатын келісімге қол қойылды. 1948 жылғы келісім мен 1949 жылғы келісімнің арасында ешбір айырма жоқ еді. Жаңа келісім бойынша Вьетнамға Француз Одағы шеңберінде «тәуелсіздік» берілмекші болды. Француз Одағы президентінің рұқсаты бойынша Вьетнам кейбір мемлекеттерде (Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін айтады) өзінің уәкілдерін ұстауға ерікті болды. Вьетнамда француз командованиясі мен француздардың инженерлік-техникалық қызметкерлері басқаратын ұлт армиясы құрылуға тиіс болды. Вьетнамның бас штабын француздар басқаруға тиіс болды. Вьетнам армияға керекті соғыс материалдарының барлығын Франциядан сатып алуға міндетті болды. Вьетнам Францияға бірнеше стратегиялық пункттерін беруге тиіс болды. Экономикалық және финанс салалары жөнінде Франция басым орын алатын болды.

Бұл сыяқты келісім арқылы отаршылдар Вьетнамды француз империализмінің шылауына айналдыруды көздегенін, ескі отаршылдық қанау тәртібін қайта орнатуды көздегенін айтудың қажеті болар ма екен.

Ақырында, империалистердің пікірінше «қортынды» акт былай болып тынды.

Француз генерал-губернаторларының киімшең ұлы, кезбе «император» Бао Дай Вьетнам территориясының империалистер оккупациялаған жағына 1949 жылы май айында қайтып келді.

Бао Даймен жасалған бұл келісімді француздардың реакциялық баспасөзі амалсыз «жан ашу» және «ымыраға келу» деп көрсеткісі келді. Бірақ іс жүзінде бұл келісім Вьетнамға империалистердің билігін қайта орнатуды «ретке келтірген» документ болып шықты.

Жаңа келісім Вьетнам халқының арасында наразылық туғызды. Вьетнам республикасының соғыс соты Индо-Қытайға қайтып келген сойқан Бао Дайды тұтқынға алуға ордер берді. Осының аз-ақ алдында Хо Ши-миннің демократиялық үкіметі Вьетнам халқының қылмыс иелері мен опасыздарының тізімін жариялады. Солардың ішінде тұтқынға алынуға және өз халқына опасыздық жасағаны үшін сотталуға тиісті

колжаулық «үкіметтің» басшысы генерал Нгуен Ксю-анның аты да аталды.

Францияның демократиялық жұртшылығы да бұл келісімдерді Француз-Вьетнам арасындағы катнастарды, француз үкіметінің халық сайлаған, заңды Хо Ши-мин үкіметімен келісе отырып, бейбітшілікпен шешуден тікелей бастартқандығы деп, Вьетнамда отаршылдық соғысты жүргізе беруге бағыт ұстағандық деп бағалады.

Вьетнам республикасында болған уақығалар еңбекшілер бұқарасының саяси саналылығы өскендігін көрсетеді. Генерал Нгуен Ксю-анның үкіметі болашағы жоқ үкімет еді, Бао Дай тәртібі халыққа одан да жеккөрінішті болғандықтан, оның болашағы мүлде жоқ еді. Вьетнам халқы Хо Ши-мин бастаған нағыз халықтық, өзінің заңды үкіметінің соңына ерді, сондықтан ол күресті бір күн де тоқтатпай жүргізіп келеді.

Помещиктердің және ірі буржуазияның империалистермен ауыз біріктіруіне, ұлтшыл топтар мен жіктердің опасыздығына қарамастан, француз империалистеріне қарсы халықтың бас қосып берік ынтымақ құруы Вьетнамның өзгеше сыпатын бейнелейтіндігі шүбәсіз. Халықтың осы бірлігі арқасында Хо Ши-мин үкіметі нағыз баянды үкімет болды, ол халықтың күресіне, республиканы құру ісіне табан аудармай басшылық етіп келеді.

Француз империалистері Индо-Қытайды көп ұлттардың мекендейтінін пайдаланып, оларды бір-біріне қарсы айдап салу, сөйтіп ұлт алақөздігін қоздыру сыяқты әдістерді қолданды. Олар Лаос пен Камбоджаны француз империализміне бағынулы «корольдік» есебінде сақтап қалуды көздеп, оларды республикаға қарсы қою үшін бар күшін салды. Бұл оларға қыйын соққан жоқ, себебі Лаос пен Камбоджада монархиялық және жартылай феодал элементтер елеулі күш болды да, олар әрқашан да француз империализмінің тірегі, француз әкімшілігімен тығыз байланысты болды және солардың дегенін істеп келді. Алайда, француз империалистері өздерінің сенімді тірегі деп, үміт артып келген, Лаос пен Камбоджоны партизан күресі қамтый бастады.

Вьетнам халқының күресі жүз жылдан аса өмір сүріп келген француз отаршыл империясының тірегі шайқалғандығын, француз империализмінің отаршылдық системасының дағдарысы ұлғайып бара жатқанын көрсетеді.

Уолл-стритке арқа сүйеген француз империализмінің Вьетнамдағы позициясын қалпына келтіруге шамасы келмейді. Американың империалистері Вьетнам халқының бостандығын

түншықтыруға күн санап ашық кірісіп отыр. Мұны Буллиттің Индо-Қытайға келіп, Бао Даймен келіссөз жүргізуі дәлелдейді. Империалистер алдағы уақытта да әртүрлі жолдармен және сұрқиялық әдістермен Вьетнам халқының жеңіске беттеген қадамына бөгет жасауға тырысатындығы сөзсіз.

Вьетнам республикасының, оның ержүрек халқының алдында әлі де талай қыйыншылық пен қауып бар. Алайда Қытай халқының жетістіктері, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары күресінің өрістеуі, Совет Одағы бастаған бүкіл дүние жүзінің прогресшіл күштерінің Вьетнам республикасын қолдауы Вьетнам халқының жеңіске жетуін қалайда жеңілдетеді.

Тарих ғылымының кандидаты
Г. Л. БОНДАРЕВСКИЙ

МАЛАЙЯ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Соңғы жылдарда британ капиталы Малайяға өте мөте көңіл аударып келгені жалпы жұртқа мәлім. Малайяның каучук плантацияларының бір өзіне ғана ағылшындар 200 миллион фунт стерлинг жұмсап отыр. Сол сыяқты британ финансылары үшін Малайяның қалайы өнеркәсібінің де маңызы аз емес, мұнда соғысқа дейінгідей, қазір де «Бритиш Тин Инвестмент Корпорейшен» және «Лондон Тин Корпорейшен» дейтін екі үлкен фирма қожалық жүргізіп отыр. Британ финансистері Сиамға ықпал жүргізу және Индо-Қытай мен Индонезияның каучук өнеркәсібіне көп қаржы жұмсау арқылы дүниежүзілік екінші соғысқа дейін каучук және қалайы жөнінен монополиялық жағдайға ие болып келді. Сиамның қалайы кені және каучугі Малайя порттары— Пенанг арқылы және көбінесе Сингапур арқылы сыртқа шығарылып тұрды. Сонымен дүниежүзілік екінші соғысқа дейін бұл стратегиялық шикізаттың маңызды екі саласында ағылшын империалистері дүниежүзілік рынокта монополиялық орын алды, ал қалайы мен каучукті негізінде АҚШ тұтынатын еді. Американың финансистері мен өнеркәсіп иелерінің АҚШ-тың өзінде қалайы қорығатын заводын салып (Малайя мен Сиамның барлық қалайы кені Малайядағы ағылшын заводтарында қорытылатын еді), ағылшын монополиясын күйретпек болған әрекеттері және Бразилия мен Либерияда каучук базаларын орнату әрекеттері сәтсіз болып шықты.

Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде жағдай едәуір өзгерді. Жапон оккупациясы нәтижесінде қалайы мен каучуктің негізгі көздерінен қол үзген американдықтар АҚШ-тың өзінде синтетикалық каучук өндіру үшін заводтар салуға 800 миллиондай доллар қаржы бөлді. 1946 жылы американ өнеркәсібі тұтынған каучуктің 75 процентіндей синтетикалық каучук еді, ал соғысқа дейін АҚШ Малайядан тасылатын ағыл-

шын каучүгімен камтамасыз етілетін. Қалайы жөнінде де жағдай осындай болатын. Соғыс кезінде Америка үкіметі Лангхорн қаласында қалайы қорытатын ірі завод салуға қаржы бөлді. Бұл заводта 1947 жылы 30 мың тонна қалайы кені өнделді, бұл кеннің көпшілігін американдықтар британияның монополиясын бұза отырып, Сиамнан тікелей алдырды, соғыстан кейінгі кезеңде американдықтар Сиамда өзінің экономикалық позициясы мен саяси ықпалын едәуір күшейткен болатын.

Каучук пен қалайы саласында ағылшындардың монополиясы едәуір әлсіреп қалды. Бірақ әлі де болса монополия күшінен түгел айырылған жоқ, өйткені АҚШ заводтарының өндіретін синтетикалық каучүгі таза каучуктан әлде қайда қымбатқа түседі, ал Сиамның қалайы шығатын жерлері Америка өнеркәсібінің қажетін түгел өтей алмайды. Сондықтан да 1946 жылы Англия мен Америка арасындағы ұзаққа созылған келіссөздердің нәтижесінде американдықтар Малайяның каучүгі мен қалайысын тағы да сатып алатын болды. 1947 жылдың бір өзінде ғана АҚШ Малайядан 457 мың тонна каучук және 20 тонна қалайы алды. Малайядан АҚШ-қа шығарылған экспорттың құны 346 миллион долларға жетті, бұл 1947 жылғы Англиядан шығарылған экспорттық құнынан 166 миллион доллар артық еді. Сондықтан да ағылшын баспасөзінің Малайяны Англияның «доллар арсеналы» деп атауы өте орынды болатын. «Маршаллданған» Англияның төлем балансының ауырлап кетуі жағдайында Малайяның экономикалық маңызы орасан зор екенін түсінуге болады.

Шикі зат бағасының жалпы көтеріліп кеткенін еске алып, ағылшын монополистері 1948 жылы пайданы 1947 жылғыдан асырмақ болып дәмеленді. Бірақ олар бұл жөнде қожаларымен ақылдаспады. Ал Уолл-стрит Англия банкісінің доллар байлығын арттыруды және Англияның АҚШ-қа тәуелділігін бәсеңдетуді көздеген жоқ еді. Сондықтан американо-монополистері өзінің ағылшындық конкуренттеріне қожан-лоқы жасап, жасанды каучукке көшуге, Индонезиядан каучукті көп сатып алуға (онда американдардың үлкен белсенділік көрсетуі тегін емес еді), және Сиамда қалайы өндіруді ұлғайтуға әмір ету арқылы қалайы мен каучуктің бағасының қымбаттауына жол бермегені өз алдына, «Дейли Уоркердің» дипломатиялық шолушысының 1948 жылғы 28 шольде көрсеткеніндей, стратегиялық маңызы бар бұл екі шикізаттың бағасының недәуір кемітілуін камтамасыз етті.

Жоғарыда көрсетілген себептерден және де Англияның АҚШ-қа тәуелділігінің жалпы күшеюі себебінен американың қысымына бағынуға мәжбүр болған британ монополистері, Мухиттың арғы бетіндегі бәсекенің сәтсіздігінен туған шығынның ауыртпалығын Малайя еңбекшілеріне аударып салуға әрекет етті, мұны еңбекшілердің оңсыз да қайыршылық жалмақысын азайту жолымен жүзеге асырмақ болды.

Өткен жылдар ішінде Малайяда елеулі өзгерістер болды. Еңбекшілердің ұйымшылдығы едәуір артты. Бүкілмалайялық федерацияға біріккен кәсіподақтарында жарты миллиондай мүше болды. Жауынгер коммунистік партияның және Бүкілмалайялық кәсіподақтары федерациясының басшылығымен Малайя еңбекшілері интеллигенциясымен және ұсақ буржуазиямен одақтаса отырып, өз праволары үшін және Ұлт тәуелсіздігі үшін белсеніп күреске шықты. Міне сондықтан да британдық каучук және қалайы монополиялары, еңбек акыны төмендету жөніндегі мәселені күн тәртібіне қоймай тұрып, монополияның және қарулы күштердің көмегімен Малайяның Ұлт-азаттық қозғалысын оның басшыларынан айыруға бел байлады. 1946 жылы Малайяның феодалдық билеп-төстеуші тобымен жасалған келісімге сүйеніп (Малайя одағы орнына Малайя федерациясын қою туралы және феодалдық тоғыз князьдіктерге сұлтан праволарын қайта беру туралы келісім), Лондондағылар Малайяның азаттық қозғалысын қанға тоғытамыз, елде соғысқа дейінгі тәртіпті орнатып, каучук және қалайы монополияларына миллиондаған қосымша пайда түсіреміз деп үміттенді.

Британ монополистерінің жоспарларын Вашингтон толығынан қуаттап, мақұлдады. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде Ұлт-азаттық қозғалысы өсіп, ұлғайып, Қытайда демократиямен азаттық майданы күшейген сайын және гоминдан реакциясының позициясы осалдай берген сайын американың саяхатшыларының әбігерленуі күшейе түсті. 1948 жылы май айында, Чан Кай-ши армиясының қиыны жағдайға кездескендігі және Қытай демократиялық күштерінің оңтүстікке қарай бұзып өтуінің мүмкіндігі жөнінде американың соғыс эксперттерінің үрейлі хабарлары Вашингтонға жеткен кезде әбігерлену тағы да күшейе түсті.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жағдай 1948 жылы июнь айында Вашингтонда штаб бастықтарының біріккен советінің кезекті мәжілісінде жете талқыланды. Америка уәкілдері Оңтүстік-Шығыс Азияда жедел түрде «санитарлық кордон» ұйымдастыру қажет десті, бұл кордон Қытайда гоминдан

тәртібі мүлде кыйрап, демократия жеңетін жағдай болып қалса, жер шарының бұл бөлегінде демократиялық күштердің ықпалының күшеюіне жол бермеуге тиісті еді.

«Телепресс» агенттігінің 1948 жылы 22 июньдегі хабарына сәйкес бұл мәжілісте Америка уәкілдері ағылшындардан Малайядағы демократиялық күштерді талқандауды, онда «тәртіп» орнатуды және ағылшының елеулі күштерімен бұл елді қайтадан оккупациялауды талап етті. Американың генералдары мен дипломаттарының ойынша, бұл шаралар Америка өнеркәсібін Оңтүстік-Шығыс Азияның стратегиялық шикізатымен қамтамасыз ету мәселесін ғана емес, сонымен бірге «кездей соқ оқыйғалар» бола қалатын күнде, Қыйыр-Шығыс пен Тынық мұхиттан американың соғыс базаларының қол үзуіне жол бермеуге, Оңтүстік-Шығыс Азия жағынан бұл базаларға қай уақытта болсын қатнауға, сонымен бірге Сингапурды бақылауға жеңілдік беруге тиіс еді.

Осылайша Малайя жөнінде ағылшын және американың монополистерінің мүдделері бір жерден шықты.

Штаб бастықтарының біріккен Советінің Вашингтондағы мәжілісінің қарарларын жүзеге асыра отырып, ағылшын үкіметі өз тарапынан британ Қыйыр Шығыс эскадрасының жоғарғы базасын Гонконгтан Сингапурға көшіру туралы қарар қабылдады. Сонымен қатар Малайяны қайтадан оккупациялау үшін және бұл елдегі демократиялық күштерді талқандау үшін әскери бөлімдер мен қару-жарақтарды бір жерге жыйнастыру басталды. Ағылшын буржуазиясының баспасөзі Малайяға «коммунистік қауып» төнгендігі және бұл елдің істеріне шетелдердің қол сұғулары туралы айғай-шу көтерді.

Осындай тыңғылықты әзірліктен соң ағылшындардың отаршыл өкімет орындары Малайяның коммунистік партиясына, Бүкілмалайяның кәсіподағы федерациясы қатарындағы прогресшіл кәсіподақтарына соққы беруге нағыз қолайлы кезең туды деп есептеді. Лондон мен Сингапурдан берілген белгі бойынша бүкіл елде коммунистерді ұстау, кәсіподақтарының ұйымдарын талқандау, демократиялық көсемдерді тұтқындау және өлтіру басталды.

✓ Малайяда 1948 жылы июньде басталған және күні бүгінге дейін тоқтамай келе жатқан қантөгіс оқыйғалар ағылшындардың соғыс және саяси қайраткерлері мен сатылғыш баспасөзі дәлелдегісі келетіндей, «коммунистік қастандық» нәтижесі емес, керісінше, Лондон мен Вашингтонның сілтеуі бойынша күні бұрын әзірленген әрекеттердің нәтижесі екендігін дәлелдейді.

Империалистік насихаттың Морисон сыяқты жаршысы да, Лондонда шығатын «Таймс» газетінің Қыйыр Шығыстағы тілшісі, «Фар Истерн Сэрвей» журналында жарияланған мақаласында (1948 ж., 22 декабрь күнгі 24 саны) былай деуге мәжбүр болды: «Малайя коммунистері әзірленіп үлгірмей-ақ соғыс әрекеттерін бастауға мәжбүр болды, басқаша айтқанда, революцияға олар еріксіз тартылды, деген пікір туып келеді».

✓ Малайяның еңбекші бұқараларына қарсы шабуыл әзірленгенде ағылшын отаршылдары бірнеше күннің ішінде коммунистік партияны және кәсіподақтарын талқандаймыз деп, Малайяны толық бағындырып, басыбайлы күл етеміз деп есептеген еді. Алайда ағылшын империалистері бұл есебінен мықтап жаңылды. Империалистер Оңтүстік-Шығыс Азияда және жекеше алғанда Малайяда соңғы жылдарда болған елеулі өзгерістерді байқамады. Жапон оккупациясына қарсы күресу Малайя халықтарының саяси сезімінің өсуіне себепші болды, халық бұқарасының бірігуіне жәрдемін тигізді, халық партизандық күреске машықтануға мүмкіндік алды. Осының нәтижесінде, жапон оккупанттарын қуып шыққаннан кейін, ұлт-азаттық қозғалысы Малайя халқы арасында берік орын тепті, бұқараның саяси сана-сезімі өсті, олар қолға қару алып күресу тәжірибесіне ие болды. Жапондықтарға қарсы күрес жылдарында коммунистік партияның ықпалы арта түскенін еске алсақ, Малайядағы демократиялық қозғалысты қысқа мерзім ішінде жоймақ болған ағылшын отаршылдарының есебі негізсіз екендігі ап-айқын көрінеді.

Британ империалистерінің шабуылына жауап ретінде Малайя еңбекшілері коммунистік партияның және Бүкілмалайяның кәсіподақ федерациясының басшылығымен өзінің тәуелсіздігін қорғауға аттанып, күреске шықты. Азаттық қозғалысы британ отаршыларына қарсы бұл елдің халықтарының қарулы күресіне келіп ұштасты. 1948 жылы июнь айында, кәсіподақтарын талқандау үшін баскесерлер бандасы ұйымдастырған Перак плантаторларының арандату әрекеттеріне жауап ретінде, Перактық орталық бөлімінде «Малайя халқының жапондарға қарсы армиясының» бұрынғы мүшелерінен Малайяда тұңғыш рет партизан отрядтары құрылды.

Баскесерлер бандасын халық отрядтары талқандап тастады. 16 июнь күнгі соқтығысуда каучук плантацияларын басқаратын үш ағылшын өлді. Малайядағы британ отаршыл өкімет орындарына бұл оқығға көптен үміт еткен сылтау бола қалды. Малайядағы және Великобританиядағы ағылшын бас-

пасөзі коммунистердің айуандығы жөнінде, коммунистердің көтеріліс ұйымдастыруы жөнінде айқай шығара бастады, ал Малайя деревнясының губернаторы Генг 17 июнь күні-ақ Перактың және федерацияның басқа «мемлекеттерінің» полициясына қарсылық білдіргендердің бәрін сотсыз, тергеусіз тұтқынға алуға, тіпті табанда атып тастауға право берді.

Малайя халқына қарсы отаршылдық террор осылайша «занды» сыпат алды. Отаршылдардың жазалау шараларына сылтау болған үш ағылшынның өлуі шын мәнісінде арандату болғандығын жоғарыда аталған Моррисон мойындап, «Фар Истерн Сэрвей» журналындағы мақаласында былай деп жазады: «үш ағылшын плантаторын өлтіру деген коммунистік басшылықтың жоспарында болмаған және оның өзі кездейсоқ болған уақытқа еді».

Келантан князьдігіндегі жергілікті полициялары аса қыянат көрсеткен кейбір аудандарында да июньнің орта кезінде партизан отрядтары құрыла бастады.

Плантаторлар мен отарлық әскери бөлімдері үрейлене түсті. Олар ағылшын үкіметінен шаралар қолдануды және әскери бөлімдер жіберуді талап етті. 22 июнь күні отарлар жөніндегі ағылшын министрі Джонс Крич парламентте сөз сөйлеп, үкіметтің тәртіпсіздікті қандайда болса құрбандықпен басуға қарар қабылдағандығын хабарлады. Үкімет Малайядағы отарлық өкімет орындарына төтенше уәкілдік берді және Малайяға әскери бөлімдер жіберді.

Сол күні Куала-Лумпур федерал астанасында Малайяның каучук шығаратын негізгі төрт ауданы ерекше жағдайда болатындығы жарияланды. Екі күннен кейін қауыптан тыныш бола тұрса да Сингапур да ерекше жағдайда деп жарияланды. Британ отаршылдары осылайша Малайяның ұлт-азаттық қозғалысының бұл орталығына күшті соққы береміз деп есептеді.

Осының нәтижесінде, ресми мәліметтерге қарағанда, 20—24 июньге дейін Малайяның ірі орталықтарында Малайя коммунистік партиясының 800-ден астам мүшесі тұтқынға алынған. Июньнің аяғында бүкіл Малайя ерекше жағдайға қойылды. Полиция мен әскерлерге жанынан қару табылған адамдарды атып тастау правосы берілді. Малайя полициясы өзіне берілген бұл правосы кеңінен қолданды, сөйтіп, Малайяның, Қытайдың және Индияның демократиялық ниеттегі сан жүздеген жұмысшыларын полиция участоктері қыйнап, атып өлтірумен болды.

Алайда июльдің алғашқы күндерінде-ақ Куала-Лумпурге

іргелес жатқан аудандарды қамтыған партизан қозғалысы кең өрістей бастады. 1948 жылғы 3 июль күні Малайя федерациясының губернаторы Генттың қабылдауында каучук плантацияларының, қалайы монополияларының бір топ уәкелдері болып қайтты. Отар әкімшілігінің бұл қожалары Генттен көтерілісшілерге қарсы нағыз катал шаралар қолдануды, және де ірі әскери бөлімдерді дереу оларға қарсы жіберуді талап етті.

Дәл сол күні Англияның консерватившіл ірі газеттері Малайядағы британ әкімшілік орындарының икемсіздігін және жарамсыздығын айыптап басмақалаларын жариялады. Отарлар министрлігінің Малайя жөніндегі саясатына өзінің оппозициясымен белгілі болған Малайя федерациясының губернаторы Гент қолма-қол Лондонға шақырылды. Бірақ ол Англияға жете алмады. Швейцарияда авиация апатына кездесіп қаза тапты, ол авиацияның қалайша апатқа ұшырағаны белгісіз күйінде қала берді.

Көтерілісшілердің қыймылынан қорыққан британ отаршылары көтерілістің жаппай етек алу қаупынан шошып, үсті-үстіне әскер бөлімдерін жіберуді талап етті. 1948 жылы июль айының бойында Малайяға Англиядан, Таяу Шығыстан, Мальтадан, Цейлоннан және Гонконгтан теңіз жолымен, тіпті әуе жолымен гурк әскер бөлімдері, тау атқыштарының полкі, иоркшир полкі, иннескиль полкі және ирланд атқыш полктері жіберілген еді.

Июльдің орта кезінде-ақ бұл әскер бөлімдері карабльдерден түсісімен, саны өсіп, етек жайып келе жатқан партизан отрядтарына қарсы ұрысқа кіргізілген болатын. Барлау үшін және ауадан партизандарға соққы беру үшін авиация кең түрде қолданылды, бұл үшін Цейлоннан бірнеше истребитель және бомбардировщик эскадриялары Сингапур мен Куала-Лумпурге көшірілді.

Июльдің екінші жартысында малайяның барлық жерінде дерлік партизан отрядтары мен ағылшын әскер бөлімдерінің арасында ірі шайқасулар болды. Ең елеулі шайқас орталық Кедахта Балито ауданында болды. Мұнда партизандар мен әскер бөлімдері арасындағы ұрыс 15 июль күні 16 сағатқа созылды. Осындай елеулі ұрыстар Селангор, Перак, Негри, Сембиланның барлық аудандарында болып өтті. Әсіресе Сингапурге жақын жердегі Джохорда қып-қайың жағдай туды. Бұл князьдікте партизандардың күресімен қатар каучук плантациясындағы жұмысшыларда ереуіл бастады.

Великобританияның каучук және қалайы компаниялары-

ның акцияларын ұстаушылар әбігерленгендіктен және қорыққандықтан енді Малайядағы бір топ коммунистердің қаспандығы жөніндегі лақаптарға қанағат етіп отыра алмады. Британ империясының қақпайлауына қарамастан, толқу бүкіл Малайяны қамтып алғаны тіпті қатардағы газет оқушыларының өзіне де мәлім болды.

Бұл халден қалайда сылтау тауып, Британ өкімет орындарын қаңқу сөзден сақтау үшін, жоғарыдан берілген нұсқау бойынша, Рейтер агенттігі және бірнеше британ газеттері Малайядағы «Коминформ бюроның қызметі» жөнінде, Малайя мен Бирмадағы коммунистік қозғалысты бір-бірімен ұштастыру жөнінде және Малайя коммунистері сырттан көмек алып тұрады-мыс деген хабарларды жаза бастады. Оңтүстік-Шығыс Азия лигасының қызметі жөніндегі ертегілер тағыда көптіле бастады.

Коммунистерге қарсы насихатты лепірту мынадай әңгімелерге әкеп соқты: 23 июль күні қауымдар палатасының мәжілісінде Крич Джонс консерватившіл депутаттары мен лейборист депутаттарының мадақтаған айғай-шуымен Малайядағы отарлық өкімет орындарының Малайя коммунистік партиясына тыйым салу туралы қарарын британ үкіметінің бекіткендігін жариялады. Отарлар жөніндегі министр, британ өкімет орындарының, ел ішіндегі қазіргі оқыйғаларға Малайя коммунистік партиясы жауапты деген және көтеріліске әзірлік ісін сол жүзеге асырды деген мәлімдемесін түгелімен қуаттайтындығын атап өтті.

Үкіметке, жүгенсіз кеткен отаршы сұрқыялар мен чиновниктерге, ардан айрылған консерватившіл және лейборист депутаттарға жауап бере отырып, коммунист депутат Галлахер сөз сөйледі. Ол «Малайя жұмысшы табына қарсы бұл жала мен өсектерді» әшкерелеп берді және Малайядағы тәртіпсіздікке Малайя коммунистік партиясы кінәлі деген сөздердің теріс екендігін әшкерледі. Малайядағы тәртіпсіздіктер, ондағы халықтың өздеріне тәуелсіздік берілуін ашық және заңды түрде талап етуінің белгісі екендігін ашып көрсетті. Малайя оқыйғалары халықты қанайтын және оның қалайы мен қауіпін билеп-төстейтін империалистерден бұл әділетсіздіктің жойылуын және қауіп пен қалайының олардан тартып алынуын талап еткен еңбекші таптың наразылық білдіруі екендігін Галлахер атап өтті.

Буржуазиялық баспасөз, әдеттегіше, Галлахердің сөзі жөнінде жұмған аузын ашпауға тырысты. Алайда бұл сөз Малайяға жетті, өз бостандығы үшін күресуші Малайя халқына

ағылшын пролетариатының туыскандық қолдауының белгісі ретінде ол хабар халыққа өте зор әсер етті.

Ағылшын өкімет орындары коммунистік партияға тыйым салуымен қатар, басқа да прогресшіл демократиялық ұйымдарға, демократиялық жастардың лигасына, Малайя халқының жапондарға қарсы армиясының бұрынғы жауынгерлерінің ассоциациясына және Малайяның ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресуші жастар лигасына тыйым салу туралы қарар қабылдады. Одан бір ай бұрын еңбекшілер арасында өте беделді, ал плантаторлардың жанына жақпайтын Бүкілмалайялық кәсіподақтары федерациясын тарату жөнінде қарар қабылдаған болатын.

Арандату әрекеттерін ұйымдастырып және Малайяны қанға тоғытып, британ отаршыл өкімет орындары қалайы мен каучук монополияларының заказын, Уолл-стрит билеп-төстеушілерінің тапсырмасын орындады — Малайяның прогресшіл және демократиялық ұйымдарын таратып, оларға тыйым салды.

Алайда британ монополистерінің жоспары түгелдей жүзеге асырылмады: Малайяның коммунистік партиясына және Малайя халқының жапондарға қарсы армиясына тыйым салу бұларды жойып жібергендік емес еді. Керісінше, Малайя коммунистік партиясы жұмысын кұпия түрде жүргізе отырып, Малайя еңбекшілерін топтастыра білді, империалистерге қарсы күрес туын жоғары көтерді, ал Малайя халқының жапондарға қарсы бұрынғы армиясының мүшелері британ отаршылдарына қарсы күреске атсалысты.

Бұл жауынгерлік ұйымның шығарған үндеулері мен листовкаларында, ол ұйым өзін Малайя халқының жапондарға қарсы армиясы деп атаған жоқ, ағылшындарға қарсы армиясы деп атайтын болды, ал мұның өзі кездейсоқ емес еді. 1948 жылы июль айының орта шенінде соғыс әрекеттері етек жая бастады. Партизан отрядтары көмір өнеркәсібінің ірі орталығы Бату Арангқа шабуыл жасап, көптеген шахталарды істен шығарды. Куала-Лумпурдың оңтүстік жағындағы қалайы рудниктерінің және каучук плантацияларының маңында елеулі ұрыстар болды, бұл араға ағылшын командованиясі артиллериясы, танктер мен авиациясы бар британ әскерлерінің екі колоннасын топтастыруға мәжбүр болды.

Июль айының ақырғы күндерінде халықтың толқуы қалайы өнеркәсібінің негізгі орталығы — Ипоға ауысқан кезде, ағылшын командованиясі, қалайы концерттерінің талап етуі бойынша, ұрысқа авиодесант бөлімдерін салды, Ипо ауданын-

да бейбіт деревняларға «спитфайерлардан» көптеген атақалар жасады және Таяу Шығыстан қосымша ірі артиллерия күштерін сұратты.

Британ плантаторлары мен отарлық өкімет орындарының арасында үрейленушілік августың аяғында керемет ұлғайып кетті. Куала-Лумпурда болған плантаторлардың жалпы Малайялық мәжілісі Малайяға кем дегенде тың екі дивизияның тезінен жіберілуін талап етті, әйтпеген күнде ағылшын экспортына қандай зыяны бола тұрса да, каучук шығаруды кешікпей тоқтатамыз деп қорқытты. Ол ол ма, өздерінің бұл арандату және қулықтарының кенет әсер етуінен шошыған ағылшын өкімет орындары мен Малайяның плантаторлары ағылшын үкіметінен Малайяға Жапониядан оккупациялық әскерлерін ауыстыру жөнінде Австралия үкіметінің алдына мәселе қоюын талап етті.

Ұлт-азаттық қозғалысын басу жөнінде нақтылы шаралар қабылдау мақсатын көздеп, 6 августа Сингапурде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы британиялық соғыс және азаматтық өкімет орындарының үлкен мәжілісі өткізілді. Бұл мәжіліске Малайядағы британ қарулы күштерінің бас командашасы генерал Бучер және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ағылшын қарулы күштерінің басқа да жоғарғы уәкілдері және де бұл аудандағы барлық Британияға қарасты жер иелерінің отарлық өкімет орындарының уәкілдері мен губернаторлары қатысты.

7-августа «Таймс» осы мәжілістің нәтижелеріне арнаған басмақаласын жариялады. Ситидің бұл газеті Малайяға алдағы уақытта жасалатын шабуылдың мақсаты: «Малайядағы коммунистердің күшін талқандау, мұның өзі бүкіл Азияның көлемінде коммунизмге күшті соққы болып тиеді. Малайя коммунистері жеңіліс табатын болса, қазірде Бирмада, Сиамда, Голландия Индиясы мен Шығыс Индияда жұртты толқытып, жік тудырып әрекет етуші күштердің бәріне соққы берілер еді. Бұл батыс елдерімен бірлесе отырып бұл елдерді экономикалық және саяси жағынан қалпына келтіруге жол ашады, ал батыс елдері дүниенің бұл бөлігінен көмек тілейді және өздерінің бюджетін ретке келтіріп алу жөнінде үміт артады» деп көрсетті.

Британ монополистерінің мақсатын бұдан да анық айту қиын болар. Тегінде әңгіме коммунизмнің ертегіге айналған қауышында емес, керісінше Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарын тағы да өз қоластына бағындыру, бұл аймақты Батыс Европаның маршалданған елдері үшін шикізат пен доллардың зор қоймасына айналдыру әрекетінде болып отыр.

Алайда Сингапур мәжілісіндегі британ генералдарының әкіреңдеген мәлімдемелері, ол ол ма, британ газеттерінің қокан-лоқы мақалалары да Малайя халқын сескендіре алған жоқ. 1948 жылы сентябрьдің бас кезінде партизан қозғалысы елдің үштен екі бөлегін қамтып алды.

Британ үкіметі төтенше қарар қабылдады. Малайяға екі гвардия бригадасы жіберілді. Ағылшын тарапынан бұған дейін отарларға гвардия жіберіліп көрмеген еді. Сол күндерде ракета установкаларымен қаруланған жаңа шыққан реактивтік истребительдердің екі эскадрильясы жіберілді. Эттли-Бевиннің «социалистік» үкіметі Малайя халқына қарсы басқа да әдістер қолдануға бекінді. «Дейли Уоркер» дің арнаулы тілшісінің хабарына қарағанда, ағылшын өкімет орындары ыттылардың концентрациялық лагерьлерінде адамның ізіне түсіп ұстауға әдейі үйреткен неміс иттерін жыйнап алған. Бұл иттер партизандарды ұстау үшін Сингапурға жөнелтілді. Жүгенсіз кеткен лейборист отаршылдарға бұл да аз болып көрінді. Ағылшын үкіметінің арнаулы нұсқауы бойынша, Саравактан Борнеоның жабайы адамдары — даяктар самолетпен Сингапурға түсірілгендігі жөнінде хабарды естігенде бүкіл дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығының жаны түршікті. Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Малайяның қалың ормандарында партизандарды ұстау үшін даяктардың арнаулы отрядтар ұйымдастырылған. Даяктардың садақпен ататын улы жебелерін пайдаға жарату ұйғарылған. Бұл қару Саравактан Сингапурға арнаулы самолетпен жеткізілген. Ракет истребительдер мен соңғы шыққан жаңа танктар, неміс иттері мен улы жебе — ағылшын «социалистерінің» Малайя халықтарына қарсы жұмсаған соғыс құралдары міне осындай еді.

Халықты қорқыту үшін отарлық өкімет орындары сентябрь айының аяғынан бастап қолға түскен партизандарды халықтың көзінше азаптап өлтіре бастады; бұл үшін олар «психикалық шабуыл» әдісін қолданды: Малайя партизандарының қаза тапқан басшысы Ло Ю-дің адам танығысыз болып мыжғаланған басының суреті салынған листовкаларды жүз мыңдай самолетпен шашып тастайтын болды. Ло Ю ержүрек жауынгер және халық бұқарасын ұйымдастыра білген тамаша қаһарман адам болған.

Алайда осының бірде-бірі әсер ете алмады. Отаршыларға қарсы қозғалыс ұлғая берді. Ағылшын отаршылдары Малайяның феодалдык реакциясын халыққа қарсы қоюға тырысып бақты. Тоғыз сұлтанның сарайларында отар істері жө-

ніндегі министрліктің ерекше уәжелдері пайда болды, бұл уәкілдер ұлт-азаттық қозғалысына қарсы отаршылдарға қолғабыстық тигізгені үшін сұлтандарға қосымша жеңілдік беруге, олардың кейбір тілектерін қабылдауға уәде берді. Реакциялық мұсылман дін иелері де осы іске жұмылдырылды, олар малайя мұсылмандарын қытайларға қарсы айдап салды. Осы мақсат үшін тәжірибелі арандатқыш, Палестина полициясының бұрынғы комиссары Грей Малайяға жіберілді, ол келе салысымен малайялықтар мен қытайлардың арасына от салып, біріне бірін соқтықтырумен болды. Феодал билеп-төстеушілермен келісу бойынша Грей және оның қолшоқпарлары, өздерін партизан отряды деп, көрсететін арандатушылар бандасын ұйымдастыруға кірісті. Бұларға партизандармен байланыс жасап, олардың тұрған жерлерін ағылшын командованиесіне хабарлап отыру міндеті жүктелді.

1948 жылы октябрь айында гвардия әскерлері келгеннен кейін Малайяда ағылшын әскерлерінің саны 50 мың адамнан асты. Сонымен ағылшындардың Малайя халқына қарсы қойған әскерлерінің саны соғыс әрекеті кезіндегі жапондарға қарсы қойған күшінен едәуір артық болды. 1948 жылдың аяғында партизан отрядтарының адам саны, ағылшын буржуазиясы баспасөзінің мәліметі бойынша да, 20 мың адамнан асқан жоқ. Ағылшын отаршылдары сонда да елеулі табысқа жете алмады.

1949 жылы февраль айында маңдай алды қару-жаракпен жабдықталған әскерлерінің кеңінен жүргізілген соғыс операцияларына қарамастан, ағылшын отаршылдары малайялықтар мен қытайлардың партизан отрядтарын қыйрата алмағандығы, патриоттардың жауынгерлік бөлімдерін Малайяның оңтүстік жағынан, әсіресе Джохордан орталық және солтүстік-батыс жағына қарай аздап ығыстыру үшін көп шығынға ұшырағаны мәлім болды. 1949 жылы февраль айында лордтар палатасында Малайяның жағдайы туралы сөз болды. Лейборист лорд Элибенк Малайядағы жағдайдың нашарлағанын мойындауға мәжбүр болды. «Қыйыр Шығыстағы біздің беделіміз бен позициямыз сынға түсіп отыр» деп көрсетті ол. Консерватор лорд Сэнкфорт былай деп мәлімеді: «Малайяда қазір не болып жатқанын түсіну қыйын, бірақ мәселе айқын — ол біздің жеңе алмай жатқанымыз». Сөзінің аяғында ол, Малайядағы соғыс әрекеттері ағылшын казначейлеріне күнбе-күн 35 мың функт стерлингке түседі деп атап өтті. Лорд Эрли (тәуелсіз) де «Малайяда біздің ешбір жетістігіміз жоқ дерлік» дегенді мойындауға мәжбүр болды.

Малайядағы істердің жағдайы жөнінде 1949 жылы 8 февральда қауымдар палатасында лейборист Лонгден толығырақ мәлімдеме жасады, ол былай деп көрсетті: «Малайя халқы үкіметтен көрі, бүлікшілерге дұрыс қарайды».

Консерваторлар партиясының басшыларымен тығыз байланысты «Йоркшир пост» газеті Малайядағы ағылшын отаршыларының жағдайына бұдан да нашар баға берді. Бұл газет басмақаласында (19 февраль күні) Малайядағы жалпы ағылшын әскерлері мен полицияның саны 70 мыңға жетсе де, партизандарды жеңе алмады деп, атап өтті. Партизан отрядтары өзінің адам шығынын жергілікті халықтан қосымша күш алумен толықтыра алады деп жазды.

Ағылшын қарулы күштеріне қарсы жүргізілген соғыс әрекеттерінде партизандардың шығыны онша көп еместігін, «Дейли телеграф энд морнинг пост» газетінің Сингалурлық тілшісі — Бакли де растайды. 1949 жылы 16 майдағы мақаласында партизандардың шығыны олардың жалпы санының 20 проценті ғана болуы мүмкін деп жазды. Партизандарға қарсы бір жыл күрес жүргізіп, материалдық және адам жағынан көп шығынға ұшыраудың қортындысында ағылшын команданнесінің қолы жеткен бар табысы партизандардың негізгі күштерін жарты аралдың ішіне қарай, Сиам шекарасына қарай шегіндіру ғана болды, деп көрсетті Бакли. Сонымен 1949 жылдың алғашқы бес айы ағылшын империалистерін ешқандай жеңіске жеткізген жоқ. Партизандарға қарсы күресуде табысқа жете алмағандықтан олар қорғансыз бейбіт халықты мейірімсіз жазалау әрекетіне кірісті. «Малайян монитор» бюллетенінің редакторы — Лимнің мәліметтері бойынша, Малайядағы соғыс әрекеттерінің бір жылы ішінде ағылшын империалистері бостандық жолындағы күрескерлерден 75 адамды дарға асып, 500 ден астам адамды атқан. Малайялықтар мен қытайлардан 2 300 адамды партизандарды қолдайды деген күдікпен Малайядан жер аударған. Осы сыяқты айып тағумен ағылшын отаршылдары 11 ірі деревняны өртеп жіберген, 7000 дай адамды концентрациялық лагерге қамаған. Ағылшын отаршылдарының демократиялық күштерге өшпенділігінің шектен асқандығы сондай, партизан отрядтары қатарында шайқасушы Қытай көшпенділерінің үй-іштерін олар 1949 жылы жер аударып, гоминдан өкімет орындарына бере бастады.

Алайда асып, ату, азап көрсету дегендер Малайя халқының бетін қайтара алмайды. Ұлт азаттығы жолындағы күреске қатысушы үш ұйымның, — Жауынгер жастар ұйымы.

Шаруалар одағы және Әйелдер федерациясының — жуырда бірігіп жариялаған манифесінде былай деп көрсетілген: «Британ империализмі деревня халқын қыруымен, деревняларды бомбалауымен және адамдарды баспанасынан айырумен өзінің фашистік сыпатын толық әшкереледі». Манифестің қортындысында «империалистерге қарсы күрес ұзаққа созылады, бір-ақ біз жеңіп шығамыз, өйткені біз күннен күнге күшейіп келе жатсақ, британ империализмі әлсіреп келеді және барған сайын окшауланып жеке қалып келеді, өйткені біздің күресіміз елімізді және халқымызды азат ету жолындағы революциялық соғыс болып отыр» делінген.

Демократиялық күштерді соғыс әдестерімен, террормен және үркітумен талқандай алмаған ағылшын империалистері Малайя буржуазиясының, әсіресе Қытайдың ұсақ және орта буржуазиясының кейбір топтарымен келісіп, ұлт-азаттық қозғалысына іріткі салуға талап етті. 1948 жылдың 10 ноябріндегі лордтар палатасында Малайя мәселесі сөз болған кезде Крич Джонстың орынбасары лорд Листоуэлл ағылшын үкіметінің Малайяда жүргізгелі отырған бірнеше реформалары туралы хабарлады. Реформаның бірі Сингапурды Малайя федерациясымен біріктіру екенін атады.

Малайядан Сингапурды бөліп әкету — ағылшын отаршыларының Малайя одағын, одан кейін Малайя федерациясын құру жоспарын ұсынған кездегі ең маңызды мақсаттарының бірі болатын. Бүгінде Британияның отарлар жөніндегі министрлігі Сингапурды Малайя федерациясына қайта қосу мүмкіндігі жөнінде мәселе қоюға мәжбүр болып отыр. Бұл мәселе жөнінде ағылшын империалистерінің позициясының өзгеруіне ұлт-азаттығы қозғалысының етек алуы себеп екені аян. Консерваторлар партиясының көрнекті қайраткері, жуырда ғана Малайяға барып қайтқан Менкрофтың Жас консерваторлар лигасының Лондондағы бөлімшесінің мәжілісінде 1949 жылы 20 апрельде сөйлеген сөзі Малайя халқының табыстарын дәлелдейді.

Менкрофт былай деп мәлімдеді: «Малайяның тәуелсіз доминион болып британ ұлт бірлестігінің құрамына кіргенін көрсек қуанған болар едік». Әрине, оның бұл сөзі ағылшын империализмінің Малайядағы позициясы үшін қауыптанатынын дәлелдейді. Бұл сыяқты мәлімдемелер ағылшын билеп-төстеушілерінің Малайя жөнінде қамшы қолдану саясатының сәтсіздікке ұшырағанын, енді олар амалсыздан алдау саясатына көшкендігін сыпаттайды.

Британ отаршылары Малайядағы кәсіп одағы қозғалысы-

на іріткі салып, Малайя пролетариатының күресін қыйындатуға тағы да тырысып бақты. 1949 жылы февраль айының аяғында Куала-Лумпурде ағылшын өкімет орындарының нұсқауы бойынша сары кәсіподағы уәкілдерінің конференциясы өткізілді. Конференцияда ағылшындардан Джохордың премьер-министрі болып тағайындалған, феодалдық реакциясының көсемі Дато Онн Бин Джаффар сөз сөйледі. Джаффар кәсіподағының жаңа федерациясы құрамына жұмысшы және кәсіподағы қозғалысындағы «калық элементтердің бәрін біріктіру керек дегенді айтты. Джаффардың сөзі ағылшын отаршыларының үлкен арандату науқанының басы болды. Бұл науқанға көмек көрсету үшін Англиядан кәсіподақтары қозғалысына іріткі салу жөніндегі шараларға белсеніп араласқан «кәсіподақтарының кеңесшілері» келді.

Алайда Малайя еңбекшілері арасынан квислингтер табыла қоймады. Сары кәсіпшілер одақтарына бойкот жарияланды, сөйтін ағылшындар таратып жібергенмен астыртын жұмысқа көшкен. Бүкілмалайялық кәсіподақтары федерациясы ел ішінде бұрынғысындай зор беделге ие болды. Ағылшындар Бүкілмалайялық кәсіп одағы басшылары күшпен жойып жіберуге әрекет жасады. 1949 жылы март айында Бүкілмалайялық федерацияның председателі үнділік Ганapatiді ұстап алып, азапқа салды. Бойынан револьвер табылды деген сылтаумен Ганapatiды тұтқынға алып, өлім жазасына кесу Шығыс елдерінде, әсіресе Индия жұртшылығы арасында үлкен наразылық туғызды. Жұртшылық пікірінің ықпалымен Индия үкіметі Малайядағы ағылшын өкімет орындарынан үкімді жеңілдетуді талап етіп, одан нәтиже болмаған соң Лондондағы отарлар жөніндегі министрдің алдында өтініш жасауға мәжбүр болды. Министрліктің бұл мәселені зерттеу керек деген уәдесіне қарамастан, Ганapati 3 май күні дарға асылды. Ганapatiді азаптап өлтіру наразылықты бұрынғыдан да күшейтіп жіберді. Индияда орасан зор наразылықтар туды, бұл жөнде мынадай бір жағдай болды: Индия жұртшылығы Индия үкіметінің Ганapati жөніндегі өтінішіне ағылшын өкімет орындарының селсоқ қарауының себебін, Нерудің елді британ ұлт «бірлестігінің» құрамында қалдыруға келіскендіктен Индияның беделі төмендеп қалды, сондықтан Ганapati жөніндегі өтініш аяқсыз қалды деп наразылық білдірді. Кәсіподақтарының бүкіл индиялық конгресінің бас секретары міндетін атқарушы Манек Ганди 5 май күні Бомбейдегі көпшілік жыйында Ганapatiдың өлтірілуі «Неру үкіметінің ұлт «бірлестігінің» құрамында қалуға келісіп, ағылшын империалистеріне

бағынуының алғашқы нәтижесі болды» деп мәлімдеді. Индияның социалистік партиясының көрнекті қайраткері Асок Мехта былай деп мәлімдеді: «Ганapati трагедиясы жуырда ғана «Лондонда» соғып шығарылған ұлт «бірлестігінің» шыңжырына ауыр зіл болып түсті».

Алайда ағылшын отаршылдары Ганapatiды өлтірумен ғана қанағаттанып қойған жоқ. Бүкілмалайялық кәсіподақтары федерациясына жанадан председатель болған үнділік Вирасенанды май айының алғашқы күндерінде біреу атып өлтірді.

Ағылшын империализмінің жазалау әдісінің, ағылшын агентурасының арандату әрекетінің, Британ қарулы күштерінің соғыс қыймылдарының бірде бірі Малайя еңбекшілерінің қарсыласу күшін тойтара алмады. Британ империализміне қарсы қарулы күрес әлі тоқтаған жоқ. 1949 жылы ноябрь айының бас кезінде Малайя территориясының 40 проценттен артық жері партизан отрядтары мен ағылшын қарулы күштерінің кескілескен ұрыс майданына айналды. Паханг, Перак князьдіктерінде және әсіресе Келантанда және Кедахта көп жерлер Малайя партизандарының бақылауында келеді.

Азат етілген аудандарды тұтас біріктіріп алу партизандарға оңай емес еді. Әйтсе де 75 мыңнан артық адамы бар, ең жаңа техникамен жабдықталған британ қарулы күштері Малайя партизандарына ештеңе істей алмады.

Жүгенсіз кеткен британ отаршылдарының айуандығын суреттеп жеткізу мүмкін емес. Американың реакцияшыл газеті «Крисчиан сайенс монитордың» тілшісі 1949 жылы 1 апрельдегі мақаласында былай деп жазады: «Деревняда коммунистер жасырынып жүр деген күдік туса болды, жергілікті халық мекендеген деревняларды әскерлер бомбалайды, пулеметтерден атады және шабуыл жасайды. Тыйым салынған қару таққан адамдарды атады, радикал ниетті деп күдік тұғызған адамдарды түрмеге жабады (бұл үшін ешбір дәлелдің керектігі жоқ) және қытай деревняларының адамдарын жер аударып, гоминданшыл Қытайға көшіріп жатады».

Күрес тоқталмай келеді. Ержүрек Малайя партизандарын — малайялықтарды, қытайларды, үнділерді — халық мейлінше қолдайды. 20 мың партизан біржылдан астам уақыт сан жағынан әлде қайда басым ағылшын қарулы күштеріне қарсылық көрсетіп, ағылшын отаршылдары мен жергілікті реакциясының арандату әрекеттерін қыйратумен келеді, мұның өзі халықтың партизандарға тілеулестігін, оларды қолдайтынын дәлелдейді.

Малайяда ағылшын империализміне қарсы ұлт-азаттық соғысы болып жатыр. Малайя халқының империалистерге қарсы күресіне Малайяның ержүрек пролетариаты жетекшілік етеді, ондағы пролетариаттың саны Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне қарағанда әлде қайда артық және (каучук плантацияларының жұмысшыларын қоса есептегенде) халықтың 10—12 процентіне жетеді.

Малайя пролетариатының әсіресе тау-кен өнеркәсібі жұмысшыларының ұйымшылдығы, тек өнеркәсіп пролетариатын ғана емес, сан мың батрақтарды, плантациялардың тұрақты және маусымдық жұмысшыларын да топтастыра білген Малайя коммунистік партиясының орасан зор бедел алуы Малайя халқының ағылшын отаршылдарына қарсы күресінің табысты болуына мүмкіндік береді. Аграрлық және ұлт мәселесі жөнінде Малайя компартиясының дұрыс саясат қолдануы демократиялық қозғалыстың табысқа жетуіне, Малайя тарихында тұңғыш рет қытай, малайя, үнді халықтарын және шаруалардың қалың бұқарасын демократиялық қозғалысқа тартуға мүмкіндік берді.

Әрине, ағылшын билеп-төстеушілері енді Малайя халықтарын құлдану ниетінен бас тартты деуге болмайды. Керісінше қазіргі кезде, бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азияда ұлт-азаттығы қозғалысының өрістеуіне байланысты, әсіресе Қытайда демократиялық күштердің тамаша жеңіске жетуіне байланысты ағылшын империалистері және оларды қолдаушы американдық империалистері (Малайя мәселесі жөнінде олар бірлесіп әрекет етеді) Малайя халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын басуға бар күштерін салатын болады.

Малайядағы ұлт-азаттығы қозғалысына қарсы американдық империалистерімен бірлесіп әрекет ету және Қытай шекарасына «санитарлық кордон» орнату арқылы ағылшын отаршылдары өз мақсаттарын да көздейді. Малайяның солтүстік-батыс шекараларында коммунизмге қарсы күрес жүргіземіз дегенді бетке ұстап, Сиамдағы Бипул Санграмның реакцияшыл режимімен байланыс жасап, ағылшындар бұл елде американдық ықпалының артуы салдарынан әлсіреп кеткен өз позициясын күшейтуге тырысады. Бұл тенденция Бангкокке ағылшын соғыс кеңесшілері келген кезде, ал Сиамның Малайямен шектес аудандарында көптеген «байланыс офицерлері» пайда болған соңғы кездерде өте-мөте байқалып отыр.

Малайя оқыйғаларының экономикалық астары бар екенін де атап өту қажет. Малайя жанжалының бір себебі мына еді: ағылшын билеп-төстеушілері Малайядағы демократия-

лық күштерді талқандау арқылы еңбекшілердің еңбек ақысын және тұрмыс күйін төмендетуді көздеді, сөйтіп осының арқасында каучук және қалайы монополияларының пайдасын асыруға әрекет етті.

Малайядағы жағдай міне осындай. Ағылшын империализмі соғыс және саяси жағынан қандай шаралар қолданса да Малайя халқының жеңіске ұмтылған қайрат-жігерін мойыта алмады. Өзінің коммунистік партиясының басшылығымен және бүкіл дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығының қолдауымен Малайя халықтарының тәуелсіздік үшін және азаттық үшін жүргізіп отырған күресі табысқа жететіндігінде ешқандай күмән жоқ.

О. И. ЗАБОЗЛАЕВА

ФИЛИППИН ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Пальм Датт отарларға ондағы «өріс алып келе жатқан ұлт-азаттық күресінің әсерімен формальды «тәуелсіздік» беру қазіргі кезеңде империализмнің отарлық саясатының өзгеше бір сыпаты болып отыр¹, деп көрсетеді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін отарларда өзінің саяси, экономикалық және стратегиялық позицияларын қорғауда осы әдіске көшкен тұңғыш империалистік ел Құрама Штаттар болды. Бұл амалдың арқасында АҚШ отарлардағы өзінің ескі позициясын түгелімен қалпына келтіруге, сонымен бірге қосымша артықшылықтарға жетуге мүмкіншілік алды, ал американдықтардың ойынша бұл артықшылықтар американизмнің бұдан былайғы басып алу әрекеттеріне жол ашуға тиісті еді. Американың милитаристері үшін мұндай қосымша артықшылықтың бірі Тынық Мұхиттың американизмнің экспансиясы үшін өте маңызды ауданынан соғыс плацдармын орнатуға мүмкіншілік алуы, және Біріккен Ұлттар Ұйымында «тәуелсіз» ұлт уәкілі болғансып, Американың мүддесін жақтап шығуға жарайтындай артық дауыс алуы еді.

Американың отарлық саясатының бұл жетістіктеріне қарамастан, Филиппинге формальді саяси тәуелсіздік беру жалпы алғанда империализмнің отар системасының ғана емес, сонымен бірге жеке алғанда Американың отар системасының да дағдарысқа ұшырағандығының белгісі еді.

Американизмнің империалистері бұл қулықты жасағанда бір ғана Филиппин халқын алдауды көздеген жоқ. Филиппинге саяси тәуелсіздік 1946 жылы берілетіндігі жөнінде дүниежүзілік екінші соғыстан бұрын жарияланған және соғыс кезінде оның шын екендігі бірнеше рет расталған уәде, ақырында, 1946 жы-

¹ «Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін» 1948 жыл 15 октябрь.

лы 4 июль күні «сыйға берілген тәуелсіздік» басқа мақсатты көздеген еді. Бір жағынан, америка империалистері өзінің бұл саясатын Европа елдерінің отарларды зорлықпен ұстайтын ашық саясатынан мүлде өзгеше саясат етіп көрсеткісі келді, олар бұл хиялды басқа елдердің отар халықтарын АҚШ-қа бағындыру үшін алдағы уақытта да пайдаланғысы келді. Екінші жағынан, Филиппин тәуелсіздігімен байланысты Американың бұл қулығы езілген ұлттар жөніндегі совет саясатының тартымды күшін отар халықтар арасында осалдата түсуге және империализм жағдайында да, ешбір күрессіз, тек қана бейбіт парламент шаралары арқылы ұлт тәуелсіздігін орнату мүмкін деген пікір туғызу мақсатын көздеген қулық еді.

АҚШ-тың Филиппіндегі саясаты тек сыртқы саясат факторларына ғана байланысты емес және байланысты бола алмайды да. Өйткені дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бұл отар елде американдықтар басқа империалистік елдердің отарларында да соғыстан кейін байқалып отырған отар саясаты дағдарысына тап болды, атап айтқанда: оларда ұлт-азаттық күресі керемет ұлғайды және бұл күресте жұмысшы табының ықпалы күшейді.

Филиппинге қайтып келгеннен кейін американдықтар ондағы саяси күштердің орналасуында үлкен өзгеріс болғанын көрді. Жапон оккупациясы Филиппин халқы үшін қатал сын кезеңі болды. Сонымен бірге бұл кезең барлық жағдайға да сын кезеңі болды. Американдық әскерлерінің жапон агрессорларынан шегінуі Филиппин халық бұқарасына тіпті АҚШ сияқты қуатты отаршыл елдің үстемдігі де сыртқы шабуылдан қорғайтын «күш» бола алмайтынын және отанды қорғауда халықтың тек өз күштері ғана шешуші роль атқаратынын көрсетті. Сонымен бірге, ірі ұлт буржуазиясының және помещиктердің Жапония алдында тізе бүгіп ұшқалақтық жасағандығын, буржуазиялық-помещиктік билеп-төстеушілерінің Филиппиннің соғысқа дейінгі үкіметінде басты орындарды мүшелері алып келген «националист» партиясының бір қатар саяси агентурасының жапон оккупанттарымен ынтымақтасуы, соғысқа дейін ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресте жетекші орын алуға дәмеленіп келген бұл партияның беделін түсіріп тастады. Ал Филиппин коммунистік партиясының беделі керемет өсті. Соғыс алдында социалистік партиямен біріккен коммунистік партия жапон агрессиясына қарсы халықтың қарулы күресін ұйымдастыруды жасырын түрде басқарған және бұл күресті еңбекшілер бұқарасының таптық мүдделерімен

және жалпы саяси міндеттерімен ұштастыра білген бірден бір партия болды.

Компартия өзінің төңірегіне елдің барлық прогресшіл күштерін топтастыра білді. Партияның инициативасымен құрылған ұйым «Бірлік майданы» деп аталды. Оған ең алдымен коммунистік және социалистік партиялар, «Азамат бостандықтары одағы», қытайлардың коммунистік ассоциациясы, жапондарға қарсы қытай ассоциациясы, жұмысшы одақтары, жастар ұйымдары және т. басқалар кірді.

Халық қарсылығын ұйымдастыру сол Бірлік майданының атынан жүргізілді. 1942 жылы марттың аяғында жеке партизан отрядтарынан бірыңғай армия құрылып, ол «Хукбалахап» (жапондарға қарсы халық армиясы) деп аталды. Бірлік майданына және Бірлік майданы ұйымдастырған «Хукбалахап» армиясына коммунист партиясы жетекшілік етті.

Бірлік майданы тек болғаны Филиппиннен жапондықтарды қуып шығуды, соғысты ойдағыдай аяқтау үшін антифашистік коалициямен бірлесуді және коллаборационистер мен сатқындардың көзін жоюды ғана міндет етіп қойған жоқ, сонымен бірге Филиппиннің толық тәуелсіздігін қамтамасыз етуді және Филиппин еңбекшілер бұқарасының тұрмысын жақсартуға кепілдік ете алатын демократиялық республика орнатуы да міндет етіп қойды.

Алғашқыда жауға қарсылық көрсету қозғалысын жақтаушылардың біразы партизан соғысының қиыншылығы мен қауыптылығына төзе алмай бойын аулаққа салып, сырт берді. Жақтаушылардың енді бір бөлегі Бірлік майданының принциптерін жасарда, оның программасын «тым коммунистік» программа деп бөлініп кетті. Бірақ бұл Бірлік майданын әлсірете алмады. Керісінше бұл жағдай коммунистік партияның басшылығымен шын демократиялық элементтердің бірігіп топтасуына себепші болды.

Алға қойылған мақсаттың айқындылығы — жапондық болсын, американдық болсын империалистік үстемдікті құлату және нағыз демократиялық негіздерге сүйене отырып тәуелсіз Филиппин мемлекетін орнату жолындағы күрес — Хукбалахап армиясының қатарына жұмысшылар мен шаруаларды және басқа да жақтаушыларды топтастыратын күшке айналды. Бұл армияның қатарында Филиппин университетінің прогресшіл профессорлары, ақындар мен жазушылар да болды. Халық мүддесін көксейтін прогресшіл күштердің бәрі де осы

армияға қол созды да, соған көмектесуге ұмтылды. Армия халық мүдделерін қорғады.

Халық өз армиясын азық-түлікпен де, киім-кешекпен де қолдады. Шаруалар мен арендаторлар егістен алған өнімінің 25 процентін армияға беріп тұрды. Жергілікті ұсталар су жүретін трубалардан және қолда бар басқа материалдардан мылтықтар соқты. Тіпті сырттай бағынған, бейбіт шаруалардың өздері де азаттық мүдделеріне бола жанқиярлықпен еңбек етті. Олар партизандарды жасырды, жапондарға күріш тапсырмаларын беруге бөгет жасады, жеке партизан отрядтары арасында байланыс жұмысын жүргізді, халық жауларын әшкерелеп отырды. Хукбалахап армиясы мен жай шаруалардың тығыз байланысуы арқасында ғана жапон оккупациясының тұсында армия өмір сүре алды.

Хукбалахапты халық бұқарасының қолдап отыруына себеп болған жағдай, бұл армияны дүниежүзілік екінші соғыс басталмай тұрып-ақ жұмысшылар мен шаруалар көпшілігі арасында ықпалы күшті коммунистік партияның ұйымдастырып, басқарғандығы еді. Филиппин компартиясы жұмысшылар мен шаруалар көпшілігін реформаторлық кәсіп одағы мен буржуазиялық-помещиктік «Националист» партиясының ықпалынан шығарып алу үшін ұзақ уақыт табанды күрес жүргізді.

Филиппинде өнеркәсіптің нашарлығына және пролетариаттың аздығына қарамастан, кәсіп одақтары ерте құрылып (1908 жылы) өмір сүре бастады. Кәсіп одақтары онда жұмысшы табының саяси партиясы қалыптасудан ертерек пайда болды. 1931 жылға дейін ұлт буржуазиясы мен помещиктер мүддесіне жұмысшы табы мүдделерін қарсы қоятын жұмысшы партиясы болған емес. Буржуазиялық-помещиктік «Националист» партиясы 1907 жылы пайда болды және содан бері елдің саяси өмірінде жетекші орын алып келеді, бұл партия сайланып қойылатын заң шығару органдарда басым орын алып келді, жергілікті халықтан шыққан адамдардың қолы жетеді-ау деген басқарушы әкімшілік орындардың бәріне ие болды, Филиппин «халқының» саяси талаптарын жоқтаушы есебінде әрекет етті. Америка империализмі осы партия арқылы өзінің үстемдігін нығайту үшін жария кәсіподақтарын құруға көмектесті және бұл істі мадақтап отырды.

Филиппиндегі жұмысшы ұйымдарына Американың баяғыда-ақ қолданатын саясаты Лениннің айтқан пікірін тағы да бір рәстап отыр, Ленин былай деп көрсеткен еді: либеральдық буржуазия жұмысшы ұйымдарын өзінің үстемдігін кү-

шейтуге керек етеді, бірақ «жұмысшылардың әдеттегі «жария» («қалыпты» буржуазиялық қоғамның көзқарасы бойынша) ұйымдарынан әрі бармауын, яғни жұмысшылар өзінің партиясына, өзінің кәсіпшілер одағына, өз кооперативіне және тағы сол сыяқты және т. басқа ұйымдарға тек жазылып қана қойсын»,² деп тілейді.

Жұмысшы ұйымдарының міне осындай сыпатта болуын американдықтар да және олардың Кесонды бас етіп қойған Филиппин үкіметі де мадақтады.

Жұмысшы ұйымдары жөніндегі американизмнің осындай «либеральдық» саясаты революцияшыл жұмысшы қозғалысының өрістеуіне және революцияшыл жұмысшы партиясы мен революцияшыл кәсіп одақтарының құрылуына бөгет жасады. Ұйым атаулының арасында қандай айырма бар екенін ұғып және өз ұйымдары үшін, ұйым болғанда шын мәнісінде жұмысшы ұйымдарын, яғни тек жұмысшылардан құралған ұйым ғана емес, сонымен бірге жалпы жұмысшы табының мүдделерін көксейтін ұйым құрудың қажеттігін ұғыну үшін Филиппин жұмысшы бұқарасына біраз уақыт қажет болды.

Міне дәл осы жөнде Американың отарлау әкімшілігінің, «Националист» партиясының және автономиялы Филиппин ұлт үкіметінің жұмысшы қозғалысына көзқарасының шын сыпаты анық болды. Америка империалистері мен олардың Филиппиндегі агентурасы таптардың ынтымақтасу бағытын көздейтін тіпті «науқандық олақ» дейтін сорақы түрдегі кәсіп одақтарын құруды мадақтап келді, ал американизмнің жұмысшы қозғалысы жөніндегі саясатын жүзеге асырғысы келмеген жұмысшы кәсіп одағы ұйымдарына жария өмір сүруге право берілмеді. 1940 жылдың аяғында 391 одақ тізімге тіркелді, олардың мүшелерінің жалпы саны 96877 адам еді. Соғыс алдындағы он жыл ішінде тізімге тіркелген адамдармен қатар, үкімет орны тізімге алудан бас тартқан коммунистер мен социалистер басшылығындағы жұмысшылар мен шаруа-арендаторлар одақтары пайда болды. Олардың ішінде көзге түсетін одақтар: социалист Педро Абад Сантос басқарған Жалпыға бірдей жұмысшылар одағы (50 мың мүшесі бар), коммунистер басқарған Филиппин шаруалары конфедерациясы және де коммунистер басқарған «Sons of sweat» яғни «Төккен тер ұлдары». Американи профессоры Кеннет Ку-

² Ленин. Шығармалар, 23-том, 4-басылуы, 315-бет. 1917 жылы 11 мартта Цюрихтен жазған хат.

рихара: «Осы одақтар және басқа да радикаль жұмысшы одақтары тізімге тіркелген одақтардан гөрі әлде қайда ықпалды және сан жағынан әлде қайда басым одақтар еді»³ дегенді айтты. Жұмысшылардың және шаруалардың жаңа одағын құрумен қатар, коммунистер бұрынғы жария кәсіподақ ұйымдарын революцияландыру жөнінде көп жұмыстар істеді. 1929 жылдың өзінде-ақ жария кәсіподақтары жіктеліп, оншыл және солшыл қанаттарға бөлінген еді. Бұл жік жыл санап ұлғая келе, 1938 жылдың орта шенінде тап күресі позициясына көшкен жария кәсіподақтарының 76 ұйымы «Коллектившіл жұмысшылар қозғалысы» (CLM) деп аталған солшыл кәсіподақтарының ресми бірлестігін құрды.

Бұл бірлестік президиумындағы басшы орындардың көпшілігіне коммунистер мен социалистер не болды. Тізімге тіркелмеген кәсіподақтары түгелімен, тіпті шаруалар одақтары да осы бірлестікке қосылды. Жоғарыда аты аталған Кеннет Курихараның мәліметі бойынша, жұмысшылар мен шаруалардың бұл одағында 1800 мың мүше болды⁴, олар жұмысшылар мен шаруалар қозғалысына жаңа күш болып қосылды. Бірлестікке кірген шаруалар одақтары ереуілдер кездерінде азық-түлік берумен жұмысшыларға көмек көрсетті. Арендаторлық жанжалдар туған кездерде өнеркәсіп пен транспорт жұмысшыларының тілектестік білдіріп ереуілдер жариялауы жиіленді.

Жұмысшылар қозғалысында да, шаруалар қозғалысында да коммунистік партия социалистік партиямен тығыз байланыса отырып жұмыс істеді, социалистік партия мүшелері шағын партия еді, оның негізін қалаған адам жұмысшы қозғалысының атақты қайраткері Педро Абад Сантос болатын.

Педро Абад Сантос — бай помещик семьясынан шыққан, заң білімін алған адам, XX ғасырдың басында Филиппиндегі американдарға қарсы күреске қатысқан, бұл үшін американ өкімет орындары оны өлім жазасына бұйырған еді. Ақырында кешірім алған соң, өз халқына қызмет етуге ол барлық күшін жұмсады. Педро Абад Сантостың өзі айтқандай-ақ әлеумет тіршілігіндегі теңсіздік проблемалары жас кезінен-ақ оның көңлін аударып келген еді. Кейінірек бұл күштарлығы арта түсті. Бір жағынан буржуазияланған помещиктердің байлығының қаулап өсуі, екінші жағынан шаруалардың жыл асқан

³ Kenneth Kurihara, *The Labour Movement in the Philippines* Stanford University Press California, 1945, p. 72.

⁴ Бұл да сонда.

сайын күйзеліп, жерінен айрылуы, сөйтіп жартылай құл — пеон халіне душар болуы Педро Абад Сантосты терең ойға салды. Арендатор-шаруалар мен жұмысшыларға жөкеше заң жүзінде кеңес беріп жүрген Педро Абад Сантос бертін келе жұмысшы және шаруалар қозғалысының белсенді көсемі болып алды.

Педро Абад Сантос басшылық еткен социалистік партия 1938 жылғы ноябрь айында коммунистік партияға қосылды. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Педро Абад Сантос саяси басқару ісіне қатысу арқылы Хукбалахапты ұйымдастыруға белсеніп қатысушылардың бірі болды.

Педро Абад Сантос соғыс кезінде (1944 жылы) қайтыс болды, бірақ оның ықпалы соғыстан кейінгі ұлт-азаттық күресінде де сезіліп келеді. Филиппиннің қоғамдық-экономикалық жағдайы Қытайдағы жағдаймен ұқсас екендігін айтырып, соғыстан бұрын-ақ ол Қытайдың азаттық күресі жолындағы басшыларымен байланыс жасады және партизан күресінің әдістері мен халық-азаттық армиясының структурасы жөнінде олардың үлгісін пайдаланды. Ол ұлт-азаттық қозғалысының бір топ қайраткерлерін, соның ішінде Хукбалахаптың бас командашасы — Луис Тарукті тәрбиелеп шығарды.

Соғыстан бұрынғы кезеңде Филиппин коммунистік партиясы еңбекші бұқараның халін жақсарту жолында барлық жария мүмкіншілікті пайдалануға тырысты. Жұмысшылардың етәкалық қозғалысын және шаруалардың аграрлық бой көрсетулерін ұйымдастырып, коммунистік партия жұмысшылар мен шаруалардың мүддесін қорғау жөнінде Кесон үкіметі арқылы заң жүзінде бірнеше шаралардың: коллектив шарттары жасау правосы, жұмыс күнін қысқарту, минимум еңбек ақы белгілеу, күріш егістерін арендаға беру туралы заң, өсім-көрлікті тежеу туралы және тағы сол сыяқты заңдардың шығарылуын қамтамасыз ете білді.

Автономиялы Филиппин үкіметінен тартып алынған осы жеңілдіктердің сөз жүзінде ғана қалып қоймауын көздеп соғыстың алдындағы кезеңінде коммунистік партия қажырлы күрес жүргізді; бұл жеңілдіктерді жүзеге асыруда, жұмысшы және шаруалар жөніндегі заңдарды барлық кәсіпорындары мен ауылшаруашылық аудандарына түгел тарату жөнінде партия жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына көмектесе білді. Бұл күрестің үстінде коммунистік партия президент Кесон жариялаған «әлеуметтік әділеттіліктер» программасын қолдау жөнінде пікір айта келіп, автономиялы Филиппин үкіметі өзінің таптық сыпатына байланысты бұл программаны

жүзеге асыра алмайтындығын халық көпшілігі алдында әшкерелеп отырды.

Қесон үкіметінің қарулы күштер жіберу арқылы стачкалық күресті және аграрлық толқуларды ұдайы басып отырғанын көрген халық бұқарасы Филиппин үкіметінің «капитал мен еңбектің арасында жанжал туғанда, әділдік еңбек жағында болуға тиісті өйткені бұл адам правосы болғандықтан меншік правосынан маңыздырақ болмақшы» деген үндеуі алдамшы даурықпа үндеу екенін байқады.

Шаруалар қозғалысын соғыстан бұрынғы кезеңде жұмысшы ұйымдарының қолдап отыруы халықтың қалың бұқарасына тек жұмысшы табы дәйекті түрде және ақырына дейін халықтың қалың бұқарасының жағдайын жақсарту үшін күресуге икем екендігін көрсетті.

Соғыстан кейін ұлт-азаттық қозғалысына пролетариаттың басшы болып шығуына қолайлы келген тағы бір жағдай — соғыс кезінде ірі ұлт буржуазиясы мен феодалдық помещиктердің көбінің ашықтан ашық опасыздық істегендігі еді.

Жапондардың Филиппинге басып кіруі американ өктемдігін уақытша жойды. Ірі буржуазия мен помещиктердің мүддесін көздейтін Автономиялық Филиппин үкіметі жапондардың басып кіруіне халық қарсылығын ұйымдастырудан бастартты. ал бұқаралық жұмысшы және шаруа ұйымдарына сүйенген коммунистік партия үкіметке жәрдем көрсетуді ұсынса да, ол АҚШ-қа көшіп кетуді тәуір көрді. Билеуші «Националист» партиясы жапон агрессорларымен ашық ынтымақтасқан алғашқы күндерінен бастап-ақ тіпті партизан қозғалысын, мұның ішінде буржуазияшыл ұлтшылдар ұйымдастырған азғана, бытыраңқы және белсенділігі шамалы партизан топтары мен отрядтарын да қарулы күшпен басып-жаншуға кірісті.

Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде, әсіресе, жапон оккупациясы кезінде, ұлт буржуазиясы мен помещиктердің көпшілігінің опасыздық етуі буржуазиялық-помещиктік ұлтшылдықтың антипатриоттық идеологиясын әшкереледі, ал бұл идеология буржуазиялық-помещиктік басшы топтардың өзіндік таптық мүдделерін қорғауды бүркемеледі, мұның өзі билеуші таптардың өз отанының нағыз тәуелсіздігі мен бостандығы жолында, өз халқының мүдделері жолында күресуге толық қабілетсіз екендігін көрсетті және еңбекші бұқараның буржуазияның саяси басшылығына сенімін нашарлатты.

Ұлт-азаттық қозғалысында пролетариаттың басшылық ролыға ие болуына жеңілдік берген үшінші кезең сол — жапон оккупанттары барлық саяси партиялар мен қоғамдық ұйым-

дарды, мұның ішінде «Националист» партиясын да жойды, еріксіз түрде ашықтан ашық жапоншыл «Қалнбапи» ұйымын құрды. Осымен «Националист» партиясының соғысқа дейін сақталып келген мүмкіншілігі — жеке кәсіподақтардың реформашыл көсемдері арқылы жұмысшылар бұқарасына ықпал жасау мүмкіншілігі жойылды.

Шаруалар бұқарасына ықпал жасау жөнінде соғысқа дейінгі кезде коммунист партиясымен бәсекелескен бірден-бір партия, шаруаларды 1935 жылғы көтеріліске арандатқан партия, атап айтқанда, Сақдал-Ганап партиясы соғыс кезінде өзінің жапон агентурасы екенін әшкерелеп, ашықтан ашық жапоншыл «Макапши» террорлық ұйымына айналды.

Соғыс кезінде Филиппинде, жапон оккупациясына байланысты құпия жағдайға көшкен, өзінің ұйымын және халық бұқарасымен байланысын толық сақтаған және онымен қоймай, өзінің ұйымын және халық бұқарасымен байланысын нығайта түскен, жапон басқыншыларына қарулы күшпен қарсылық ұйымдастырған бірден-бір саяси партия коммунист партиясы болды.

Коммунистік партия жапон агрессиясына қарсы құпия түрдегі халықтық қарсылық ұйымын басқарды, бұл күресті жалпы саяси міндеттермен және еңбекшілер бұқарасының таптық мүдделерімен байланыстырып отырды. Осы міндетті, және басқа да көптеген міндеттерді орындауда коммунистік партияға Улы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесі және Қытай коммунистік партиясымен жасасқан байланыс көмектесті. Ал Қытай коммунист партиясымен байланыс соғысқа дейін-ақ жасалған болатын, оның тәжірибесін, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ұқсас болған себепті, филиппин коммунист партиясы филиппин жағдайының өзіне тән ерекшеліктеріне бейімдеп, пайдаланып отырды.

Хукбалахап армиясының әрекет еткен ауданы Филиппиннің күріш қазнасы — Лусон аралының орталық провинциялары болды, мұнда соғысқа дейін дерлік аграрлық толқулар басылмай келді. Осы ауданда, Филиппинде американдік үстемдігі жүріп тұрған кезде, шаруалардың жерден айрылуы аса күшейген. ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ Филиппинде барлық шаруалардың 80 процентке жуығы меншікті жерлерінде шаруашылық жүргізіп келген. Филиппин қоғамының басшы топтарын көтермелеуге тырысқан, олардың мүдделерін филиппин халқының ұлт мүдделеріне қарсы қоюға тырысқан американдік империалистерінің жер жөніндегі саясаты нәтижесінде Филиппиннің феодалдық помещиктеріне капиталистік жер

иемденушілердің барлық праволары мен пайдалы жақтары берілді, олардың ешкім қол сұғуға болмайтын ескі феодалдық артықшылықтары түгелімен дерлік өздерінде сақталды. 1902 жылғы жер заңы негізінде Филиппин помещиктері орасан зор жер байлығын өз қолына алып, тіркеу кезінде шаруалардың көп жерлерін өздерінің меншігі етіп көрсеткен болатын.

Осы жерлерді иемдену жөнінде отаршыл әкімшіліктен заңды документтер алып помещиктер, осы жерлерді бұрын өңдеп келген дербес қожаларды арендатор-пеондарға айналдырып жіберді. Қағаз жүзінде, әдеттегі право бойынша игеріп келген өз жерлерін капиталистік жер меншігіне айналдыру правосынан шаруалар да айрылған жоқ. Бірақ іс жүзінде американның отаршыл әкімшілігі Филиппин помещиктеріне барлық жағынан көмек көрсетті, соның нәтижесінде олар шаруаларды помещикке тәуелді етіп ұстады, отаршыл әкімшілік бара-бара шаруалар бұқарасын күйзелтуге, жерсіз қалдыруға және қайыршы етуге себепші болды. Жеке меншікті шаруалардың көпшілігі жер иемденуге заңды документтер алған жоқ. 1937 жылы жүргізілген зерттеу жалпы саны 25 миллион гектар жердегі 4 миллион жер учасоктері кадастралық сьемка күткен⁵. Басқаша айтқанда, ол учасоктердің иелерінде оларды иеленетін документтер болмады, сондықтан олар тікелей банк кредиттерін пайдалана алмады және өсімқорлардан бұрынғыдан да ауыр шартпен қарыз алуға тиісті болды.

Жер меншіктеуге қарыз беретін банк кредиті Филиппин помещиктерін нақты капиталмен жабдықтап отырды. Филиппин помещиктері капиталдың бірсыпырасын экспорт үшін арналған ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу ісін ұлғайтуға, бірсыпырасын көбірек пайда келтіретін кәсіп орындарын, еңалдымен өсімқорлық жұмыс жүргізетін кәсіп орындарды ұйымдастыруға пайдаланды.

Помещик өсімқорлар қанауы салдарынан филиппин шаруалары кедейленіп, жерсіз қалды. Америка үстемдік еткен 40 жылдың шамасында өз жерінде жұмыс істейтін шаруа үйлерінің саны 80 проценттен 49,2 процентке дейін кеміп кеткенінің өзі де бұған дәлел⁶. Бұл бүкіл Филиппин үшін орташа процент. Лусонның орталық провинцияларында жерсіз қалған шаруалар басқа провинцияларға қарағанда әлдеқайда көбей-

⁵ «Karl J. Pelzer. Pioneer Settlement in the Asiatic Tropics. American Geographical Society: New York, 1945, 210 бет.

⁶ Censur of the philippines, 1939. V. II; 983 — 984-бет.

іп кетті; екінші жағынан, бұл ауданда жер ірі помещиктердің қолына жыйнақтала берді.

Бүкіл Филиппинде орта есеппен алғанда арендаторлық шаруашылықтар 51 процентке жетіңкіремей тұрғанда, Орталық Лусонның провинцияларында 1939 жылы арендаторлар өңдеген жерлер, бүкіл өңделетін жермен салыстырғанда мынадай болған:

Провинциялар	%
Нуэва Эсиха	67,8
Пампанга	67,0
Булакан	66,5
Кавите	58,5
Тарлак	52,4

Жапонияға қарсы халық армиясының саяси басқармасы маркстік-лениндік идеяларды насихаттау және үгіттеу жұмысын ұйымдастырды. Армияның штабы жанында марксизмнің-ленинизмнің саяси мектебі құрылды. Луне Тарук, Касто Александрино, Моисес Апостол, Мариано Бальгос және басқалар марксизм-ленинизм теориясы жөнінде лекциялар оқыды. Жапонияға қарсы Хукбалахап халық армиясының соғыс комиссариаты соғыс қыймылдарына басшылық етудің орталығы әрі маркстік-лениндік идеяларды таратудың орталығы болды және бейбіт халықтың демократиялық принцип жолындағы саяси күресіне басшылық етіп отырды. Хукбалахаптың негізгі жауынгерлік буыны 100 адамдық отряд болды. Әрбір отрядта командирден бөлек саяси комиссар болды. Хукбалахаптың құрылысын және қызметін сыпаттай келіп, америка профессоры Вильям Оуэнс, соғыс кезінде Филиппиндегі америка әскерлерінде қызмет еткен адам, былай деп хабарлайды: саяси комиссардан марксизм теориясын оқып үйрену талап етілген, комиссарлар ең алдымен марксизмнің саяси принциптеріне берілгендігіне қарай сайланады. Әрбір солдат жапондарды күйіп шығу үшін өлгенше соғысуға, жапондар жеңілгеннен кейін азат филиппин үшін күресуге және филиппиннің халық армиясында қалып қоюға ант берген⁷.

Армияда және қалың халық бұқарасы арасында Жапонияға қарсы халық армиясының саяси басқармасы ұйымдастырған маркстік-лениндік идеяларды насихаттау және үгіттеу жұмысы еңбекшілердің болып жатқан оқыйғаларды айыра білугіне, өздерінің жаулары мен одақтарын тануына және жүруге керекті жолды саналылықпен тандап алуына көмектесті.

⁷ «Asia and the Americas», февраль 1946 ж.

Филиппин халқы коммунистік партия басқарған Біртұтас майдан белгілеген жолды таңдап алды; бұл жол — жапон фашизмің талқандау күресінің жолы болды, америка империализмінің үстемдігін қалпына келтіруге қарсы күрестің жолы болды, антипатриоттық буржуазиялық-помещиктік ұлттық партияның үкіметін құлату үшін, жер реформасы үшін, тәуелсіз Филиппин мемлекетін құрып, халық демократиясын орнату үшін жүргізілетін күрестің жолы болды.

Жапон басқыншыларына қарсы күрестің барысында-ақ Біртұтас майдан іс жүзінде күресуге қабілетті екендігін дәлелдеп қана қоймай, сонымен қатар халық демократиясының түпкі мақсаттарын жүзеге асыруға да қабілетті екендігін көрсетті. Пампанга мен Нуэва Эсиха провинциясының көптеген қалалары мен селоларында тіпті жапон оккупациясы кезінде-ақ жергілікті халық сайлаған халық советтері өмір сүрді, олар жер-жерде өкімет билігін жүзеге асырып отырды. Жапондар тағайындаған өкімет орындарын жергілікті халық таптыған жоқ. Жоғарыда айтылған профессор Оуэнс былай деп жазады: «1945 жылғы январьдың аяқ шешінде американдар Орталық Лусонға жеткен кезде, олар Пампанга мен Нуэва Эсиха провинцияларының барлық жерлерінен және Тарлак, Булакан, Батаан провинцияларының жеке аудандарынан Біртұтас майданның үкіметтері құрылғанын көрген»⁸.

Осы жергілікті үкіметтердің жапон оккупациясы кезіндегі істері туралы мәліметтер осы уақытқа дейін ең алдымен Америка жағынан түсіп отырды. Бірақ бұл жөнде азын-аулақ мәліметтер бойынша толық және айқын сыпаттама беру мүмкін емес. Американдық авторлар Хукбалахантың таза соғыс жөніндегі еңбектеріне белгілі түрде мән бере отырып, бұл армияның соғыс міндеттерін орындаумен қатар халыққа жаңа азаматтық халықтық-демократиялық өкімет ұйымдастыруына және демократиялық терең өзгерістер жасауына көмектескенін жасыруға тырысады. Бірақ олар келтірген азын-аулақ мәліметтердің өзі Хукбалахантың қорғауымен және жәрдемімен жасалған өкімет орындарының нағыз демократиялық, халықтық сыпатта болғандығын көрсетеді.

Халық-азаттық армиясы жапон оккупанттарынан азат еткен Орталық Лусонның провинциялары мен жеке аудандарында еркін сайлау негізінде, бүкіл халықтың қатысуымен, жергілікті өкімет орындары құрылған. 1935 жылы конституция белгілегендей сауаттылық жөнінде қойылған шек (бұл

⁸ «Asia and the Americas», февраль 1946 ж.

шек қазіргі уақытта да бар) Хукбалахаптың қолдауымен жойылған. Саяси құрылысты демократияландыру жөніндегі бұл шара Филиппин үшін орасан зор маңызды іс. Сауаттылық жөнінде қойылған шек балағатқа жеткен барлық халықтың жартысынан көбірегін сайлау правосыннан айырады. Сонымен, ол шекті жоюдың бір өзі-ақ жаңа өкімет орындарының соғысқа дейінгі «автономиялық» үкіметтен мүлдем басқаша екендігін көрсетті, сондай-ақ соғыстан кейінгі «тәуелсіз, демократиялық» Филиппин республикасының үкіметінен де өзгеше екендігін көрсетті. Хукбалахаптың қолдауымен филиппиннің еңбекші кедейлері — арендаторлары Филиппин тарихында бірінші рет жергілікті советтерге өздері лайықты деген адамдарын сайлауға, помещиктің танып қоятын адамдарын сайламауға мүмкіндік алды.

«Помещиктердің саяси үстемдігі бітті, — дейді отар мәселелері жөніндегі америка мамандарының бірі, — өйткені сайлау болды, сөйтіп Орталық Лусонның деревнялары өзін-өзі билеудің шын мәнін бұрынғыға қарағанда анағұрлым артық сезетін болды»⁹.

Хукбалахап мүмкіншілігіне қарай жер реформасын жүзеге асыра отырып, саяси құрылысты демократияландыруға шын экономикалық жағдай жасады. Дәулетті помещиктердің — коллоборационистердің (отанын сатқандардың) жерлері, көбінесе жапон әскерлерінің қорғауымен Манилаға қашып кеткендердің жерлері конфискеленді және олар жерсіз шаруаларға берілді. Шаруалардың помещиктерге — өсімқорларға төлейтін қарыздары жойылды. Жапондармен істес болмаған помещиктердің меншікті жері өздеріне қалдырылды, бірақ арендаторлардың сол помещикке егіннен төлеуге тиісті салығы едәуір кемітілді, жалдап алған жері үшін төленетін салықтармен қоса жүретін сансыз көп, әртүрлі міндеттемелер және арендаторларға шек қою жойылды.

Коммунист партиясының басшылығымен Филиппин еңбекшілерінің жапон басқыншыларына қарсы және олардың филиппиндегі қолжаулық өкіметтеріне қарсы қарулы күрес ұйымдастырылуы, жапон оккупанттарының саясатына жасалған халық қарсылығының нәтижелері, осы қарсыласу қозғалысының ішкі саяси құрылысты демократияландыру және аграрлық өзгерістер жасау жолындағы қозғалысқа әсер етуі пролетариат пен шаруалардың соғысқа дейін қалыптаса бастаған одағын нығайты, пролетариатты және оның партиясын тә-

⁹ «Far Eastern Survey», june 1948, 85-бет.

уелсіздік жолындағы және Филиппинді демократиялық жолмен өзгерту жолындағы халықтық қозғалыстың ұйымдастырушысы және көсемі етіп шығарды.

Бұл істің тағы бір жағы мынадай: жапондармен ынтымақтаспаған және алғаш Хукбалахаппен одақ болуды көздеген дәулетті таптардың элементтері бұрынғы жолдан шегініп, артында ашықтан ашық жау болды. Елеулі демократиялық өзгерістердің болашағынан олар өздерінің таптық мүдделеріне қауып төнеді деп ойлады. Тіпті жапон оккупациясы кезінде-ақ Хукбалахапқа помещиктер-коллаборационистер асыраған жапондық және қолжаулық полицей тыңшылары шабуыл жасағаны, сонымен қатар жапондармен ынтымақтаспаған помещиктерден де Хукбалахап отрядтарын жою үшін кісі өлтіруші жалдамалы бандалар ұйымдастырғаны жөнінде дәлелдер бар. Хукбалахап жөнінде Американың Қыйыр Шығыстағы қарулы күштерінің байырғы армиялары мен буржуазиялық ұлтшылдардың қалдықтарынан құралған партизан отрядтары да жау позицияда болды.

* * *

Филиппин халқы соғыстан кейін ерекше шиеленіскен және өте қиын жағдайда тәуелсіздік үшін күрес жүргізіп келеді.

Американ империализмі Филиппиндегі үстемдігін қалпына келтіру үшін Европада соғыс бітпей тұрып АҚШ әскерлерінің Филиппинге кіргенін пайдаланды. Басты қауып фашизм болды, сондықтан филиппин патриоттары АҚШ-ты дүниежүзілік антифашистік соғыстағы одақтасуымыз деп білді. Бірақ, Филиппинді жапон басқыншыларынан азат етуде Американың әскерлеріне көмектесе отырып, Хукбалахап американың империалистерінің оны отар армиясы ретінде пайдаланбақ болған әрекетіне бірден соққы берді. Американың командованиясының Хукбалахапты американың армиясына қосу, сол үшін наград беру, үш жылға жалақы төлеу және киім-кешек, азық-түлік беру жөніндегі ұсынысы қабылданбады.

«Өз бостандығы үшін шайқасқан халық наградты ойламайды» десті бұл жөнінде Хукбалахап соғыс комитетінің 1949 жылғы ноябрьдегі мәжілісінде отырғандар. Филиппин халқының еңбекші бұқарасының ұйымдасқан қарулы күші болған Хукбалахап американың командованиясының Филиппин халқына тең праволы одақтас ретінде қарауын талап етіп отырды.

Президент Осменьяның бұрынғы үкіметі арқылы американың суверенитетін қалпына келтірудің мықты қарсылыққа кездескені соншалық, — Осменья қайтып келгеннен кейін және Фи-

липпинде соғысқа дейінгі үкімет қалпына келтірілгеннен кейін, тіпті біраз уақыт ішінде Орталық Лусонда қос үкімет өмір сүріп келді. Американ суверенитетін қалпына келтіруде Макартур президент Осменьяны тактикалық жағдаймен Американың жоғарғы комиссарыңыз келуге шақырған (бұл комиссар тек 1945 жылғы сентябрьде ғана тағайындалған).

Сонымен, американ империалистері Филиппинге қайтып келісімен мұндағы халықтың ұлт азаттығы мен демократияны жақтаған қатардағы жай адамдарға өз тағдырын өзі шешуіне право берілуін жақтаған қозғалысына, елдің тағдырын буржуазияшыл саясатшыларға билетіп қоядан бас тартқан және демократиялық жеңістерді қолына қару алып қорғауға даяр тұрған қозғалысына кездесті.

Бірақ жапондар қуылғаннан кейін бірден саяси тәуелсіздік беру (мұны американ өкімет орындары соғыс кезінде талай рет үәде еткен де болатын) американ империализмі үшін өзін өзі өлтірумен тең болар еді. Американ империализмі өзінің ісі мен ықпалының сферасы болған Филиппиннен айрылған болар еді. Помещиктік-буржуазиялық партия «Националист» партиясы сыяқты соғысқа дейінгі саяси басшылық беделінен айрылған оккупанттардың өкімет аппараты жойылысымен американ империалистері Филиппиндегі өздерінің тірегінен қол үзді. Сол кезде өзінің өкімет аппараты бар (аз ғана жерде болса да) және саяси ұйымы бар, тіпті халық бұқарасы ішінде ықпалды және халық қолдайтын армиясы бар бірден бір саяси күш — коммунист партиясы болды, онда тәртібі күшті, соғыс-саяси бұқаралық ұйым — Хукбалахап болды, ұлт суверенитетінің программасы, нағыз халықтық демократияның және түбірлі экономикалық өзгерістердің программасы болды.

Американың жоспарларын жүзеге асыру үшін бәрінен Филиппиндегі бұрынғы ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншып, американ саясатын жүргізу міндетін атқаратын буржуазиялық помещиктік басшы топтардың саяси билігін және экономикалық күш-қуатын қалпына келтіру керек болды.

Ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншу ісін американдар соғыс кезінде-ақ қолға алған болатын. Орталық Лусонда соғысқа дейінгі буржуазиялық-помещиктік өкіметті қалпына келтіру әрекеттеріне Хукбалахаптың қарсылық жасауы американ контрразведкасының ұлт-азаттық күрестің көсемдерін, мұның ішінде Хукбалахаптың бас қолбасшысы Луис Тарукты, саяси басқарманың бастығы Касто Алехандрононы (1945 жылғы февральдың аяқ шенінде — марттың бас кезінде) қа-

мап қоюына себеп болды. Бұдан кейін Хукбалахаптың, шаруалар мен жұмысшылар одақтарының басқа да саяси және әскери басшылары қамалды, Хукбалахаптың көмегімен жасалған жергілікті өкімет орындары талқандалды және жойылды.

Бұдан кейінгі оқығалар американдарға, бұл қозғалыстың көсемдерін қамаумен қозғалысты басшылықсыз қалдырмақ болған есептерінің қате болғанын көрсетті. Халық арасына тамырын терең жайған, мықты, шындалған ұйым бар екендігіне, мұндай қозғалысты басып-жаншу үшін көп уақыт керек екендігіне және мұның өзі ішкі күштердің көмегінсіз мүмкін емес екендігіне американдардың көзі жетті, өйткені мұның өзі Америка армиясының өз қатарында наразылық тудыру мүмкін еді.

1945 жылғы апрель айында, қарсыласу қозғалысының көсемдерін одан екі ай бұрын қамаған Макартур штабы барып тұрған коллаборационист Рохасты босатып, оған саяси қызметке қайта оралуға мүмкіндік берді, сол жылы июнь айының өзінде-ақ соғысқа дейінгі сайланған сенат және парламент қызметін бастады. Ал бұлардың құрамында коллаборационистер көпшілік болатын. Сенаттың председателі болғандықтан Рохас лауазымы жөнінде жауапты қызметтерге адам тағайындайтын комиссияның председателі болды, ол президент болып сайланғанға дейін үкіметтегі, соттағы, армиядағы көрнекті қызметтердің бәріне өз адамдарын — коллаборационистерді қойды.

Американ империализмінің мұндай амал-айласы Филиппин буржуазиясының аса ірі феодалдық жер иелерімен байланысты, реакцияшыл тобының саяси үстемдігін қалпына келтіруді көздеген еді. Атап айтқанда, ірі буржуазия мен помещиктердің өкімет билігіне қайта оралуын көздеген еді, өйткені халық демократиясы елдерінде соғыстан кейінгі алғашқы кезде аграрлық мәселе де, өнеркәсіпті национализациялау (халық меншігіне айналдыру) да солардың есебінен шешіліп жатқан еді. Филиппинде, Орталық Лусонда халық бұқарасы осы топтың жерлерін конфискуелеп, жапон оккупациясы кезінде және өздері құрған жергілікті өкімет орындары талқандалғанға дейінгі дәуірде аграрлық мәселені шешкен болатын; олар Осменья үкіметінен аграрлық мәселені шешкен болатын. Олар Осменья үкіметінен аграрлық реформаның бүкіл Филиппин жеріне қолданылуын талап еткен.

Коллаборационистердің саяси және экономикалық үстемдігін қалпына келтіру американизміне ел ішіндегі ұлт-азаттық күресті басып-жаншуға, АҚШ-тың экономика-

лық-саяси және соғыс-стратегиялық мүдделеріне қолайлы жағдай туғызуға жеңілдік келтірді. Американ империализмі филиппиндерге қағаз жүзінде саяси тәуелсіздік беріп, бұратана буржуазияның арасынан халықаралық және жергілікті ұйымдар арқылы американдық экспансиялық жоспарларды жақтап беріле үгіт жүргізетіндей, Американың отарлық саясатын мадақтап, американ империализмінің басқа отар халықтарды торға түсіруге керекті құралы болатындай тірек іздеді.

Ел ішіндегі жергілікті ірі буржуазия тобының саяси позициялары әлдеқайда әлсіз болды. Бұл топ тек қана американ әскерлеріне сүйене алды. Сатқындарға — коллаборационистерге деген халық өшпенділігінің күштілігі соншалық, бұл топтар американ империализмімен қарым-қатнас жасағанда өздерінің таптық экономикалық мүдделеріне тікелей хауіп төндірген бұқаралық халықтық қозғалыстан жәрдем күте алмады.

Жапон қолжаулықтарының өкімет билігіне қайта оралуы американдарға соғыс кезінде ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін өздері жасап алған аппаратты пайдалануына және соғысқа дейін американ империализміне тірек болып келген саяси және әлеуметтік базаны өзіне қайтарып алуына мүмкіндік берді.

Осындай «занды конституциялық» үкіметке американ империалистері жұмысшы табы басшылық етіп отырған ұлт-азаттық қозғалысты біржолата талқандау міндетін тапсырды. Бұл үшін американ империалистері шиеленіскен халықаралық жағдайды пайдаланды, бұл жағдайда Американың Филиппиндегі отарлық үстемдігі қалпына келтіріліп жатты.

Өз өкіметін шындап қалпына келтіруді көздеген француздар мен голландықтар отарларына Жапония тізе бүккеннен кейін қайта оралған болса, американдар Филиппинге американ әскерлері Европадағы соғыс қыймылдарына қатысып жүрген кезде-ақ (1944 жылғы октябрьде) «азат етуші» ретінде келіп кірген еді. 1945 жылғы 3 февральда американ әскерлері Маниланы алды, ал 1945 жылғы апрель айында жапондар біржолата қуылды.

Сонымен, герман фашизмі біржолата талқандалудан бұрын-ақ, американ командсваннесі Филиппинде саяси күштердің жапон оккупациясы кезіндегі болған өзгерістерін байқап үлгірген еді, сөйтіп ол нағыз демократиялық халықтық қозғалысты басып-жаншуға және Американың отарлық мақсаттарын қамтамасыз ете алатындай саяси системаны қалпына келтіруге, атап айтқанда: буржуазиялық-помещик тобы өкіметін және сол топ ұйымдастырған «Националист» партиясының ескі аппаратын қалпына келтіруге батыл бет бұрды.

Жапон басқыншыларына қарсы соғыс тоқталмауы себепті американ командованиесі Филиппинге орасан көп әскерлерін әкеп төкті. Бұл жөнінде мынаны айтса да жеткілікті: Жапония тізе бүккеннен кейін генерал Макартур Жапонияны оккупациялау үшін небәрі 200 мың әскер жетеді деп мәлімдесе де, американ командованиесі Филиппинде 375 мың әскер ұстады. Осы әскерлердің қорғауымен американ империалистері өзінің старлық үстемдігін қалпына келтіру әрекетінде болды.

Филиппинде американ үстемдігінің қалпына келтірілуіне қолайлы келген тағы бір жағдай сол, — герман фашизмі әлі талқандалып жетпеген және жапон басқыншыларына қарсы соғыс әлі болып жатқан жағдайда филиппин демократтары дүниежүзілік фашизмге және агрессияға қарсы күресте американдарды одақтас деп білді. Бұл жағдайдың өзі — американдар өзінің саясатын көбінесе филиппиндік агенттері арқылы жүргізіп отырғанын еске алсақ, — филиппин демократтары үшін американ реакционерлерінің бұл саяси амалының сырын ашып, соған қажетті тойтарыс ұйымдастыруына кедергі болғанын байқаймыз.

Соғыс жағдайында филиппин халқы өз бостандығы үшін, нағыз демократиялық халық үкіметі үшін, елдің экономикасын еркінше көркейту үшін жеке бір өзі күрес жүргізуге тиісті болды. Соғыс цензурасының және соғыс тәртібінің әсерімен генерал Макартур ол тәртіпті 1946 жылы июль айында ғана жойған болатын, сыртқы Дүниеден қол үзген филиппиннің демократияшыл күрескерлері ешбір жерден жәрдем ала алмады. Оларда тіпті шетелдердің қоғамдық пікір жүзіндегі тілектестігін де тартуға мүмкіншілігі болмады.

Халық-азаттық күресінің берекесін кетіруде және оны әлсіретуде американ империалистеріне Осменьяның саясаты көп еңбек сіңірді. Филиппиннің үстем таптары — ірі буржуазия мен помещиктер, коллаборационистері де, коллаборационист еместері де, — АҚШ-тың Филиппин жөніндегі империалистік саясатын сөзсіз қолдады және қолдап та келеді. Бірақ соғыс кезінде ұлт партиясы мен ұлт буржуазиясының коллаборационистерге және коллаборационист еместерге бөлінуі соғыстан кейінгі алғашқы кезде президент Рохастың сайлауына дейін (1946 жылғы апрельге дейін) орын алып келген еді. Жапондармен істес болмаған буржуазиялық ұлтшылдар АҚШ-тың айла-амалын бірден сезе қойған жоқ, олар өздерінің таптық мүдделерінен бас тартпаса да, коллаборационистердің саяси және экономика жағынан банкрот болуы есесінен байып қалуды да теріс көрген жоқ еді. Ұлт буржуазияның бұл тобы

АҚШ-пен келіс сөз жүргізгенде өздеріне қолайлы экономикалық жағдай алып қалуды көздеп, алғашқы уақытта халық бұқарасының антиимпериалистік және антиколлорационистік ниетіне неқ сүйен соя арқылы пайдаланып калуға да әзір еді.

Сондықтан Осменья үкіметі ұлт-азаттық қозғалысты қуаттамай, қозғалыстың көсемдерін жазалау ісі оның рұхсатынсыз жүргізіліп жатыр деген сылтаумен, халық бұқарасы алдында құрдай жорғалап, қозғалысты тоқтатуға және оның берекесін кетіруге тырысып бакты. Мәселен, Осменья үкіметі помещиктердің арендаторлардан алатын астық үлесін 50 проценттен 40 процентке дейін кемітті, тәуелсіздік алысымен аграрлық мәселені одан да көрі тез шешуге уәде берді. Оның үкіметі жұмысшылардың соғысқа дейінгі жеңіп алған праволарын қалпына келтірді. Сонымен бірге бұл топтар баспасөз бетінде өздерін жалпы ұлттың мүдделерін және ұлт суверендігін қорғаушы етіп көрсетті, филиппин халқын канау мәселесінде ірі буржуазия мен американ империализмі арасындағы сауданы филиппин халқы уәкілдерінің ұлт мүдделерін көздеу жөніндегі күресі деп кең түрде жария етті.

Буржуазиялық лагерьдің коллаборационистерге және коллаборационист еместерге, дереу тәуелсіздік беруді және американ суверенитетін соза беруді жақтаушыларға жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы жөнінде жарым жартылай либералдық саясат қолдануды және ұлт-азаттық күресті ашықтан ашық күшпен, лезде басып-жаншуды жақтаушыларға бөлінуі — соғыстың алғашқы дәуірінде буржуазияның екі тобының жалпы алғанда империализмге көзқарас жөніндегі тізе бұғу позициясын көмескілеп, ірі ұлт буржуазиясын келісімпаз буржуазия және революцияшыл буржуазия болып екі жарылды деген елес туғызды.

Коммунистік партия Осменья саясатының мейлінше тұрлаусыз және шала-шарпы саясат екенін түсінді. «Түзу ниетті» дейтін ұлтшылдардың таптық мүддесі (мұның ішінде Филиппин кант өнеркәсібімен экономика жағынан тығыз байланысты президент Осменьяның өзінің де таптық мүддесі) соғыс кезінде азық-түлік сатып, алыпсатарлықпен орасан зор капитал жыйнаған (алыпсатарлығы үшін бұқара Осменьяның баласын сотқа беруді талап еткен болатын) буржуазиялық-помещиктік топтармен олардың саясат және қызмет жөніндегі байланыстылығы сатқындарды жазалау мәселесіне келгенде батыл қыймылдауға ерік бермейтінін коммунистік партия түсінді. Коммунистік партия ұлт буржуазиясының бұл бөлегінің аграрлық реформаны жүзеге асыруға және шаруаларды помещиктердің

феодалдық тепкісінен азат етуге қабілетсіз екендігін де түсінді. Коммунистік партия бұл ұлт буржуазиясының Филиппинде американ монополияларының үстемдік құруына экономикалық жағынан тілектес екенін де жақсы білді. Солай бола тұрса да коммунистік партия ірі ұлт буржуазиясы қатарында пайда болған жікті ұлғайта түсуге тыянақсыз, уақытша және баянсыз бола тұрса да осы алауыздықты пайдаланып, халық бұқарасына оның өз тәжірибесінде буржуазиясының бастап аяғына дейінгі шіріктігін, азғындығын, әсіресе оның ұлт мүддесі үшін, елеулі демократиялық өзгерістер жасау үшін күресуге қабілетсіз екендігін кәміл ұғындырып, соған көзін жеткізу мақсатын көздейді.

1945 жылғы июнь айында құрылған Демократиялық одақ — бұқаралық жұмысшы-шаруа, партизан және басқа демократиялық ұйымдардың тәуелсіздікті жариялау қарсаңындағы сайлау науқанын өткізуге арналған бітұтас демократиялық платформадағы бірлестік — Осменья басқарған «Националист» партиясының коллаборационистерден ажыраған бөлегімен сайлау блогін жасасты. Маниладағы және провинциядағы кәсіп-одақтарға ұйымдасып, 1946 жылғы мартта мүшелері 80 мыңнан асқан жұмысшылар ұйымының Комитеті, Ұлттық шаруалар одағы және Хукбалахап сыяқты бұқаралық ұйымдар жақтаған Демократиялық одақпен сайлау блогін жасасу Осменья үшін Рохасқа қарсы сайлау күресінде табысқа жетудің бірден бір кепілі болды.

Халық бұқарасының талаптарын жүргізбестен, Осменья және оның партиясы Демократиялық одақтың сайлау платформасындағы барлық пункттерді дерлік қабыл етті. Ол платформаның талаптары мынадай еді:

1. 1946 жылы 4 июльде тәуелсіздікті жариялау және осы қарардың қайта қаралуына ешуақытта жол бермеу.

2. Коллаборационистерге қарсы күресу: коллаборационистерді өкімет билігіндегі қызметтерден аластау; опасыздық жасап жаумен ынтымақтасқан айыптылардың бәрін жазалау, сайлауға дейін Филиппин армиясын таратуды тездету, сөйтіп патриоттардың барлық коллаборационистерден, ерікті және еріксіз коллаборационистерден тазарған армиясы болуын қамтамасыз ету.

Соңғы ескерту Лусон аралындағы орталық провинциялардың шаруаларынан келген делегаттардың талабы бойынша енгізілген, өйткені бұл шаруалар сол кезде Осменьяның коллаборационистер жөніндегі шабандығынан және оларды үш топқа бөлуінен қауыптанған болатын.

Коалицияның біріккен сайлау платформасының төмендегі 3-пунктінен де Демократиялық одақ енгізген: «Саяси, әлеуметтік, соғыс және мәдениет өмірінде демократияны, — қағаз жүзінде ғана емес, шын мәнісіндегі, теориядағы ғана емес, практикадағы демократияны дамыту. Жергілікті автономияны дамыту. Фашизмді түбірімен кұрту... Филиппин армиясын және әсіресе, соғыс полициясын демократиялық, антифашистік идеялардың және іскерлік әдістердің рухында тәрбиілеу».

4 және 5 пункттер—қатардағы азаматтардың экономика жағынан қамсыз және тәуелсіз болуына жәрдемдесу туралы, жеке адамның экономикалық праволары жөнінде заң жариялау туралы, әлеуметтік қамсыздандыру және аграрлық өзгерістер жүргізу туралы пункттер, — өте жалпы және көмескі бола тұрса да, — Демократиялық одақтың талап етуі бойынша енгізілген. Платформада «сайлауда фашистік реакция партиясы (яғни Рахостың «Либералдық партия» деп атақ алған фракциясы.— О. З.) жеңілгеннен кейін фашизмді талқандап біржолата жеңуді қамтамасыз ету үшін коалициялық үкімет кұру» көзделген.

Бұл платформа «реакцияның қара күштеріне қарсы, мұның ішінде тәуелсіздік туралы қарарды қайта қарауды жақтаушыларға, коллаборационистерге, ірі капиталистерге және империализмнің агенттеріне қарсы» күресте күш біріктіру туралы қабылданған қаулымен бірге Осменьяның фракциясында 1946 жылдың 1 февралында ресми түрде қабылданған болатын. Дегенмен сайлауға дейінгі екі жарым айдың ішінде Осменья үкімет аппаратын және армияны коллаборационистерден тазарту үшін ешнәрсе істеген жоқ, сөйтіп, сатқындардың өз позицияларын бұрынғыдан бетер нығайтып алуына көмектесті.

Коммунистік партияның дұрыс саясаты сол кезде халық бұқарасы алдында америка саясатының Филиппиндегі нағыз реакциялық мәнін, буржуазиялық ұлтшылдықтың америка империализмімен тығыз байланыстылығын, тұтас алғанда ұлт буржуазиясының ұлт мүдделерін көздеуге және баянды демократиялық өзгерістер жасауға қабілетсіздігін әшкерелеуге көмектесті, сөйтіп парламентаризм жөніндегі бос қыялдардың бірте-бірте жойылуына жәрдемші болды.

Осындай жағдайда америка империалистері Филиппинге тәуелсіздік беру туралы қарар қабылдады. Бірақ американдар тіл алғыш мемлекетін орнатқаннан кейін де және де бұл аппарат демократиялық және антиимпериалистік қозғалыстың берекесін кетіріп, оны басу жөнінде зор белсенділік көрсет-

кейін кейін де американ империалистері «саяси тәуелсіздік» беруге келгенде аса қауыптанды. Тіпті Филиппинді отар ретінде ұстауды ашық түрде жақтайтындардың өзі де бұл кезеңде оған барудың мүмкін емес екендігін түсінді. Бұлардың ішіндегі адамның бірі АҚШ-тың Филиппиндегі бұрынғы жоғарғы комиссары Макнатт еді, ол кейін Американың Филиппиндегі бірінші елшісі болған. Басқаларға қарағанда Филиппиннің жағдайын өте жақсы білетін Макнатт Филиппин мәселесін американ конгресінде шұғыл шешуді талап етті. Әсіресе, тәуелсіздік туралы мәселе жөнінде ол былай деген: «қазіргі уақытта тәуелсіздік беру орынсыз деп санайтындардың өзі де әңгіме тым ұлғайды, тәуелсіздік байланысты тәжірибе қажет іс болды деген қортындыға келді...»¹⁰.

Филиппинге соғыстан кейінгі берілген «тәуелсіздік» іс жүзінде отарды жанамалап басқарудың түрін ғана өзгерткендік болды. Европалық мемлекеттердің кейбір отарларында (мәселен, Индо-Қытайда, Малайяда, Голландия Индиясының жана аудандарында) қолданылған жанама әкімшіліктің ескі формаларына қарағанда мұның ерекшелігі сол: оларда отарды жанамалап басқару формасы көп ретте бұратана феодалдық князьсымақтардың әкімшілік аппаратына, яғни монархиялық принципке сүйенген. Ал Филиппинде Американдар жергілікті отарлық әкімшілік құрған, оны парламенттік республиканың сыртқы формаларына бейімдеген.

Америка империалистері отарларды қайта бөлу жолындағы шиеленіскен халықаралық күрес жағдайында, отарларда ұлт азаттығы қозғалысының өрлеуі жағдайында өздерінің отарлық саясатын жасап алуға мәжбүр болды. Олар Филиппиндегі отарлық саясатында әуелден-ақ осы жағдайдың екеуін де ескерген еді.

Осындай амал-айла әсіресе, Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, ұлт-отар мәселесіндегі лениндік-сталиндік саясатты совет өкіметі патша үкіметінің бұрынғы отарларында жүзеге асырғаннан кейінгі кезде «Октябрь революциясы социализм идеяларын барлық ұлттар мен тайпалардың орта, пролетарлық емес, шаруа жіктеріне жеткізу жолын тазартқан»¹¹ кезде ерекше қажет болды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Филиппинге американ

¹⁰ Philippine Trade Act of 1946. Hearings before the Committee on Finance United States Senate, 79-th Congress, 2-nd Session, april 2, 3, 4, 5 1946. Washington, 1946 p. 96.

¹¹ И. В. Сталин. 5 том, қазақшасы. 386-бет.

империалистері таңған саяси және экономикалық қурылыс Филиппинді ерікті мемлекет деп емес, жанама түрдегі отар ел деп санауға толық дәлел береді.

АҚШ-тың саяси қайраткерлері мен буржуазиялық жазушылары Филиппиннің «тәуелсіздігі» жөніндегі соғыстан кейінгі тәжірибені отар халықты өз елінің саяси, экономикалық және қоғамдық өмірін өздігінен басқаруға даярлау және тәрбиелеу жөнінде ұзақ мерзімді, әбден ойланып, жоспармен жүргізілген істің нәтижесі деп, Құрама Штаттардың бұдан 40 жыл ілгері өз мойнына алған «игілікті міндетінің» орындалуы деп суреттеуден тайынбайды. Олардың баяндауында Филиппиндегі американдар орнатқан қазіргі саяси құрылыс бойынша, «ерікті демократиялық ұлт республикасында халық барлық демократиялық бостандықтармен пайдаланады, 21 жасқа жеткен барлық сауатты адамдардың өз уәкілдерін заң шығаратын орындарға (сенатқа және Ұлт Ассамблеясына) сайлауға праволы болады, президент бүкіл халықтың дауыс беруі арқылы сайланады және конституцияның өзгеруі халықтың ризалығын керек етеді». Осындай жап-жақсы сөздер шындығында да 1934 жылы қабылданған Филиппин конституциясында жазылған. Ал, іс жүзіне келгенде бұл бостандықтар Филиппин помещиктерінің, ірі буржуазия уәкілдерінің және саяси бизнесмендердің ат төбеліндей бір уыс тобы үшін ғана арналған, осы демократиялық праволардың өзі де Құрама Штаттардың мүдделеріне, яғни Филиппинді жайлаған американ монополиялары тобының мүдделеріне қайшы келмейтін дәрежеде ғана өмір сүреді.

Американың отарлық әкімшілігі орнына түрі жағынан республикалық және адам құрамы жағынан ұлт үкіметін қою американизмнің саяси үстемдігін титтей де әлсіреткен жоқ. Бірақ американизм осы жағдайды пайдаланып, отар жөніндегі өз демократизмін басқа мемлекеттер алдында мақтан етті және филиппин халқын ғана емес, басқа отар және жартылай отар халықтарды да алдауға әрекет жасады.

Американизмнің саяси-экономикалық құрылыс американизмнің монополияларының бұл елді билеп-төстеуіне мүмкіндік беріп отыр. Филиппин республикасының ресми түрде жарияланған суверенитетіне қарамастан американдар бұл елді қалай болса солай омыраулап жүр, ал соғыстан бұрынғы кезде олар филиппиннің буржуазиялық-помещиктік тобының жапондар жағына шығып кетуінен қауыптанып, сақтық істейтін еді. Жапон оккупациясы ке-

зінде өздерінің қауыптануы орынды болғанын американдар кәміл сезген болатын. Филиппиннің тұрлаусыз саясатшылары жапондарға бұрынғысынша шын беріле қызмет етті, олар кәзіргі кезде американдар үшін де дәл солай беріле қызмет етумен келеді.

Филиппинге қайта оралған американимпериализмді «Националист» партиясының өкіметін қалпына келтірді, атап айтқанда, өз халқы жөнінде ғана емес, сонымен қатар АҚШ жөнінде де опасыздығы соғыс кезінде мейлінше айқындалған «Националист» партиясы басшыларының өкіметін қалпына келтірді. Мұның өзі империалистік отарлық саясат жүргізуге келгенде американимпериализмді өзіне құрал ретінде филиппиннің ұлт буржуазиясы мен помещиктерінің ең реакцияшыл фашистік топтарын ғана пайдалана алатындығын тағы да айқын көрсетті.

Дүниежүзілік екінші соғыстың артынан американимпериалистері өздерінің отарлық саясатында Совет Одағының соғыс кезіндегі, әсіресе, оны жеңіспен аяқтағаннан кейінгі кездегі халықаралық майданда ықпалының орасан ұлғаюымен, отар және тәуелді елдердің халықтары арасында Совет Одағына тілектестік сезімнің керемет өскендігімен санасуға тиісті болды, мұны ұмытуға болмайды. Аса үлкен экспансионистік жоспар жасай отырып американимпериалистері ауа басқыншылық саясатын бүркемелейтін амал іздеуге тиісті болды. Олар басқыншылық саясаттың бөтен формасын, атап айтқанда, оның тонаушылық отарлық мәнін өзгертпестен отарларды ашықтан ашық зорлықпен басып алу немесе қолдан жібермеу деген саясатқа аздап қарама-қарсы келетіндей пішін беретін формасын іздестірді. Филиппин жөнінде соғыстан кейінгі американимпериализмді американимпериализмге филиппиндегі өкіметін қалпына келтіруді ғана емес, сонымен қатар Азиядағы басқа отарларды да бағындыруды көздеген саясат еді. Американимпериалистері өздерінің Филиппин жөніндегі саясатына отар халықтар өздерін отарлық езгіден азат ететін саясат деп ұғатындай түр бердік деп сенген еді; бірақ олардың өздері бұл саясатын американимпериализмінің дүниежүзілік саяси және экономикалық үстемдік орнатуына керекті шаралардың жалпы системасындағы бір буыны деп білді.

Осы пікірлердің бәрі американимпериализмде 1946 жылғы апрель айында Американың Филиппин жөніндегі заңдары талқыланған кезде арсыздықпен ашық айтылған болатын. «Дүниежүзілік екінші соғыстың оқ жұмсау жағы аяқталды, бірақ

бүкіл дүние жүзінде кескілескен саяси және идеологиялық соғыс әлі болып жатыр, бұл соғыс оқ жұмсауда шынында кімнің жеңіп шыққандығы туралы мәселені шешпек. Менің ойымша, дүниежүзілік екінші соғыстың өзі, шынына келгенде, Азияның дамуын кім бақылайды деген мәселені шешу, жолындағы соғыс болғандығына тарихшылар көнетін болар, өйткені дүние жүзіндегі қол тимеген зор көлемді жерлер — адам күші, ресурстар және рыноктар — Азияда жатыр. Гитлер мұны ашықтан ашық мойындаған болатын. Жапондар да мұны мойындаған. Орыстар өздерінің қыймылы арқылы бұл жөнде толық хабарлар екендігін дәлелдеді. Ағылшындар, голландықтар, француздар Азиядағы империяларын қалпына келтіру жөнінде жігерлене әрекет жасауы нәтижесінде мынадай шікірге көзі жетті: Европаны қайта құру және Азияны дамыту жөнінде қай ұлттың немесе ұлттардың идеялары салтанат күрса, дүниежүзілік екінші соғыста солар жеңіп шығатындығына көзі жетті. Біз де мұны түсінуге тиіспіз», — деді Миннесотадан сайланған депутат Джадд конгресте Филиппинді қалпына келтіру туралы заң талқыланғанда.¹²

Шешеннің ойына — Американың отар жөніндегі саясатшыларының пікірін шешеннің көзқарасынан байқауға болады, — отар халықтардың соғыстан кейінгі дамуының төрт түрлі жолының біреуінің басым орын алуы мәселесін шешуде Американың Филиппин жөніндегі саясаты зор ықпал көрсетуге тиіс. Азия халықтарын европалық ескі империялардың соғысқа дейінгі отарлық (статут) қалпына түсіру (бірінші жол) отар халықтардың көтерілісін туғызады, мұның өзі тек европалық империяларға емес, сонымен қатар Құрама Штаттардың өзіне де қауып төндіреді деп санады Джадд. «Азия көтеріліп жатыр және ағылшындарға, голландықтарға, француздарға қарсы қалай көтерілсе, бізге де қарсы көтерілмек», — деді шешен.¹³

Қазіргі кезде орын алуы ықтымал екінші мүмкіншілікке қарсы — Азияның барлық халықтарының ақ халықтар үстемдігімен күресу үшін нәсілдік принцип бойынша бірігіп алу мүмкіншілігіне қарсы жігерлі шаралар қолдану қажет деп санады Джадд. Жапония жеңілгеннен кейін халықтардың осы бірігуіне кімнің басшылық ете алатынын көрсетпестен, шешен мұндай бағыттың болуы мүмкін дегенді атады.

Шешен үшінші жолды — отарларда коммунистік қозға-

¹² «Congressional Records». V. 92 № 65, 10 april, 1946.

¹³ «Congressional Records». V. 92 № 65, 10 april, 1946.

лыстың өрлеуі және осыған байланысты Совет Одағының саяси ықпалының өсуі өте қауыпты деп санады.

Америка империализміне Азиядан келетін барлық бөленің бірден бір елі Құрама Штаттарының басшылығымен Филиппиндер өткен жол деп біледі Джадд. «Бұл жол үстемдіктен басталды да, жедел түрде қамқорлыққа жетті, сонсоң 4 июльде толық буыны қатқан халықпен ынтымақтастық түріне айналды. Оның осы көшу жолын, адам баласының бүкіл тарихында теңдесі жоқ көшу жолын, бүкіл Азия ынтыға бағып отыр. Мұның өзі басқа да Азиялық халықтардың бәрі құмартып отырған үлгі болып табылады».¹⁴

Американ империалистерінің отар халықтар жөнінде қолданбақ болып отырған бұл өнегесі не нәрсе?

Тәуелсіздік беру жөніндегі актыны былай қойғанда, Филиппиннің соғыстан кейінгі қалпын белгілейтін және Филиппинді экономика, саясат, соғыс жөнінен Құрама Штаттарға тәуелді ететін үш документті атап кетуге болады. Бұл документтер: Филиппинді қалпына келтіру туралы заң, Құрама Штаттар мен Филиппин арасындағы сауда туралы заң. Базалар туралы келісім. Бұл үш документтің үшеуі де өзара тығыз байланысты және бір мақсатқа — Филиппинде американ үстемдігін нығайту мақсатына арналған.

Алғашқы екі документ американ конгресінде 1945 жылғы октябрьден 1946 жылғы апрельге дейін талқыланды және оның екеуін де президент Трумэн 1946 жылғы 30 апрельде бекітті.

Филиппинді қалпына келтіру туралы дейтін заң бойынша, АҚШ Филиппинге аванс ретінде жапондардан келешекте алынатын соғыс шығындары есебінен 625 миллион доллар берді, сонымен бірге Жапониядан соғыс шығындарының төлемін АҚШ бірінші болып алады деп көрсетілді. Мұның мәнісі — аванс бергендігі үшін АҚШ үкіметі жапондарға соғыс шығындарын төлету жөніндегі мәселе шешілерде, Филиппин республикасы мен Филиппин халқы атынан әрекет жасауға уәкілдік алды деген сөз еді.

Филиппин халық букарасының соғыс зардабынан болған ауыр шығындарының орнын толтыру деген мәселе заңда ескерілмеді. Заң ең аяғында талапкерлердің санын едәуір көбейткенімен, комиссияның есебінде жеке талапкер иелері 738 мың адам олардың шығыны — 464.420 мың доллар болып көрсетілді. Бір адамның өзі бірнеше талап қоюы мүмкін екенін еске

¹⁴ Бұл да сонда.

алсақ, компенсацияны тек болғаны буржуазия-помещик топтары мен Филиппинде кәсіпорындарын ұстайтын американдықтар алуға тиісті екенін байқауға болады.

625 миллион доллар қаржыдан 120 миллион доллар әртүрлі қалалардағы коммуналдық кәсіп орындарын қалпына келтіруге бөлінді, 100 миллион доллар АҚШ командованиесінің Филиппинде жыйнаған, Филиппин үкіметінің меншігіне берілмек болған соғыс запастары мен материалдарының төлеуіне арналды, 5 миллион доллар американың үкіметінің филиппиндегі меншігін қалпына келтіруге және 400 миллион доллар жеке меншіктің компенсациясына берілді.

Американдық «қамқоршылар» мен олардың Филиппиндегі атқосшылары «керемет жомарттық», «көл-гөсір сыйлық» деп атаған бұл заңның мазмұны заңның негізгі статьяларынан емес, ол заңды жүзеге асыруда қолданылатын практикадан айқын көрінсін. Компенсацияны бөлу жұмысын американдардан кұралған арнаулы комиссия басқарады. Комиссияның қарары бойынша, шығын ақшалай емес, заттай төленуге тиіс. Бұл қаржыларды бөлу ісін АҚШ бір өзі бақылайды және Американың құрылыс, темір жол, электро-техника және басқа компанияларын отардағы пайдалы жұмыспен қамсыз етуді көздейді.

Осы заңның бір пункті АҚШ-тың Филиппиндегі кіріптарлық отарлық шараларын жүргізуіне құрал болды. Әңгіме мынада: жеке талапкердің шығынын төлеу жөнінде заңның алғашқы жобасы бойынша жеке талапкерлерге төленетін қаржының шегі 500 доллар болып белгіленген. Ақырғы вариант бойынша шығынның құны түгел төленсін, бірақ 500 доллардан асатын сома 25 процент қысқартылсын деп көрсетілген.

Бүлінген кәсіп орынының немесе басқа түрлі меншіктің құнын толық өтеу мен 500 долларлық компенсация арасындағы айырманы (мұның өзі көптеген американың компанияларына және филиппиннің азғана ірі фирмаларына арналған) американың империалистері Филиппинді экономикалық суверенитетінен айыратып сауда туралы заңның барлық шарттарын Филиппин үкіметі сөз қатпай қабылдаған күнде ғана төлеуге келісті. Филиппинге сауда заңының ауыр шарттарын таңу үшін, осы заңды ұсынған конгресс мүшесі Бэлл, ол заңға қосымша статья енгізді. Бұл статья американың филиппин қарым-қатнасының тарихында Бэллдің түзетуі деп атанды. Оның түзетуінде былай делінген еді: Құрама Штаттардың Президенті мен Филиппин президенті атқарушы өкімет орындарының келісімін жасаспайынша және бұл келісім Құрама Штаттар мен Фи-

липпин арасындағы сауда қатнасын қамтамасыз ететін шарттарға сәйкес күшіне енбейінше заңның бірінші бөлімі бойынша 500 доллардан тыс қаржы төленбейді»¹⁵.

Сонымен, Филиппинде сауда туралы заң қабылданбаса, ірі меншік иелері, 500 доллардан тыс компенсация алу мүмкіншілігінен айырылатын болды. Сауда туралы заң Филиппинде зор қарсылық туғызатынын Америка үкіметі сол кездің өзінде-ақ білгендіктен, заңның бұл ескертуін өз пайдасына жаратты, атап айтқанда америка империалистері сол ескертуге арқа сүйеп, Филиппин буржуазиясы мен помещиктеріне тек қысым жасаумен ғана қоймай, солар арқылы Филиппин халқының көпшілік бұқарасын қорқытумен жеңілдік алуға әрекет етті. Қасіп орындарын қалпына келтіру жұмыстарының кешеуілдеуі Филиппиндік қолжаулықтар соғыстан азап шегіп, әбден күйзелген халыққа жұмыссыздықтың ұзаққа созылып кету қаупын күшейтті, ал сауда туралы заңды, америка монополияларының филиппиндегі толық экономикалық үстемдігін қамтамасыз ететін заңды тұтас қабылдау жолындағы үгітке кең пайдаланды.

АҚШ-пен сауда және басқа да экономикалық қатнас жасау жөнінде соғыстан кейінгі кезде Филиппин халқына еріксіз таңылған шарттар негізінен алғанда Филиппинді Құрама Штаттарға экономикалық жағынан бағындырудың 1934 жылы жасалған тәртібін түгелімен қалпына келтіру болды, бұл тәртіп, сол кездегі жоба бойынша, Филиппинге толық саяси тәуелсіздік берілгенге дейін, 10 жылдық уақытша мерзімге арналған еді. Қазір, Филиппин ресми түрде дербес мемлекет дәрежесіне жетіп отырған кезде, мазмұны жағынан отарлық қатнастар одан да көрі ұзағырақ мерзімге қайталап отыр. Сауда туралы заң АҚШ пен Филиппин арасындағы экономикалық қатнастарды 28 жыл бойы реттеп отыруға тиіс.

Сауда қатнастарының негізгі принципі бұрынғыша сауда «бостандығы» деп аталады, яғни филиппинге, еркінше, әрбір тежеусіз америка товарлары шығарыла береді, алғашқы сегіз жыл ішінде америка монополиясы филиппиннің шикізатын еркінше пайдаланады, оған салық төлемейді, келесі 20 жыл ішінде шикі затты пайдалануға артықша праволы болады.

Американың ресми баспасөзі және америка империализмінің Филиппиндегі агентурасы Филиппин халқын мынадай

¹⁵. «Philippine Rehabilitation Act» of 1946, p. 15.

пікірге сендіруді көздейді: Филиппиннің негізгі егіншілік товарларын — қантты, копраны, манила торқасын және одан істелген бұйымдарды, темекіні және темекі заттарын АҚШ-қа салықсыз шығару американ үкіметінің кеңпейілділігінің белгісі, Құрама Штаттары өз мүдделеріне зиянды бола тұрса да және олардың меншікті өндірісімен бәсекеге түсетін болса да Филиппин товарларының шығарылуына жол беріп отыр, мұның өзі бостандық алып отырған Филиппин халқына экономикалық жәрдем көрсету деген тілекпен істеліп отыр; американдар Филиппин товарларын өткізбей қойса Филиппиннің экономикасы және Филиппиннің мемлекеттік финансы үлкен апатқа душар болар еді деп сендіруге тырысады. Шынына келгенде бұл «кең пейілдік» филиппиннің шикізатын американ монополиясына бағындыру және филиппин өнеркәсібінің өркендеуіне жол бермеу талабынан туып отыр. Соңғы жағдай сауда туралы заңды қолдануға келгенде ерекше айқын байқалады. Заңда Филиппинге бұл өнімдерін белгілі мөлшерде шығару рұхсат етіледі деп айтылған болса да, ол өнімдердің шығарылуын қамтамасыз ету үшін Рохас үкіметі арнаулы жарлық шығаруға тиісті болды, бұл жарлық барлық өндірушілерді «американ товарларымен бәсекелесетін» өнімдерін тек американың экспорттық фирмаларына ғана сатуға міндеттеді.

Франция қолма-қол Филиппиннен копра сатып алғысы келген кезде АҚШ үкіметі оған араласа кетті, соның нәтижесінде Филиппин үкіметі жоғарыда аталған жарлықты да шығарды. Франция Филиппин копрасын алды, бірақ оны филиппиннің бағасымен емес, американ монополистерінің монополиялық бағасымен алды. Филиппин товарларын тек ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне ғана шығарылуына жол бермеу үшін президент Кириноның экспорт лицензияларын қолдану туралы шығарған заңның өзі де Филиппин шикізатына деген американ монополиясын қорғау мақсатын көздейді.

Филиппин үкіметі ішкі рынокте де жоғары таможниялық шек қою арқылы американ монополиясын басқа елдердің бәсекесінен қорғап отыруға тиісті болды. Сонымен Филиппин өз товарларын басқа елдерге өткізе алмайтын халге душар болды. Оның өнеркәсіп өндірісі 28 жылдың бойында американ монополияларының осы күннің өзінде қойған тежеуіне және келешекте де қолданылатын тежеуіне бағынатын болды. Филиппиннің негізгі товарларын — қантын, копрасын, кокс майын, манила торқасын, темекісін және басқа товарларын

сыртқа шығаруға сауда жөніндегі заң бойынша шек қойылды. Мұның үстіне, заңда өндірістік квоталар, 1940 жылы товарларын сыртқа шығарған фирмалар арасына бөлініп қойылған деген ескерту бар. Бұл ескерту американизммен экономикалық байланысты мәңгі жойылмайтын етеді, елдің ішінде соғысқа дейінгі кезде Американың Филиппиндегі отарлық үстемдігін ашық түрде жоқтап келген Филиппин буржуазиясының тобына экономикалық және саяси үстемдікті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар бұл ескерту, өндіріске шек қоюмен бірге, жаңа кәсіп орындардың құрылуына, капиталистік қатынастардың бірқалыпты дамуына кедергі жасайтын жағдай туғызады. Бұл саясат қазіргі кезде Филиппинде орын алып отырған шала-жансар әлеуметтік-экономикалық құрылысты мәңгілік етеді. Монополиялардың үстемдігі өсуімен бірге бұқараның күйзелуі сөзсіз арта бермек. Филиппин халқының қағаз жүзіндегі саяси праволары мен бұл праволардың жүзеге асыруға керекті нақты мүмкіншіліктер арасындағы алшақтық оған сайын тереңдеп, кеңейе бермек.

Америка мен Филиппин арасындағы соғыстан кейінгі қатынастардың отарлық сипаты тек осымен ғана шектеліп қоймайды. Саяси жағынан қарағанда тәуелсіз Филиппин республикасы сауда туралы заң бойынша отарлық валюта системасына бағынады. Филиппин пезосы американизм долларына сүйенеді. Бір доллар екі пезоға теңеледі. Сауда туралы сол заң бойынша Филиппин үкіметі валюта айырбастау істерін реттеуге қол сұға алмайды. Пезо қай уақытта болса да долларға ауыстырыла береді, сондықтан үкімет валютаның сыртқа шығарылуын тия алмайды және оған шек қоя алмайды. Мұның өзі американизм кәсіп иелерін елден ерекше қолайлы жағдайға қойып, Филиппин үкіметін өзінің дербес валюта саясатын жүргізу мүмкіншілігінен айырып отыр.

Сауда туралы заңда Филиппиндегі американизм азаматтары мен американизм кәсіп орындарының праволары филиппиннің ұлт кәсіп орындарының праволарымен тең екендігі туралы енгізілген статья Филиппинде үлкен наразылық туғызды, бұл статья — филиппин конституциясына мүлде қыйғаш келді.

Бұл статьяның қабылдануы конституцияны өзгертуді және осыған байланысты плебисцит жүргізуді (барлық халықтың даусына қоюды талап етті. Бірақ американизм империалистері оған бөгелген жоқ. Американың құралды күшіне сүйенген Филиппин үкіметі әрі көптірме сөзбен насихат жүргізу арқылы, әрі демократия мен бостандықты қорғаушыларға қа-

ру-күшімен зорлық жасау арқылы, 1947 жылғы 13 мартта плебисцит өткізді, сөйтіп конституцияға тиісті өзгерістер енгізді.

Плебисциттен кейін келесі күні екі соғыс келісіміне қол қойылды, ол келісімдер бойынша Филиппиндегі соғыс, теңіз және авиация жөніндегі 16 база айрықша құқықпен пайдалану үшін АҚШ-қа берілетін болды.

Филиппинді қалпына келтіру туралы, американ-филиппин саудасы туралы Американың заңдарына талдау жасау, және де базалар жөніндегі келісімдер соғыстан кейінгі және филиппинге «тәуелсіздік» дейтіні берілгеннен кейінгі американ-филиппин қатнастары шын мәнісінде отарлық сыпатын сақтай қалды деп айтуға негіз бола алады.

Филиппин республикасы өз суверенитетін ресми түрде болса да жүзеге асыру правосынан айрылған. Экономика саласында оның не тариф автономиясы, не валют автономиясы жоқ, шынында ерікті мемлекет басқа елдермен қарым-қатнас жөнінде сол екі көмекші құрал арқылы өзінің экономикалық мүдделерін қорғай алады. Филиппиндегі бұл екі құралды Құрама Штаттар үкіметінің бір өзі пайдаланып отыр.

Ішкі саясат саласында «тәуелсіз» деп аталған Филиппин республикасының суверенитетіне американ соғыс оккупациясы 99 жылға шек қойған. Филиппин жерінде Американың соғыс техникасымен жабдықталған 16 базасы бар, бұл базалардағы американ күштері дүннежүзілік екінші соғыстың алдындағы дайындалған күштерден әлде қайда мол. Оның үстіне, келісім бойынша, «егер соғыс қажеттігі мұны керек етсе» ресми түрде Филиппин республикасына қарасты, барлық соғыс, авиация және соғыс-теңіз базаларын АҚШ-пайдалануға праволы болып отыр. Бұл келісім, американың Филиппиндегі бірінші елшісі Макнаттың айтуына қарағанда, Филиппин үкіметі тарапынан «бұл жөнінде ерекше талап болмаса да», АҚШ-ты Филиппин әскерлеріне көмектесуге міндеттеп отырғанын, басқаша айтқанда, американ өкімет орындары қай кезде қажет деп білсе де әскерлерге деп көмектесуге тиіс екендігін ескеретін болсақ, «тәуелсіздік» берілгеннен кейін де Филиппинде Американың соғыс оккупациясы орын алып отырғанын анық байқауға болады. Мұның үстіне базалар туралы сол келісім бойынша американ командованиясы американ әскерлерінде соғыс қызметін өтеу үшін филиппин азаматтарын қалаған мөлшерде жалдауға праволы екендігін қоссақ, онда «ерікті, тәуелсіз» деп аталатын Филиппин республикасының

отарлардың қандайынан болса да ешқандай артықшылығы жоқ екендігіне ешбір күдік қалмайды.

Уолл-стриттің корольдері және олардың тапсырмаларын орындаушы американдық саяси қайраткерлер Филиппин жөніндегі өздерінің саясаты жалпы отарлық мәселелер жөнінде және халықаралық экономикалық қатнас мәселелері жөнінде қолданған саяси декларацияларына қайшы келетінін жақсы біледі. Олар Филиппин мәселесін тек өзді-өзі талқылаған кезде, шын ниеттерін жасырған жоқ және сауда туралы заңның шын мәнін әшкерелеп алмау үшін көп күштерін жұмсады.

Ол-олма, бұл туралы АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті де қамқорлық жасады, бұл сыяқты «тәуелсіздік» үшін оның көзін тұртушілер әлі талай рет кездесетінін, сауда жөніндегі заңның айқын көрініп тұрған отарлық сыпаты АҚШ-тың бөтен отарлар жөнінде келешекте қоятын талаптарына зыян келтіретіндігін ол алдын ала болжаған еді. Филиппинді тарифтік автономиядан айыру туралы статья талқыланған кезде мемлекеттік департаменттің уәкілі Стайнбауэр былай деді: «Департаменттің пікірі бойынша, Филиппиннің тарифтік автономиясына мұндай біржақты шек қою Филиппиннің саяси тәуелсіздігімен үйлеспеген болар еді; мұның өзі басқа мемлекеттердің бұрынғы отарлары жөнінде осындай шарттар қоюы үшін қолайсыз өнеге болып шығар еді».¹⁶

Бірақ оның осы сөзіне қарап, Мемлекеттік департамент Филиппинге шын мәнісінде тәуелсіздік берілуін жақтады деп ойлаудың жөні болмас еді. Мемлекеттік департамент осы жағдайды және отарлық сыры мәлім басқа жағдайларды әйтеуір бір документ арқылы мәселен, «достық» туралы келісім арқылы жазылуын ғана ұсынды. — Оның тілегені тек осы болды.

АҚШ пен Филиппин арасындағы экономикалық қатнастардың дамуына сауда туралы заңның әсерін салмақтай келіп, Американың «Far Eastern Survey» журналының редакторы Ширли Дженкинс мынадай жалпы қортынды жасады: «Филиппиннің 1946 жылғы сауда заңы Филиппиндіктердің мүддесінен гөрі американдардың мүддесіне бола жасалған еді, бұл заң Құрама Штаттарға тәуелді отар елдің әкімшілік өміріне немесе ішкі әл-ауқат күйіне жауапкершілікті артпастан оның барлық қолайлы жақтарын, әрі экономика, әрі соғыс жөніндегі қолайлы жақтарын берді».¹⁷

¹⁶ Philippin Trade Act of 1946. 79-th Congress. Executive Session. p 185.

¹⁷ United States Economic Policy towards the Philippine Republic.

Филиппин қоғамы шонжарларының экономикалық мүдделері әуел бастан-ақ американ империалистерінің мүдделерімен тығыз ұштасып келгендіктен американ империалистері Филиппин халқына осындай кіріптарлық шарттарды оп-оңай арта салды. Американдар Филиппин буржуазиясына өз елінде қолданатын демагогия мен саяси бопсалаудың барлық тәсілдерін үйретті, американ капиталының империалистік үстемдігін жансала қорғауға машықтандырды және оған қарулы күш арқылы елдің саяси өмірінен халық бұқарасын ығыстыруына жәрдемдесті. Бірақ күшінің орасан басымдылығына, ол күшті жақсы ұйымдастырылған насихатпен және сатып алушылықпен қоса кең қолдануына қарамастан, американ империалистері және олардың агентурасы Филиппиндегі демократиялық қозғалысты жоя алмады.

Сайлауда Рохас жеңіп шықты, бірақ осы жеңістің өзінде де реакцияшыл дұшпанның күші әлсіз екендігі байқалды. Рохас барлық амалды — даурықпа бос сөзбен уәде беру, қорқыту, сатып алушы, тура зорлық жасау сыяқты амал қолданып, ең ақырында, сайлау бюллетеньдерін бұрмалап өтірік документ жасағанмен Осменьядан тек болғаны 200 мың дауысты артық алды. Парламентке Орталық Лусон провинцияларынан тиісті депутаттық сөгіз орынның жетеуін Демократиялық одақтың кандидаттары, мұның ішінде Тарук пен Алехандроино алды. Демократиялық депутаттардың осы азғана тобының соншалық күшті қауып болып көрінуіне дәлел сол — Рохас оларды депутаттық орнына жібермеу арқасында ғана сауда туралы американ заңын және конституцияға енгізілген түзетуді парламенттің қабылдануына қажетті дауыстың үштен екі бөлегін пайдалануға мүмкіндік алды, (конституция бойынша парламент құрамының емес, жыйналған құрамның үштен екі бөлегі дауыс беруі қажет еді), ал конституцияға енгізілген түзету Филиппинді тонау жөнінде және Филиппин халқын қанау жөнінде Американың капиталына шексіз мүмкіншілік берді.

Демократиялық қозғалысты қарулы күшпен басып-жаншу демократиялық қозғалысты жақтаушылардың онан сайын көбейіп, олардың күшін топтала түсуіне және коммунистік партияның ықпалының күшейе беруіне жәрдем етті. Коммунистік партия мүшелерінің саны алты есе өсті. Аграрлық реформа жолындағы күрестің соғыстан кейінгі екі жылы ішінде Улттық шаруалар одағы мүшелерінің саны 250 мыңнан 1 миллионға дейін артты. Халықтық Хукбалахап армиясында Филиппин азат етілгеннен кейінгі алғашқы кезеңде 70 мың жауынгер

болса, Филиппин үкіметі уәкілдерінің ресми мәліметі бойынша, 1948 жылғы августа жауынгерлердің саны 200 мыңға жетті. Коммунистер басқарған жұмысшылар ұйымы жөніндегі Комитет қамтыйтын ұйымдасқан жұмысшылардың саны да артты. Соғыстан кейін Филиппин жұмысшылар қозғалысының тарихында тұңғыш рет забастовкалық қозғалысқа үкімет кәсіп орындарының жұмысшылары тартылды.

Хукбалахап ұйымының, оның Пампанга провинциясындағы Қандаба дейтін шалшықты жерлердегі штабымен қоса ықпалы тараған жерлер тек Орталық Лусон ғана емес. Империализмге қарсы күрес жүргізетін ұйымдар Филиппиннің басқа аудандарында да бар. Атап айтқанда Лусон аралының оңтүстік жағындағы Сиерра Мадре дейтін орманды тауларда дәл осындай ұйым жұмыс жүргізуде. Бұл ұйым соғыстан кейін Талибанг Банса, яғни «Ұлт авангарды» деп атанған. Хукбалахап сыяқты, бұл армия да зор саяси-ағарту жұмыстар жүргізуде. Осы армияның саяси басшысы Висенте Вибораның айтуынша, әрбір жауынгер өтетін саяси мектепте «феодализмді қайтсе жоюға болатынын үйренеді, олар феодализмді жек көруді үйренеді»¹⁶.

Филиппиннің Рохас бастаған қолжаулық үкіметі партизандар мен шаруалар қозғалысына қарсы Лусонның тек бсе орталық провинцияларында ғана күрес жүргізген болса, 1948 жылғы март айында Кирино үкіметі: демократиялық шаруалар қозғалысы Лусонның он провинциясын: Пампанга, Нуэва Эспеха, Тарлак, Булакан, Лагуна, Қесон (бұрын Тайябас деп атанған), Батаан, Рисаль, Замбалес және Пангасинан провинцияларын қамтыды деп ресми түрде мойындады.

Террор және қудалау әрекеттері халық қарсылығын тоқтата алмады. Халық қарсылығы барған сайын кең өрістеп, оған халықтың жаңа топтары тартылуда. Хукбалахапты кейісімге келуге көндіріп, қаруын тастату жөнінде істелген көп әрекеттерден осы уақытқа дейін еш нәтиже шықпады. Үкімет тарапынан болған ішінара жеңілдіктерден бас тартпастан, Хукбалахап өз программасының негізгі пункттерінің орындалуын, соның өзінде ең басты шарттың орындалуын қарудың өз қолында қалдырылуын, конституциялық праволарын пайдалану жөніндегі халық бұқарасының праволарына тимеуді талап етті, әсіресе, 1946 жылғы август айында, Рохас елге ашаршылық қаупінің төнуі себепті егіннен алынатын заттай арендалық төлемді 50 проценттен 30 процентке дейін кеміту туралы заң шығарып, Хукбалахапқа қарулы қарсылықты тоқтату туралы ұсыныс

¹⁶ «Salut», октябрь 1947. ж.

жасаған кезде, Хукбалахап пен шаруалар одағы атынан Тарук мынадай шарттардың орындалуын талап етті, партизандарды және Ұлттық шаруалар одағының мүшелерін қудалауды қою, парламент пен сенатқа демократиялық депутаттарды жіберу, шаруаларға қарсы шығып отырған жергілікті чиновниктердің бәрін орнынан аластау және олардың орнына ең болмағанда партияда жоқ адамдарды қоюды: парламент сайлауында Демократиялық одақ көпшілік дауыс алған қалалар мен провинцияларда жергілікті өкімет орындарының парламенттегі азшылықтың, яғни Демократиялық одақтың қалауы бойынша тағайындалуын талап етті. Осы шарттар орындалған күнде ғана Тарук қаруын тастамай келісімге келмекші болды.

Ұлт бостандығы, шын демократиялық халық өкіметі, аграрлық реформа және индустриаландыру жолында күрес жүргізу үстінде Филиппин халқының Рохас үкіметі және қазіргі Эллидио Кирино үкіметі де американ империализмінің агентурасы болып алғандығына көзі жетті.

Филиппин халқы қажырлы күрес үстінде американ империализмінің отарлық тепкісінен түгелдей және шын мәнісінде азат етілмейінше ұлт бостандығына және шын демократияға жету мүмкін емес екендігін, буржуазиялық-помещиктік үкімет американың үстемдігін құлатуға қабілетсіз екендігі Филиппин халқына өзінің табандылық күрес жүргізуі үстінде күннен-күн айқындалып келеді.

«Филиппин — құл болған ел. Ол әрқашан басқа мемлекеттің — Испан, американ, жапон мемлекеттерінің құлы болды. Қазір ол американ капиталистерінің құлдығында тағы отыр. Рохас үкіметі — халық үкіметі емес. Халықтың әділ талаптарын қанағаттандыру орнына бұл үкімет оны американдар ұстатқан мылтықпен атқылауда»¹⁹ — деді Талибанг Банса армиясындағы әйел жауынгерлер американ журналисіне.

1948 жылғы май айында жаңа президент Кирино Хукбалахапты қару тастауға көндірмек болып тағы да әрекет етті. Тарук тағы да қаруын тастамау шартымен, мезгілді уақыт жеткенге дейін «Бейбіт конституциялық жолдармен, егер мұның мүмкіншілігі болса, не болмаса революциялық жолмен егер бірден-бір амал тек осы болатын болса, шын демократиялық мемлекет құрылатын мезгілге дейін»²⁰ келісімге келуге ризалық берді.

¹⁹ «Salut», октябрь 1947. ж.

²⁰ Ассошиэйтед пресс агенттігінің Маниладағы тілшісіне Таруктың жазған хатынан.

«Филиппин халқының жаулары — помещиктер және Уолл-стриттің монополистері — әлі де өкімет басында отыр, шынында олар орындарынан тайдырылуға тиіс» деп жазды Тарук осы хатында және ол Хукбалахптың мынадай талабын: ең алдымен сауда туралы заңын бұзылуын, Филиппиндегі американдардың Филиппин азаматтарымен тең праволы болуын жоюды, американдар базаларын құртуды және американдар әскерлерінің әкетілуін хабарлады.

Соғыстан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы кезеңінде, парламентаризм жөніндегі хиял әлі жойылмай тұрған кезде, американдар империализміне қарсы күрес әкімшілік қызметтерге коллаборационистердің (опасыздардың) тағайындалуына қарсы шығу түрінде, тәуелсіздіктің жедел түрде берілуін талап ету түрінде орын алып келген болса, «тәуелсіздік» берілгеннен кейін, әсіресе, базалар туралы американдар мен келісімдері қолданылғаннан кейін ұлт-азаттық жолындағы күресушілер американдар империализмінің өзіне қарсы қарулы күрес жүргізбейінше ішкі реакцияны жеңу мүмкін емес екендігін жақсы ұғынып келеді. Американдық қолжаулық үкіметтің демократиялық реформалармен дәмелендіріп, кешірім жасауға уәде беріп халық бұқарасын тұзаққа түсірмек болған әрекеттері әлі күнге дейін сәтсіз қалып отыр. Кирино 1948 жылғы июнь айында Тарукка кешірім бергенде Хукбалахпты, сонымен бірге бүкіл ұлт-азаттық қозғалысты жоюды көздеген еді. Хукбалахптың барлық партизандарына «кешірім» жариялап, Рохас «заннан тыс» деп жариялаған барлық ұйымдарға бостандық беріп, Кирино тіркеу кезінде зорлықпен қаруларын тастауға көндірмекші болған еді. Қаруды тіркеудің мерзімі екі рет ұзартылса да (соңғы мерзім — 1948 жылғы 15 август болатын) 189 адам ғана тіркелген және небәрі 10 адамның ғана қаруы алынған. Кешірім беру ісі сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Кирино барлық майданда ашықтан ашық шабуылға көшті. Аз уақыттан кейін Хукбалахп пен Ұлттық шаруалар одағына қарсы қарулы күрес керемет зор көлемде қайта басталды. Тек мылтықпен қаруланған шаруаларға қарсы Кирино үкіметінің авиациямен және артиллериямен жарактанған полиция әскерлері қыймыл жасауда. Президенттің кеңесшісі полковник Рамос «хуктерге қарсы Шабуыл, олар жойылмайынша немесе тауға қарай қуылмайынша тоқталмайды» деген.

Филиппин үкіметі ұлт-азаттық қозғалысын «жасырып» түрде жазалады. Үкімет әскерлері Хукбалахп қамалын мықтап қоршап жатқан Қандаба ауданындағы штабтарға тілшілер жі-

берілмеді. Кирино үкіметі жұмысшы-шаруа армиясына қарулы шабуыл жасаумен бірге жұмысшылардың правосына қарсы жорық ашты. Жоғарғы соттың қаулысы бойынша жұмысшылардың ереуіл жасау праволары шұғыл кемітілді, Филиппин конгресі мемлекеттік қызметшілерді ереуіл жасау праволарынан айыру туралы заң жобасын талқылады.

АҚШ-тың үлгісі бойынша Филиппин ассамблеясы «антифилиппиндік» істерді зерттеу жөнінде комиссия бөлді. Ассамблея мүшелерінің бірі Америкадағы Дайс басқарған комиссияның тәжірибесін үйреніп қайту үшін Вашингтонға әдейі жіберілді. Осы мәселе бес ай зерттелгеннен кейін комиссия 1949 жылғы февраль айында Филиппин жоғарғы сотының коммунистік партияға тыйым салу туралы 1932 жылғы қарарына сүйеніп, коммунистік партияның барлық мүшелерін антифилиппиндік іспен айыптап жауапқа тартуды ұсынудан артық амал тапқан жоқ.

Шектен шыққан фашистік осы жүгенсіздіктің бәрі АҚШ-қа Совет Одағының «шабуыл жасау қаупы» төніп тұр деген лақап таратумен, конституциялық бостандықтарды бұзу үшін жүргізіліп отырды. Бірақ филиппин бұқарасын советке қарсы жаппамен қорқыту мүмкін емес. Феодал-помешиктердің және Уолл-стрит корольдерінің аяусыз қанауына қарсы күресуші, американимперализмінің отарлық үстемдігін құлату үшін күресуші филиппин бұқарасы Совет Одағын халықтардың ұлт бостандығының қорғаушысы деп біледі. «Совет Одағы филиппиндердің одақтасы болып табылады... Егер,— дейді Хук-балахаттың көсемі Луис Тарук,— ССРО мен АҚШ арасында соғыс бола қалса, мен Филиппиннің адал адамы болып қалғанда, американимперализмінің базалары үшін және американимпералистерінің менің халқымды қанау правосы үшін өз өмірімді құрбан етуге тиіспін деп ойламаймын... Азиялық басқа халықтар жөнінде совет саясатының қандай екенін біз көрдік. Индонезия халық республикасының, Вьетнамның және басқа да отар халықтардың мүддесі үшін табандылықпен күрескен жалғыз ел ССРО болып отыр». Тарук филиппиндіктерді Совет Одағының Азиядағы саясатын қуаттауға шақырады.²¹ Американимперализмі Филиппин халқын өзіне бағындырмақ болып, оны имперализмнің потенциалдық резерві етіп алмақ болып төрт жыл бойы көп күш жұмсаса да Филиппин халқының көпшілігі бүкіл дүниежүзілік антиимпералистік демократиялық лагердің белсенді күшіне айналып барады.

²¹ Таруктың «Манила Таймста» 1948 жылы 5 сентябрьде жарияланған хатынан.

Филиппиндіктерге қарсы әрекет жасады деген айып тағылып, жауапқа тартылған Филиппин коммунист партиясының бас секретары Мариано Бальгос баспасөз уәкілдеріне мәлімдеме жасағанда «соғыс бола қалса Филиппин коммунистері Совет Одағының жағында болады. Біз Совет Одағын қуаттаймыз, өйткені біз Совет Одағын дүниежүзілік демократияның және бейбітшілік жолындағы күрестің басшысы және де дүние жүзіндегі қарапайым адамдардың мүдделері жолындағы күрескер деп санаймыз. Совет Одағы соғыс инициативасын өзіне алады деп ойлау бос қыял болар еді» — деді.

АҚШ-тың Гоминданға соғыс және финанс жағынан орасан көп көмек бергеніне қарамастан, Қытай халқының гоминдан реакциясын талқандап жеңуі Филиппин халқын американ империализміне қарсы және оның жергілікті агентурасына қарсы күреске жігерлендіріп отыр.

Демократиялық лагерьдің күші күресте өсіп, нығаюда, коммунистік партияның саяси ықпалы өсіп, күшеюде. Саяси жағынан банкрот болып, ашықтан ашық фашистік диктатураның әдістеріне көшуге мәжбүр болған буржуазияшыл ұлтшылдар өздерінің ұлтқа қарсы, демократияға қарсы күш екенін күн санап әшкерелей түсуде.

МАЗМУНЫ

	Бегі
Е. М. Жуков. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін отарлық система дағдарысының шиеленісуі	3
Г. В. Астафьев. Жартылай отардан халықтық демократияға	29
А. М. Дьяков. Индияда ағылшын үстемділігінің дағдарысы және Индия халықтарының азаттық жолындағы күресінің жаңа кезеңі	90
С. В. Покровский. Ағылшын империалистерінің Цейлондағы маневрлері	128
А. А. Губер. Индонезия халқы тәуілсіздік жолындағы күресте	141
В. Я. Васильева. Вьетнам халқы тәуелсіздік пен демократия жолындағы күресте	185
Г. Л. Бондаревский. Малайя халқының ұлт-азаттығы жолындағы күресі	202
О. И. Забозлаева. Филиппин халқының тәуелсіздік жолындағы күресі	220

685829

КРИЗИС КОЛОНИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

**Национально-освободительная борьба
народов Восточной Азии**

(на казахском языке)

Издание Казгосиздата 1951 г.

Редактор *Н. Арыкова*
Техн. редактор *В. Ойстрах*
Корректор *К. Утемисов*

Подписано к печати 25/VIII 1951 г. УГ05683. Издат. № 362.
Бумага $60 \times 92 \frac{1}{16} = 8,125$ б. л.—16,25 п. л. Уч.-изд. 16,25 л.
Тираж 5.000 Цена 12 руб.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете
Министров КазССР. Заказ № 960.



